


ДУК03

118

ӘСЕТ
НАЙМАНБАЕВ

шығармалар



ӘСЕТ
НАЙМАНБАЕВ

шығармалар





ӘСЕТ
НАЙМАНБАЕВ


шығармалар

ӘНДЕР
ӨЛЕҢДЕР
АЙТЫСТАР
ҚИССА-ДАСТАНДАР

Алматы
«Жазушы»
1988

84P7—5
H 18

Құрастырғандар
Б. Нұржекеев, Б. Абылқасымов
Пікір жазған Б. Адамбаев



Найманбаев Ә.

H 18 Шығармалар: Өлеңдер, айтыс-қағыстар мен дастандар.— Алматы: Жазушы, 1988.—304 бет, суретті.


Ақын, өңші, композитор Әсет Найманбаев — сегіз қырлы, бір сырлы талант иесі. Оның өлең-жырлары, айтыс-қағыстары, дастандары мен музыкалық шығармалары халқымыздың өнерін, даналығын танытқандай, ұрпақтар ғибрат алғандай асыл мұра, өдеби қазына. Бұл кітапқа ақынның өмір мұраты, заман бейнесі, жастық шақ туралы тегірене жырлаған шығармалары аяғаш рет толығырақ жинақталып отыр.

H 4702230100—070 100—88
402(05)—88

84P7—5

ISBN 5—605—00100—0

© «Жазушы» баспасы, 1988



ӘНШІ
КОМПОЗИТОР
АҚЫН

✓ Эдебиетіміздің тарихына қарап отырсақ, Әсет творчествосына жұртшылық назарын алғаш аударған ақын Ілияс Жансүгіров болғанын байқаймыз. Өлең айтуға тура келген жердің бәрінде оның алдымен «Әсет» деген атпен «Інжу-маржанды» айтатыны; Әсетке арнаған «Әнші» атты өлең жазып, оны 1928, 1933 жылдары шыққан кітабына енгізуі және Москвада Қазақстан әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтіп жатқанда, 1936 жылдың 23 мамы күні, «Социалды Қазақстан» («Социалистік Қазақстан») газетінде сол «Әнші» өлеңін сәл қысқартып, тағы жариялауы жайдан-жай емес сияқты. Ілиястың өз аузынан шыққан, өз қолымен жазған дерек жоқ, алайда Әсетті көрген болар, тыңдаған шығар деп жорамалдаймыз. Өйткені Әсет Қапал өңірінде болған, Маманға айтқан арнайы өлеңі де бар. И. Мамановтың айтуына қарағанда, Әсет Маман аулында айлап жатып та өнер көрсеткен.

✓ Жазба әдебиетімізге Әсет жайында дерек түсірген екінші адам — Сәкен Сейфуллин. Ол 1931 жылы жарық көрген «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» атты кітабында Әсет пен Кемпірбайдың арыздасуын екі рет мысалға келтіріп талдайды.

1936 жылы Әсет творчествосы республика баспасөзінде әжептәуір сөз болады. «Социалды Қазақстан» газетінің 17 май күнгі санында А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романының аудармасы жарияланады. Оны Ақсу ауданының колхозшысы Шәріпов деген кісіден Есім Байболов жазып алады. «Әзірге бұл шығарманың иесі мәлімсіз», — деп жазады газет.

Содан кейін 26 июнь күні санында Балташ Ысқақовтың «Әсет өрі өнші, өрі халық ақыны» деген мақаласын жариялап: «Сонымен, «Евгений Онегин» романын аударушы Әсет болды», — деген тұжырымға келеді. Аздап Әсеттің өмірбаяндық деректерін айтып: «Әсеттің қай жылы туғаны белгісіз. Туып, өсіп, көбінесе мекен еткен жері Үржар, Мақаншы қалалары», — дейді.

Осы газеттің 15 июль күнгі санында Әміров Арал жазып алған «Әсет ақынның өлер алдында шығарған өлеңі» (30 жол) жарияланып және ол өлеңнің жазылу тарихы баяндалады.

Айналасы екі-үш айдың ішінде республикалық партия газетінде Әсет творчествосының үш-төрт дүркін сөз болуы, сөз жоқ, ақынға деген айрықша ілтипат.

«Әдебиет және искусство» журналының 1940 жылғы 9-санындағы «Абайдың шәкірттері» деген мақалада Әсет творчествосы, өмірбаяны біраз сөз болады және «Советтік Қазақстан» газетінің қызметкері Оспанбай Орынтаев деген кісі жазып жіберген «Әсеттің өлердегі айтқаны» деген 30 жол өлең «Әсет өлеңдерінен» деген айдармен жарияланады.

✓ 1941 жылы 8 июньде «Социалистік Қазақстан» газеті «Тамаша адамдар өмірінен» деген айдармен Оспанбай Орынтаевтың «Әсет

ақын» деген зерттеу мақаласын басады. Автор Әсеттің творчествосына да, өмірбаянына да бұрынғылардан гөрі көңірек тоқталады. «Әсет ақынды жұртшылыққа таныстырып, қарыштап өсіп отырған қазақ көркем әдебиетінің қазынасына қосылатын көлелі табысының бірі өтуіміз керек»,— деп аса қажетті жанашырлық білдіреді. ✓

1942 жылы жарық көрген «Қазақтың XVIII—XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» деген кітабының «Айтыстар туралы» бөлімінде Сәбит Мұқанов: «...Біржан мен Сараның, Әсет пен Ырысжанның, Ақсұлу мен Көншімбайдың, Мәнсүр мен Дәменің айтыстарында тіл тазалығы, тіл байлығы тамаша. Бұл айтыстар эстетика зақын толық сақтап, тіл құрылысынан, образдан әдебиет теориясының тілегіне толық жауап береді, жазба әдебиеттің ең көркеміне таласа алады»,— деп жазды. «Жұмбақ айтысы» деген тарауда Әсет пен Ырысжанның жұмбақтарын толық мысалға келтіріп талдайды. «Бұл жұмбақтардың айтылуында да, шешілуінде де ақындықпен қатар үлкен тапқыр ақылдылық жатыр»,— деп сүйсіне баға береді.

Сәбақ Әсет творчествосына бұдан кейін де бірнеше рет оралады. 1951 жылы «Әдебиет және искусство» журналының 7-санындағы «Абайдың шәкірттері» туралы мақаласында: «Адалын айту керек, бұл — ақын адам»,— дей тұра, «халықтық музыкада атағы зор және халық сүйіп тыңдайтын бірнеше өдемі әндері сақталған» адам екенін айта келіп, оның дінге байланысты өлеңдерін өте қатты сынайды. Ал 1959 жылы жарық көрген «Алыптың ағымдары» атты кітабында Әсетке үлкен ықылас білдіріп, оның 1945 жылы Қытайда шыққан кітабынан бірнеше өлең жариялайды.

1958 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қызметкері Балтабай Адамбаев Мақаншы ауданына барып, ондағы адамдардан Әсеттің өлеңдері мен дастандарын, өмірбаяндық деректерін жазып әкелгеннен кейін, Әсет творчествосын білуге, түсінуге және зерттеуге материалдық негіз қаланды да, мұның өзі ақын творчествосын танудағы үлкен бір белес кезең болды.

Ақынның өмірі мен творчествосына байланысты әр кезде ғалымдар, ақын-жазушылар, журналистер мен басқа да әдебиет жанашырлары баспасөз бетінде ірілі-ұсақты біраз материал жариялады.

«Қазақ әдебиетінің тарихында» (1960 ж. 1-том, 1-кітап) М. Әуезов: Көркемдік және мазмұн жағынан көп айтыстан оқшауырақ тұратын — Әсет Найманбайұлы мен Ырысжанның айтысы»,— деп жазды. Айтысты талдай келіп: «Бұл тартыс ру таласы емес, шешендік шеберлік өнерінің халық сүйетін айқын жарысы болғандықтан, елеңдік құрылысында мазмұнына сай көп көркемдігі бар үлгілі айтыс болып шыққан»,— деген баға берді.

«Қазақ әдебиетінің тарихындағы» (1961 ж. 2-том, 1-кітап). С. Ордалиевтің «Әсет Найманбайұлы» атты мақаласы арқылы ақынның творчествосы мен өмірбаяны тұңғыш рет ғылыми жүйеге түсті және тұңғыш рет оған әдебиет тарихынан арнайы тарау бөлініп зерттелді. Бұған дейін Әсеттің әншілігі, композиторлығы, айтыскер ақын екендігі жайында хабарлар мен мағлұматтар айтылып келгенмен, оның көп салалы өнері бірлікте зерттелген мұндай ғылыми еңбек әлі жазылмаған еді.

Бұдан кейін «Жазушы» баспасы 1968 жылы ақынның тұңғыш рет шығармалар жинағын жеке кітап етіп басып шығарды. Оны ғалымдар Б. Адамбаев пен С. Ордалиев бірігіп құрастырды. Алғызсіз мен түсініктерін Б. Адамбаев жазды. Сөйтіп, Әсеттің әдеби

мұрасы халқымыздың мәдени қазынасына біржола қосылды. Осы кітапқа жазған алғысөзінде Б. Адамбаев: «Әсет Найманбаевтың бұл тұңғыш жинағын жұртшылық сүйсініп оқитынына, оқыған сайын ақынды алғыс сезімімен еске алатынына және кітап бұдан былай қалыңдай беретініне күмән жоқ», — деген екен. Сол сөздің растығын соңғы жылдар толық дәлелдеді.

Зерттеуші ғалымдардың айтуы бойынша, Әсет Найманбайұлы 1867 жылы Қарқаралы уезінің Темірші болысына қарасты сегізінші ауылда туған (Қазақ совет энциклопедиясы, 1973 ж, 2-том, 45-бет). Бұл — қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының «Қызыл әрай» совхозы.

Әсеттің әкесі Найманбай, шешесі Кермеқас кедей адамдар болыпты. Әсет ұлдан жалғыз болған сияқты, Құлжа мақына ұзатқан әпкесі болған дегенді айтушылар бар, бірақ дәлелдеушілер жоқ. Әсеттің әлі жас кезінде әке-шешесі кедейліктің салдарынан күнкөріс кәсіп іздеп Семейге көшіп келіпті. Сонда Әбіш, Тәкіш деген ағайынды саудагердің қызметін жасаған деседі. Кейін Бақтыға да солармен бірге барған сияқты. Өйткені Әсетпен айтысқан Кәрібай да, Қали да оның әке-шешесінің жағдайын ылғи алдыға тәрта сәйлейді.

Ақынның творчествосын зерттеушілердің кейбірі оны Семей медресесінде оқыды десе, біразы Көктұмада (қазіргі Бақты) оқыды дейді. Бұған қазір, әрине, тірі куә жоқ.

Әйтсе де Әсеттің ескіше, яғни мұсылманша оқығаны және жай оқып қана қоймай, әжептәуір білімді болғаны байқалады. Ырысжанмен айтысқанда, ол білімділігінің арқасында ғана қыздың басқа жұмбақтарымен қатар діни жұмбағын да дөлме-дәл шешеді. «Ағаш ат», «Шеризат», «Барат қыз», «Француз», «Шаһи Ғаббас», «Жәмсап» тәрізді қисса-дастандардың сюжетін шығыс әдебиеті үлгілерінен алуы да оның мұсылманша оқуды біршама терең білгендігін дәлелдейді. Ел арасына ең кең тараған әйгілі әні «Інжу-маржанның» қайырмасында: «Сейфіл Мәлік — Жамалдай бейнетіңе көнсем-ай, Қозы Көрпеш — Баяндай бір молада өлсем-ай», — деген сөздердің айтылуы оның халқымыздың ауыз әдебиетінде, шығыс әдебиеті үлгілерін де жақсы білгендігін көрсетеді.

Әсет жайында ақын Қ. Толыбаев: «Әсеттің ескі досы Ғафари Османовтың үлкен баласы Лұқманның айтуына қарағанда, Әсет 1923 жылдың 26 июнь күні кешқұрым көзін мәңгі жұмған», — дейді («Жұлдыз», 1984 ж. № 7). Бұл пікірін басқа мақалаларында да қайталайды.

Әсеттің сол Афаридің (шын аты — Ғабдулбари) үйінде қайтыс болғандығы бұл күнде баршаға белгілі. Әсеттің өз үйлерінде жиі болып тұрғандығын, әкесімен Лепсі уезінде жүргенде-ақ жақсы таныс болғандығын Афаридің қазіргі тірі баласы Әбдірауф ақсақал да айтады (1894 жылы туған). Бұл кісі ертеде жазып алған дәптеріне қарап отырып: «Әсет 55 жасында 1922 жылы 26 июльде Ұланура жайлауында, құрбан айттың бірінші күні жерленіпті», — дейді. («Қазақ әдебиеті». 25 март, 1983 ж.). Демек, Әсет ақын 1922 жылы 26 июльде сәрсенбі күні жерленген. Қайтыс болғанын да жұрт сол күні таңертең бір-ақ білген ғой.

Сәмәгей шешөйдің айтуына қарағанда, Найманбайдың қарындасы Құлжа мақына ұзатылған көрінеді. Атын ойына зорға түсірді, Зеріп екен. Құлжа жаққа Әсет бұрын да бір-ақ рет барыпты. Өлер жылы да әкесінің қарындасына барып, қайтар жолында Афаридікіне соққан сияқты. Әсеттің қазасы жайындағы хабарды естіген соң, әйелі және Бітімші деген жолдасы барып Әсеттің Қара жоқа атын,

тақиясын алып қайтыпты. Жылын берген соң, әйелі: «Бұл жер енді бізге жер болмайды»,— деп, Сасық көл маңындағы бауырларына хабар береді. Құсайын деген бауыры төрт жігітпен барып, 1923—1924 жылдардың бірінде Әсеттің үй ішін совет жеріне көшіріп әкеліпті. Тәтежанның Әсет өлген соң-ақ тоқтаусыз өлге оралуы ойына тұтқиылдан келген шешім емес-ау деп ойлаймыз. «Әсет Құлжа жаққа әпкесімен қоштасу үшін барған, өлге қайтуға дайындалып жүрген»,— деген сөздің жаны бар сияқты. Әсеттің тіріде үлгірмеген ісін өлгеннен кейін әйелі жүзеге асырған болуы керек.

С. Бегалиннің айтуынша, Жақсылық Төленов деген кісі кезінде Әсеттің сырласы болған, біраз уақыт қасында бірге жүрген. 1945 жылы сол кісі С. Бегалин мен М. Әуезовке Абай мен Әсеттің қалай жолыққанын әңгімелеп берген. Ал ол әңгімені Ж. Төленов Әсеттің өз аузынан естіпті. Сол естелікке сенсек, Абай Әсеттің әнін ғана тыңдаған, алып барған адам да оны әнші деп қана таныстырған, сондықтан Абайды: «Біздің әншілердің үнінің зор, тынысының кең екенін мақтан көріп, енді барынша өңеші қызарғанша айқайлап әсерлендірмек болады. Ол ән емес, айқайға айналып кетеді»,— деуі, ал Әсеттің: «Маған Абайдың осы бір сөзі өмірлік сабақ болды»,— деуі де шындыққа жанасатын секілді.

Ал енді Абайдың «Әсетке» деген өлеңі барын бәріміз білеміз. Олай дейін десек, Абайды қимай; былай дейін десек, Әсетті қимай, талайымыздың басымызды қатырып келеді осы өлең. «Ақыл жоқ, қайғы жоқ онда. Ісі жоқ теріс пе, оң ба?»— дегені Әсет үшін ауыр сияқты.

Ит көрген ешкі көзденіп,
Елірме, жыңды сөзденіп,
Жасынан үлгісіз шіркін,
Не қылсын өнер ізденіп,—

деген сөздер қалайша Әсетке арналмақ? Не үшін арналмақ? «Өзімшіл, оңбаған шерміш»,— дегені де соншалық ауыр сөз. Әсетке айтылса, әрине, қиянат. Абай ондай қиянатқа бармаса керек.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1972 жылғы 16 июньдегі санында Болатжан Абылқасымовтың осы өлең жайындағы пікірі басылды. Абайдың ертеректе шыққан кітаптарында бұл өлең «Әсетке» деп аталмапты. Өлеңге ат кейін берілген. Осыған сүйеніп, Б. Абылқасымов бұл өлең Әсетке арналып жазылмаған шығар деген жорамал айтады. Біз де сол жорамалды шындыққа жақын санаймыз. Ойткені өзі туралы соншалық қиянат сөздер айтқан адамға Әсет қайтсе де бір жауап қайтарар еді. Жек көріп кетпегенмен, өкпелер еді. Жоғарыда Ж. Төленов айтқан жағдайды құлағы шалған «Ідемі: «Е, мына өлең Әсетке арналған»,— деп қате түсінік беріп жіберген болар деп ойлаймыз. Әйтпесе, өле-өлгенінше Абайды құрметтеп, ұстаз тұтып өскен Әсетке анандай өлең арналамаса керек. Өлім аузында жатып шығарған «Ақырғы сөзінде» Әсет: «Абайдай арт жағына сөз қалдырып, Жақсы еді-ау, өттеген-ай, өлу дегені!»— деп өкінеді. «Евгений Онегин мен Татьянасында»: «Қазақтың Абайындай болмаса да, бұл жерге өз тілімде айтып берем»,— дейді. Бұл сөздердің айтылуы жағдайына қарағанда, Абай мен Әсеттің арасында тек жарасымды сыйластық қана болған, сондықтан «Әсетке» өлеңін бұрынғыша «Біреуден біреу артылса» деп атағанымыз орынды болатын сияқты.

Әсеттің даусы айрықша зор болса керек. С. Мұқанов: «Біржанның әндері сияқты, Әсеттің әндері де аса биік, аса ырғақты қайы-

рымы қиын болған. Сондықтан оның өндерін үйрену де қиын еді дейді»,— деген пікір айтады. «Ақырғы сөзінде» Әсет:

Бозбала, осы өнімді үйренерсің,
Ырғаққа келтіре алмай күйзелерсің...
... Асау ән жетегіңе жүрмеген соң,
Біріңнен бірің көріп сүйрелерсің,—

деген ғой. Шынында, бұлай деу үшін де адамның өзіне өзі сенуі керек шығар. А. Жұбановтың оған баға бергенде: «Әсеттің ақындығы әншілігінен кем емес»,— деп, әншілігін даусыз ақиқат санап негізге алуында да үлкен сыр бар болу керек.

Әйгілі әнші-композитор Кенен Әзірбаев жазушы Сәуірбек Бақбергеновке айтқан естелігінде былай дейді: «Әлі есімде. Жас кезім. Атағым жаңа шыққан әншімін. Іле бойына, осы күні Қапшағай қаласы тұрған кең жазыққа, үш жүз ақ боз үй тігілді. Жарты ай бойы ойын-сауық, бөйге, көкпар, салым, күрес болды. Күн сайын кешке қарай өнер таласы, әншілік сайысы басталады. Міне, осы жиында Әсетті көрдім. Ол отырып ән салған үш-төрт үй құлады. Көп үйдің туырлығы, жабығы тілінген. Бәрін істеп жүрген — үйден орын жетпеген жігіттер мен келіншектер. «Әсетті кереміз, даусын естідік, енді өзін кереміз»,— дейді. Ал өзміз көрген әншілердің ішінен Әміре болмаса, Әсетке пар келер ешқайсысы жоқ-ау! Оның үстіне кінген төкірегін зерлеген қызыл мөуіті шапанына дәйін көз алдымда қалды» (Д. Рақышевтың «Мақтанышым — өлім» атты кітабына жазған алғы сөзден. «Өнер», 1984 ж.).

Әншілік өнерін әбден меңгерген соң ғана Әсет жанынан ән шығара бастаған болу керек. Өйткені оның алғашқы, жас кезінде шығарған өндерінің біріне жататын «Інжу-маржан» әні — құрылысы, әуенділігі жағынан қазақ өндерінің ғажаптарының бірі. Ол енге академик А. Жұбанов: «...Оның халық арасына көп тараған, балаға дейін білетін «Әсет» атанып кеткен әні Әсет творчествосының шыңы десе болады»,— деген жоғары баға береді. «Орындауы келіссе, «Әсет әні»— сахнаның сәнінің бірі»,— дейді («Замана бұл-бұлдары», 1963 ж.). Шынында, бұл әнді тек Естайдың «Қорланымен» ғана салыстырғыш келеді. Екі әндегі мұң да, сағынш та, әсіресе қайырмаларындағы әуен мен сөздің бірлестігі соншалық ұқсас, соншалық мінездес — қайсысын болса да бірінен бірі артық бағалау күнә сияқты.

«Інжу-маржан»— махаббат әні. «Еркем, сені-ай сағындым», «Сағынбасқа не шара?» «Қозы Көрпеш — Баяндай, бір молада өлсем-ай!»— сияқты ән қайырмасындағы сөздер-ақ бұл пікірімізге дәлел. Алайда әннің негізгі тексінде, яғни өлеңінде махаббат мотиві жоқ: ән бір басқа да, өлеңі бір басқа. «Еркем, сені-ай сағындым» деп тұрған қайырмға «Әуелетіп ән салса өнші Әсет, Аққуменен, аспанда жер тілдесед» деген асқақ сөздің еш үйлеспейтіні былай да көрініп тұрған жоқ па? Мұның сырын анықтауға, бізше, С. Мұқановтың бір пікірі кілт болуға тиіс, «Алыптың адымдары» атты кітабында ол кісі былай дейді:

«Әсеттің «Әсет» аталатын атақты әнінің сөзін өдетте біз Ілияс Жансүгіровтікі деп ойлаушы едік. Ілияс осы әнді өте жақсы көретін еді, сондықтан мәжіліс болған жерде өлең айтуға тура келсе, алдымен «Әсетті» айтатын еді және барлық ықыласын сала, барлық сезімін жұмсай айтатын еді. Сонда: «Сөзі кімдікі?»— десек, «Негізгі Әсеттің өзінікі, мен тек біраз өңдедім»,— дер еді. Онысы рас екен. Ілияс айтатын өлең:

Әсеттей сал ән салсаң әсерлетіп,
Делебені қоздырып дәсерлетіп.
Даусым — дауыл, сөзім — жел, үнім — ескек,
Басылайын ойнақтап, аз желдетіп, —

деп келсе, Әсеттің өз қолынан жазылып, ол өлгеннен кейін 1945 жылы Сарсүмбе қаласында (қытайлық) басылған кітапшасына кірген бұл өлеңнің сөздері төмендегідей екен», — дейді де, біздер «Қисмет» деп жүрген, Ілияс Жансүгіровтың шығармаларында «Әнші» аталып жүрген өлеңнің 46 жолын келтіреді. Бірақ Сәбең өзі мысалға келтіріп отырған төрт жол осы өлеңнің үзіндісі екенін асығыстықпен аңғармайды, сәл инверсияға ұшырағандықтан байқамайды. Әйтпесе, екеуі бір өлең:

Ән салсаң, Әсеттей сал әсемдетіп,
Қоздырып делебені дәсерлетіп...
...Сөз — жаңбыр, даусым — дауыл, өнім — ескек,
Ойнақтап басылайын аз желдетіп.

Қазіргі ән жинақтарында «Інжу-маржанға» теліп жүрген өлең негізінен үш шумақ, соның ортаңғысы былай:

Әсеттей сал, ән салсаң, аңыратып,
Орман, тоғай, өзенді жамыратып.
Арқыратып ағызып ән нәсерін,
Толқынымен жүректі жадыратып.

Ал Ілияс Жансүгіровтың «Әнші» өлеңінде мынандай жолдар бар:

Ән салсаң, өзімдей сал аңыратып,
Жайланып, қоңырлатып, жамыратып.
.....
Нәсердей нәпір төккен жауындатып.

І. Жансүгіровтің өлеңі — Әсеттікіндей емес, соның екпінін, нобайын ғана пайдаланған мүлде басқа өлең. Анығырақ айтсақ өлеңі арқылы оның мінезін, болмысын елестетіп отырып Әсетке арнап жазған ез өлеңі. Кезінде «Қазақ әдебиеті» газетіне жазған пікіріміз қате болған (15 январь, 1982 жыл), «Әнші» өлеңі бастан-аяқ І. Жансүгіровтің төл шығармасы. Ол тек «Інжу-маржанның» сөзін ғана сәл өзгертіп айтып жүрген, ал ол сөздің арғы түбі Әсеттікі болғанмен, «Інжу-маржанға» арналмаған.

«Әнші» өлеңін І. Жансүгіров 1928, 1933 жылғы жинақтарына кіргізген. 1933 жылғы жинағы мен 1936 жылы «Социалды Қазақстан» газетіне басылған үзіндіде «Ескі өнші аузынан» деген ескертпе жоқ. 1928 жылғы жинағын таба алмадық. І. Жансүгіровтей дарынды, арлы ақын Әсет өлеңін өзімдікі деп жариялай қоймауға тиіс. Және жаңылыс жарияланып кеткен болар деудің де реті жоқ. Бізді шатастырып жүрген — Әсеттің өнін орындаушылар. Өлеңнің алғашқы жолында-ақ Әсеттің аты аталған соң, бұл өлең Әсеттікі деп жүрген — солар. Қазақ топырағында орындаушылардың ән тексін ауыстырып алушылықтары өте көп.

— Әсеттің композиторлығына баға беру бізге, әрине, міндет емес. Бірақ оның бір өнерін екіншісінен бөліп қарау қиын. Өйткен күнде оның өмірі мен творчествосын біртұтас күйде көзге елестету де мүмкін емес. Оның үстіне өнін айтқанда, өлеңіне тоқтамау; өлеңін талдағанда, әуеніне баға бермеу сыңаржақтық та секилді. Сондық-

ған біз Әсеттің ақындығы мен композиторлығын өзара байланыста қарағанды дұрыс көрдік.

Әсеттің өдемі өндерінің бірі — «Қисмет». «Қисмет» — түрік сөзі, мағынасы дінге байланысты: жеке адам тағдырындағы, дүние жүзіндегі барлық оқиғалар толық алланың алдын ала беріп қойған әмірімен болады деген ұғымды білдіреді («Атеистический словарь». Москва, 1983). Қазақша «алланың жазуы», «жазмыш», «пешече» деген сөздермен мәндес.

Қазақ музыкасы үшін үлкен еңбек сіңірген А. З. Затаевич 1925 жылы «Қырғыз халқының 1000 әні» деген кітап шығарғаны мәлім. Сол ноталы кітаптың 1963 жылы Москвадан «Қазақ халқының 1000 әні» деген атпен екінші рет шыққаны да белгілі. Соның 298-бетінде, Семей губерниясынан жазып алынған өндер жинақталған жетінші тарауында 633-ретпен «Әсеттің әні» деген шығарманың нотасы берілген. Ол әнді Затаевич сонау жиырмасыншы жылдары Иманхан Әбдіханов деген кісіден жазып алыпты. Әсетті «Зайсан уезіндегі халық ақыны» деген. Сірә, әнді жаздырушы солай мәлімет берген болар. Нота білмегендіктен, біз бұрын бұл әнді Әсеттің «Інжу-маржаны» болар деп ұйғарып жүрдік, өйткені «Әсет әні» деген атау ел арасында сол әнге қатысты айтылатын. Затаевич жазып алған өндердің ішінде «Ардақ», «Мақпал», «Қаракөз» атты өндер біршама. Сол аттас өндер Әсетте де бар. Солардың ішінде Әсеткі жоқ па екен деп, Алматыдағы Чайковский атындағы музыкалық училищені бітіріп, қазір Құрманғазы атындағы консерваторияның 2-курсында оқып жүрген Нұрғұл Сейітхановаға әлгі өндерді нота бойынша пианиноға тарттырып тыңдадық. Сонда, жоғарыда көрсетілген «Әсеттің әні» «Інжу-маржан» да, «Қисмет» те емес. М. Ержанов пен Ф. Құрманғалиев айтатын «Смет» болып шықты. Сөйтіп, «Смет» те Әсеттің әні, «Қисметтің» бір нұсқасы екендігі дәлелденді.

Ал әнді «Смет» әнінің өлеңіне байланысты айтарымыз мынау. Иса Байзақовтың 1956 жылы шыққан «Шығармалары» кітабының соңында Қазақ ССР халық артисі Қ. Бадыровтың «Ақын-артист» атты естелігі бар. Сонда ол кісі былай дейді: «Мысалы, «Смет» әнінің мына өлеңін Иса жазған болатын:

Алтайдың айналасы шөккен алтын,
Көркейткен іргесіне қонған халқым.
Бір кезде қоңсы қонған жарлы-жалшы,
Міне, бүгін еркіндеп басты қарқым.

Алтайдың көн шығады саласынан,
Виік күз, терең жартас арасынан.
Соққанда болат балға шүйдесінен,
От шығады жарқылдап көк тасынан,—

деген секілді көп өлеңдерге осылай сан рет текст жазып, өндірістің тоқталмай өркендей беруіне белсене атсалысқан еді».

«Қайнар» баспасынан 1985 жылы шыққан «Ауыл кеші көңілді» атты өндер жинағына қараңыз, сондағы «Смет» әнінің өлеңі сәлпәл өзгерген Исаның осы сөзі. Демек, «Ісмет», «Смет» сөздерінің «Қисметтен» өзгергенінде еш күмән болмаса керек. Бірақ қазіргі күнде «Қисмет» өнінің әуелгі өлеңі мынау деп кесіп айту мүлдем мүмкін емес. Алайда әркім әр түрлі айтып жүрген өлеңдер баршылық. Мұндай өлеңдік өзгешеліктеріне бола оларды «Қисметтің» нұсқалары десек, онымыз қате болар еді, өйткені әнің нұсқасы сөздің емес, әуеннің айырмашылығына қарай ажыратылуы керек

қой. Біз бұл жинаққа «Қисмет» әнінің өлеңдерін цикл құсатып топта бердік.

А. Жұбанов Әсет әндерінің қатарында «Еркем-ай», «Қаракөз», «Шама», «Майда қоңыр», «Мақпал», «Қайшақбай», «Үлкен Ардақ», «Кіші Ардақ», «Мәлике қыз», «Қисмет», «Інжу-маржан», «Ырғақты», «Көрілік», «Зұлқия» әндерін атайды. Бірақ орындаушысы болмағандықтан, біз бұл әндердің бәрін біле бермейміз.

Б. Жақыпбайұлы бұлардан басқа Әсеттің «Жалған әні», «Өтеп-бергенге», «Қыз арманы» деген әндері де бар екенін айтады. О. Орынтаев «Білімді бикем сүйсем-ай», «Алқарагер», «Жәмбас сипар» атты да әндері бар дейді. Мақаншы ауданында тұратын Бікен Мәсәлімов деген кісі Әсеттің «Сырмақ үйкер», «Қыз арманы» әндерін қазірге бірден-бір білетін адам. Ама! не, бұл әндер ол кісіден әзірге жазылып алынған жоқ.

Б. Жақыпбайұлы белгілі «Әпитөк» әнін де Әсет шығарған дегенді айтады. Ол мәліметті оған Хұсмілия Әділбекұлы деген кісі айтыпты («Лениншіл жас», 6 январь, 1962 ж.) Хұсмілия — Әсетпен айтысатын Қали ақынның інісі, ал ақын Қыдырмолда Әділбекұлының ағасы болып келеді. «Әпитөк» әнінің шығу тарихын Әсеттің қасына көп жыл еріп жүрген шәкірті Кәдіріхан Итжанұлы айтыпты.

«Әпитөк» Әсеттікі дегенді «Мәдениет және тұрмыс» журналына жазған мақаласында С. Бегалин де құптайды (1977 ж. № 12). Жаңағы Кәдіріхан «Әсетпен бірге еріп, Шерубай-Тананың аулына барады... Сол ауылда Әпитөк деген бір сұлу қыз болса керек. Қызға тілдесуге әуелгіде мүмкіндік таба алмайды да, дәл қайтатын күні «Әпитөк» әнін шығарған екен... Осы «Әпитөк» анық Әсеттің әні екенін Хұсмілия Әділбекұлына Кәдіріхан өз аузынан айтқан, — дейді С. Бегалин. Сөйтеді де, әнінің екі шумақ өлеңін келтіреді. Ал осы күнгі әндер жинағында «Әпитөктің» сөзі деп «Әуілдектің» үш шумақ өлеңін келтіріп жүргеніміз жұртқа аян. «Әпитөкке» үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын өлеңнің езі-ақ айтып тұр:

Қамысы Әуілдектің мүше-мүше,
Сарғайдым осынау көлдің суын іше...
Басында Әуілдектің мұнары бар...
Басынан Әуілдектің мұнар кетпес...

(«Ауыл көші көңілді». 1985 ж. 33-бет).

«Әуілдек» әнінің сөзі «Әпитөкке» түгелдей телініп кеткен соң, әндер жинағынан соңғы кезде ол ән өз орнын ала алмай да жүр.

С. Бегалин жазып алған сөз Қазақ ССР халық артистері Рәбиға Есімжанова мен Рахия Қойшыбаева айтатын «Әпитөк» әнінің өлеңімен тектес шығады. Мәселен, С. Бегалинде:

Ей, сөулем, хат жазамын сені ойлай,
Жүректі булықтырған толқын болмай,
Дертімді жазып-жазбау өз қолыңда,
Ой билеп тына алмайды ерікке қоймай.

«Әпитөк» әнінің бірден-бір орындаушылары болған Рәбиға Есімжанова мен Рахия Қойшыбаевада бұл шумақ былай:

Ей, қалқа, хат жазамын сені ойлай,
Жүріпті-ау булықтырып толқын болмай,
Дертімді жазу, жазбау өз қолыңда,
Бой билеп тына алмайды ерікке қоймай.

Мұншалық ұқсастық бекерден-бекер бола ма? Және мұнымен санаспауымыз дұрыс па? Осы жағдайлардың бәрін таразылап қарасақ, «Әпитек» әні «Әсеттікі деген шындық боп шығады-ау дейміз.

Әсетте «Ырғақты» деген ән бар екенін де көп адам айтады. А. Жұбанов «Замана бұлбұлдарында»: «Әсеттің «Ырғақтысын» былай қойғанда»,— деп, оған еш күмен келтірмей айтады. 1983 жылы 18 апрельде журналист Ә. Ысқақовпен бірге жолыққанымызда, Қыдырмолда Әділбеков: «Әсеттің «Зыр қақты» деген әні бар»,— деп кәдімгі өзіміз радиодан естіп жүрген «Сырғақты» әнін салып берген болатын. Сөзі де сол: «Ақ түйғын құс қолымда» деп басталады, тек айырмасы бұл кісі «сырғақты ма» дегеннің орнына «зыр қақты ма» дейді. Біз ол кезде: «Бір әнді «Сырғақты» атап халықтікі десек, «Зыр қақты» атап Әсеттікі десек, ыңғайсыз болар»,— деген оймен үндемей ек. Жоғарыда айтқан Нургүл Сейітхановаға Затаевичтің кітабындағы 648-беттегі «Ырғақты» әнін пианиноға гарттырып көргенімізде, құлаққа таныс «Сырғақты» әнінің аңырап қоя бергені. Сөйтіп, «Сырғақты», «Зыр қақты» деп жүргеніміздің бәрі бір ән — Әсеттің «Ырғақтысы» болып шықты.

«Сырғақты» әні бұрынырақта халық әні делініп келсе, қазір Біржан әндерінің үйірінде жүр екен («Ауыл кеші көңілді», 1985 ж. 112-бет). Бұл, әрине, қате. Өйтпеге еш негіз жоқ.

Қазірге дейін «Сырғақты» аталып келген әннің өлеңінде де өзгеше сыр сақталып келіпті. Мысал келтірейік. «Ауыл кеші көңілді» жинағында «Сырғақтының» сөзі былай:

Ақ түйғын құс қолымда сырғақты ма,
Басып-басып алайын ырғақтыма.

«Сырғақты» деген сөздің өзі де, «ақ түйғын құстың» не істемегі де онша түсінікті емес. Енді Қыдырмолда Әділбековтің сөзіне көңіл аударайық:

Ақ түйғын құс қолымда жыр қақты ма,
Басып-басып алайын «Ырғақтыма».

Сөздің мағынасы да, әннің шын аты да осы сөздерден шыға келген жоқ па? Жұрт «зыр қақтыны» «сырғақты» деп шатастырып жүрген. Мұндай жаңсақ дәстүр әнге ат қоя салуда ежелден бар. Әннің шын атын білмегендер оның өлең жолындағы алғашқы сөздердің бірін қоя салады. Мәселен, осы күні «Еркем-ай» деп айтып жүрген әніміз жоғарыда айтқан Затаевичтің кітабында «Ақ боз ат» аталып жүр (612-бетте, 287, 581-бет). Өйткені өлеңінің бірінші жолы былай ғой: «Сен едің ақ боз атпен орағытқан», «Қыз Жібек» операсына ария бол енген «Қос барабан» әні жайында кезінде көп айтылды. Бұл әннің де аты қате естуден қате айтылып жүрді. Оның алғашқы өлең жолы былай: «Қарқаралы басында қос қараған» (барабан емес).

Әсеттің композиторлық творчествосына «Смет», «Әпитек», «Ырғақты» әндерінің заңды қосылуы, сөз жоқ, оның халық өнерін дамытудағы еңбегін сомдай түседі.

«Гауһар қыз» атты ән Жаяу Мұсада да бар. Әсеттің «Гауһар қызын» тыңдап көрмегендіктен, бұл екі әннің айырмашылығын да, ұқсастығын да айту қиын. Әнші, домбырашы Ә. Құрбанғалиев кезінде Б. Ерзаковичке 31 әннің нотасын жазып өткізген екен, соның ішінде «Гауһар қыз» да бар. Біз ол қолжазбаны оқи алмадық. Алайда бұл екі әннің қайырмасындағы сөз ұқсастығы ептеп үрейлендіреді: Жаяу Мұсада: «Ахау, ой, Гауһар қыз, Алма мойын қоңыр

қазым», — болса, Әсетте: «Ей, Гауһар қыз! Алма мойын қоңыр қаз!»

Әсеттің негізгі сөзі Жаяу Мұсанікінен өзгеше болғандықтан, бұл әнді жинаққа енгіздік. Сондай-ақ әлі ән әуендері белгісіз, бірақ Әсеттің әні аталып жүрген «Қыз арманы», «Өтепбергенге», «Майда қоңыр», «Қызық-ау, шіркін», «Желдірме» сияқты шығармаларды да ән текстері қатарында топтап бердік.

Кемпірбай мен Әсеттің арыздасуы» Әсеттің де, Кемпірбайдың да қыр-сырын біраз аша түсетін аса бағалы шығарма. Тәрбиелік мәні күні бүгінге дейін күшті, болашақта да зор болатын шығарма. Аға өнерпаздың көптеп бері қатты сырқат екендігін естіп, жеті күншілж жерден әдейі іздеп келу — жай ғана ізеттілік емес, халықтың өнерпазына, өнеріне деген үлкен құрмет.

Науқасың меңдеу тартты дегеннен соң,
Жыладым бәйіт айтып үш күн ұдай,—

дейді. Әсет. «Ей, үш күн жылады деймісің, мықтаса үш минут күрсінген шығар», — деп, оған сенбейтіндер әлі де бар шығар, кім біледі.

Бір көтер тым болмаса басыңызды!
Інілік сәлемімді беріп тұрмын,—

деп кішілік көрсету, ағаны сыйлау, аға үшін жаны ауыру — қандай керемет қасиет. Әсеттің адамдығын, өнердегі адамгершілік тұғырын, орнын танытатын қасиет. «Сен кетсең, өзіңдей боп ұл туар ма-ай!» — деген өкініштің өзі — Кемпірбайға берген қызғанышсыз баға. Сыйластың, бауырмалдық деген асыл қасиеттердің із жүзіндегі үлгі көрінісі.

Дәуітовтің мақаласында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің осы өлең жайындағы түсініктемесі бар («Қазақ әдебиеті», 1985, 9 август). Оған қарағанда, Әсет пен Кемпірбай бір-бірімен әнмен жауаптасқан. Ақсуаттық Нұрқасен Тыныбаев ақсақал (1926 ж. туған): «Бұрын «Көк кептер» деген ән болушы еді, Табылдин Ғазез деген кісі айтатын. Мен де жас кезімде айтушы ем», — деді. Бірақ өсіне түсіре алмады. Ол кісінің айтуынша, Әсет келерде әдейі Кемпірбайдың «Көк кептеріне» салып келеді. Ол әннің:

Қиналды-ау қайран жаным,
Ой, кетті-ау қайран сөнім!—

деген қайырмасы да болыпты. Әсетке жауап қайтарғанда, Кемпірбай сөзін:

Уағалайкумассалам, Әсет сері!
Басымды жастықпенен көтер бері.
Азырақ «Көк кептермен» ән шырқасам,
Сүйегім Сарыарқаға жетер ме еді?—

деп бастайтын көрінеді. Бұған қарағанда, қазіргі айтылып жүрген бұл өлеңнің әні «Көк кептер» емес. Сонда, бұл ән кімдікі: Әсеттікі ме, Кемпірбайдікі ме? Кесіп айту, әрине, қиын. Қалайда, әйтеуір, әнді де, өлеңді де елге таратушы Әсет екені анық.

Кемпірбай мен Әсет ертеден таныс адамдар сияқты. Өлеңнің сөздері соған меззейді. Әсет: «Даусымды танымсың?» «Қосылып жүруші едік жасымызда», — деп келсе, Кемпірбай: «Бек өмір еске түсіп жасымдағы, Хал сұрап Әсетпісің қасымдағы?» — деп жауап қатады. Екеуінің арасындағы аға-інілік шәкірт пен ұстаздық сыйлас-

тығына ұқсас. Кейін, қапияда қайтыс болып бара жатып, Әсет те елер алдында Кемпірбайша өлең шығарып кетеді.

Арнайы өлеңмен айтылып жүргендіктен «Ақырғы сөз» өлеңін де ән текстерімен бірге бердік. Біздің ойымызша, бұл шығарманың Әсет творчествосынан алатын орны айрықша. Оның музыкасы да, өлеңі де өнерімізге қосылған үлкен үлес. Өлең сөздерінен Әсеттің арманы, өнер қуып/өткен өмірі, елден жырақ кеткен өкініші — бәрі, бүкіл жан дүниесі көрінеді. Өлер алдында ел-жұртына берген өмірлік есебі тәрізді. Өлеңнің әрбір жолы, әрбір сөзі мағыналы, сырға толы.

Артыма сөз қалдырмай ала кеттім,
Қаптағы дән сияқты себілмеген.

Менен сорлы ақын да өтті ме екен,
Бір сөзі баспа орнына берілмеген?

Ішімде көп сөз кетті-ау терілмеген.
Тіршілікте әрекет етпеген соң,
Сүйектен не шығады кербіндеген?

Бұл жолдардағы өкінішті және ол өкініштегі шындықты басқа сөздермен айтып жеткізу, сірә, мүмкін емес. Өз басының бар мұң-мүддесін, өкініш-күйінішін Әсетше айтып кеткен ақын кемде-кем. Оның айта алу құдіреті соншалық — оқисың да иланасың. Әсеттің өзінен бетер қиналасың. Әсетпен тағдырлас талайдың өткенін ойлап тағы өкінесің.

Сәлем де артта қалған туған елге...
Көре алмай ақырғы рет өлерімде,
Мойнымды сұнып тұрмын терең көрге.
Ел-жұрттан алыс кетіп, ақырында
Аяғын шалыс басқан мен бір пенде,—

дейді ақын. Соңғы арман, соңғы өкініш. Ішінде көптен түтеп жатқан күйігін, жанын күйзелткен дертін, туған елге деген сағынышын соңғы сағатында зар қылып жариялап отыр.

Жігіттер, өкінсеңдер, әнімді ақсап,
Армандай еске түсер менің даңқым,—

дейді Әсет. Арманын ғана айтпайды. «Бозбала, осы әнімді үйнерсің» деп, аманатын да айтады.

«Шама» әнінің авторы Жарылғапберді Жұмабаев екендігіне қазір ешкім күмәнданбайды. Бірақ ол әнді Әсет те айтып жүрген көрінеді. «Шаманы» әнге шығарған өлеңдеоіне қоспағанмен, сөзін өлеңдер тарауына қостық.

«Әсеттің Қанафиясы» дейтін өлеңді де жинақтан алып қалдық. Қазақ ССР халық артисі Ғ. Құрманғалиев орындап жүрген «Қанафия» әнінің Басықараұлы Қанафиянікі екені даусыз. Әсет өлеңінде де:

Басында Қаратаудың бір топ мия,
Қолында әншіл жігіт гармония.
Осы әнге шаттандырып салады екен,
Баласы Басықара Қанафия,—

деген сөз бар. Сондықтан бұл әнді Әсеттікі деу зорлық көрінді.

«Зұлқия әні» де Әсеттікі деп айтқандар да, жазғандар да бір-шама. Бірақ оны да жинаққа қоспағанды жөн көрдік. Бұл әннің

төрт нұсқасын Затаевич «Қазақ халқының 1000 әніне» кіргізген екен. Соған қарағанда, кезінде ел арасына кең тараған тәрзіді С. Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында: «Зұлқия» Ақмоладан шыққан белгілі ән еді. Зұлқия есімді бір бақытсыз әйелдің зары... Зұлқия зарлы, қасіретті әнін жас баладай өзін-өзі жұбатып отырып салған тәрзіді...— дейді де, сол әннің төрт шумақ өлеңін келтіреді. Әннің: «Қой, қой, бөпем! Қой, бөпем! Жылама, сәулем, әлди-ай!»— дейтін қайырмасы да бар (1960 ж. 401—402-бет).

Зұлқия Оспанқызы — өмірде болған адам (1871—1918). Оның бірер өлеңі 1985 жылы «Ғылым» баспасы шығарған «ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы» деген кітапқа енген. Ондағы өлеңнің тек бірінші шумағы болмаса, басқасы С. Сейфуллин келтірген өлеңге де, Б. Жақыпбайұлы жазып алған өлеңге де («Лениншіл жас», 6 январь, 1962 ж.) ұқсамайды. Бірақ соның бәрі Зұлқия өлеңінің нұсқасы немесе халық дамытып әкеткен түрі болуы мүмкін. Алайда ән Зұлқияның өзінікі деп қйлаймыз.

Жалпы алғанда, Әсет — суырып салма ақын. Бірақ ол өзінің кейбір шығармаларын жазып та шығарған. Бұл ретте оның творчествосы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ортасындағы көпір іспеттес.)

Медреседе оқып, ескіше тәлім-тәрбие алғандықтан, Әсеттің бірқатар өлеңдері мен қиссаларында дін жайы арқылы өз болып қалып отырады. Алайда ол дінді тікелей уағыздап, жұртты дін жолымен жүруге шақырмайды; адамгершілікті уағыздайтын қағида-тәртіптерді айтып, сол арқылы жұртты қиянаттан, зорлық-зомбылықтан тыймақты ойлайды. Мысалы, «Ұраным — аргын шордан қаракесек» деген өлеңінде:

Дүниеге адам болып жаралған соң,
Білімсіз құр жүрісің — бейне есек.
Тірлікте жақсы, жаман қылған істен,
Періште мақшар күні алады істен,—

дейді. Дінге иланып, дінге құлақ қойып өскен халыққа сол діннің өзін пайдаланып ақыл айтады, тіршілікте жасаған жамандығың үшін жауап бересің деп, тіпті, үрейлендіруге тырысады. «Ақыл — қанат, ғылым — дос, иман — серік» деген сөзінен де осындай пиғыл аңғарылады. Әйткенмен дін тұрғысында Әсетті жөнсіз ақтап, шамадан тыс періште етіп жіберуге де болмас. Оның өз кезі үшін қажетті болғанмен, қазір қажеті шамалы-ау дейтін бірлі-жарым өлеңі де кездесіп қалады. Сондай өлеңдерінің бірі — «Қазіретке айтқаны».)

Әсет өлеңдерін жинаушы Ә. Құрбанғалиев бұл өлең туралы мынандай дерек айтады: «Медреседе оқып жүргенінде, басқа шәкірттер демалып немесе сабақ пысықтап жатқанда, Әсет шалқасынан жатып алып ән айтады екен. Ал қазірет сабақ сұраса, басқалар білмей қалса да, Әсеттің білмей қалатын кезі жоқ. Шәкірттер Әсеттің үстінен ылғи шағым айтады. «Сайтанның азанын айтып мазамызды алады, сабақ оқудың орнына өлең айтады»,— дейді. Медреседе негізінен өңкей ығай мен сығайдың балалары оқитындықтан, шәкірттердің шағымын тыңдамауға қазіреттің де лажы болмаса керек, бір күні Әсетті шақырып алып: «Сен неге сабақ оқымай, сайтанның азанын айтасың?»— дейді. «Жоқ, молдеке, менің айтатыным сайтанның азаны емес, өлең»,— дейді Әсет. «Ол қандай өлең, қане айтшы!»— дейді қазірет. Сонда Әсет молданың өзі оқытқан сабағын өлеңге қосып айтып береді.

— 19112

Өлеңді тыңдап болған соң қазірет: «Жоқ, мынауың сайтанның азаны емес екен. Оқимын десең, оқи бер. Оқымаймын десең, батамды бәрейін»,— деген көрінеді. Содан оқуды тастап, Әсет бір-жола өлең қуып кетіпті. Оның:

Атым — Әсет, ұраным — аргын шордан,
Құт дария қырандай шықтым молдан.
Қазіреттің қасында шәкірт едім,
Адастырды осы өлең орта жолдан,—

дейтіні сол себептен көрінеді!

Бұл өлеңің біз жинаққа қоспадық. Зерттеушілерге болмаса, қалық оқырманға қажеті болмас дәлік.

Қыдырмолда Әділбековтен жазып алған «Ағузы қадір сухан хәмбі сана» деп басталатын өлеңің де кітапқа қоспадық. Өйткені өлең діни сөздермен қатты шұбарланғандықтан, түсіну өте қиын. Түсінуге қиын өлеңнің көркемдігі де белгілі емес пе?

Әсет өлеңдерінен нағыз таптық сана-сезім көрініп тұрмаса да, бағдың өділетсіздігін, зорлықшылдығын әшкере ететін өлеңдері бар. Оның шығармаларында елді ғылымға, білімге шақырған ағартушылық бағыт басым. «Сарыарқа салқын тауда тәтті сулы» өлеңі Әсеттің қоғамдық ой-пікірін біршама айқын көрсетеді.

Қалып тұр қазағымнан туысқандық,
Заман ба, пенде азды ма — суысқандық.
Кісі өлтіріп, мал талап, өдапсіз бол,
Бұрынғыда бар ма екен бұл дұшпандық?—

деп, Әсет адамдар арасындағы жекелей фактілерден ары аса алмайды. Саяси бағыт-бағдар, қоғамдық мақсат деген жоқ, үрей ғана бар. Сірә, бұл өлеңді ақын Ләпсі уезінде азамат соғысы қызу жүріп жатқан аласапыран кезде жазған болар. «Кісі өлтіру, мал талау» сияқты заңға да, адамдыққа да жатпайтын қатыгездіктер ақынды қатты шошытқаны көрініп тұр!

Біз білмегенді, біз үйренбегенді кейінгі жастар үйренейін демеіді: «Мақсатың — ойым-күлкі, қыз-келіншек»,— деп кейиді. «Қалдың ба, қайран қазақ» өлеңі де осы тектес. Бұл өлеңнен Әсеттің жаңа заман рухын терең ұға алмағанын, ұғуға мүмкіндігі болмағанын да аңғарамыз. Ел-жұрттан кетуіне де сол түсінбеушілік себеп болғанын көреміз.

Қазақтың осы күні көпшілігі
Айрылды киер киім, ішер астан.
Айырылып атақоныс, мал-мүлкінен,
Ақыры бір шыбындай жан деп қашқан,—

дегеніне қарағанда, Әсет әнненковшыл ақгвардияшылардың Ала-кел, Мақаншы маңындағы ойрандарын көзбен көріп қатты түңілген. Оның құлағына да совет, теңдік деген сөздер жеткен болу керек, бірақ сол сөздердің шынайы мағынасын санасына сіңіріп үлгермей жатып, оның ауыл-мекенін ақгварияшылардың басып алуы; Сәбыр Ғаббасовтардай озық ойлы, ер жігіттерді сұраусыз, сотсыз атып тастауы; бейбіт елді баса-көктеп өтіп ауыл үстінде ат ойнатуы, атып-шабуы оған ақырзамандай әсер еткен тәрізді. Осындай ел басынан күн туған қилы заманда өз басы мен өз малын қорғағандарға ол:

Күйзелген ел, жығылған туды көрмей,
Бір-біріңе ойлайтын әлі қастам,—

деп налиды.

Бірлік жоқ, ынтымақ жоқ, әділдік жоқ,
Тартқызды сазайыңды әдет-ғұрпың.
Қазақ қамын ойлаған кісің бар ма?
Білгенің, іздегенің — өзің құлқың.
Ғаділет, шапағат жоқ жүрегінде,
Адамға ерік бәрмәс өңшең қыртың,—

деп ашынғанда, ол ұлы Абаймен үндесіп кетеді. Таптық санада табан тіреп тұра алмағанымен, көзі көрген теңсіздіктерді әділ ақын айтпай да тұра алмайды.

Құдайдан қорықпаған залымдардан,
Момындар адал ақыл ала алмай жүр,—

деп бір соқтықса,

Бай, мырза, атқа мінген азаматтар,
Басында жемісі жоқ қу ағаштай,—

деп, олардың ел ертеңін ойламайтын соқыр тірлігін тағы өшкерелейді.

Басқа елдер алға басып кетсе дағы,
Біздің ел шегінеді қадам баспай.
Жайылып сахарада қалдық надан,
Өнерлі басқалармен араласпай.

деп, мәдениеті озық елдерден үйрену қажеттігін айтады. Басқалардан үйрену идеясын әлсіздеу, сөз арасында айта кетсе де, мұның өзі Әсеттің прогресшіл адам болғандығын аңғартады.

Қазағым алты ауызды бола қалар,
Бастаса пайдалы істі біреу қостай,—

деп, өл сыншылдық та танытады.

«Іледегі керуен сарай» өлеңі де 1920-1921 жылдар аралығында шығарылған болу керек. Қазақтың аңғалдығын, әркімнен алданып қала беретіндігін және оның бойындағы басқа міндерін де өшкерелейтін өлең.

Кейбіреу мақтан үшін шашқан бәрін,
Таң-тамаша қылмақ боп жолдастарым,
Елге қайтар болғанда өсін жиып,
Сонда білмей сәндалды не қыларым,—

деп, дарақы, мақтаншақ адамдардың бейнесін көз алдыға айнытпай елестетеді. «Қолымда болғаннан соң дутың қағаз», «Не қыл деп жүр бұл шал деп қылды мазақ» деген сөздері бұл өлеңді ақынның Шығыс Түркістанда жүріп жазғандығын дәлелдейді. «Іледегі керуен сарай» деген аты да бұл ойымызды растайды.

Кейінгіге сәлем айт біз байгүстән,
Бұл сарайда көп екен бізге дұшпан.
Қызықтырып, қыздырып алдайды екен,
Біреуі іштен шалады, бірі тыстан...
...Ұтқызған боп алады өзіңді ұтып,
Байқамайсың қойғанын бітеу жұтып.
Қыздырып қызығына айналдырса,
Біржолата кетесің үйді ұмытып,—

деген жолдар ақынның әлеуметтік мәселелерді аңғара бастағанын, тіршіліктің сыртқы ағымына алданбай, ішіне үңіле бастағанын аңғартады. «Сусын деп у беретін сұм сарайдың Кетейін кейігіге сырын айтып»,— дейді. Бұл — енді қайтып бұл араға келмейтін адамның сөзі. Соған қарағанда, бұл өлең ақынның елге оралсам ба деген ойда жүрген кезінде жазылған. «Қош аман бол, жігіттер, дұғада бол, Елге қарай өнтелеп жөнелемін»,— деуінде сондай бір сырлар бар сияқты.

«Шыншыл бол, шықпа жолдан» өлеңінде ақын қазақ жастарын оқуға, ғылымды үйренуге үндейді.

Надандықтан ғылымды қиынсынып,
Ақылдан адасып жүр бірқатар ел.
Ақыл, ғылым болмаса, бір пияла.
Жанары жоқ дөңгелек көзің бір нөл,—

деп, ақылы мен ілімі жоқ көз жанарын құр жылтыраған дөңгелек әйнекпен (пияламен) бірдей деген бейнелі ой айтады. «Білімді озған кісі бәрі өзіңдей, Аяқ, қол, байқап қара келбетіне»,— деп жастарды құлшындырады. Білім, оқу адам жанын тазартады, түзетеді дейді ақын. «Жас жігіт надандықпен алданады» деген өлеңінде:

Ақылдың сөзінде жұпары бар,
Ғылыммен төн тазарып жанданады.
Оқудың түзетпейтін адамы жоқ,
Қараңғы мінбарларға шам жанады,—

деп, ғылым мен оқуды жоғары бағалайды. Кейде ақынның ақыл айтып, уағыз таратып кететіні де бар. «Шыншыл бол уағдашыл» өлеңінде:

Ақылық ұшан-теңіз болса дағы,
Жалғанда жақсылықты пұлға сатпа.
Өсімдік, күллі хайуан, мақұлуқатты,
Жаратқан рыздық етіп адамзатқа,—

деп бүкіл тіршіліктің иесі адамзат екенін, ал сол иелікте жақсылықты үстем етіп ұстау да адамзаттың өз қолында екенін айтады. Өз қара басының қамы үшін жүрген «сабаздарды» көре-көре қармайтын көздері де бар. «Сабаздар санасы жоқ сатылып жүр» дейтін өлеңінде:

Жар болмаса жасаған, қиын болды,
Әлемнің езуінен наным кетіп.
Сұрасаң, ақиқатшыл атым Әсет,
Айтып-айтып болдырдым арым кетіп,—

деп кейіні. «Әлемнің езуінен наным кеткендігін», айтылған сөздің ар жағында ылғи қулық-сұмдық жататынына әбден көзі жеткен ақын дәлдерса дәлдерғандай.)

Өмірден өткініші, баяясыз екенін әсерлі жеткізу үшін, «Сүлеймей: Зұлқарнайын патша қайда», «Қаһарман Рүстем-дастан қыран да өткен», «Иесіз екі жиһан хақ Мұстафа, Болған жоқ фәни мүлкі соған да пұл» деп ақын әдейі тізбектей сөйлейді («Айыпқа, тыңдаған жан, алмағайсыз»). Арасында:

Рахматтан наұмыз болып құры қалмақ,
Қоймаған хаққа мойын дін бұзықтар..
Бай, патша бұл күндегі есеп емес,
Мақшарда кім артылса, соны мақтар.

дейді. Байлық, патшалық өлген соң есеп еместігін айту арқылы байлық пен мансапқа құлшынууды құптамайтындығын білдіреді. Ол дінді аузына уағыздау үшін алмайды, сол арқылы қиянатшылдар мен нысапсыздарды ауыздықтау үшін алады.

Әсет — ескілікті кертартпа әдет-ғұрыпқа сын көзбен қараған адам. Ата-бабадан жалғасып келе жатқан жақсы дәстүр мен кертартпа дәстүрді ажырата білуі және оны сынауы — оның өз заманындағы озық пікірлі адамдардың бірі болғандығынан. Бұған, әсіресе, оның әйел теңдігін қорғап жазған өлеңдері айғақ. «Құдалық туралы» өлеңдерінде ертеден бір «бесік құда» әдетін сынал:

Мал үшін құда болар саби ұлға,
Уағда қылып тұйықсыз алыс жолға,
Ол бала өледі ме, өседі ме,
Боларын қайдан білген малға тұлға,—

дейді. Өлеңнің соңын өте бір үлкен, ойлы түйінмен аяқтайды:

Сүйікті бұтағыңа бүрлеп шыққан
Құрметті жемісіңді ысырап қылма!

Мұнысы жай ақындық тапқырлық емес, терең ойлы, философиялық пікір. Ұрпағыңды, өз болашағыңды қадірле, өзіңе-өзің жау болма деген ғибрат жатыр.)

Ақыл, ғибрат айту мақсатында шығарылғандықтан, Әсет бір өлеңінде бірнеше мәселені қатар сөз қылар береді. Мәселен, «Тәмсіл» атты өлеңі бұған дәлел. Әуелі дүниенің өткініші екенін айтудан бастайды, «Бүгіншіл неге болдың, ертеңді біл»,— деп, бір түйіп тастайды.

Еш нәрсе істемеген тістемейді,
Болғанмен аллақ кепіл несібеге,—

деп бір кетеді. «Қарап жатпа, еңбек ет» дегенді айтады:

Нәрсе жоқ талаптанбай табылатын,
Наркөскен қайралмаса жүзделмейді.

Өзі «Қисмет» атаған, бәрі пешенеңе жазулы деген қағидаға қайшы пікірлер айтады. Оның дін иелеріне, дінге қайшы келетін шығармасы бір бұл емес. «Молданың сыры» тәрізді өлең жазуы бұған айғақ.

Өлетін енді кім бар бұл маңайда,
Кісі өлмесе, табатын ақша қайда?
Халі біткен Іргебай, Исабай бар,
Бірі өлер тым құрыса туар айда.
Құдай-ау, шыныменен құлым десек,
Бірін емес, екеуін қабат жайға!—

деп, молда атынан сөйлеп, молданың бүкіл ойы мен ниғылын әшкерелеу арқылы соларға аңқау елдің де күйін еріксіз көзге елестетеді. Ал «Айт болса, молда барар байларына» деген өлеңінде:

Ла тақпату мен Рахметолла,
Деген аят түбінде пайдалы ма?—

деп, аят сөзінің өзіне күмән келтіреді.

Жастарды оқуға, білімге үндеп отырған Әсет сол оқығандардың күпінген, көпіріп сөйлеген мінезін де жақтырмайды. Өзі айтқандай «әқиқатшыл Әсет» бетке айтатын шыншыл адам болғанға ұқсайды. Оның көп өлеңі әр кезде әркімдерге бетпе-бет айтылған

экспромттар. Олар бірден-бірге айтыла кеп көп өзгерістерге түсуі де мүмкін, алғашқыдағы көркемдігінен айрылған да болар, бірақ ойы мен турашылдығын сақтаған. «Ұзын сақал» өлеңінен де оның сол мінезі аңғарылады. «Өйтөміз, бүйтеміз» деп алашорданың адамы жынына тиген болу керек, оның сөзінен халық қамын жеген шынайылықты аңғармаған ақын үн-түнсіз аттанып кетпек болады. Анау сонда да артынан қалмай қойған соң:

Ақымақ достан ақылды дұшпан артық.
Қолына кейбіреудің түссе гауһар,
Көрмейді бағасы арзан мыстан артық.
Жаманның сан уәде қылғанынан
Жақсының қол сілтеген тұспалы артық,—

деп, жақтырмағанын жасырмай айтып салады. Ақынның ақиқат-шылдығы қылығынан да, сөзінен де айқын көрінеді.

Жоқтау, көңіл айту, көңіл сұрау қазақ халқының ежелден келе жатқан игі дәстүрлеріне жатады. Әсеттің Кемпірбай ақынның көңілін сұрай барған өлеңіне жоғарыда тоқталғамыз. Әсеттің одан басқа да шығарған жоқтауы мен көңіл айтулары азаматтық бетін аша түседі. Тұрысбек Мамырбеков деген адамның туыстарына көңіл айтқанда:

Өтіпті Қаракерей Қабанбай да
Қазақтың арыстаны секілденген,—

деп, аруақты батырдың атын атап басу айтады. Ал Сапайұлы Шынардың қызына жазып берген жоқтауында:

Қалмасын деп қарызы,
Нашардың сөзін қолдаған.
Жақпаған міні сіздерге —
Жаңылмауы тұрадан,—

деп, қаза үстінде де атқамінердің адамгершілікке жатпайтын істерін әшкере етеді. Қайтыс болған адамдардың жақын туыстарына жоқтау жазып беру қазақ ақындарының салтында бұрыннан бар. Ол дәстүрді Әсеттің де аттап өтпегені көрініп тұр. Сондай-ақ жаңаша аужар, беташар шығару да ақындардың жақсы дәстүріне жатады. Ақан сері, мысалы, өзі ұнатқан Ақтоқты, Ұрқия сияқты қыздар ұзатылып бара жатқанда арнайы аужар шығарып айтқан. Жақа заманның рухына сай беташарды кезінде І. Жансүгіров те, басқа да ақындар жазған. Әсет те сөйтіпті.

Әйгілі «Тауарих хамса» кітабының авторы Құрбанғали Халидовтың Аягөзде туып-өскендігі белгілі, ол да Әсет құсап, Шығыс Түркістанда қайтыс болған. Сол кісі Әсетті білген екен және одан бір беташар мен аужар жазып алыпты. Бұрынырақта біз Әбдірауф Османовтың қолында Әсеттен жазып алған аужар бар екендігін жазғанбыз («Қазақ әдебиеті», 1983 ж. 25 март). Сол аужар мен беташар «Тауарих хамсада» да бар боп шықты. Салыстырғанымызда, екі-ақ жол ауытқығанын көрдік. «Ғылым» баспасы 1983 жылы шығарған «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» кітабының «Тауарих хамса» және қазақ әдебиеті тарауында Б. Ақмұқанова: «Құрбанғали өзі жариялап отырған салт жырлары үлгілерін Әсет Найманбаевтан жазып алғанын ескертеді»,— дейді.

Әсет ара-түра газет-журнал оқып, сол арқылы дүние жаңалықтарына құлақ түре жүрген адам тәрізді. «Сарыарқа салқын тауда» деп басталатын өлеңінде:

Адамның қамқоршысы бар екен деп,
Газет-журнал жүзінен ұғыспадық,—

деуі оған дәлел. «Ғабдолла Тоқай туралы» өлеңі де осындай қырым танытады.

Ғабдолла Тоқаевтай татар қайда,
Әр жылғы сөздерінен сынағанда,—

деуіне қарағанда, оның шығармаларын әр жылда газет-журналдан оқып жүрген адамдай.

Үнемі жазып шығармағандықтан, ол жазғаны іле-шала жарияланып тұрмағандықтан, Әсеттің қай өлеңі қай кезде шыққанын тап басып айту қиын. Біріне белгілі бір куә болса, кейбіріне айтушылар куә. Ал оның жар сұлулығын сипаттайтын матаббат жырлары кезінде туған шығар деп топшылаймыз.

Ей, қалқа, ризамын сертке жетсең,
Жерлерден қиын-қыстау аман өтсең,—

дейді «Ей, қалқа» дейтін өлеңінде. Әнге арналғандай-ақ шығарма, бірақ әні бар дейтін дерек жоқ. «Сүйген, жаным сүйген жалғыз өзі» деген өлеңі де сүйіспеншілікті жырлайды. Ә дегеннен көзек ұйқаспен басталғанына қарағанда, бұл өлеңнің бас жағы белгісіз болу керек деп ойлаймыз, мынау үзінді тәрізді.

1968 жылы шыққан кітаптың алғысөзінде «Мұңды қыз» атты поэмасында қазақ әйелдерінің теңсіздік жайын қозғайды деген қысқа ғана мәлімет бар. Бірақ ол шығарма жинақта жоқ. Әсет өзі 1916 жылы Шығыс Түркістанға кетсе, бұл шығарма Совет өкіметі жайлы сөз болғаны қалай болады деп, құрастырушылар оны қоспаған сияқты. Бірақ «Мұңды қыздан» Әсет қолтаңбасы айқын аңғарылады. Өлең табиғат сұлулығын суреттеумен басталады:

Шілденің жанға жайлы күншуағы,
Жайнаған жанға рақат жапырағы.
Көңілі хош бір алланың нұрыменен,
Теңеліп көтерілер жанның бағы,
Майысып гүл мен ағаш қарағанда,
Желкілдер жерде жуа, сарымсағы.
Бұлбұлы, әншіл құстар өлең айтсын,
Шымырлап қуат балқып бойындағы.
Тойғанда самал, салқын желі соғып,
Сұлудай бұраңдайды әр бұтағы.
Көкорай, көк шалғынға ауыл қонып,
Жарасар ақ үйлердің шаңырағы.

Осындағы табиғат сұлулығына өліткен көңіл күйін ақынның өзге де өлеңдерінен табу қиын емес. Оның:

Жаз шығып, жаманшылық томалғанда,
Тал гүлдеп өмір шалқып оңалғанда.
Оранып жердің беті көкорайға,
Самалы салқын сая болар жанға,—

дегені «Мұңды қыздағы» суретпен үндес, әуендес. Ә. Құрбанғалиевтің дәптерінде «Қисмет» әнінің сөзі деп көрсетілген мына өлең де сондай ұқсастық бар:

Көк шығып, жердің жүзі жайнағанда,
Басына бұлбұл қонып сайрағанда...

Құлынды шырылдатып, шұрқыратып.
Көк майса шалғын жерге байлағанда...
Халықтың бұл да үлкен бір мұраты,
Көкөрай жылғалы өзен жайлағанда.

Осы жағдайдың бәрі «Мұңды қыз» Әсеттікі дегенге иландырады.

Әсеттің азаматтық бет-бейнесі, мінезі мен қылығын түсінуге оның әр кезде әркімдерге арнап шығарған өлеңдері көп кемеңтеседі. Айтушылар бір жерін ұмытады, бір жерін жұмсартады, бәлкім, өткірлей түседі, тіпті, қосып та жіберуі мүмкін, бірақ Әсеттің сол адамға, сол мағынада өлең шығарып айтқаны ақиқат болуға тиіс. Сондықтан мұндай шығармалар өмірбаяндық деректерді анықтауға да көмегін тигізе алады. Олар көркемдік жағымен қатар осындай қажеттігімен де құнды.

Айтар сөздің реті келгенде бұғып қалу Әсет мінезінде болмаған сияқты. Оған жоғарыда айтқан «Ұзын сақал» өлеңі де дәлел. «Тура айтқан туғанына жақпайды» дейді халық. Әсет сонда қандай күшіне сөніп қаймықпайды? Біздің ойымызша, оның негізгі сүйенген күші — шындықтың өзі. Шындықты тап басып айтқан сөзді халық табанда іліп өкетеді, сөйтіп, ешбір мықты «көптің аузына қақпақ бола алмай» қалады. Ал елге қадірсіз болғысы келетін бай да, мансапқор да болмайтыны белгілі. Бәрі де ел сыйласа екен, мінімізді кейбіреу білсе де, көпшілік білмесе екен дейді. Бір рет айтып қалған ақынды ашындырсақ, тағы басқа жағымызды қопсытып масқара қыла ма деп қаймығады. Олардың ақиқатшыл ақын алдында төменшіктейтіні, сіра, сондықтан. Әсеттің:

Қойы он мың, жылқы екі мың, кемел дәулет,
Жалғыз-ақ ақыл, ойы тапшылықта,—

деп, Таңғыт үкірдайға мінін, міні болғанда да, ақылы жоқтығын баттатып бетіне айтуы.

Мойнында тазы иттің де қарғысы бар,
Маған шаңын жұқтырма паңдығыңның,—

деп Керімбек биді сөзбен басқа соғуы,

Терідей сабын жаққан жылп-жылп етіп,
Шіркін-ай, қойған жерден табылмайсың,—

деп Кәріпке жылпостығын көзбе-көз айтуы қара күшке емес, қарапайым халықтың күшіне сенгендігінен деп ойлаймыз.

Әсет өлеңдерінің көркемдігі, бейнелі сөздерді қолдану дәрежесі әр өлеңінде әрқилы: бірінде жоғары бірінде орталау, кейде тіпті қарабайыр болып жататыны да бар. Оның басты бір себебі есте сақтаушы адамдардың қабілет дәрежесінен болар деп шамалаймыз. Ара-тұра дәл есінде сақтай алмаған тұстарын өзінше жамап, өзінше жалғап жіберушілердің бар екендігін қалай мойындамассың. Көптеген айтушы тікелей Әсеттің езінен үйренбеген, сондықтан бірден-бірге ауысу барысында қандай өлең болмасын өзгеріске ұшырамай қалсын ба. Әйткенмен өріксіз сүйсінтетін саф алтындай жолдар мен шумақтар да бар екеніне, бүгінгі күнге олардың аман-есен жеткеніне қуанасың. «Әлемнің езуінен наным кетіп» («Сабаздар санасы жоқ...»), «Айырған қылдан қылшық талай бұл-бұл», «Барабар ажал бесік жоқ пен барға-ай» («Айыпқа, тыңдаған жан...»).

Жиырмада сары алтынның буындайсың,
Тасыған Үш Тентектің суындайсың.
Бар болса сүйегіңде, өрге жүзіп,
Сақпанның тасындай боп зырылдайсың,—

деген жолдардан («Жас шама») арқалы ақынның қолтаңбасы сезіліп тұрады.

Әсет творчествосының айрықша саласы — айтыстары. Оның ішіндегі айрықшасы, ең көркемі — Ырысжанмен айтысы. Бұл айтысқа қазақ совет әдебиетінің классиктері академик жазушылар М. Әуезов, С. Мұқанов, тағы басқа да атақты ғалымдар мен зерттеушілер аса жоғары баға берген. Басқа шығармалары әлі белгісіз кезде Әсеттің аса талантты ақын екендігін жұртшылық осы шығармасы арқылы-ақ таныған.

Әсеттің Ырысжанмен дәл қай жылы айтысқаны белгісіз. Бірақ арада біраз уақыт өткен соң, айтысты өске түсіріп Әсеттің қисса етіп қайта жырлағаны ешкімге құпия болмасқа керек. Бұл айтыстағы поэзиялық көркемдіктер Әсеттікі деп қарасақ, қателеспейміз, өйткені ол бұл шығармада өз сөзін де, Ырысжан сөзін де өңдеп айтушы автор. Болған айтысты кейін қисса етіп жырлау ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында пайда болған дәстүр секілді. Осы кезде қазақ арасына шығыс хикаяларының желісіне құрылған «Рүстем-Зораб», «Сейфүлмәлік», «Шәкір-Шәкірат», «Бозжігіт», «Мұңлық-Зарлық», «Жүсіп-Зылиха» сияқты қисса-дастандар көп таралады. Біржан мен Сараның, Әсет пен Ырысжан айтыстарының да қисса болып таралуына осы дастан ықпал еткен тәрізді. Кейінірек өзінің Әсетпен айтысын Кәрібай ақын да қайта жырлаған.

«Бәленшемен қалай айтыстыңыз? Қайтіп жеңдіңіз?»— деген сұрақ ақынға сөз жоқ қойылады. «Ол былай болды, ол өйдегенде, мен бүйдедім»,— деген аңгіме айтылмай тағы тұрмайды. Осындай қажеттіліктен бәріп ақындар өз айтысын насихаттап жүретін болса керек. Әсет пен Кәрібай сөйткен. Атақты айтыскер Жамбыл да Құлманбет, Досмағанбет, Шашубай, Сарбас ақындарды жеңген айтысын өзі есінде сақтап жүрген. Бірақ міндетті түрде жеңген ақын айтысты тарататын берік дәстүр болмаған. Жеңгенін де, жеңілгенін де жасырмай айтып жүру әрбір ақынның азамат аралығына да байланысты болар деп ойлаймыз. Кейде екі ақынның айтысқанына куә болған үшінші ақын да айтысты насихаттаушы болған. Мәселен, Әсет пен Кәрібайдың айтысын сол айтысқа қатысқан ақындар Ержан Ахметов пен Ауған Жақсылықов та жыр қып айта жүрген. Ал Сара Біржаннан жеңілсе де айтысты негізгі тараушы өзі болған.

Айтысып отырған ақындардың бір-біріне айтқан сөздері ылғи шындық бола бермейді. Сөзден сүріндіру үшін, өсерлірек айту үшін, кейде олар шындықтың өзін өңдеп, өсірелеп жіберулері мүмкін. Мәселен, Әсет Ырысжанға: «Шығып ем он бес жастан он алтыға»,— дейді. Бұған қарап, Әсет Ырысжанмен он алты жасында, яғни 1983 жылы айтысқан деген қорытынды шығара салуға болмайды. Ал айтыстың кіріспесінде Әсет: «Сол кезде он сегізге келген едім»,— дейді. Сонда қайсысына нанамыз?

Әсет те, Ырысжан да шын жастарын жасырып отыр. Әйткенмен, Әсеттен Ырысжанның үлкен екені рас тәрізді, өйткені Әсет оған бекерден-бекер «кәрі» деп тиіспесе керек, Ырысжан да бостан-босқа оны «балә» деп төмендетпеуге тиіс.

Әсет пен Ырысжан әдеттегідей өз руының белді, беделді адамдарын салыстырып бірінен-бірі артылғысы келмейді; сөздің жүйесін

қуып, таза өнер-білімдерін жарыстырады. Әуелі бірін-бірі «кәрі», «бала» деп қағысқан ақындар оларынан түк шықпаған соң, жұмбақ айтысқа көшеді. Ұсынысты қыз жасайды, жұмбақтарымды шешсең, жеңілмегенімді мойындаймын деген шарт айтады. Жұмбақтардың айтылуы да әдемі, шешілуі де тапқыр. Екеуіне де сүйсініп отырарсың.

Жапанда бір бөйтерек шыққан биік,
Көрінер көлеңкесі көкке тиіп.
Жемісі мәуесімен жарасулы,
Сенімді сегіз бұтақ тұрған иіп,—

деген Ырысжанның жұмбағын Әсет былай шешеді:

Бөйтерек — жапандағы ақ падиша,
Көңіл ұлықтықпен көкке жеткен...
Дегенің сегіз бұтақ — сегіз санат,
Жайылған жапырағы — қағаз ақша.

Жұмбақты айтушы мен шешуші де халық үстінен күн керген адамдарды жағымсыз құстарға теңеп, оларға ара-тұра мінездеме де бере кетеді. Қазақ ауыз әдебиетінде қалыптасып қалған бейнесі бар құстарды әдейі астарлап жұмбақтайды. Құзғын дегені — елубасы, жапалағы — жасауыл, күйкентайы — онбасы.

Ел мазасы кетеді мұндайлардан,
Халыққа тынышталмас ығайлардан.
Жемтің жеген құзғындай желөкпелер,
Он қаршыға — старшын ығайланған,—

дейді Әсет. Ел өкімдерінің әрекеттерін жақсы білетіндіктен, жұмбақтың астарындағы адамдарды қиналмай табады. Жұмбақтың негізінде жай тапқырлық қана жатқан жоқ, ақынның әлеуметтік ой-пікірі, қоғамдық көзқарасы да жатыр. Тек зерттеушілер үшін әлі де анықтай түсуді қажет ететін бір нәрсе: Ырысжанның жұмбағында он қаршыға жайында ештеме айтылмайды да, Әсеттің шешуінде: «Он қаршыға — старшын»,— делінеді. Айтушылардан ба, басқадан ба, осы арада бір бәйқамастық кетіп жүрген тәрізді. Мұның сырын білушілер ел арасында кездесіп қалуы ғажап емес.

Айтыста адамның дене мүшелері де өте шебер жұмбақталып, асқан тапқырлықпен шешіледі. Екеуінің де логикасы сүйсінетеді. Ырысжан:

Қос әйнек шыны да емес, темір де емес,
Еш адам түзете алмас болса кеміс.
Ашылып, жабылады пружинамен,
Ол өзі қымбат нәрсе, арзан емес,—

деп жұмбақтаса, Әсет:

Қос әйнек шыны да емес, темір де емес —
Ашылған қан тамырмен екі көзің,—

деп шешеді. Жылды, аптаны жұмбақтаулары да осындай тапқыр шебер. Бұл айтыс — көркемдігі жоғары, үлкен поэзиялық шығарма. Әсеттің ақындық мүмкіндіктерін, тіл шеберлігі мен ой ұшқырлығын айқын танытатын туынды. Соған қарағанда, бәлкім, о баста өзі жазып таратқан ба деп те ойлаймыз. Айтыс-қиссаның басталуы да ерекше: ынтықтырып, қызықтырып, Ырысжанды өбден мақтап алады да, өзінің одан да жүйрік екендігін бірте-бірте айтыс барысында аңғартады. Өзінің серілік өміріндегі халық қошеметін мақтанышпен шебер суреттейді:

Халықты шағалалы көлдей қылып,
Бетінен қай дарияның жүзбеп еді,—

дейді. Ырысжанның осал ақын еместігін тыңдаушыға елестету үшін, оның ән салып отырған сәтін былай суреттейді:

Осы кең дүниені бір уыс қып,
Тастайды қолмен жинап умақ-шумақ.

Айшықты, өдемі тіркестер Ырысжанның аузынан да мол шағады.

Ел ішінде тараған бұл айтыстың нұсқаларында бір-бірінен тым алшақ кеткен жерлері жоқ, өзгешеліктері тек жекелей сөздер мен сөйлемдер ғана. О баста жазып шығарған ба екен дегенге бұл жағдай да жетектейді.

Көркемдігі жағынан кемшіндеу түскенімен, қоғамдық мәселелерді қозғау тұрғысынан Әсеттің Сәмет төремен айтысы Ырысжанмен айтысынан да тереңге бойлайды. Ырысжанмен айтысын кейін Әсет өзі қайта жырласа, бұл айтыс ауал баста-ақ жазбаша болған. Әсеттің 1968 жылы шыққан кітабында бұл айтыстың Жүнісхан Келдеев (1905 ж. туған) айтқан нұсқасы жарияланған, бұл кітапқа Сүлейман Әбділдаевтан жазып алынған нұсқа енгізіліп отыр. Бұл нұсқа Келдеевтікінен гөрі көлемдірек, толығырақ. Сүлеймен ақсақал 1910 жылы Талдықорған облысында туған, 1984 жылы Алакөл ауданының «Көктұма» совхозына қарасты Ақши деген елді мекенінде қайтыс болды. Ол кісінің жаттау қабілеті өте күшті еді. Ұмытып қалған жерлерін өзі жалғап жібермейтін, өңдемейтін, шыншыл кісі болатын. Білмейтінін «білмеймін», ұмытқан тұсын «ұмытыппын» деп тұра айтатын. Ол кісі бір кездерде Афари қажының, кейін оның баласы Әбдірауфтың саудасын жасасқан, Әсетке байланысты көп сөздің басы-қасында болған адам. «Афари қажы сауыққой, өлеңші кісі болатын, Абайдың өлеңдерін жиі айтып отыратын»,— дейді Сүлеймен ақсақал. Ол кісі өзі Әсеттің әндерін айтпайтын, сәл мұрнынан сөйлейтін. Әсеттің айтыстары мен қиссаларынан басқа Сәмет төре мен Арап ақынның да айтысын жатқа білетін.

С. Әбділдаевтың айтуынша, Әсет пен Сәмет 1916, 1917 жылдардың бірінде айтысқан. Сәмет төренің мекені қазір Киров атындағы совхоздың орталығы боп тұрған «Қызылащы» деген жер екен. Ол Әсеттен жас, оқыған жігіт көрінеді. А. Янушкевичтің «Күнделіктер мен хаттар» атты кітабында: «Қасында баласы және күзетшілер отряды бар Бексұлтан Ағадаев келді»,— дейтіні («Жалын». 1979 ж. 101-бет) осы Сәметтің арғы атасы екен.

Әсет бірде Қаракерей ішінде Байсиықтың Меңдеке деген атасынан тарайтын Көкімжан дегендікінде отырып өлең шығарып кетеді. Кейін Көкімжандікіне келген Сәмет Әсеттің өлеңімен танысып шығады да, намыстанып оған жауап жазады. Оның жауап өлеңі Әсетке Тарбағатай жақта жүргенінде тиеді. Әсет оған сол жақта жүріп жауап жазып жібереді, бірақ Сәметтен хабар болмайды. Сірә, жеңілгенін мойындағаны болар.

Бұл айтыстан Әсеттің тұрашылдығы мен «ақиқатшылдығы» айқын көрінеді және оның қазақ шежіресін де жетік білетіндігі аңғарылады. Төре мен қара қазақ арасындағы, бай мен кедей арасындағы төңсіздікті бұл айтысында Әсет батыл айтып батыра сынайды. Әйел төңдігі мәселесін де тиіп-қашпай, тереңдеп көтереді:

Қырық жеті — қыздың құны — сексен байтал,
Есепсіз иен малға бөгіп өткен.
Біреудің жәсіріне біреу тисе,
Бұл тіпті зор масқара өлім өткен.

Талқан боп тас ошағы қалса дағы,
Қыз алған қылмысты боп көніп өткен,—

дейді. Әсет бұл айтысында әдемі сөйлеп асып түсейін, сөз жүйесінен сүріндірейін дегенді мүлде ойламайды, төрелер мен ел билеушілердің бар қылмысы мен мінін ашып айтуды ғана мақсат еткендей

Бай — малмен, кедей сорлы — кемшілікпен,
Бейнетін дүниенің шегіп өткен...
Теңдесіп қара қазақ келе алмаған,
Төренің аулы қонған кенереге...
Түк білмеген төрені сұлтан қойып,
Көргендер білгендерге теңеле ме?
Хабарсыз, қара көңіл сорлы қазақ
Еріксіз билік берген со немере!—

деп ашына ширығады. «Көргендер білгендерге теңеле ме?»— рухани теңсіздікке ыза болған ақын төрелерді тіпті «со немере» деп ашық жақтырмайды. Ақын бұл арада қара қазақ атынан сөйлеп, анық халықтық пікір танытады, әлеуметтік биік тұрғыға көтеріледі. Халыққа, қарапайым кедейлерге жаны ашылған ақын оларды төре, бай мен билердің қанап отырғаны аздай, саудагерлердің де алып кететіндігіне қынжылады:

Уялмай бір теңгеге бір қой алып,
Кедейдің қанын сорды олар дағы.

Мансапқорлық, парақорлық, пайдакүнемдік сияқты қазақ ұлықтарының жиіркенішті қылықтарын сөзбен ызалана түйрейді:

Шен қымбат, шенді кісі әулие боп,
Ашылып ел арасы уланбаққа.
Бес теңге аң болмаса ақша керек,
Арызы кедейлердің тыңдалмаққа.

Бастарын біріктіру орнына, ұлықтардың ел ішіне іріткі салатынын, кедейге жаны ашудың орнын, одан пара дәмтететінін әшкерелейді.

Хабарсыз ақиқаттан шартық билер,
Бұзады өділеттің порымдарын...
Көрнекті кепшілікке еңбек қылмай,
Қамы ғой бір басыңның қағынғаның,—

тәрізді айыптауға жататын ашық пікірлер айтады. Әсеттің мұндай өткір сөзі төре тұқымы Сәметті қатты ашынтады. Жанына батқаны оның жауабынан да көрініп тұр. Ашу шақырып, көдімгідей қоқан-лоққы байқатады. Сасқаны да болу керек, бірақ негізінен Әсет сөзінің жанды жеріне тигендігінде, тигенде де деп тигендігінде ғой. Сәмет төрелерді ақтауын тастай салып, найман атынан сөйлеп кеткенін байқамай қалады. Қазақтарға төрелер келіп қана тәртіп орнады дегенді айта келіп, найман туралы Әсет ләм демесе де, оған: «Найманның қай жерінен таптың мінін?»— деп, көпе-көрнеу жала жабады. Төрелер жайында айтқан ақынның шындығын қайтара-ры жауабы болмаған соң, амалсыз өншейін сол арадағы наймандарды өз жағыма тартам ба деп дәлбасалайды.

Күн көрген ағайынды қорлаймын деп,
Байқаңыз, қап жүрмесін қарның ашып!..
Сізді ешкім деген жоқ қой: «Әйелге ерген»...
Жел шайқап ашылмасын жапқан пердең,—

деген сияқты оспақпен, әйелінің елінде жүрсін деген астарында кемсіту, қорлау мағынасы бар сөздермен ықтырмақ болады. Бірақ Әсет оған бетер ширғады. Тағы бірдеме десең, бетіңді бұдан бетер айғыздаймын дегендей өршеленеді.

Төреден ит туса да алып келіп,
Билетіп бұқараны хан етуде...
Намаз оқып құдайға құлдық қылса,
Бес кісі ертіп жүрген дәретіне...
Төре өлсе, бір қазақты қоса көміп,
Адамды сонша қорлап қор етуде,—

деп ақынның терелерді айыптауы алдыңғысынан да асып түсіп, сөзі семсердей тілгілейді. Әсеттің сөз саптасынан сескенген Сәмет қорыққанынан жауап бермеді деуге қақымыз бар. Өйткені енді тағы бір осындай өлеңнен кейін оның төре тұқымы болып бедел сақтауы қиын болар еді. Бәлкім, Әсет оны ел бетіне қарамастай етер ме еді, қайтер еді. Соның бәрін саралап қараған Сәмет амалсыз жеңілген. Бұл айтыста Әсеттің жеңуі аса бағалы жеңіс, оның халықшылдығын, қарапайым халық мүддесін жақсы білетіндігін және оны жырлай білетіндігін дәлелдеген жеңіс.

Әкең төре Шыңғыстың атасы кім?
Дәлел жоқ ата тауып ақ етуге,—

дейді Сәметке, оның түп атасының шикілігін қаза бастайды. Сөз жоқ, бұл айтыс Әсет шығармаларының ішіндегі шоқтықтыларының бірі. Оның халық атынан сөйлей алатындығын, көрек жерінде сезбен қорғай да алатынын айқындайтын шығарма.

Әсет пен Бақтыбайдың айтысы ешкімнің есінде толық сақталмаған ба, айтыстың болған-біткені осы ма, ол жағы әлі белгісіз. Әбдірауф Османов ақсақал дәптеріндегі жазуға қарап отырып 1983 жылы: «Әсет Бақтыбаймен 1898 жылы айтысқан. Екі ақын Садырдың болысы болған Жақанбай деген кісінің асында кездескен. Құрбанғали деген кісінің үйінде айтысқан. Екі ақынға да тең сый берілген»,— деген болатын. Сол Әбдірауф ақсақал айтып отырған Құрбанғалидың өз баласы Әділжан Құрбанғалиев қазір, Шерғали Әділжанов деген баласында сақтаулы «Өлеңдер» деген дәптеріне былай деп жазыпты: «1898 жылы август айында Жақанбайдың асы болды. Астың орны Мақаншының сазында, осы күнгі Саратовка селосының батыс жағы, Саратовка селосына екі километрдей жақын, дөл тас жолдың үстіндегі құмның қойнауы еді. Айтыс біздің үйде түнде болды. Жиналғандар: Жәлменде, Дулат, Дәсет тұқымының ақсақалы Есімбек, Құнболаттар. Жиылған көпшілік ағаның баласы деп, бастауды Бақтыбайға ұйғарыпты».

Айтыстың болған жерін, оған кімдердің келгенін Әсет кіріспе өлеңінде өзі де айтады. Тек кім жеңді, кім жеңілді дегенді бұлдыр қалдырып:

Жүз жылқы, тоғыз құндыз — бас бәйгесі,
Тарт болыс қауымның ұйымында.
Тарқатты сол жиынды татулықпен,
Ел екен аласы жоқ пиғылында,—

деп, ризашылық білдіреді. Соған қарағанда, Әсет айтыстың тең бәйгесіне риза болған сияқты.

Әсеттің өмірбаянына тоқталғанда, зерттеушілер көбінесе оның қазіргі Мақаншы ауданында болғандығын баса айтады да, сол кезде Лепсі уезінің орталығы орналасқан Андреев, уезд құрамына қараған

Сарқан, Алакөл аудандарында да өмір кешкенін көп өлей бермейді. Осы айтыстың кіріспесінде Әсет өзі:

Байжігіт, Тума, Тоқпақ, Байсықты,
Үш-төрт жыл қоныс қылдым іздеп барып,—

дейді.

Қазір біраз зерттеушілер Көктұма деген ат аталса болды, оны бүгінгі Бақтыға жори салады. Шындығында олай емес. Талдықорған облысының Алакөл ауданында Көктұма атты орта ғасырдан қалған қаланың орны бар. Бүгіндер оның орны білінер-білінбес қана. Бірақ бұл ауданда іргесі 1906 жылдарда қаланған Көктұма атты село да бар, қазір ол «Көктұма» қой совхозының орталығы. Әсет Сәметпен де осы маңайда жүріп айтысқан, тек екінші сәлемдесін Тарбағатай жақтан, яғни Мақаншы маңынан беріп жіберген.

Арынды ақын Әсет Бақтыбаймен айтысында да қаймықпай бірден дүрсе қоя береді:

Бақтыбай, тең болмайсың меніменен,
Қатынның дауыс айтқан сөзіменен,—

деп, қарт ақынның бәсең үнмен айтқанын да міней жөнеледі. Ал Бақтыбай оған:

Айталық әдеппенен сыпайылап,
Қоспалық бұл айтысқа көп шатақты!—

деп, өзінің жасы үлкендігін астарлап ескерткендей болады.

Әсет пен Кәрібай ежелгі айтыс дәстүрінен ауытқымайды: Әсет арғынның, Кәрібай найманның айтулы адамдарын мадақтайды, бірінің руын бірі кемсітеді. Алайда жалпы адамгершілік, шыншылдық, өділдік, жомарттық сияқты мәселелермен аты шыққан адамдарын да, өнерпаздарын да мақтан етіседі, айтыс осы жағынан құнды, бұл тұрғыда қазір де тәрбиелік құрал бола алады. Бұл айтыстың бұдан басқа аса бір құнды жері — Біржан мен Сара айтысына қатысты пікірлері.

Алаштың жігін бөлген Сара бейбақ,
Біржаннан о да көрді талай зардап,—

дейді Әсет. Ал Кәрібай Сараны қорғай отырып:

Ол Сара бейбақ емес, анық саңлақ,
Бетіне бар арғынның салған таңлақ,
Қаңғып келген Біржанды итше көріп,
Әлі сенен кеткен жоқ өткен зардап.

Сараның жауабының міні бар ма,
Айтпапты қарағайды талға жалғап,—

деп, Әсеттің өзіне жабыса кетеді. Жалтарам деп жаза басады, «сасқан тек түрмес» дегендей, Кәрібайдың қолындағы домбырасына тиіседі:

Қолыңды көрінгенге тарбайтасың,
Көтеріп нығыңа қу тақтайды,—

дейді. Кәрібай мынандай сәтте жағдайды қапы жібермейді.

Бетіме қу тақтай деп қылдың салық,
Әкеңнің қолыңдағы найзасы ма?—

деп, Әсеттің өзі де домбыра ұстап отырғанын өте ұтымды пайдаланып кетеді.

Ғалым да, ғалым емес те Біржан мен Сараның айтысқанына

күмән келтірген кездер болған, ал мына айтыста олардың кездескендігі еш күмәнсіз сөз болады. Айтыстың болған-болмағандығы емес, Әсет пен Кәрібайдың айтысына олардың сол айтысу үстінде айтқан пікірлері негіз болады. Соған қарағанда, Біржан мен Сара 1900 жылдарға дейін айтысқан, оны Әсет те, Кәрібай да білген деп ойлаймыз.

Әсет пен Мәликенің өлең айтыстан гөрі сөлемдесуге жақын. Алайда Әсеттің Алматы маңайында болғандығына әдеби куә сияқты. Әсет, сіре, бұл шығарманы өнге салып та айтып жүрген болу керек, өйткені Әсетте «Мәлике» деген ән болған деушілер бар. Біз бұл жинаққа 1968 жылғы кітапқа жарияланған нұсқаны Қыдырмолда Әділбеков айтатын нұсқамен толықтырып, өлең құрамына қате кіріп кеткен шумақтарды қоспадық.

Әсеттің Қызырмен қақтығысы да осындай бір-бір ауыз жауап-тасудан тұрады. Оларды дабырайтып айтып «айтысты» деу, әрине, артықтау, алайда айтысу тегіне жақын екенін мойындамауға да болмайды. Осына ескертіп, мұндай қақтығыстарды да айтыс тобына қостық...

Ақынның мол мұраларының бірі — қисса-дастандар. Бұл салада әдеби қауымға оның тұңғыш белгілі болған шығармасы — «Евгений Онегин». Ал алғаш 1936 жылы мамың 17-сінде «Социалды Қазақстан» газетінде («Социалистік Қазақстан») Есім Байболовқа Шәріпов деген кісінің айтып беруі бойынша жарияланды. «Әзірге бұл шығарманың иесі мәлімсіз», — деп жазды газет. Ал сол жылдың 26 июні күнгі арнайы мақаласында Балташ Ысқақов: «Евгений Онегин» романының соңғы үлгісін аударушылар Әсет пен Әбіш екендігі анықталды... Әсет пен Әбіш жайын білетін Ақсу ауданының азаматы, Шынасылов Шәмәйдың айтуына қарағанда, «Евгений Онегин» романының мазмұнын естіп, өлеңмен өңдеп жазған Әсет әнші және нағыз оригиналынан аударушы Әбіш еді», — дейді... Әсеттің замандас құрбысы Әбіш деген болған. Әбішпен бірге жүріп, көп жолдас болған. Әбіш бұрынғы Лепсі уезі начальнигінің тілмәші, — деп жазды.

1937 жылы А. С. Пушкин шығармаларының қазақ тіліндегі үш томдығы шықты. Оның екінші томына «Евгений Онегиннің» I. Жансүгіров аударған тұңғыш толық тәржімасы, Абай аударған үзінділер, сонымен қатар Шәріповтың, Торыбаевтың, Сапарғали Әлімбетовтің айтуларындағы роман желісімен жазылған шығармалар кірді. Мұндағы Торыбаев деп отырғанымыз белгілі ақын Қуат Төрібаев. Әсеттің 1968 жылғы кітабында «Пушкин» деген атпен жарияланған нұсқаны Б. Адамбаев Жүнісхан Көлдеевтен жазып алған. Онда бас кейіпкер етіп Онегиннің орнына Пушкин алынған. С. Әлімбетов нұсқасында да солай. Біздің ойымызша, мұны айтушылар шатастырған, Онегин дегенді ұмытып қалған соң, есінде қалған автордың атымен ауыстырып жіберген. Әбіш тілмәшқа оқытып барып аударып отырған Әсет автор мен кейіпкерді өздігінен шатастырып алуы мүмкін де емес.

«Әсет «Евгений Онегинді» аудармаған, өзекті оқиғасын ғана қысқаша жырлап шыққан:

Мазмұнын осы сөздің қысқартамын,
Аяғын соза бермей енді ұзартып.
Онегиннің романын аударуда,
Керек қой аударуға көп уақыт, —

дейді. Әсет айтқан жырға ең жақыны, Шәріпов пен Төрібаев айтқан нұсқа болар деп ойлаймыз. «Социалды Қазақстанға» жарияланған

Шәріпов нұсқасында бас кейіпкер Онегиннің өзі. Бұл нұсқа былай басталады:

Сөйлей бер, қызыл тілім, қапияда,
Тұрғанда тән саламат, жан ұяда.
Аудардым Пушкин ердің романын,
Жазылған мың сегіз жүз жиырма үшінші жылы Рүсияда.

Роман сегіз бөлек, ұзақ өлең,
Алдымен Онегиндей ерге келем.
Қазақтың Абайындай болмасам да,
Бұл жерге өз тілімде айтып берем.

Пушкин 1823 жылы романның бірінші тарауын ғана жазып біткен, ал романды түгел бітірген жылы — 1833. Бірақ романның сегіз бөлек, яғни сегіз тарау екені рас. Бұған қарағанда, Әсетке романды біреудің оқып, ара-тұра түсіндіріп бергені рас. Жырлаушы өзінен бұрын бұл романды Абайдың аударғанын да білетін тәрізді.

Шәріпов жырды есінде жақсы сақтай алмаған, ұмытып қалған жерлері көп. Өзі өлең шығара алмайтын да адам болу керек. Оны мынадан байқауға болады, жырда:

Ол қыздың аты болар Татьяна,
Келгенде қырық алтыға Онегин ер.
Ол қызды кез келтірген тәңірім пана,
Пердесі осы қыздың ашылмаған,—

деген шумақ бар. Әрине, Әсет бүйтіп жырламайды. Ұмытып қалған Шәріповтың бұл араны түзел жіберуге де шамасы келмеген.

Қ. Терібаев нұсқасын дұрыс түсініп, дұрыс бағалау үшін, ол кісінің естелігіне жүгінгенді жөн кердік. Ә. Құрбанғалиевтің қызы Мәһисәруар Құрбанғалиевада сақтаулы ол документте былай делінген: «1910—1911 жылдары семейлік бәсентін руынан шыққан Сақып деген бай саудагер тұратын еді. Мен сол байға көшір болып тұрдым. Май айының аяқ кезінде сол жылда Әсет келіп, Сақыптың үйінде он шақты күн қонақ болып жатты. Сақып мақтаншақ кісі еді. Үйінде неше күндей ойын-сауық болды. Қаланың байлары Әсет ақынды кезекпен қонаққа шақырып тұрды. Әсет пен Сақыпты алып барып тұрдым. Пушкин деген орыстың асқан ақынының шығармасы «Онегин мен Татьяна» деп өлеңін айтқанда, естіген елдің бәрі таңданды. Мен үйренсем деп құмарланып, жаттап алып халыққа көп тараттым, бірталайдан бері айтпағанға ұмытыңқырап қалыппын. Жазбасын таба алмай қиналыққырадым. Кем-анығын біле алмадым.»

Бұл естелікте ерекше көңіл аудартатын екі жәйт бар; бірі — «Евгений Онегинді» тікелей Әсеттің өзінен үйренгендігі және оны Әсеттің «Онегин мен Татьяна» деп жырлағаны, екіншісі — Терібаевта ол жырдың жазбасының да болғандығы. Ұмытыңқырап қалғанымен де, Әсеттің өз айтуына ең жақыны деп осы нұсқаны алуымыз керек деп ойлаймыз. Терібаевта Шәріповтегі бастама мен Әлімбетовтегі аяқтау жоқ. Бәлкім, ол кісінің «ұмытыңқырап қалыппын» деп отырғаны сол да шығар. Терібаевтың басы мен аяғын ұмытып қалғанына, сөз жоқ, Пушкин де, Әсет те кінәлі емес; бір нұсқамен екінші нұсқаны араластыруға болмайды дегенде сылтауратып, бүтін шығарманы бөлшек күйінде беруді дұрыс көрмедік. Сол себепті жоқ шумақтарын қосып, бұл кітапқа Қ. Терібаев нұсқасын жарияладық.

Әсет аударған «Онегин мен Татьянаны» ақын Е. Сенсақы Құнан-

баев та айтқан көрінеді. Әсет жырлаған Пушкин шығармасының халық арасына кең тарағандығын осы төрт нұсқаның болуы да дәлелдейді. Әсет шығармасын лирикалы дастан деуге келеді, негізгі оқиға желісі Пушкин романымен үндес келіп отырғанымен, аяқталуы мүлде өзгеше. Бұл, әрине, Әсет қиялының жемісі. Шығарманың аяғында Татьянаның жас күйеуі де, Онегин де дуэльде өледі. Өзін өзі атып Татьяна да өледі. Бұл арқылы Әсет махаббатсыз өмір өмір емес дегенді айтпақ тәрізді.

Әсетте «Татьянаның хатты алғандағы сипаты» деген тарау бар. «Онегиннің сипаты» деген Абайда да бар. Бұл ұқсастық бекерден-бекер емес. Әсеттің Пушкинге баруына Абайдың ықпалы сөзсіз болған. Тараудың атын ұқсас қоюы да содан.

Абайдан кейін екінші адам болып «Евгений Онегинді» қазақ халқына жеткізу — Әсеттің әдебиет тарихынан үлкен орын алатын еңбегі, қазақ және орыс әдебиеттерінің, орыс және қазақ халықтарының достық байланысына қосқан қомақты үлесі. Бұл — әлі жете айтылмай, жете зерттелмей келе жатқан шығарма. Әдетте, өзге ақындар шығыс жырларының үлгісінде қисса-дастандар шығарғанда, оған желі етіп сол шығыс халықтарының өмірінен хикаялар алатын, ал Әсет бірінші рет өз дастанының оқиға желісін орыс өмірінен алып жырлады. Халқымыздың әдебиет тарихынан бұл оқиға лайықты орын алуға тиіс.

Баспасөз бетінде жарияланған Әсеттің екінші дастаны — «Сәлиха — Сәмен». Бұл дастан Шығыс Түркістанда 1945 жылы басылып шығыпты. Бізде алғаш рет 1960 жылы «Дастандар» жинағында басылды, содан бері талай жинақтан орын алды. Бірақ соңғы кезде бұл шығарманы Қызырдікі деушілер де шығып жүр. 1981 жылы Шыңжаң өлкесіндегі Ұлттар баспасынан бұл поэма Қызыр Мамырбекұлының болып басылып шығыпты. Біздің пайымдауымызша, бұл дастан Әсеттікі. Оған мынандай дәлелдер келтіруге болады.

Әсеттің төрелерге қалай қарайтыны, қандай баға беретіні Сәметпен айтысында ашық айтылған. Қызыр төремен де қандай жекежатығы барлығын жоғарыда айтқамыз. Әсетпен іліс-қағыс өлең шығарғанына қарағанда, Қызырда ақындық қасиет болмаған деп кесіп айту қиын. «Қызыр төре — зор молда, сөзге де епті», — дейді ғой Әсет те. Әйткенмен ұзақ әрі сюжетті дастан жазу ақындық жолына біржола түскен адамның ісі болса керек. Қызыр ондай жолға өзін арнамаған адам. «Сәлиха — Сәменнің» бүкіл өлең құрылысынан, сюжетімен, оқиғаны бастау, аяқтауынан ысылған шебердің қолы аңғарылады.

«Сәлиха — Сәмен» — монғол өмірінен жазылған шығарма. Қазақ ішіндегі төрелердің де арғы тегі солар. «Нағыз ханның тұқымы Мамырбек-ті, Шыңғыстың шын баласы асыл текті», — демеуші ме еді Әсет? Сол Мамырбектің баласы бұл дастанды жаза қалды десек, Көкше әулие бабасын сонша қатыгез етіп көрсетуінде не себеп бар? Көмек сұрай барған Сәменнің жалғыз атын да алып қалып, өзін әулие жаяу жібермей ме?

Шығыста бір керемет хан болады,
Жаратқан ол бурылды соған сайлап.
Бурылды сол Шыңғысқа бағыстаймын,
Сен жайлап Ұланға бар тамашайлап,—

дейді ғой және. Дастандағы Ясукей ханды тарихтағы Есуген дейік, Шыңғысты оның ұлы, Шыңғыс дейік. Сонда Есугейдің қызы Сәлиха болады ма, Шыңғыс әлі дүниеге келмеген бе? Ауыз әдебиетінде тарих, әрине, дәлме-дәл баяндалмайды, ондағының бері тарихи ақиқат болмайды, алайда өзі төре адам басқадан жаза басса да,



Есугей мен Шыңғысты шатастыра қоймаса керек. Әдей өзгерткен болар дейтіндей де себеп жоқ. Ал Әсет ақын терелердің қатыгездігін, қарапайым жұртқа мейірімсіздігін әдейі көрсетеді десек, сенімдірек.

1983 жылы жас ақын Ғ. Құлахметов өкеуіміз қызылашылық Әріпжан Сыздықбаевқа жолыққанымызда, ол кісі: «Қызыр менде монғолдардың аңызы бар деп, Әсетке дастан қып жаздырады. «Сәлиха — Сәменді» Әсет жоқта мен жаздым деп елге таратады. Екеуі араздасқан соң, бір арғын қызы Әсетті сақтандырады. Әсет содан 1920—1921 жылдары Бұратолаға келеді,— деген болатын. Дастанның несі Қызыр деушілер осы өңгіменің жаңғырығына сеніп жүре ме деп те ойлаймыз. Қалай болғанда да ондай өңгіме бекерден-бекер ел арасына тарамаса керек-ті.

Зерттеуші Е. Байтоқов «Шығыс Түркістан қазақтарының әдебиеті мен өнері тақында» деген мақаласында: «Әсет ақын жырлаған «Ағаш ат», «Сәлиха — Сәмен»... дастандары халық қазынасын байытып, ел игілігіне айналды»,— деп, бұл дастанның авторына еш күмән келтірмейді («Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабарлары», 1982 ж. № 4).

Сонан соң бұл дастанда кездесетін кейбір тіркестер мен бейнелеу әдістері Әсеттің басқа дастандары мен өлеңдерінде де кездесіп отырады. Мәселен, «Інжу-маржан» сөзі Әсеттің ең сүйікті өрі жиі қолданатын сөздерінің бірі. Бұл туралы Қ. Толыбаев: «Әсеттің бейнелеу құралдарына назар аударсақ, қай шығармасында болса да осы бір «Інжу-маржан» теңеуі ерекше орын алады»,— дейді («Жұлдыз» 1984, № 7.) Ал «Сәлиха — Сәменде» қыз бейнесі: «Безенген өне бойы інжу-маржан»,— деп суреттеледі. Тура дәлел бола алмағанымен де, мынандай ұқсастықтарды әншейін сәйкестік дей салуға болмайтын сияқты:

Ең қымбат інжу-маржан су моншақпын...
Саналып су моншаққа інжу-маржан...
(«Онегин мен Татьяна»)

Сөздерді інжу-маржан ақтарғанда...
(«Ақырғы сөз»)

Інжу-маржан асылдан
ақық сөдеп...
(«Жәмсап»)

Сәлиха айтты сонда Сәмен өрге...

«Ер Сәмен атын ерттеп қаруланды» деген сияқты «өр» сөзін тіркеп сөйлеу де Әсетке тән әдіс:

Ержетіп ес білгенсін Онегин ер...
Келгенде қырық алтыға Онегин ер...
(«Онегин мен Татьяна»)

Тез қонды Хасен өрге мұндай бақыт...
Бір рақым құдай қылды Хасен өрге...
(«Ағаш ат»)

Алдынан ер Шеризат қарсы барып...
(«Шеризат»)

Шәқырып алдырады Нұғыман ерді...
(«Нұғыман — Нағым»)

«Салиха — Сәмен» дастанындағы: «Қара жер — мейірімді анам,
аш қойлықды. Саяға келіп тұрмын Сәмен ғаріп»,— дейтіні Әсеттің
«Онегин мен Татьянасындағы: «Қара жер — ата-анам, ең жақы-
ным»,— дегенімен бірдей, ал «ғаріп» сөзін кісі атына қосып сөйлеу
оның өзге шығармаларында мол:

Тоғайға тура кірді уәзір ғаріп...
Мінікіз хан тағына, уәзір ғаріп.

(«Шеризат»)

Ешбір мұны білмейді қатын ғаріп...

(«Нұғыман Нағым»)

Ғаріп қыз елден шықты тілден жазып...

(«Үш жетім қыз»)

Жүсіптей жүзі нұрға екен ғаріп...

(«Барат қыз»)

Аш қасқыр кез болады ұры ғаріп...

(«Үш баланың өңгімесі»)

Сондай-ақ «Салиха — Сәмендегі» мына екі жолдың:

Ақ етін, қызыл бетін қанмен жуып,
Еріксіз қолмен жойды ғазиз жанды,—

аумаған күйде дерлік «Шеризатта» да кездесуі бұл шығармалар-
дың бір қолдан шыққандығын дәлелдейді:

Аппақ ет, қызыл бетке қарамастан,
Бауыздап бейшараның басын алды.

Әдеби қауымның құлағына ерте шалынған Әсет шығармалары-
ның бірі — «Ағаш ат». Ол жайында алғаш хабарлаған — О. Орын-
таев. Бұл кісі «Социалистік Қазақстан» газетінің 1941 жылғы 8 июнь
күнгі санында жарияланған «Әсет ақын» атты мақаласына: «Онан
кейін арабтың аңыз өртегісінен «Қызыл табан» («Ағаш ат» деп ай-
тылады) деген 1300 жолдық үлкен поэмасын жазып шығарады»,—
дейді. Біздің білуімізше, бұл — «Ағаш ат» жайындағы алғашқы дерек.

«Ағаш ат» — шытырман оқиғалы дастан. Кәдімгі қиял-ғажайып
өртегісіне ұқсас. Ағаш ат жасап аспанға ұшу бүкіл дастанға езек
оқиға болған. Сондықтан бұл шығарманың «Ағаш ат» атануы орын-
ды да дейміз. Қарапайым шебердің қиялынан туған ғажайып ағаш
ат бірін-бірі шынайы сүйген екі жастың махаббаты үшін қызмет етеді,
намыстанған қатыгез ханның өлім жазасынан екі жасты құтқарады.
Ағаш ат халықтың ақылы, әділеттің қорғаушысы сияқты үлкен мәнге
ие болады. Ағаш атқа бола әке-шешесінен айрылған Хасен тағы сол
ағаш аттың көмегімен сүйгеніне қосылып, ата-анасымен қайта
табысады. Егер ағаш атты ақылдың жемісі, өнердің күші дейтін
болсақ, оның тетігін білмеу жамандыққа жетектейді де, оны мең-
геру күшіңді арттырады, мүмкіндігіңді молайтады деген пікір айтады
ақын.

Дастанда мейірімділік пен мейірімсіздіктің де ара жігі ашылып
нәрсетілген. Мәселен, қыздың әкесі өзінің әкелі парызынан гөрі
хандық тағын — мансабын жоғары қояды, қызының бөтен жігітті
сүйгеніне намыстанып, екі жасты да өлім жазасына кеседі. Бірақ

Хасеннің байсалдылығы, ағаш аттың тілін білгендігі ханды жерге қаратып кетеді.

Хасен алғаш ағаш атпен белгісіз елге келіп түскенде, оны паналатып, өзіне бала етіп алған шал — қарапайым халық өкілі. Қатыгездік, жазалау сияқты мінездер ханға тән болса, мейірім, кішіпейілдік, бауырмалдық сияқты ізгі мінездер бұл дастанда көбінесе қарапайым адамдарға тән. Бұдан Әсеттің қалың бұқараға деген ықыласы, құрметі айқын аңғарылады.

Оқиға Бағдатта өтті дегенмен, дастандағы кейіпкерлердің аты қазақша: Қамсыз шах, Хасен сұлтан, Гүлғасыл ханыша, Балқия т. б. Хасен мен Гүлғасылға құрбы қыздарының қазақ әдетімен ау-жар айтуы, ағасының, әкесі мен шешесінің өлең айтып көрісуі — бәрі қазақша дәстүр. Тек қана Рәббіғұн, Мәскүн, Охақ деген сияқты жер аттары қазақшадан алшақ.

1968 жылғы кітапқа жазған түсінігінде Б. Адамбаев: «Әсет «Үш жетім қыз», «Қызыл табан ағаш ат», «Шеризат» және «Жәмсап» қиссаларының желісін, кейіпкерлерін классикалық шығыс әдебиетінен, атап айтқанда, «Мың бір түннен» алған,— дейді. Бұл пікірді, біздіңше, болашақта әлі одан ары анықтай түсу керек. «Мың бір түннің» қай хикаясы бойынша Әсеттің қай қиссасы жазылғанын, хикая мен қиссаның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын нақты білгеніміз абзал.

«Үш жетім қыздың» да негізгі авторлық позициясы «Ағаш атқа» ұқсас. «Ағаш аттың» бас кейіпкері хан ұлы болса, мұнда Сәмсая атты жетім қыз. Бұл дастанды С. Әбділдаев «Сәмсая» деп те атайды. Бақытты болуды, хан мен уәзірді де жұмсайтын адам болуды қиялдағаны үшін ғана патша Сәмсаяны Бағдаттан қуып жібереді. Жақсы өмірді ойлап армандағаны үшін жетім қыз жаза шегеді. Оның халін Әсет былай суреттейді:

Ғаріптің халі мүшкіл, көрсең күйін,
Кір басқан, үсті-басы жыртық киім.
Далада зарлап, жылап үш күн жүрді,
Басына бейшараның түсті-ау қыын.

Хасен құсап Сәмсая да жарлы адамдарға тап болып аман қалады. Өзен бойында лашықта отырған кемпір-шал жетім қызды бала қып алады. Өздері ашты-тоқты отырған кемпір-шал қыздан ас та аямайды, мейірімдерін де аямайды. Шал Сәмсаяға:

Шырағым, қыз қылайын ұлға балап,
Біреуді іздеп кетпесең өзің қалап.
Бар мәзірге риза бол, бала болсаң,
Күн көрген адам едім суға қарап,—

дейді. Ақырында қыздың ақылдылығы, іскерлігі мен қолынан өнері тымған шеберлігі арқасында кемпір-шал да, қыздың өзі де қуанышты күнге жетіп бақытты болады. Сүйгеніне қосылып, хан мен уәзірге де қызмет жасатқан ақылды қыз өзі қаңғып жүргенде пана болған кемпір-шалды еш ұмытпайды. Адамгершілік пен жақсылықты жеңімпаз етіп жырлаудан ақын мұнда да жазбайды:

Келіпті қайта айналып кемпір-шалға,
Көрген соң жалғыз қызын бұлар жылар,—

дейді бала мен ата-ана арасындағы бауырмалдыққа әдейі тоқталып. Әсеттің таза қазақ тұрмысынан жазған дастаны — «Кешубай». Ертегі мен аңызға тән әсірелеп айту, тыңдаушыны таңдантам деп нанымсыздыққа ұрыну — бұл шығармаға да тән. Қиссалардың

күдіреті ықпалы байқалғанмен, бұл шығармада қазақ тұрмысы, әлеуметтік-саяси жағдайы тарихи шындыққа сай нанымды суреттеледі. Шығармаға патша өкіметінің отарлау саясаты өзек болады. Ол тек ер жігіттің намыс үшін неге де болса ойланбай баратынын ерлік санайды, Кешубайдың осы қылығын мадақтайды. Кешубай 18-інде болыс, 22-сінде аға сұлтан сайланады. Оқиға жер дауынан өрбиді.

Басқаға қазақ жерін бермеймін деп,
Ұлықпен даулы болды шөпке бола,—

дейді ақын. Кешубай ұлықтарға жер бермейді, сол үшін оған жандарал мен ояз қас болады. Шындықты іздеп Кешубай ақ патшаға арыз жазады.

Патша қабыл алды арызды ала:
— Бұқара бәрі бірдей маған жана.
Міністір өз қасымнан жіберемін,
Барады июнь айда уәзір дана,—

деп жауап береді ол арызға. Арызды тексеруге келген уәзір Кешубайға ояздың жерінен де жер қосып беріп, екеуін бұрынғыдан бетер араздастырып кетеді. Жаңа жыл мейрамы кезінде қызара бөртіп келе жатқан оязға Кешубай кездейсоқ қарсы жолығып қалады. Көктеніп жүрген ояз дәп көшенің ортасында Кешубайды елдің көзінше шешесінен тартып боқтап салады. Кешубай оязды атады. Ақ патша ол үшін Кешубайды Сахалаңға (Сахалинге) айдауға арнайы бұйрық береді.

Он солдат түнде барып байлап алған,
Қолына, аяғына кісен салған.
Біреуі өліп, бірі тірі қор боп,
Айрылды мәртабадан екі бағлан,—

дейді Әсет. Ақынның оязға да, Кешубайға да жаны бірдей ашиды, қарап отырып екеуі бірдей қор болды деп өкінеді. Ақынның мұндай мейірбандылығына қайран қаласың. Туа гуманистігі таңдантады.

Сертке беріктік, уағдаға адалдық — Әсет шығармаларында ең көп жырланған тақырып. Ал «Үш баланың әңгімесінде» бұл тақырып ерлікке барабар дәрежеде бағаланады. Уағдашыл қыз өзінің сол қылығымен ұрыны да, құмар жігітті де тоқтатады. Мысал әңгіменің ішінде айтылатын бұл шығарма қазақ топырағына өте жақын. Өз уәдесіне берік қыз күйеуінен рұқсат алып алдымен сүйген жігітіне жолығуға шығады. Жолай ұрыға тап болады. Өз күйеуінің рұқсатымен уәдесін орындауға келе жатқанын естіп, ұры екеш ұры да әділдіктен аттай алмайды. Соның бәрін қыздан естіген жігіт те өзінің орынсыз тілегінен бас тартады. Осыны мысалға айтып отырып, қазы да үш баланың бойындағы бейімділікті байқайды. «Ұрыны ұры сонадайдан таниды» демекші, алтынды алған бала ұрыға деген ілтипатымен өзін-өзі ұстап береді. Адамдар арасындағы бірлікті, ағайындықты дүниеге қызығушылық бұзады дегенді айтады автор.

Кәрілік — емсіз дәурен келіп жеткен...
Адамның дүние шіркін — бауыр еті...
Тірлікте бізге керек ақыл серік,
Бірлікпен боларсыңдар жауға берік,—

деген нақыл сөздерді айта келіп:

Адамшы аз күн қызық дүние үшін,
Жолынан адасатын көп қой адам,—

деген — қазының ғана түйіні емес, автордың да негізгі айтар ойы.

Діннің көп зиянының бірі адамзатты алалау еді. Жер бетіндегі жұрттардың бірін мұсылман, екіншісін көпір, үшіншісін жөйт деп бөліп, біріне-бірін алақөз етуі, бәлкім, дін атаулының ең үлкен қылмысы да болар. Бәріміз Адам ата, Хауа анадан тарадық дей отырып халықты алалайды. Дін оқуын біраз білген Әсет оның осы кертартпа заңынан биік тұрады. Ол орыс Онегинді ер деп мадақтайды, білімділігі мен инабаттылығын қазаққа үлгі етеді. Татьянаны Тәтіш деп еркелетеді, монғол Салиха мен Сәменнің қайғылы махаббатын қабырғасы қайыса отырып жырлайды, қаншама араб жұртының ұлқыздарын ардақ тұтып, олардың өмірлерін дастандарына арқау етеді. Кешубайдың ерлігін ақ патшаға бағалатады. Әсеттің ұғымында жақсы халық, жаман халық дейтін теріс ұғым жоқ, ол үшін тек жақсы адам мен жаман адам ғана бар. Оның ешбір шығармасынан басқа ұлтқа, бетен халыққа деген қылаудай көлеңке байқалмайды. Бұл тұрғыда Әсет — үлкен гуманист. Соның бір куәсі — оның «Француз» қиссасы. Ақынның алуан халық өкілдерінен құралатын кейіпкерлер галереясы бұл қиссада французбен толықтырылады.

Әсет дастандарында көбінесе балаға зәр патша, халифалар сөз болады. «Французда» да, «Шеризатта» да, «Жәмсапта» да, «Ағаш ат» пен «Барат қызда» да солай. «Шеризатта» халифаға ұлды өулие сыйласа, «Барат қызда» патшаға ұл көпшілік тілеуімен болады:

Мейірбан мұсылманға бөк әділет,
Тілепті бала бер деп көп жәмиғат.
«Көл деген — көп тілеуі» мақал болып,
Болыпты бәйбішесі өкіқабат,—

дейді ақын. Жалпы, Әсеттің қисса-дастандарына қарап отырсаң, халықтың қамын ойлаған патша ғана әділетті болып келеді. Құлдық деген нәрсеге ақынның мүлде қарсы сендігі аңғарылады. «Шеризатта» да, «Барат қызда» да ұлды болып қуанған патша немесе ұл тілеп жалбарынған патша қол астындағы құлдарына азаттық береді. «Барат қызда» ақын:

Тойында азат етті қанша құлды,
Дүнияда Әмір патша өділетті,—

десе, «Шеризатта»:

Алланың парыз қылған әмірі деп,
Сол күнде азат етті қанша құлды,—

дейді. Бір қызық нәрсе: Әсеттің біраз дастанында Габдолла атты адам не саудагер, не бай болып жүреді. Ақынның ол атты неғып сонша ұнатқанын түсіндіру қиын.

«Барат қыз» — ғашықтық дастаны. Дастанның оқиға желісінде «Үш жетім қызға» ұқсас тұстары, тіпті ұқсас шумағы да бар.

Баламның мен барайын анасына,
Анасы ақылдасым баласына.
Патшаға қыз бермеймін деп айтпаймын,
Жеткен соң бәлиғаттың шамасына,—

деген «Барат қыздағы» шумақ «Үш жетім қызда» сәл ғана өзгеріп қайталанады:

Барайын мен қызымның анасына,
Анасы ақыл салсын баласына.
Мырзаға қыз бермеймін деп айтпаймын,
Жеткен соң бәлиғаттың шамасына.

Мұндай ұқсастықтың текстологиялық жұмысқа да пайдасы тиді. «Үш жетім қызда» қыз әкесіне жіберілген адам «жаушы» делініпті, ал «Барат қызды», «өлші» дейді, біз де оны осы соңғысына түзеттік. «Барат қыздағы» тек қана «Үш жетім қыздан» емес, Әсет творчествосындағы бүкіл сұлулықты жырлау мақсатына ұқсамайтын бір нәрсе — сұлулықтың өзін қару қылып жұмсау. Ізгіліктің, ең асқан мейірбандықтың көзі есептелетін әйел сұлулығы мұнда қару есебінде жұмсалады. Барат қыз патшадан өзінің сұлулығы арқылы қорғанады, сұлулығын қорғаныс қаруы етіп пайдаланады: патша сұлулығыма шыдай алмай қартайсын деп шешеді.

Бетінде пердені ашып қыз отырды,
Сарайға ләулік қылып жарық құрды.
Қайғымен мені көріп қартайсын деп,
Құйқылжып неше реңді сегіз қырлы,—

деп түсіндіретін автор. Бүйтіп басқаны өз сұлулығымен өлтірмек болған әйел баласы қазақ әдебиетінде, сірә, Әсеттен басқада кездеспейді. Шығис халықтарының әдебиетінде бір негізгі бар ма, жоқ па әзірге ол жағы бізге белгісіз.

Әсеттің «Жәмсап», «Шаһи Ғаббас», «Нұғыман-Нағым» дастандары да махаббатты жырлайды. Алайда ешқайсысында жалаң махаббат өңгіме болмайды, байлық, мансап, зұлымдық сияқты қара күштердің әділдік, адамгершілік сияқты ізгі ниетпен арпалысы бұларда да бар. Шытырман оқиғалардың дамуы да, шешілуі де қызықтырып отырады.

Әсет Найманбайұлының әдеби мұрасы — аса қомақты мұра. Оның өмірбаянында, творчествосында әлі де анықтауды, толықтыруды қажет ететін жағдайлар көп. Оның әзірге жиналмаған, қолға түспеген шығармалары ел ішіндегі зерек жандардың зейінінде жүр. Соларды мүлде жоғалып кетпей тұрғанда сақтап қалу — халықтың міндет, баршамыздың парызымыз.

Әсет творчествосына әсер еткен, оны ақын етіп тәрбиелеген негізгі күш, біріншіден, бай халық ауыз әдебиеті. Әсеттің одан кейінгі тікелей ұстазы — Абай. Өлім аузында жатып та Абай аузына алуы, Абайша қызмет жасай алмағанына өкінуі, «Онегин мен Татьянаны» жазғанда, өзін Абайдан кішік ұстауы — оның ұстаз алдындағы ізеті. Әсетке үшінші әсер еткен — орыс және шығыс әдебиеттерінің үлгілері. Әсет орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романын қазақша жырлап қана қойған жоқ, орыс әдебиетінен шама-шарқынша үлгі де алды. Ол үлгі оған әуелі Абай арқылы келсе, кейін Әбіш тілмаш сияқты орысша оқыған адамдардың ықпалымен де жетті. Ал шығыс әдебиетінің үлгілерін өзі де оқи алатын дәрежеде болды.

Бұқара халықты өнерге, мәдениетке үндеуде Әсет сияқты халық ақындарының творчествосы, ауызша қызмет атқаратындығы дауыс. Әсеттің асқақ әндері мен алуан тақырыпты өлеңдері, қисса-дастандары халықтың өнерімізді дамытуға, сонымен қатар халқымыздың мәдениетін кетеруге де өз үлесін қосқаны және қосып келе жатқаны күмәнсіз. Әсетке өліктеп, одан үлгі алып өскен де қазақ таланттары біршама. Атақты әнші-ақын Кенен Әзірбаев, ақын Есенғары Құнанбаев, өзімен айтысқа түскен Қали Әділбеков, Кәрібай

Сасанов, Сәмет Малаев інілік ізет жасап өнерін үйреніп өскен Арап Әміров, Шәриаздан Өтепбергенов, Ауған Жақсылықов, Ержан Ахметовтар, «Онегин мен Татьянасын» ұмытпай сақтап табыс етуші Қуат Терібаев, Жүнісхан Келдеев — бәрі де Әсет творцовосының әсері тиген жандар. Бұлардың әрқайсы-ақ Әсетке шәкірт атануды мақтан көріп өскен өнерпаздар. Шашубай Қошқарбаев 1949 жылы Кемел Әзірбаевпен жолығықанда:

Атыңды өкең қайдан қойған тауып,
Әншісі Алатаудың думан-сауық.
Біржан сал, Ақан, Әсет, Балуан Шолақ,
Солардың жолын қудың әнін салып,—

дейді оған. Ал белгілі халық ақыны Төлеу Кәбдіков «Семей ақын-дарына» деген өлеңінде:

Семейде менен басқа тоғыз ақын,
Бәрі де тілінен май тамызатын...
Әсетке шәкірт болып үлгі көрген,
Біреуі Есенсары нағыз ақын,—

дейді. Әсеттен үлгі көргендігін ерекше атайды.

Сан қырлы талант иесі Әсет Найманбайұлының композиторлық, ақындық мұрасы халқымыздың мәдени өмірінде алдағы уақытта да игілікті қызмет атқаратынына, рухани байлығымызды байытуда оның творцовосының өзіндік үлесі болатындығына еш күмән жоқ.

Бексұлтан НҮРЖЕКЕЕВ

ҮНЖУ-МАРЖАН

Әуелетіп ән салса әнші Әсет,
Аққуменен аспанда жер тілдесед.
Еркем, сені-ай сағындым!
Дауылдатып тұнықтан шыққан даусы,
Жүрегінен күңіреніп желдей есед.

Сағынбасқа не шара?

Інжу-маржан секілді-ай,
Ал көрінген көркіңді-ай.
Гүл майысып, гүл жайнап,
Бір көрінсең, еркем-ай.
Сәйфіл Мәлік — Жамалдай
Бейнетіңе көнсем-ай!
Қозы Көрпеш — Баяндай
Бір молада өлсем-ай!
Сағындырған еркем-ай!

Әсеттей сал, ән салсаң, ақыратып,
Орман, тоғай, өзенді жамыратып.
Еркем, сені сағындым!

Арқыратып ағызып ән нәсерін,
Толқынымен жүректі жадыратып.
Сағынбасқа не шара?

Әуелетіп ал жібер Әсет әнін,
Шарықтасын, шомылтсын әнге маңын.
Аққудайын айналып айға қонып,
Аймаласын, қуансын әнші жаның.

Сағынбасқа не шара?!

Інжу-маржан секілді-ай,
Ал көрінген көркіңді-ай!
Гүл майысып, гүл жайнап,
Бір көрінсең, еркем-ай!
Сейфіл Мәлік — Жамалдай
Бейнетіңе көнсем-ай!
Қозы Көрпеш — Баяндай
Бір молада өлсем-ай!
Сағындырған еркем-ай!

МАҚПАЛ

Хал қайда мен дұшпанмен алысарға,
Ат қайда жүйрікпенен жарысарға?
Жайлауға ел қондырып, қой қоздатып,
Күн қайда Мақпалмен табысарға!

Мақпалға айттым сәлем шын зерек деп,
Халқынан асып туған бір бөлек деп.
Көйлектің көктылас жеңін жалмап,
Алдымнан шықса Мақпал: «Сіз керек!»— деп

Бейне бір нұр сәулесі түскенге ұқсас,
Дидарын көрген адам болмай ма мас.
Өзенге ағып жатқан бір шомылса,
Бойында гүлденбеген талы қалмас.

Ел-елдің іздемеген салы қалмас,
Мойнында ат, айғырдың жалы қалмас.
Алысқан қол, айтысқан серттей болса,
Мақпалды менен өзге ешкім алмас.

МАҚПАЛ

Айттым сәлем Мақпалға шын зерек деп,
Өзгеден, топтан затың бір бөлек деп.
Көйлекті көк атылас серпе тастап,
Алдымнан Мақпал шықса, «Сіз керек»,— деп

Қ а й ы р м а с ы:

Мақпал-ау, Мақпал,
Мақпал-ау, Мақпал!
Үкілі қоңыр ала үйрек секілдім-ау,
Бір хабар алмаған соң өкіндім-ау!

Мақпалдан қайттым бір күн кербалақпен,
Асынып садағымды қорамсақпен.
Көрсем де құралайды атқаным жоқ,
Ұқсаттым Мақпал жанға шын жүректен.

ҮЛКЕН АРДАҚ

Қыз қайда Ардақжандай туған айдай,
Күлім көз, оймақ ауыз, ақша маңдай.
Сағындым, еркем, ах-ах-ау, сені-ау!
Сөйлесе, сөзі майда, лебі жылы,
Жанымның сүйініші бұлбұл таңдай.

Сағындым, еркем, ах-ах-ау, сені-ау!
Сені-ау, Ардағым,
Шақырғанда бармадым.
Болмас еді-ау арманым,
Болса өзіңдей алғаным!

Ардақжан, сен ақ сұңқар бақшадағы,
Біреудің мәпелеген ақ тамағы.

Сағындым, еркем, ах-ах-ау, сені-ау!
Ерке өскен ел ішінде ерке сәулем,
Секілді айдын көлдің ақ шабағы.

Сағындым, еркем, ах-ах-ау, сені-ау!
Сені-ау, Ардағым,
Шақырғанда бармадым.
Емін-еркін сөйлесіп,
Тарқар ма еді-ау арманым!

КІШІ АРДАҚ

Ей, Ардақ!
Ат қайда Ақбақайдай ақсай желген?!
Қыз қайда Ардақжандай көзі күлген?!
Алыстан әдейі іздеп келгенімде,
Айттырмай ішкі сырды өзі білген.

Хали-ләли, ләли-ләли ләлім-ай-ау,
Хали-ләли, ләли ләлім-ай-ау,
Халиләм ләйлім-ей-ау!

Ей, Ардақ!
Ат қайда Ақбақайдай жарысарға?
Ардаққа қолым создым алысарға.
Жайлауға ел қондырып, қозы сойып,
Күн бар ма Ардақ қызбен табысарға!

ҚАРАКӨЗ

Мынау қолым, Қаракөз, саған созған,
Махаббаттың жүректе оты қозған.

От жалындай көзімө көрінеді,
Желбіреген көйлегің берен боздан.

Қаракөз сәулем көз көрген,

Түн ұйқысын төрт бөлген.

Шақырғанда бармаған,

Сұм басым, үйбай, сөзге ерген.

Жүрген жүріс, Қаракөз, күлген күлкің,
Жанған жүрек қасында болсаң, шіркін!

Сені ойласам, Қаракөз, ас батпайды,

Түнде ұйқым келмейді, күндіз күлкім.

Қаратаудың басынан түсер сағым,

Сағынғанда қайда едің, ғашық жарым?

Туған айдай секілді сүйген сәулем,

Сенің сұлу болғаның деуші ем бағым.

Жаман атты мінбегін жалды екен деп,

Жалынбағын жаманға малды өкен деп.

Айналайын сүйген жар, айнып кетпе,

Аяғына қан түсіп қалды екен деп.

ҚАРАКӨЗ

Қарасындай көзімнің сәулем едің,

Бастан кешкен баяғы дәурен едің.

Күндіз естен кетпейсің, түнде түстем,

Не сиқырмен басымды әуреледің?

Қаракөз сәулем көз көрген,

Түн ұйқысын төрт бөлген.

Шақырғанда бармай қап,

Сұм басым, үйбай, сөзге ерген.

Сенің биік, заңғар тау, қарауылың,

Әсем екен бөлекше жаралуың.

Күндіз естен кетпейсің, түнде түстен,

Жүректе қан денеме таралуын.

Сағынышты көңілім болды алаң,

Саған жетпес болса да қандай бағлан.

Малсыз, бақсыз, себепсіз сіздің дертің,

Бұған шипа, япырмау, қайдан табам?

Денсаулығым қалмады бір сені ойлап,
Сағынғаннан мен жүрмін сұдай қайнап.
Қосылмақты не қылса ойлаушы едік,
Дариясына тәуекел басты байлап.
Қаракөз сәулем көз көрген,
Түн ұйқысын төрт бөлген.
Шақырғанда бармай қап,
Сұм басым, үйбай, сөзге ерген.

ҚАРАКӨЗ

Қаракөз, қайда сенің ыстық күнің?
Дүниеде ғашықтықтың дерті қиын.
Кешегі жиырма бестің базарында
Болушы еді қалқам аулы күнде жиын.
Қара көзің-ау сүзілген,
Қыпша белең-ау үзілген!
Ауыздағы отыз тіс ақ маржандай тізілген.
О, Қаракөз, қалды-ау кейін!
О, шіркін, уайым жедім-ай!

Қарағым, сен де ақ маңдай, мен де ақ маңдай,
Арасы екі ауылдың шам жаққандай.
Кешегі жиырма бестің өтті шағы,
Не керек, өтіп барад күн батқандай!

ҚАРАКӨЗ

Балапандай баулыған құсым едің,
Түзден торға дәм айдап түсіп едің.
Қапаста асыраулы бұлбұл құстай,
Абзал зат, қай бақшадан ұшып едің.

Қанатым саған бола қалды-ау қирап,
Таба алмай ем дауасын тұрмын жинап.
Жас ғұмыр далбасалық күнмен өтіп,
Жаһатпен көп шаршадым жанды-ау қинап.

Қ а й ы р м а с ы :

Қаракөз сәулем көз көрген,
Түн ұйқысын төрт бөлген,
Шақырғанда бармай қап,
Сұм басыма сөз келген.

МАЙДА ҚОҢЫР

Жас күнің таң болады қартайғанда,
Жан достың суысады мал тайғанда.
Көзіңе өткен күнің елестейді,
Алладан уақыт бітіп жантайғанда.
Төрт бұрышы төңіректің алыс емес
Көзі ашық, зейіні көп майталманға.

Жас күнің әлі-ақ өтер жайраңдаған,
Әр нәрсе тұс-тұсымен сайраңдаған.
Қақ жарған қара суды болса жайын,
Болады о да шортан қайраңдаған...
Мысалы осы дүние сол секілді
Сықылды оңғақ бояу ойрандаған.

МАЙДА ҚОҢЫР

Жаз шықса, құрт-құмырсқа жыбырласып,
Тірілер өлген дене қимылдасып.
Қарулы, өзі жылпың бозбалалар
Ел көшсе, жүк артысар қом қомдасып.

Ел қонса, үй тігісіп, жүк жинасып,
Сыпсыңдап қыз-келіншек сыбырласып.
Аулақта кездесе алмай жүрген жастар
Ымдасар бір-біріне жымыңдасып.

МАЙДА ҚОҢЫР

Жігітке қисық қылық мінменен тең,
Жараспас жас бойына сынменен тең.
Надан бар көңілі қара, қолы сараң,
Қараңғы жүрегі оның түнменен тең.
Жеткізсе көлеңкесін біреу көпке,
Бұлттан шыққан жайнап күнменен тең.
Жайдары, шамсыз туған кейбір жігіт
Терісі жуан елі пілменен тең.
Күлдіргіш, қалжыңға ұста кейбір жігіт
Көңілдің бақшасында гүлменен тең.
Жаралған жақсы атадан жаман бала
Некесіз қай-қайдағы сұмменен тең.
Болады ойсыз, мисыз кейбір надан,
Ол етер жігеріңді құмменен тең.

Біреуден пайдаланған ақыл, білім
Бір түсіп өткен күннің нұрымен тең.
Көзі ашық, көкірегі ояу жастар үшін,
Ескерткен насихатым сырменен тең.

ГАУҺАР ҚЫЗ

Гауһарға жаздым сәлем барар-ау деп,
Хатымды қабыл етіп алар-ау деп.
Егерде көзі шалса бұл хатымды,
Ортаға шыбын жанын салар-ау деп.

Әуеде шырлар бозторғай,
Қалқам қалды-ау зар жылай.
Ей, Гауһар қыз,
Алма мойын қоңыр қаз!

Қадірлі Гауһар жандай досым едің,
Шын сүйіп көңіліңді қосып едің.
«Мен сендік болам» деген уәдеңнен
Қайтпастан, өмірлікке тосып едің.

Әуеде шырлар бозторғай,
Қалқам қалды-ау зар жылай.
Ей, Гауһар қыз,
Алма мойын қоңыр қаз!

ҚЫЗЫҚ-АЙ ШІРКІНІ

Қызық-ты бұл дүниенің қадірін білсең,
Түрлентіп орныменен қадірлесең.
Қадірлес жолдас-жора, достарыңмен
Бірлесіп, тізе қосып ойнап-күлсең.

Сауықпен бар әлемді араласаң,
Шалқыта бұлбұл құстай ән шырқасаң.
Жиын-той, сән-салтанат, думандарда
Тұлпардай серпіле бір жорғаласаң.

Халила-ау, уай,
Халилаки кілдай.
Мәжнүн, дидаку қалқам,
Қызық-ай, шіркін, ахахай!

ЖЕЛДІРМЕ

Бұл өлең — бастамасы тамам сөздің,
Талайын кездестірет көрген көздің.
Ақ тамақ, алма мойын нәзігімсің,
Кезіміз айтысатын келді біздің.

Сырты алтын, тісі күміс тарағыңның,
Кірі жоқ ақ торғындай тамағыңның.
Сағынып қыз дауысын жүргенімде,
Бір кезі келіп қалды-ау қарағымның.

Ей, сәулем, таңертеңгі сағымдайсың,
Көзімнің қарасы мен ағындайсың.
Сәулесі ақ тамақтың жарқ-жұрқ етіп,
Іздесем Ресейден табылмайсың.

Шаһарда егіп қойған сіз бір дарақ,
Көз салар көлеңкеңе әркім қарап.
Бейне бір пісіп тұрған алмадайсың,
Бақытына әлдекімнің өстің, шырақ?!

СЫРМАҚ ҮЙКЕР

Қызықты қызу үсті шын ерлерге
Жүрсе де жақсы орын артық қай жерлерде.
Қызығың бір сағатқы мың күнгі өмір
Ерікті сөз сөйлейін көз көргенге.

Ойымнан, сірә, қалмас бағлан нұрлым,
Қадірін қатты білген айтқан сырдың.
Бір сағатқы қызығың мың күнгі өмір,
Тілектес заманымда туған құрбым.

Жетік моллда қаламмен қағаз түртер,
Жақсы болса сүйгенің, жұпар бүркер.
Құрбылас, бұл қай ән деп сұрасаңыз,
Бұл әннің аты еді «Сырмақ үйкер».

ӨТЕПБЕРГЕН

Раушан атқан таңның жарығындай,
Өткір тіл Дағыстанның шарығындай.
Жауапқа қалап айтқан тілім тәтті,
Кәусардың ағып жатқан арығындай.

Алтын да алтын, мыс та алтын, қола да алтын,
Көңілмен толтырғанмен, бола ма алтын?
Жақсының бір мінезі осындайда,
Жүзіктей қолға салған оралатын.

Жау тонаса, жарымас жарғақтыға,
Ғазиз айтсам жарасар салмақтыға.
Бозбала, саған айтқан өсиетім:
Жолама сасық қолтық күн қақтыға!

ҚЫЗ АРМАНЫ

Құдай-ау, ұл етпедің, қыз еткенің,
Қайғы мен уайымнан құр етпедің.
Сарғайып күні бұрын жүрсем дағы,
Арманға көңіл, шіркін, бір жетпедім.
Ата-анам, асырап едің алып қолға,
Мінеки, жасым келді жаңа онға.
Әкемді күнде біреу жағалайды,
Қалың сор, нәсіп емес маған ол да.

Мал десе, жанын сатар әкем жарлы,
Бола ма малды көрсе, кедей арлы?
Шерімді ішімдегі тоқтатайын,
Өтіпті менен бұрын талай зарлы.

Хиуа, Айша жаста о да кеткен,
Жылатып Зағиланы зар еңіреткен.
Разия он үш жаста, Күнхан, Жамал,
Ол дағы әділетсіз жолда кеткен.

Барғаны кенже қыздың қатын үсті,
Істеді сорлы бейбақ не қылмысты?
Көзінің аққан жасы кімге батар
Өкімет көрмей ме екен мұндай істі?

Мал болса, шалға қатын табылады,
Желігіп, тоқал іздеп қағынады.

Сенгені өкіметтің судья болса,
Оған да бір қарасы жалынады.

Алты қой болысына болды тығын,
Бір тоқты шабарманға шықты шығын.
Арызын тыңдайтұғын еш адам жоқ,
Айтады шағып бұлар кімге мұңын?

КӘРІЛІК

Ақша бет ауырғанда албырарсың,
Қара көз жан берерде жаудырарсың.
Қаламға атша шапқан он саусағым,
Астында қара жердің саудырарсың.

Ет қатар қартайғанда сүйегіңе,
Қарайып тамыр тоқтар білегіңе.
Сөйлесең аузы-басың кемсең қағып,
Тиеді мұрның барып иегіңе.

Қ а й ы р м а с ы:

Уай аридай-аридай,
Япырмай, балам-ай,
Кәрілік-ай, заман-ай!

ТОТЫ

Жасымнан ұмытпаған ойда барсың,
Әл-қуат ақылымды алған жарсың,
Пәруана өлім іздеп түсер отқа,
Шын ғашық аямаған басын сотқа,
«Құрбандық тіршілігім» деген ғашық,
Мал түгіл басын салар расходқа.

Қ а й ы р м а с ы:

Қапаста тоты-ай,
Махаббат оты-ай,
Жандырады жүректі-ай!
Ғашық отың
Ерке-ай тотым,
Өртендім-жандым,
Жүдетті-ай!

ҚОҢЫР ҚАЗ

Ғажап көп жер мен көктің арасында,
Біреу бай, біреу жарлы дүниясында.
Құдайым сауысқанға берсе бақыт,
Самұрық қызмет етер саясында.

Аз қызық тіршілігің серуендей,
Ажалдан қалған адам еру елдей.
Жұмғандай көзді ашып жалған дүние,
Көшерміз әлі-ақ бір күн керуендей.

Қ а й ы р м а с ы:

Ахау, сен — қоңыр қаз,
Мен — шаһибаз.
Айтқанмен тауысыла ма
Көңілде наз?

ҚОҢЫР ҚАЗ

Қоңыр қаз көл жағалап қаңқылдаған,
Тізіліп көлге қонып салқындаған.
Көңілді басылыққы оятқандай,
Әнге сал «Қоңыр қаздай» саңқылдаған.

Ахау, иісің,
Қоңыр қаз бен шаһибаз.
Айтқанмен таусылмайды
Көңілде наз.

Қоңыр қаз көл жағалап ұшқан өрлеп,
Салғандай түрлендіріп әннен өрнек.
Ән салсаң, «Қоңыр қаздың» әніне сал,
Көтеріп көңіліңді көкке сермөп.

Ахау, иісің,
Қоңыр қаз бен шаһибаз.
Айтқанмен таусылмайды
Көңілде наз.

ҚИСМЕТ

Қисмет бір қызық ән тамашалы,
Естуге ел құмар боп таласады.
Бір өрлеп, бір еңістеп, бір бұлттарып,
Қиялап, орғып ойнап қыр асады.
Жүлгелеп жүрегіңді, өкпеңді өрлеп,
Құрылыс қуатыңмен санасады.

Қ а й ы р м а с ы:

Әридай...

Оу, калли лилим, каллилилим...

Арғынмын, атым Әсет қара шордан,
Сұрасаң нәсілімді о, шықтым молдан.
Басында қазіретке шәкірт едім,
Осы өлең айдап шықты орта жолдан.
Шалықтап ән шалғысы самғай алмай,
Өлеңім өміріме болды-ау қорған.

Қайырмасы:

ҚИСМЕТ

«Қисмет» жаралған жоқ бекер текке,
Шырқалса, көтерілер аспан көкке.
Қалықтап, жерге қонбай тұрып алар,
Шашқандай ән маржанын төңірекке.

Салайын, сен сал десең, «Қисметке»,
Шарықтап даусым шықсын аспан көкке.
Төңкеріліп төгілте бір шырқайын,
Сөйлеу бізден, міндетті тыңдау көпке.

Арғын, найман, сүйінген дабысыма,
Әсет салған ән десін арғы бетте.
Азырақ білгенімше сөз сөйлейін,
Қате болса, ағалар, айып етпе!

ҚИСМЕТ

Аспанда түн қараңғы ай болмаса,
Ауырмас ер жүрегі қайғырмаса.
Бәйгеден ат та арманда шаба алмаса,
Топта сөз біз де арманда таба алмаса.
Ән салған ақын жігіт, жас бозбала,
Айт десе қиын жерде қамалмаса,
Кетпей ме жыртық көңіл жай-жайымен,
Осындай бір нәрсемен жамалмаса?!
Арияу, арияй, арияу, арияй,
Уа ғайлім, галилилім,
галияль лиллім
Галилли лиль-лім гай-яу, гай-яу, га-яу,
га-ля-лялім арияу, арияу, арияу.

Домбыра күйге келмес бұрамаса,
Кім білер кімнің жайын сұрамаса?
Кім білер кімнің жатқан ішкі сырын,
Жолдас боп бірге жүріп сыналмаса.
Келеді есерсоқтау кейбір аңғал,
Екінші сөз нанымсыз бір алдаса.
Бұл әнді үйренгенің үйренерсің,
Дегенде әттең Әсет күңіренерсің.
Бұл әнді бірің бұзып, бірің түзеп,
Бұқадай мұрнын тескен сүйрелерсің.

ҚИСМЕТ

Көк шығып, жердің жүзі жайнағанда,
Басына бұлбұл қонып сайрағанда.
Қойдан қатық, сиырдан айран ұйытып,
Тыста құрт, үйде ірімшік қайнағанда.
Екі-екіде, ел көшсе, әнге салып,
Жиналып жастар жылқы айдағанда.
Ел қонса, құрық алып шырқ иіріп,
Биені үйге бөліп жайғағанда.
Құлынды шырылдатып, шұрқыратып,
Көк майса шалғын жерге байлағанда.
Қыздырар, қымыз ішсең, албыратып,
Бал татып бағлан еті шайнағанда.
Бас қосып қымыз мұрын тойын тойлап,
Тай мініп жас балалар ойнағанда.
Халықтың бұл да үлкен бір мұраты,
Көкорай жылғалы өзен жайлағанда.

ЫРҒАҚТЫ

Ақ тұйғын құс қолымда зыр қақты ма,
Басып-басып алайын «Ырғақтыма».
Бозбала, саған айтар өсиетім:
Жақын жүр әлпештеген ардақтыға.

Е-ей, өтеді-ай жалған-ай, шіркін,
Арманменен!

Жанып тұрған жас өмір — алқызыл гүл,
Сипаттауға қызығын жетпейді тіл.
Жауқазын желбіреген — жастық шағың,
Өмірдің мағынасын түсіне біл!

Е-ей, өтеді-ай жалған-ай, шіркін,
Арманменен!

ӨПИТӨК

Көрдім де болдым құмар, сәулем, саған,
Күн туса дидарласар есен-аман, Әпитөк.
Жалғанда сенсіз маған қызық бар ма?
Тілекке жететұғын болса заман, Әпитөк!

Е-ей, дыбыс жоқ,
Сөйлесуге тілхат жоқ.
Бір өзіңдей бекзат жоқ.
Ең болмаса, сәулешім,
Ашып айтар бір дат жоқ.

Ей, сәулем, хат жазамын, сені ойлай,
Жүректі булықтырған толқын болмай, Әпитөк.
Дертімді жазып-жазбау өз қолыңда,
Ой билеп тына алмайды ерікке қоймай, Әпитөк.

Е-ей, дыбыс жоқ,
Сөйлесуге тілхат жоқ.
Бір өзіңдей бекзат жоқ.
Ең болмаса, сәулешім,
Ашып айтар бір дат жоқ.

Ей, қалқа, ғашық болдым мен өзіңе,
Дөңгелек қарақаттай қос көзіңе, Әпитөк.
Қырмызы қызыл жібек сияқтанған,
Сыпайы қалам тартқан мінезіңе, Әпитөк.

АҚЫРҒЫ СӨЗ

Болжаусыз осы екен ғой өлім деген,
Күн бұрын көзге келіп көрінбеген.
Артыма сөз қалдырмай ала кеттім,
Қаптағы дән сияқты себілмеген.
Тірліктің қызығына қызып жүріп,
Айқайға қайран даусым ерінбеген.
Абайдай арт жағына сөз қалдырып,
Жақсы еді-ау,

әттеген-ай, өлу деген!
Зымырап бәйге атындай өте шықтым,
Жабығып көріп еді көңіл неден?
Ертең жазып, бүрсігүн бітірем деп,
Баянсыз тіршілікке сенуменен.

Гүлдерім қайта өнер ме өрімдеген,
Жібегім кетті-ау талай өрілмеген!
Өмірдің өрге басқан жолын құмай,
Өттім-ау бос үмітке еруменен!
Қатын-бала асырау амалында,
Кеттім ғой соған көңіл бөлуменен.
Менен сорлы ақын да өтті ме екен,
Бір сөзі

баспа орнына берілмеген?
Осымен өмір бітті,

дәм таусылды,
Ішімде көп сөз кетті-ау терілмеген!
Тіршілікте әрекет етпеген соң,
Сүйектен не шығады кебіндеген?

Жолықтым дәм таусылар уақтысына,
Ажалдың мейірімсіз қаттысына.
Жүргенде елден ауып есім шығып,
Тұрмыстың тура келіп тапшысына.
Кеудемнен тіршіліктің оты өшіп,
Жанымның қош айтыстым ақ құсына.
Төбемде жарқыраған сәулем сөніп,
Лақтырдым қолымдағы затты суға.
Айбарлы ұлы арыстан болғаныммен,
Тышқандай бағам бар ма жақты ашуға?
Ажалды ақша беріп сатып алып,
Кездестім аңқау елдің бақсысына.
Әу деген үнімді ел көп тыңдаған,
Жиналып жаяуы да, аттысы да.

Сөйлесем,
 жүректегі шерін төккен
 Арызды, армандысы, даттысы да.
 Сезімді,
 сергек туған көзі ашықтың,
 Талантты,
 талабы зор оттысы да.
 Ажал ма,
 арманда ма — қалай өлем,
 Білетін дәрігердің жоқ жақсысы да!

Алмасты мүсәтір деп татып алдым,
 Дерт шалды өне бойды, жатып алдым.
 Құдайдан тура келсе,

арманым не,
 Ажалды бес теңгеге сатып алдым.
 Өлімді ойламаған сорлы басым,
 Дүрмекке елтіп жүріп қапы қалдым.
 Өрнекті өлеңімнің гүлі қурап,
 Сөгілген ескі етіктей қақырадым,
 Қоштасар мезгіл жетті ел-жұртыммен,
 Найман ел, жалпақ үйсін, қалың арғын.
 Сәлем де артта қалған туған елге,
 Ту тігіп,

думан құрып өскен жерге!
 Жыртылып айрылған үйрек-қазы,
 Самалы қоңыр салқын айдын көлге!
 Көре алмай ақырғы рет өлерімде,
 Мойнымды сұнып тұрмын терең көрге.
 Ел-жұрттан алыс кетіп, ақырында
 Аяғын шалыс басқан мен бір пенде.
 Ән-күйдің қызығының отын үрлеп,
 Кез болдым кері аққан қатты селге.
 Таусылып бара жатыр қауқар күшім,
 Шапқанда
 шапшитұғын қарсы өрге.

Алашқа атым шыққан Әсет ақын,
 Өлеңім — жан жолдасым болған жақын.
 Ақтарып ағытқанда түйдегімен,
 Мейірін тыңдаушының қандыратын.
 Дәуірлеп дәурен өтті желдей есіп,
 Ел-жұртым қадірлейтін сөздің парқын.
 Жігіттер,
 өкінсеңдер әнімді аңсап,

Армандай еске түсер менің даңқым.
Сөздерді інжу-маржан ақтарғанда,
Нәсердей сорғалатып жаудыратын.
Аңыраған аспан көкке асқақ үнім,
Саған да уақыт жетті-ау қарлығын!
Бозбала, осы әнімді үйренерсің,
Ырғаққа келтіре алмай күйзелерсің.
Білмесең сыр,

мінезін жақсы өнердің,
Домбыра қайдан жорға күйге келсін?
Асау ән жетегіңе жүрмеген соң,
Біріңнен бірің көріп сүйрелерсің.
Боршалап, іреп, сойып өз бетіңмен,
Тоқпақтап, найза сұғып түйрелерсің.
Оған да көнбеген соң,
көңілің қайтып,
Жуымай маңайына жиренерсің.

Ішінде өсіп-өндім қызай елдің,
Жерлерін Күнес,

Текес мекендедім.

Қандырған құлақ құршын тыңдаушының
Осы екен, қайран даусым,
жетер жерің!

Дүниенің қызығына тоямын деп,
Көз жұмдың, пақыр Әсет, бітті демің.
Сыймайтын шалқығанда арнасына,
Сарқылып бара жатыр тасқын селім.
Өмірдің шыңырауына құлдиладым,
Сырғанып мойыныма

кетті-ау ерім.

Өлеңмен атақ жайдым оң мен солға,
Жүйрік ем сүрінбеген терең орға.
Еркелеп ел ішінде жүруші едім,
Қапыда құтылмастай түстім торға.
Тірліктің нұры сөніп бара жатыр,
Бір алла, сапарымды өзің оңда!
Тарылып талыс кеудем күрілдеген,
Шығады қырылдаған үнім зорға.

Дертке — дәрмен,

көңілімнің гүлі болған,

Осы өлең адастырды-ау ақтық жолда!

Ел-жұртым,

аға-іні, көңіл қошым,

Бұл менің арыздасқан сөзім болсын.

Даусымды ести алмай арқыраған,

Сыбырым таңдандырар шыққан тосын.

Кешегі дүрілдеген заманымда,

Бастады өз ортаңда әннің көшін.

Барады қарауытып қос жанарым,

Тағдырым сыйға тартты күңгірт кешін.

Ақырғы айтар сөзім осы болды,

Бәрібір

мейлі дұшпан,

мейлі досым.

Артымда тірі қалған үлкен-кіші,

Бәріңе ақтық рет айтқан қошым!

• • •

Ураным — арғын шордан қаракесек,
Болмайды адалдыққа арам есеп.
Атандық ұрлық қылсақ, қаныпезер,
Би болып о да жаман пара жесек.
Кәсібі имам ағзам сауда қылмақ,
Оны да кем берді деп еттік өсек.
Және де түк білмеген надан қояр,
Міллетке пайда беріп сөйлемесек.
Дүниеге адам болып жаралған соң,
Білімсіз құр жүрісің бейне есек.

Ақыл — қанат, ғылым — дос, иман —
серік,
Асыл жүрек бермейді, шайтанға ерік.
Нәпсіге өз бойыңды билетпесең,
Ақылың мол, сабырың болып берік.

Иман қажет болмайды кейбір насқа,
Малым аман болсын дер үш-төрт түлік.
Қажы бармас, малынан зекет бермес,
Қайырсыз надан байдың бәрі де өлік.
Мұнан пайда маған жоқ түсетұғын,
Жасымнан әңгімеге болдым жерік.
Қуалап су түбіне жетемін бе,
Аш пен қаріп арылмас болса көлік.
Ел ішпес суы арам кеудем құдық,
Аршысам тазаланбас жүз жыл өлік.
Он үштен арғы жастың бәрі күнә,
Тіл шығып өскеннен соң сөз түзеліп.

Халық етті жоқтан бар ғып алла бізді,
Мақфузға рух қылып бұрын тізді.
Жанған жан болғаннан соң, көрдік жарық,
Аспан, жер, ай менен күн, жаз бен күзді.
Дүние — ел шақырған бір үлкен той,
Жіберген қызық көр деп әммамызды.

Біреу — құр, біреулердің олжасы көп,
Пайдадан әһлі шайтан үміт үзді.
Зая қып көп жыл қылған ғибадатын,
Албытып күпірлігі пиғылын бұзды.
Бәрінен еркек ердің жасы қабыл,
Айттырып әркім алған дүние-қызды.

Көркем қыз — көңіл ашар дүние балдай,
Қалған жоқ еркек кісі бір-бір алмай.
Қаяусыз қатты сүйіп махаббатпен,
Қайтысты дәнемені тындыра алмай.
Өзіңді сүйген дүниең сындырады,
Кетерде бір қайырылып көзін салмай.
Жалаңаш, іш көйлекпен көрге тастап,
Іс бітті, жан шыққанда болдың қандай.
Өлмек — хақ, тумас — рас, өзекті —
жан,
Барабар ажал бесік жоқ пен барға-ай.

* * *

Атым — Әсет, ұраным — арғын шордан,
Құт дария қырандай шықтым молдан.
Қазіреттің қасында шәкірт едім,
Адастырды осы өлең орта жолдан.
Жезге айырбас алтынды қылмағанда,
Көңілім тумас па еді сол күнде оңнан?
Ғалымдықтан айрылып мақрұм қалып,
Арман еттім артынан ақыр соңнан.

* * *

Сарыарқа салқын тауда тәтті сулы,
Бұл қазақ кіндік кесіп, кірін жуды.
Өлген мола, туған жер қонысынан,
Кездескен қиын жағдай бізді құды.
Жас болдым, ардақтымен айқастастым,
Хан мен бай — өткізейін талай нуды.

Қалып тұр қазағымнан туысқандық,
Заман ба, пенде азды ма — суысқандық.
Кісі өлтіріп, мал талап әдепсіз боп,
Бұрынғыда бар ма екен бұл дұшпандық?
Басшысы адамзаттың шалғай жатыр,
Жете алмай Қытай жаққа жылыстадық.

Адамның қамқоршысы бар екен деп,
Газет-журнал жүзінен ұғыспадық.
Зеңбірек, мылтық жасап, қала болып,
Неше миллион халық боп жұлыспадық.

Керегін күйге салды таңғажайып,
Қазақ кедей тартты ғой мал азайып.
Құралсыз құрап ұшқан жапырақтай,
Тіршілік бастарынан бақыты тайып.
Күншілдікпен күні өткен мас елім-ай,
Мұнша надан қалуға кімнен айып?
Құлық, сұмдық, бас қамы баққанымыз,
Қыз бен қымыз қыдырып тапқанымыз.
Өнер, ғылым, бізде жоқ мәдениет,
Қысылсақ, аяқ асты жатпағымыз,
Сырттағыны санасақ, бұдан да көп,
Санақта алты-ақ миллион хаттағымыз.
Пайдасыз дау, өсек пен құлық, сұмдық,
Бұл сөздерді келеді жаттағымыз.
Ұйқы, еріншек, надандық, маскүнемдік,
Інжуді су моншаққа сатпағымыз.

Ал, қазақ, малың да көп, сәнің де көп,
Осынша болдық екен неге еріншек?
Қомсынып қорлайды-ау басқа халық,
Өстір ме едік өнерді көп үйренсек?
Айбынып әрбір халық ел демей ме,
Білініп жер бетінде белгіленсек,
Жасөспірім, жазғаның бар ма мұны,
Мақсатың — ойын-күлкі, қыз-келіншек.
Өнер үйрен, кеудеңді өрге сүйре,
Ендігі жас, болмаңдар енді еріншек!
Сұр шекпенін сүйреткен ит қорлықта,
Отырмыз қайдан келіп біз келісек!

• • •

Қалдың ба, қайран қазақ, қамданбастан,
Барыңды қолыңдағы малданбастан?
Біріңе бірің серік, екеу болып,
Кемшілік жетпегенің жалғанбастан.
Білмейсің пайданы да, залалды да,
Құр думанға кеттік қой болып мастан.
Ойда орыс, қырда қытай не істеп жүр,
Елдік құрсақ болмас па әуел бастан?

Бұрынғы атамыздан із қалмаған,
Бірлі-жарым болмаса көзін ашқан.
Білгенге ермей, білімге көңіл бөлмей,
Қор болдық еш нәрсеге жарамастан.
Алты ауыз берекесіз түрді көріп,
Көк бөрі ездi алқымнан аямастан.
Қазақтың осы күні көпшілігі
Айрылды киер киім, ішер астан.
Айрылып ата қоныс, мал-мүлкінен,
Ақыры бір шыбындай жан деп қашқан.
Күйзелген ел, жығылған туды көрмей,
Бір-біріңе ойлайтының әлі қастан.

Қазағым, сәнің кетті, қайран жұртым,
Бұзып тұр мына заман елдің шырқын.
Бір адам заманадан хабары жоқ,
Жазылар надандықтан енді тұрқың.
Бірлік жоқ, ынтымақ жоқ, әділдік жоқ,
Тартқызды сазайыңды әдет-ғұрпың.
Қазақ қамын ойлаған кісің бар ма,
Білгенің, іздегенің — өзің құлқың,
Ғәділет, шапағат жоқ жүрегіңде,
Адамға ерік бермес өңшең қыртың.

Жақсылар залымдарды тыя алмай жүр,
Құдайдан залым қорқып, ұялмай жүр.
Ер басынан жармақты қымбат көріп,
Арамдықты аңсаған қоя алмай жүр.
Құдайдан қорықпаған залымдардан
Момындар адал ақы ала алмай жүр.
Дүние осылайша бұзылғанын
Сезініп ешбір адам біле алмай жүр.

Тарихта қай сөз қалды тарاماған?
Қара сөз қала берсін жарамаған.
Қайғылы қазақ елін сөз етейін,
Паш болып бұрын жұртқа тарاماған.
Адамзатқа әр нәрсе үйрену жөн,
Шырылдап түскеннен соң шаранадан.
Қамданбай қарап қалған қазақ сорлы,
Өзгеден қапы қалып жоранадан.
Өлеріңді білмеген байғұс елім,
Қалайша өттім дейсің ғаламадан?

Қар жаумай қара жерге ыққан қазақ,
Айтайын тағы әңгіме ұқсаң, қазақ.

Бұлты нажағайдың келді айналып,
Қамданып бұрынғыдан, мықтан, қазақ.
Әдетін қазақшылық қоймаймын деп,
Өзінің абыройын жыққан қазақ.
Алшақтап жүргенінде алты мыңға,
Қор қылар қорғасындай тышқан қажап.

Ұйқыда қазақ жатыр көзін ашпай,
Кетерміз отқа жанып өрттен қашпай.
Басқа елдер алға басып кетсе дағы,
Біздің ел шегінеді қадам баспай.
Жайылып сахарада қалдық надан,
Өнерлі басқалармен араласпай.
Өзгелер алтын, күміс мысалында,
Бағасыз біздің қазақ қара тастай.
«Мен — данышпан» дегендер толып жатыр,
Көзі ашық өнерпаздар білім ашпай.
Қазағым алты ауызды бола қалар,
Бастаса пайдалы істі біреу қостай.
Бай, мырза, атқа мінген азаматтар —
Басында жемісі жоқ қу ағаштай.

ІЛЕДЕГІ КЕРУЕН САРАЙ

Дәм айдап кеп отырмыз алыс жайдан,
Кең сарай кездескенім, көңілім қайран.
Іргеден сығаламай еркін кірдім,
Демеді ешбіреуі «келдің қайдан?»

Не іздесең бәрі бар сол сарайда,
Кейі залал еткенмен, кейі пайда.
Сан керуен қылады сауда-саттық,
Және бұлар кетіп жүр байқамай да.

Біреу алтын алып жүр, біреу құрыш,
Біреу асыл алады, біреу мырыш.
Жақсы — қымбат, жаманның бағасы — арзан,
Әркімнің өз сүйгені болар дұрыс.

Біреу қайтты бітіріп жылдам жұмыс,
Біреу жүр бір тиынға салып ұрыс.
Кейбіреу жүр асыл деп арамды алып,
Өз қылғанын демейді ешкім бұрыс.

Кейбіреу қайтам деген ойында жоқ,
Бір жапырақ азығы бойында жоқ.
Тапқанын тамағына саламын деп,
Жалғыз тиын ақшасы қойнында жоқ.

Кейбіреу мақтан үшін шашқан бәрін,
Таң-тамаша қылмақ боп жолдастарын.
Елге қайтар болғанда есін жиып,
Сонда білмей сандалды не қыларын.

Мен де жүрдім ел жүрген сол сарайда,
Тамағым тоқ, қайғы жоқ, тосылмай да.
Аздан кейін арылды жолдас сиреп,
Кетіп жатыр білмеймін әлдеқайда.

Қолымда болғаннан соң дутың қағаз,
Алғашында аңырып жүрдім біраз.
Сапырылған дүрмекке ере алмадым,
Астымда жалғыз бие, ол да буаз.

Мен қызыққа айналдым, үйді ойланбай,
Тұрған сайын құмар боп, мейірім қанбай.
Жолдасымды іздемек болдым бір күн,
Жалғыз қалсам, болар деп әлдеқандай.

Қарап жүрмін әр жерден желе шауып,
Жол алыс деп, еріксіз қылдым қауіп.
Араласам, бәрі де жаңа керуен,
Ала алмадым жолдастың бірін тауып.

Көргенімнің бәрі де бөтен қазақ,
«Біздің керуен қайда?»— деп салдым азап.
«Жолдасыңның бәрі де қайтып кетті,
Не қыл деп жүр бұл шал?»— деп қылды мазмұн

Бұл сөзді естігенде, жаман састым,
Көңілімді түңіліп, азар бастым.
Уақыт болып қалғанын байқаған соң,
Сарайда қалғандарға амандастым:

— Мен бір қонақ, кеттім ғой біраз қонып,
Қайтатұғын қалыпты мезгіл толып.
«Осы қонақ қалды» деп сынға алмаңыз,
«Тәуір» деп-ақ айта сал оймен жорып.

Жақсы десең, қонақтың ол бір бағы,
Өлсе де риза болар аруағы.
Бір кеткен соң залалым тие қоймас,
Қонған кезде не қылсам, қылдым тағы.

Ол кездегі еліңнің мұрасына,
Қонақ түгіл, болады құдай риза.
Өткен күнгі ісімді қумасаңыз,
Мазаңды ала бермеспін жылдан-жылға.

«Тәуір қонақ» дегенің — берген сыйың,
Мал сұраман мен сізден жалғыз тиын.
Жаман айтпай, жақсы жоқ, сау тұрыңыз,
Енді айналып көрмегім болар қиын.

«Қош, аман-сау бол!»— деген сөз жаман ба?
Амандасып қоялық бас аманда.
Мұнан кетсем, баратын жерім қашық,
Құдай қосса, көреміз мұны таза.

Жолдастарым кетіпті, мен де кетем,
Сарғайсам да сарылып елге жетем.
Ризамын, айтарым: көңілім хош,
Тере беріп көр-жерді босқа нетем?

Алыс кетем, айналып соға алмаспын,
Ендігәрі сый қонақ бола алмаспын.
Өлең қуған пенде едім ертелі-кеш,
Соныменен азырақ көңіліңді аштым.

Әлім келсе, қонбаймын үйге жетпей,
Тура апарсын құдайым тентіретпей.
Енді болды еліме қайтар кезім,
Жүруші едім сіздерді қиып кетпей.

Мен келгелі көп болды, бұ да жетер,
Жата берсе, қонақтан қадір кетер.
Қайтқанымыз жарайды қаңғи бермей,
Асқа тойған антұрған болмай бекер.

Ас аяды демеямін сізді менен,
Кем қылмай-ақ сыйладың ештемеден.
Шыққан жерім, шын үйім ойға түсіп,
Мезгіл толып қалған соң, қайтамын мен.

Қонған шығар бұрын да талай қонақ,
Бәріне де жетеді, асың мол-ақ.
Кейін тағы келетін керуен бар,
Жер босатам, бұл үйге кірсін сол-ақ.

Кейінгіге сәлем айт біз байғұстан,
Бұл сарайда көп екен бізге дұшпан.
Қызықтырып, қыздырып алдайды екен,
Біреуі іштен шалады, бірі тыстан.

Ерте ойлансын, ескеріп азық алсын,
Не сатты, не жинады — жазып алсын.
Біз байқамай асыл деп арамды алдық,
Есі дұрыс кісілер неғып алсын?

Тегінде, алдайды деп ескермесе,
Сырты асыл, іші қандай тексермесе.
Олардың да бәрі алтын, жарқырап тұр,
Түбінде пайдасы не деп кермесе.

Ұтқызған боп алады өзіңді ұтып,
Байқамайсың қойғанын бітеу жұтып.
Қыздырып қызығына айналдырса,
Біржолата кетесің үйді ұмытып.

Мал да бар ләпкесінде, мақтан да бар,
Көзіңше мақтан алып жатқан да бар.
Көңілдің жұбанышы көп ойын бар,
Ұстайтын дұшпаныңды қақпан да бар.

Кейде тегін береді, кейде бұлдап,
Мінезі желқайықтай тұр бұлтылдап.
Бір күнде жүз түрленіп, мың құбылып,
Көзіңді қызықтырар тым жылтылдап.

Және кеп жалаңдаған жан құмары,
Жақындасаң, ап кетер одан әрі.
Жады көзбен сиқырлап жаныңды алып,
Ішіңді елжіретіп тұрғандары.

Алдап алып артынан ергізеді,
Адассаң, арам боқты жегізеді.
«Бұл — қызық, міне — пайда, әне — айла», — деп,
Арың түгіл, жаныңды бергізеді.

Тұруға уақытым жоқ сөзді ұзартып,
Барамын, асығыспын, елге қайтып.
Сусын деп у беретін сұм сарайдың
Кетейін кейінгіге сырын айтып.

Көп жүрдім, енді мұнан не көремін,
Жолдас кетті, несіне бөгелемін?
Қош аман бол, жігіттер, дұғада бол,
Елге қарай ентелеп жөнелемін.

Жетелер таймас жолға мұным анық,
Бұрыннан осы сарай елге қанық.
Қайтып кірмес қақпадан әрі өткізіп,
Шығарып салып қайтар артқы халық.

АДАМНЫҢ ЖАСЫ ЖӨНІНДЕ

Атаға бес жасыңда құлындайсың,
Көздің нұры, көңілдің буындайсың.
Он жаста ми қатпаған ақылсыз кез,
Жақсылық, жамандыққа ұрынбайсың.
Он бесте бір отауға ие болып,
Болдым деп мен де жігіт қырындайсың.
Қанжардай қайрап алған жиырма бес,
Айт пен той — асыл болсаң туындайсың.
Отызда ойлы болар кемел жасың,
Қырқыңда күнде қылыш суырмайсың.
Елу жас — екі жастың тап ортасы,
Бар болса ескі күштен сығымдайсың.
Алпыста самай-сақал бәрі ағарып,
Жас күнің еске түссе жымыңдайсың.
Жетпісте жас баладай желік бітіп,
Орынын түскен тістің тығындайсың.
Сексенде селкілдеген шал боларсың,
Өлімге басыңды изеп шыбындайсың.
Тоқсанда толық миың орта түсіп,
Адамның айтқан сөзін ұғынбайсың.
Не болды жүзге келді артық жасың,
Иман бар деп тілеңдер ғазиз басым.

ЖАС ШАМА

Балалар, он жасыңда құлындайсың,
Тыста ойнап, үйге келіп дуылдайсың.
Ақылға бастықпаған сәби күнің,
Ұзақтай жазғытұрғы шуылдайсың.
Қуалап кешке дейін көбелекті,
Мініп ап ағаш атқа зуылдайсың.
Көңліңде дәнеңе жоқ, қарның тойса,
Өзіңе падишаның ұлындайсың.
Он бір мен он екіде сабақ оқып,
Еркелеп үйіңе кеп тыржыңдайсың.
Он үш пен он төртіңде тағлым алып,
Мектептен білім алып ұғындайсың.
Он беске жеткеннен соң бір ой түсіп,
Көрінсе қыз-келіншек, қылмыңдайсың.
Айтуға аузың келмей, бір сөзің бар,
Өтірік күле сөйлеп жымыңдайсың.
Жеткенде он алтыға өткірленіп,
Бізіндей етікшінің жылмыңдайсың.
Түлкі алып жаттықпаған балапан құс,
Бақсының жаңа пері жынындайсың.
Жеткенде он жетіге шырт түкіріп,
Қылжаңдап, қызды ауылды қырындайсың.
Қызықты, қызбалықты қызу күнің,
Бір жерден ебін тауып ұрынғайсың.
Тау жүрек, тастан қайтпас тас түлек құс,
Түлкі алып аяқтанып сығымдайсың.
Он сегіз, он тоғызда гүл-гүл жайнап,
Жібектің қызыл-жасыл нұрындайсың,
Мақсатың көңілдегі болып қалса,
Біреудің айтқанына бұрылмайсың.
Харам мөнен халалды білмеген күн,
Жүніпті ғұсыл қылып жуынғайсың.
Алладан қорықпаған тәубасыз күн,
Сол күнде өлсең, тозақта шырылдайсың.

Жиырмада сары алтынның буындайсың,
Тасыған Үш Тентектің суындайсың.
Бар болса сүйегіңде, өрге жүзіп,
Сақпанның тасындай боп зырылдайсың.
Жиырма беске жеткенде атың шығып,
Бұлғынның баға жетпес пұлындайсың.
Отызда орда бұзар деген күнің,
Асылдың егеу алмас қырындайсың.

Отыз беске жеткенде тоқтау түсіп,
Абайлап ұят іске ұрынбайсың.
Қырыққа келгеннен соң қалжың қалып,
Қыныңнан күнде қанжар суырмайсың.
Қырық беске жеткенде желбегей сап,
Етегін шапаныңның буынбайсың.
Елу жас — екі жастың тең ортасы,
Сыры көшкен сырлы аяқтың сынындайсың.
Елу бес — жас пен кәрі бөлінген жер,
Жас — кейін, кәрі — ілгері, — бірыңғайсың.
Алпысқа жеткеннен соң қорқа түсіп,
Абайлап алды-артыңды ырымдайсың.
Аяпыс беске жеткенде азу түсіп,
Ұртыңды тіліңменен тығындайсың.
Жетпіске жеткеннен соң жексұрланып,
Кейінгі жас баладан сөз тыңдайсың.
Жетпіс беске жеткенде жер таянып,
Тамақты бітеу жұтып қылғынғайсың.
Сексенде қара көздің нұры тайып,
Көзіңді ұрмай жылап сығымдайсың.
Сексен беске жеткенде жылу қашып,
Жамылсаң қанша киім, жылынбайсың.
Тоқсанда жұмыртқадай домаланып,
Ажалға мойынса боп шыбындайсың.
Тоқсан беске жеткенде жүйең босап,
Баса алмай буыныңды бұлтыңдайсың.
Жүз жасқа жүзіп келіп егер жетсең,
Жел тимес үйге келіп жылынғайсың.
Көшкен жұрт, көрген мысал өлең қылдым,
Мырзалар, мұны біліп ұғынғайсың.

* * *

Шыншыл бол, шықпа жолдан, шыдамды бол,
Ақыл — дос, талап — басшы, табасың жол.
Қыршаңқы қотыр тауып қасынады
Есірік кейбір надан ақымақ құл.
Мамықтай мінезіңді жұмсақ қылып,
Жылы жүз, тәтті сөзбен мақтауға тол.
Талапсыз жас, пайдасыз өткен ғұмыр,
Секілді керуен түспес сахара шөл.
Асудан жалқаулықпен аспай қалма,
Оқ жетпес, керексіз тау, болмайды жер.
Надандықтан ғылымды қиынсынып,
Ақылдан адасып жүр бірқатар ел.

Ақыл, ғылым болмаса, бір пияла,
Жанары жоқ дөңгелек көзің бір нөл.
Уағдасыз сөз — тұсаусыз бейне жылқы,
Секілді пайдасы жоқ жаңбырсыз жел.

Ақымақ оғын атар айдалаға,
Білім, өнер жақпайды кей балаға.
Қырғын, соғыс, қызықсыз қызды мақтап,
Надандар солай айтпай қозғала ма?

Оқып, біліп пайдалан, біреуге ұқтыр,
Әліңше дін миллатқа пайда жұқтыр.
Мен білем деп бүлінген толып жатыр,
Надан арам мақтанға болмақ ұшқыр.

Қылығың қысқа жұртқа сөз болып жүр,
Дау, шатақ абыройсыз кез болып жүр,
Құпия жасырдым деп қылған қылық,
Басқандай қансонарға із болып жүр.
Тәмсілін дүниенің абайласаң,
Біреуге біреу айғақ көз болып жүр.

* * *

Берді өлшеп рызықты бейнетіңе,
Ғылым қу, жай тамырын тербетуге.
Адамдық адалдықпен бірге жүрер,
Жарамас жамандықпен ержетуге.
Мағрифат он екі алуан аққан теңіз,
Барабар жер жүзінің бейнесіне.
Бұл ғылым сонша күшті ғажап болса,
Оқымай бос қаламыз біз несіне?
Білімді озған кісі бәрі өзіңдей,
Аяқ, қол, байқап қара келбетіне.
Шындықтан кісі өлмейді, шынайы бол,
Адамға шын дос керек селбесуге.

* * *

Сабаздар санасы жоқ сатылып жүр,
Тізесін не момынға батырып жүр.
Алдында аңдап тұрған ақиқат жоқ,
Сырын түйіп, сілесін қатырып жүр.
Өзінікі жетпей ме тәуба қылса,
Ит болып нәпсіге еріп шатылып жүр.

Қапа боп қалжырадың, халің кетіп,
Көзің ісіп, күрсіндің малың кетіп.
Жар болмаса жасаған, қиын болды,
Әлемнің езуінен наным кетіп.
Сұрасаң, ақиқатшыл атым Әсет,
Айтып-айтып болдырдым арым кетіп.

* * *

Айыпқа, тыңдаған жан, алмағайсыз,
Қызыққа тіршілікте қанбағайсыз.
Дүние бояп қойған шүберектей,
Болар деп пәни жолдас нанбағайсыз.

Ажал бар, аңғар, болсаң құдайға құл,
Секілді байсыз қатын бұл дүние тұл.
Дүниені біреу өлсе, біреу іздер,
Оңғағын бұл дүниенің осыдан біл.
Сүлеймен, Зұлхарнайын патша қайда,
Болыпты тәні шіріп, сүйегі күл.
Қаһарман Рүстем — Дастан қыран да өткен,
Айрылар бір күн жақтан буынсыз тіл.
Ажалдан құтылды ма мініп дүлдүл?
Жәрдемші барша үмметке шаһаржарлар,
Айырған қылдан қылшық талай бұлбұл.
Дүниенің ешкімге опа болмайтынын
Атаң Адам, Хауа анадан ғибрат қыл.
Жазылды бір ғибрат кейінгіге,
Сөз түбі терең, ғажап дария біл.
Көзден нұр, мидан ақыл, бойдан қуат,
Дәрмен жоқ жастық дәурен бізден тайса.
Ақынның осы айтылған тәржімесін,
Білгендер мағына ғып жұртқа жайса.
Қаңғыдық аш құланша дүние кезіп,
Көк шалғын табылар деп қайдан майса.
Жалғанның аз тоятын көптей көріп,
Қызықтық торғай қуған тұрымтайша.
Кеудемде асыл сөзім шірімесін,
Малдан зекет бермеген надан байша.

Бұл дүниенің бір қызығы базарға ұқсар,
Жалғаншы, жанды алдағыш сұлуға ұқсар.
Семіз ат, асыл киім, сұлу қатын,
Алғызып кетер күнде бір-ақ мықтар.

Болмайды жан шығарда көрген түстей,
Байқасаң, тіршілікте не қызықтар.
Бұзылып жарлығынан екі болмас,
Жазылған тағдыр ғалам бір сызық бар.

* * *

Жақсы адам жат кісіні дос қылады,
Жаман адам дауыңа дау қостырады.
Ат алмайтын адырға адырайып шығып,
Бұғып жатқан аң болса, бостырады.

* * *

Жас жігіт надандықпен алданады,
Атақты адам деген малданады.
Байқамай пайдасыздың жолына еріп,
Жолынан өнер, сымбат құр қалады.
Сұлу ат, келте киім, керім, кербез,
Сүйініп сипатына таңданады.
Пысықпын деп көп сөйлеп мылжың болып,
Ант ішіп бір сөз айтса қарғанады.
Шұғыл мінез, сұмпайы, сөзі әдепсіз,
Біреумен қалжыңдасса, шамданады.
Өтірікке өлгенше шебер болар,
Сүйкімсіз мінезбенен заңданады.
Торғай жеп қыран бүркіт тоят алмас,
Опасызға қайтсе жүрек жалғанады.
Өз ойында пәспін деп кім санамақ,
Мен надан деп айтуға арланады.
Жылпың сөз, күрең қабақ, сып-сырғанақ,
Біреуді алдаймын деп қарманады.
Ақылдының сөзінде жұпары бар,
Ғылыммен тән тазарып жанданады.
Оқудың түзетпейтін адамы жоқ,
Қараңғы мінбарларға шам жанады.
Ақылды, аз ашулы, көп пікірлі,
Пайдалы насихатты аңғарады.
Жаманның көрпесінің өлшеуі жоқ,
Әлбетте, артын білмей паңданады.
Әман жұрт бір айыптан табылар ма,
Ақыл көзбен қарасақ хан-қараны.
Білімдінің азығы — шикі надан,
Оқымай қайдан жазсын бұл жараны?!

ТӘМСІЛ

Дүние — толып піскен бір қызыл гүл,
Сағадат саудаң қымбат сатылса бұл.
Талабың талпынарлық артықтаса,
Қусаң да жеткізбейді мінсең дүлдүл.
Алып қал сыбағаңды жас кезіңде,
Бүгіншіл неге болдың, ертеңді біл.
Надандық — жас жауыр ат, бәрі рия,
Қат болған білімсізге бейшара тіл.
Ауызға абыройсыз тілмаш болып,
Оның да ақырында халі мүшкіл.
Танылып әссәлемі қалса жұртқа,
Қызыл тіл, жақ пен басты тастар ек тұл.
Дүниеде түк білмесек, нені айтамыз,
Сондықтан рауаят қып айтқаным бұл.

Қара жер қазғанменен тесіле ме,
Ай нұрын аспан асып көшіре ме?
Шалғайдың қолдан келмес бәрі сондай,
Адамға арыстан кеп өтіне ме?
Нағыз бейне жолықпас жөндейтұғын,
Желіккен сөз жуырда шешіле ме?
Еш нәрсе істемеген тістемейді,
Болғанмен аллақ кепіл несібеге.

Мұң болар қарға адым жер шабандаса,
Арықтап қара арғымақ табандаса.
Бәйге алған жұма сайын ат арманда,
Жазым боп бір сапарға шаба алмаса.
Егесте егер арман шешендерге
Қапыда айтар сөзін таба алмаса.
Жалғанда бір армансыз жан болмайды,
Дүниені әуел-ақыр тәмамдаса.
Өткенді естімесе, көз көрмейді,
Сипаты жылға жылдың кез келмейді.
Шырағы қара жердің қалың шөппен,
Тас балқып тамырланып безденбейді.
Өкініп өткен істі надан қумақ,
Шын ақыл пайдасызды іздемейді.
Нәрсе жоқ талаптанбай табылатын,
Наркескен қайралмаса жүзделмейді.
Қасарар қайраса да наданшылық,
Білімсіз өзі біліп үйренбейді.
Керенау, ұйқы, жалқау — үш досы бар,
Бұлардан бауыр басып жиренбейді.

* * *

Жан фани дүниеден ақырда өлмек,
Аш тажал сау басыңа бір күн келмек.
Шаршама, шатақ жүрме, шарықтама,
Жарамас өнімсізге көңіл бөлмек.
Опасызға ойыңды оңдап бөлме,
Қасқиып мақтан іздеп қақпа көлбек.
Дос та көп дұшпаныңды азайтушы,
Бірінші тірлігіңде үлкен селбек.

Қайырсыз надан болма іші білмес,
Паң болма жуан кеуде көзіне ілмес.
Біліп қылған қылықтың айыбы жоқ,
Пікірің парасатқа болса тілдес.
Досың мақтап, дұшпаның күйінеді,
Сөкеті жоқ мінезге ешкім күлмес.

Білімдінің қылығы мұндай кеңес,
Жөні келсе, мойынсұн, қылмай егес.
Түзуіне төтелеп тура жүру,
Жөнді іске теріс лағып бәлен демес.
Әр пенденің басында әр түрлі іс бар,
Табылған барша жұрттан ұшбу кеңес.
Егерде жүрегіңде талап болса,
Қорғанбай көкке ұмтыл, бойды теңес.

Ойсыз көз көрмек үшін үңілмейді,
Өнерге салақ адам шүңілмейді.
Алтын, мыс айырылмасы нышаны бар,
Құмай бүркіт болғанмен, түк ілмейді.
Гауһардың жасықпенен парқы бір ме,
Болат темір егеуге үгілмейді.
Қатеріңді қапыдан қате ойлама,
Бақидың демі түзу үілдейді.

Абайла, адамзаттың ісін қара,
Сүйінбе сыртын көріп, ішін қара.
Жақсы, жаман дейтұғын мақалдар бар,
Сыртың ағың оңбайсың, ішің қара.
Қай уақытта болса да адам озбақ,
Ілгері озып шықпақ ісі пара.
Білер менің білместің мазмұнына,
Айырмаққа парықын ішін қара.

Жабыға жал біткенмен, тұлпар емес,
Ақымақ асыл сөзге іңкәр емес.
Жапалақ жүні қызыл болғанменен,
Қаз ілер айдын көлден сұңқар емес.
Дос қандай, дұшпан қандай, алыс қандай,
Жан ашымас ашылса қымтар емес.
Күдірде күні бойы ұзай берме,
Кезінде кеңімей ме тым тар емес.

Бұл нұсқаны ойласаң қылып парық,
Миының көкейінде көзі жарық.
Ақымақтың белгісі адыр мінез,
Білімдінің даңқы зор, өзі ғаріп.
Бәлки, бір күн есеге қолы жетсе,
Пайғамбарлық алғандай өзі барып.
Байқамастан байыбын мастанады,
«Мен ілгері онан» деп сөзі нарық.
Тамшылат мұнан надан алмайтұғын,
Жақсыға бұл жұмыс па салмайтұғын.
Қазақтың жас талапкер бозбаласы,
Бөйгеден жәһәт керек қалмайтұғын.
Бір сөзбен өлсең дағы болу керек,
Бала емес жұрттың бәрі алдайтұғын.
Қан түсер аяғыңа ақыр бір күн,
Жел жетпес тұлпар болсаң шалмайтұғын.
Ажал деген батыр бар аял бермес,
Қара жер жалмауыздай жалмайтұғын.
Ғылым деген иманның бір кілті бар,
Кемедей дарияны жалдайтұғын.
Қызыл тіл, қиюыңмен бір қимылда,
Кез болдым азаматқа тыңдайтұғын.

ӨСИЕТ

Атаң болса анаңмен
Қоршап тұрған қорғаның,
Жақсы болса келінің,
Ардақтысы ол жанның.
Ағаң болса ақылды,
Арқа сүйер тірегің.
Інің болса жанашыр,
Семсер ілген білегің.
Дос-жарларың қадірлес
Көзің менен құлағың.

Жақсы болса алғаның
Жарық сәуле шырағың.
Жайма-шуақ өмірдің
Жайлы қоныс, тұрағың.
Жақсы қоныс жігітке
Жұғысады туыстай.
Жақсы құдаң бар болса,
Сыйласады суыспай.
Өз балаңнан кем емес
Жақсы болса күйеуің.
Шаршағанда шалдығып,
Нағашың бір сүйеуің.
Жақсы болса жиенің,
Жұлынындай жүйенің.
Жаман болса жыртық қос,
Ықтығы жоқ паналар.
Көмегі жоқ әкеден
Көршің жақсы саналар.
Аялап, сақтап, ардақтап,
Әкеңді күт, балалар!
«Безу қиын жаман» деп,
Өзің туған анаңнан.
Үй тұрмысың көңілсіз,
Қиналасың дегенмен.
Аялап сақта, қайтесің,
Сол анадан тудың сен.
Жаман туыс бір масыл,
Арқалаған құммен тең.
Жақсылығың істеген
Елекке құйған сумен тең.
Көңілсіз берген тамағың
Күл аралас құммен тең.

* * *

Бұл дүние ойлап тұрсам емес жолдас,
Құр қалмақ бұған сеніп мүмкін болмас.
Тасыған жас уақыт судай көңлің
Жетектеп нәпсі шіркін бұзбай қоймас
Болғанда ақыл — дария, нәпсі — зындан,
Бұларға дүниені қойсаң тоймас.

Мизамға жаман адам жөн келмейді,
Өзіне еш адамды теңгермейді.

Сөзіңе айтып тұрған құлақ салмай,
Өзім-ақ білемін деп өңмеңдейді.
Болған соң қара көңіл амал бар ма,
Соларға өкпе айтқанмен түк өнбейді.

* * *

Дүние бір керуен жүрген көшіп,
Біраз күн дамылдайды жүгін шешіп.
Мысалы талаптыға жаққан шамдай,
Қалмай ма май таусылса бір күн өшіп.
Ажалдан қырық жылдай Қорқыт қашып,
Таппаған жерден басқа кірер тесік.
Дүнияға келдік, кеттік — арман бар ма,
Жаннатта орын болса сияр едік,
Дүнияға байлап қойса тұра алмаған.
Босанған талай тұлпар жібін шешіп.
Сайрандап тіршілікте жайнап жатар,
Өтеді дүниеден әзілдесіп.

* * *

Немене білмеске айтып арманыңды,
Су сеуіп сөндірген соң жанғаныңды.
Қадірсіз аяғыңнан іздеп барсаң,
Балайды сұлу шаққа бар жаныңды.
Пәндеге пәнде болу пендешілік,
Бетіңмен көрсін шіркін қалғаныңды.

Біреуге күшім бар деп қылма қастық,
Салады азаматқа мәңгі жастық.
Байдың малы — бір боран, батыр — оқтық,
Мал мен басқа бола ма көңіл мастық.
Әр істі қайырымен хақтан сұра,
Біреуге қылма жаман, назары аштық.
Осылай баяндайын мәні-жайын,
Сіздермен, міне, бүгін ұшырастық.

* * *

Қалам тарт, қалма ғапыл, талаптанып,
Шыққанша шын мақсатқа азаптанып.
Еріншек, ұйқы жалқау кейін тартар,
Жасайды ғылымсыз жас салақтанып.
Жауың бар өз бойыңда аңдып жүрген,
Сайлап ал оған қару жарақтанып.

Өзіңді білімменен білетіндер
Секілді қыран бүркіт қабақтанып.
Базары өнер-білім ашылғанда,
Қатардан жатпа үйіңде қарап қалып.
Бос белбеу, босаң тұған бай баласы,
Махрум сыбағадан манапталып.
Қайғысыз, уайымсыз қайран қазақ,
Жастары жамандықпен аяқтанып.
Өтірік, ұрлық-зорлық, қиянатқа,
Жақындап ыбылысқа таяп барып,
Дүниеден нам-нышансыз жөнеледі,
Тағдырға хайуанша қарақталып.
Ақыл-қайрат, өнер-білім, жігер-талап,
Дүние осылардан сабақтанып.
Барады өмір өтіп секунд сайын,
Өткенді өкініш қып не қылайын.
«Көзі ашық, көңілі ояу жастар үшін»
Халықтың айна етіп жаздым жайын.

* * *

Наданды білімсіз деп қылдық өсек,
Әр кеуде өрескелдің сөзі кесек.
Арасын жақсы-жаман айырмаса,
Дегенмен басы жұмыр бар ғой есек.
Көз тояр, көңіл тояр қылығы жоқ,
Соқтадай сомасына адам десек.
Жігітке білім жолдас, ғұмыр серік,
Бір түрлі адамшылық қиын есеп.
Байқамай шала күйген толып жатыр,
Қолымен қоз боп жанған отты көсеп.
Келмейді өткен жастық өкінсек те,
Айналып қайта келмес әке десек.
Екі елі қызыл тілдің арқасында
Талайға салғызып ем белден төсек.

* * *

Жатырмыз Қоңыраба сазды жайлап,
Сапырып сары қымыз, бие байлап.
Шіліңгір ыстық та емес, суық та емес,
Самал жел қоңыр салқын тұрған айдап.

* * *

Баласын бесіктегі атастырып,
Артқы дауды қояды шатастырып.
Ол бала өледі ме, өседі ме,
Қарлығаштай қылменен матастырып.

Жынысын малға сатқан малғұн мінез,
Осының, есің болса, обалын сез.
Нанбасаң, аят сөзін абайлаңдар,
Сауданың бәрі харам, көрмесе көз.

* * *

Айт болса, молда барар байларына,
Ішуге тұщы пәміл шайларына.
Қыдырып баймен қатар аят оқып,
Бармайды кембағалдың жайларына.

ТАМЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ

Жүйрік ат, атан түйе сұрап, қалап,
Нәпсімен бір алмаққа қылар талап.
Аларда ат орнына жамбы бермек,
Қолқаны көп берем деп қояр балап.
Тамыр келіп сұрайды бір қимасын,
Тәтті көңіл, жүрекпен жақын санап.
Хас мыстан ендігі жыл жаз бермекші,
Ол сапар бір сылтаумен арашалап.

Әлдеқалай болды деп досы қайтар,
Тамырдың бұл ісіне қайран қалар.
Арты шолақ жұмысқа әуреленіп,
Бұл пиғыл қазақтарға емес тәуір.
Ықтиярсыз, сенімсіз, опасы жоқ,
Дүниеде күнә бар ма бұдан ауыр?
Достық деген — алланың құрметті аты,
Ей, қазақ, достық жолы қолдан келмес,
Қазақта қатты залал құда, тамыр.

ҚҰДАЛЫҚ ТУРАЛЫ

Мал үшін құда болар сәби ұлға,
Уағда қылып тұйықсыз алыс жолға.
Ол бала өледі ме, өседі ме,
Боларын қайдан білген малға тұлға.
Күнәсіз бесіктегі сәбилерді
Матайды қарлығаштай тізіп қылға.
Бірі жынды, біреуі жөнді болса,
Баласын хайуанша сатты пұлға.
Ақсақ, соқыр, таз болса, тағы жаман,
Көріп сүйген лайықты әрбір құлға.
Сүйікті бұтағыңа бүрлеп шыққан
Құрметті жемісіңді ысырап қылма!

* * *

Сеніспей уағадалы серттен қайтпа,
Талаптың атын арытып, тізгін тартпа.
Дүниеде сүйгенің бар, күйгенің бар,
Әрі сүй, әрі күйін — біреуге айтпа.
Сасқанда санасыздан ақыл сұрап,
Есекке егіз ғой деп жүгіңді артпа.
Есерге ескерусіз сыр сақтатып,
Өкініп, аузың күйіп азап тартпа.
Жылымды көлде жатқан жол деп ойлап,
Жүремін деп, шыға алмай суға батпа.
Анық жаудың жүрегі аршылмайды,
Бал берсе де, байқамай дәмін татпа.
Істемеген ешнәрсе істемейді,
Бекер деп, алданып құр қарап жатпа!
Ақылың ұшан-теңіз болса дағы,
Жалғанда жақсылықты пұлға сатпа.
Өсімдік, күллі хайуан мақлұқатты,
Жаратқан рыздық етіп адамзатқа.

* * *

Ән басып, мейірін қандыр салғандай қып,
Үйреніп жастар ғибрат алғандай қып.
Тәтті әннің арасына асыл сөзді
Тоқысаң меруерт пен маржандай қып.
Сөйлеген граммофон табағындай,
Мирас боп бозбалаға қалғандай қып.
Бір сағат сандуғаштай сайрап берсең,
Құлаққа қайта есіту армандай қып.

Ән салсаң, Әсеттей сал арындатып,
Өзегін тыңдаушының жалындатып.
Жаңғыртып кең даланы, гуілдетіп,
Орман, сай, тау, өзенді жамыратып.
Көтерсем әннің туын, сарайым той,
Қоймаймын көңіліңді қаңыратып.
Әнімді әлеуметім аялайды,
Мен жүрмін ортасында бағым артып.
Төгемін аңыратып ән нәсерін,
Жүректі жай күнінде жадыратып.
Ағызып, ағын судай арындатып,
Шалқыған, әнді сүйген жаным артық.

* * *

Ән салдым жас күнімнен сал болған соң,
Бойымда бозбалалық бар болған соң.
Қарақас айналақтап шыға алмайды,
Қонақ көп, үйдің іші тар болған соң.
Жеңгесі тыста тұрып сөйлеседі,
Жасырын үйдің арты жар болған соң.
Отырып қалқажанды біраз күттім,
Қарамай қайта кету ар болған соң.
Қалқатай, көп күттірмей тезірек шық,
Әлі-ақ өзің келерсің зар болған соң.
Қайтемін қайтіп тастап сені қиып,
Қып-қызыл екі бетің қан болған соң.
Шалықта шамаң барда, бозбалалар,
Қолыңнан түк келмейді шал болған соң.

* * *

Жамағат, сен тыңдасаң, айтайын сөз,
Адамның біреуі — алтын, біреуі — жез.
Әрқашан жолдас болсаң, жақсымен бол,
Бағаңды кетіреді қор менен ез.
Бұлғақтап асау кердей жүргенменен,
Алдыңда құрулы тұр бір қайың тез.
Қызыл гүл иранбағы көшер бір күн,
Жаманнан, шамаң келсе, бір күнде без!

МУҢДЫ ҚЫЗ

Шілденің жанға жайлы күншуағы,
Жайнаған жанға рақат жапырағы.
Көңлі хош бір алланың нұрыменен,
Теңеліп көтерілер жанның бағы.
Майысып гүл мен ағаш қарағанда,
Желкілдер жерде ауа, сарымсағы.
Бұлбұлы, әншіл құстар өлең айтсын,
Шымырлап қуат балқып бойындағы.
Тоғайда самал, салқын желі соғып,
Сұлудай бұраңдайды әр бұтағы.
Көкорай, көк шалғынға ауыл қонып,
Жарасар ақ үйлердің шаңырағы.

Дүниенің ойыма алып тамашасын,
Жерге жайған кілем, көрпе, алашасын.
Әр түрлі мақұлықтың жұмысынан,
Дүние мен соны ойласаң, жарасасың.

Өзеннің жарқыраған жағасында,
Тоғайдың көлеңкелеп саясында.
Қолымда кітабым бар отыр едім,
Көкорай, көк шалғынның арасында.

Әуеде әнші құстар ұшып шырлап,
Даусымен ағаш қоса су сылдырап.
Құстың үні, ағаштың сыбдырымен
Секілді дыбыстаған тау дыңғырлап.

Көк биік алыс жерде бұлдырлаған,
Ойласам, бек тамаша қызық маған.
Бұралған тал шыбықтай жастау әйел,
Кеп қапты, жалт қарасам, маған таман.

«Әйел,— деп,— нағып жүрген оңашада?»
Жолықтым жаңа қызық тамашаға.
Жұмысын нағып жүрген білейін деп,
Тығылдым қалың шөпті томаршаға.

Ақырын суға келіп жақындасып,
Аяғын былқ-сылқ етіп әрең басып.
Ағытып түйме бауын, белін шешіп,
Кеудесін желге қарай қойды ашып.

Құлпырып масатыдай су жиегі,
Жарасып оған қарап қыз иегі.
Магниті сұлу қыздың қандай күшті,
Алыстан айдаһардай тартты мені.

Жуынды ақ білегін жең сыбанып,
Тарқатты қара шашын шолпыны алып.
Көпіртіп жұпар сабын бұрқыратып,
Жуынды саумал суға мойнын керіп.
Аққудай көлде жүзген, жүз толғанған,
.....

Гүл белбеу, торғын камзол, көйлегі ақтан,
Жарқырап ақ білегі жұпар жаққан.
Ақ еті үлбіреген, ашық жүзді,
Иықта күміс алқа сылдыр қаққан.

Бір түйіп, бірде керіп қиғаш қасын,
Құлпыртып сабын жуған қара шашын.
Аямай алла берген нұрын сонша,
Ақылдан, сақтанбасаң, адасасың.

Елжіреп есім шығып ет жүрегім,
Қызығын дүниенің жаңа көрдім.
Ақ торғын алтын шашақ орамалмен
Отырды аз құрғатып көкірегін.

Мәсісін шешіп алды аяғынан,
Ақ балтыр айқындалды балағынан.
Көрінді тәні таза көңіліме,
Тәңірдің ағып тұрған бұлағынан.

Аяғын суға жуды шалпылдатып,
Көпіртіп жұпар сабын бұрқылдатып.
Меруерттей отыз тісін ысып-шайып,
Бойыңды ұстасаң да шымырлатып.
Екі алма кеудесінде жарасады,
Ханымның бірі ... сықылданып.

Қозғалып бір керілді орынынан,
Көрсетіп күміс алқа мойынынан.
Түрлентіп бір-екі ауыз әнге салды,
Дүниенің әрбір түрлі порымынан.

Тыңдасаң үнін қойып, салған әнін,
Шымырлап жан жай табар, балқып тәнің.

Жүрекке ыстық тиіп, ерікті алып,
Қайнайды жүрегіңде ыстық қаның.

Түзетіп тоты құстай өзін өзі,
Мөлдіреп жасқа толып екі көзі.
Ішінде елжіретіп, жүректі ерітіп,
Сондағы қыздың мынау айтқан сөзі:

«Ей, алла рахметіңмен жердің жүзін,
Жараттың түпсіз терең үш орын.
Жақсылық жаз мысалын ишарат қып,
Көрсетіп қысымына қыстың сызын.
Жер жүзі рахметіңмен балқыса да,
Ерімес сонда менің іште мұзым.
Сандуғаш, әншіл құстар сайраса да,
Сары маса маза бермес маған ызың.

Жан беріп қара жерге көңілденіп,
Гүлденіп жер, бәйшешек жемісі өніп.
Баршасы жанды, жансыз балқыса да,
Маған нәр тамызбайтын секілденіп».
Құрғатып орамалмен көздің жасын,
Тоқтатты айтып келіп «уһ-ау!» деп.
Желмен жас бетін жуды үлбіреген,
Жас ағып қара көзден мөлдіреген.
Көзімнен еріксіз жас шығып кетті,
Дауысын естіген соң үһілеген.

Зарына күйгендей боп кетті ішім,
Боялды ыстық жаспен түрлі пішін.
Мақсатым осы қызбен бір сөйлеспек,
Орнымнан тұра келдім соның үшін.
Дел-сал боп бойым балқып, буын құрып,
Өзімді тоқтатуға келмей күшім.
Толқыған жүрек сызы сыртқа шығып,
Қызарып, бір ағарып менің түсім.

Ақырын қызға келіп жақындасып,
Ай мен күн ішкі дертпен араласып.
Сылдырым құлағына естілген соң,
Артына жалт қарады шашын ашып.
«Сәлемет амансыз ба, шырағым?»— деп,
Қасына кеп отырдым жақын басып.
«Айтатын айып етпе, ғарызым бар»,—
Деп айтып танысқан соң жөн сұрасып.

«Айтыңыз, тоқтатпайын, есітейін,
Құрбым»,— деп жауап қатты маған ашып.

«Жылаудың айт десеңіз жөнін маған,
Бір жанмын бастан қайғым арылмаған.
Рақатсыз сорлылығым еске түсіп,
Сыртым сау, ішімде шоқ жалындаған.

Тыңдаңыз: қасіретім мынау менің —
Өзіңе көз болмаса сүйер теңің.
Лажсыз сүймес жарға қосақталсаң,
Ойлашы, керегі не дүниенің?

Әуелі қыздың жары мал емес пе?
Әкеге қарсы келу шам емес пе?
Әйелдің кейбіреуі теңін тапты,
Кейі шал, кейбіреуі бала емес пе?

Бойжеткен уақыт осы қызық көрер,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келер.
Жас бала он екіде қарағаным,
Уақытты бос өткіздім ойнап-күлер.
Жетіліп ол ержетіп жеткенінше,
Жүректен махаббаттың оты сөнер.
Кім сорлы мен сорлы емей, ойла, құрбым,
Кісім жоқ ақылдасып ақыл берер.

Осындай қатты нашар менің халім,
Сыртым сау, ойлағанда ішім жалын.
Сырымды сіздей адам кез болғанда,
Жасырып лайық па айтпағаным?
Осындай бір жақсы адам қор болғанға,
Күйеді ашып жаның, қайнап қаның».

«Ей, құрбым, таң қаламын бұл сөзіңе,
Мен көрген ұқсамайды мінезіңе.
Әділдік, жаңа өкімет орнаған соң,
Право бірдей болды бұл кезінде.

Жаңалық, жаңа ғұрып әділетің,
Есе алды не жуаннан жесір қатын.
Көрмеген есе теңдік әйелдерге,
Былай деп жазып отыр докладын:

— Қайғылы, көзі жасты қарындастар,
Жұмсалған мал орнынан есіл жастар.

Қарағым қазақ қызы — қарындасым,
Еркіндік есе алатын болды басың.
Іштегі ел бастығы азаматтар
Былай деп жазып отыр мағлұматын:

«Серт қылсаң тәуекелге талаптанып,
Кіргізсең заявление сотқа апарып.
Үкімет ел бастығы бәрі бірдей,
Көп надан не қылады қара халық.

Айтайын, мысал үшін, сүйсең мені,
Алмаймын дейді қандай жігіт сені?
Болмасаң өзің жаман, талабың жоқ,
Әйтпесе, оңай емес пе істің жөні?»

«Кұрбым-ау, бұл сөзіңнің бәрі де рас,
Өзіңе тән жолдастық табылса жас.
Айтысқанда, уағдадан дәл шықпаса,
Қаңғырып қараңғыда қалмай ма бас?

Қанеки, ала қойшы, сені сүйдім,
Сен өлген жерде өлем деп жанды қидым.
Серт қылып айрылмасқа уәде байлап,
Бердім заявление, сотқа кірдім.

Сот маған бостандықты берді дағы,
«Бар ма еді сүйген кісің?»— деді дағы.
Пәленше сүйгенім деп мен сөйледім,
Айтысқан уағдамызша басындағы.
«Пәленше бұзған екен, көз жетті»,— деп,
Тілшілер әкеме айтты барды дағы.

Қайныма әкем барып хабар берер,
Жиылып бір ауылға шалдар келер.
Бас жейтін бата қылып ақсақалдар
Алдырып ортасына бізді тергер.

Айтатын шалдардың да арызы көп,
Жуандар бір жағынан қамшы білеп.
Басқаның бір өзіңнен бәрі жау боп,
Біз байғұс серік таппай қалдық жүдеп.

Малдырақ туысқаның болса дағы,
Қысылып ол байғұстың шыбын жаны.
Шынымен көрінеу отқа салдың ба деп,
Қала ма бір жағынан олар тағы?

Көндірер көп талқысы мен байғұсты,
Мен көрем саған сеніп қиын істі.
Қарарлық ел бетіне бетім бар ма,
Болмай ма соңғы қайғы мұнан күшті?

Жанқияр жақын досың болмаса тең,
Сөйледің жастықпен сен аз артық-кем.
Азапты артып келіп тартқанымша,
Болмай ма онан дағы өлгенім жөн».

Осымен тоқтатайын қысқасынан,
Дүниенің жаздым өлең нұсқасынан.
Мынауың теріс қой деп сөгер біреу,
Сұраймын өзім теңдес тұстасымнан.

* * *

Қылаңдап, қырық құбылып тұрғанда, қыз,
Артыңа қолаң шашың бұрғанда, қыз.
Әкеңнің емін-еркін оң жағында
Бізіндей етікшінің жылмаңда, қыз.
Әр елден мен сендейді көп көргенмін,
Көтеріп өзіңді өзің бұлданба, қыз!
Кекектеп, қалжың айтса, жақтырмайсың,
Атадан сенен басқа туған ба, қыз?

* * *

Қымбатсың бір қызыл гүл ашылмайтын,
Ләззатың әр жаманға сатылмайтын.
Әркімнің өзі теңдес құрбысы бар,
Ақ сұңқар қара құспен шатылмайтын.
Көз — мерген, жігіт — мылтық, көңіл — білте,
Орамды аң табылмай атылмайтын.
Жібек пен қойдың жүнін қосып ессең,
Бірігіп арқан болып қатылмайтын.
Алтынды жезбен қосып қатар тартсаң,
Тең келіп таразыға тартылмайтын.
Көңілге қайғы болды-ау кетіп қалып,
Тамаққа ішкен асты батырмайтын.

ЕЙ, ҚАЛҚА!

Ей, қалқа, ризамын сертке жетсең,
Жерлерден қиын-қыстау аман өтсең,
Көңіліміз хош болатын кәдір түні,
Жіберіп бір жансыздан хабар етсең.
Іштегі аз өкпені тарқатуға,
Жұбатып тәтті тілмен баян етсең.
Жалғанға қапылыста сенемін деп,
Шерменде боп кетерсің қарап өтсең.
Тартатын қанша жарық ғұмырың бар,
Бұрынғы өткен жандар арман еткен.
Ей, қалқа, мұрадыña жеткізермін,
Дамылдап біраз ғана аял етсең.
Ей, шіркін, аруаққа тапсырармын,
Жеріңе келемін деп, келмей кетсең!

СҮЙЕНГЕН ЖАНЫМ СҮЙГЕН

Сүйенген жаным сүйген жалғыз өзің,
Ешбір ой-ниетім жоқ басқа бөтен.
Жолыңа бүгін өлсем арманым жоқ,
Қу жанды сенен қалып нендей етем?
Бір минут көре алмасам тұрғым келмей,
Дариға хұзырыңа қайтсем жетем?
Қанжардай бауырымды қайғы тіліп,
Басымда бұл жарадан өлмей нетем?
«Бір басым жолыңа азат» деген сіздің
Ұмытып сол сөзіңді қайтып кетем.
Өмірлік шын жүрекпен еміреніп,
Қалқам-ай, қызығыңды көрер ме екем?
Тіршілік сізден соңғы керегі жоқ,
Ойымда жалғыз мақсат сізді күтем.
Мен сендік жалғыз жаным пида болса,
Жаратқан жар болар деп уақыт күтем.

ҒАШЫҚ ЖАРҒА

Анадан, асыл құрбым, тудың артық,
Күләндам, Сару, Шырам — қызға тартып,
Мүләйім мінезіңнің майдасына
Тұрады лебізіңнен жан құмартып.
Әншейін адам тұрғай мінезіңе,
Құс түнер төбеңізге қанат қалқып.

Күн шалмас бияланың сауытындай
Аймаққа шырай берер нұрың шалқып.
Сағынсам тілің сусын, сөзің керек,
Тұрады иісіңнен жұпар аңқып.

Қаз мойын, қарақат көз, жазық маңдай,
Тәтті сөз, оймақ ауыз, балды таңдай.
Сүйріктей он саусағың қыпша белің,
Таза гүл бой сипатың Райхандай.
Ғашық жар көптен бері ақыл үйлес,
Мейірбан татулығың ғазиз жандай.
Қосылсын екі көңіл ғашықтықпен,
Кешегі Қасенхан мен Дайқандай,
Бадигүл-Сейфулмәлік тең жолыққан
Қажыма Баһрам мен Күләндамдай.
Бозжігіт Әнүз үшін жанды қиған
Сарғайдым ғашықтықтан зағыфырандай.

Мустәри Сахариға болған ғашық,
Жүсіпті Зылихаға қылған нәсіп.
Фархад-Шырын, Ләйлі-Мәжнүндәйн
Таһир мен Зүһрадай тұрдың асып.
Осы айтқан жеті ғашық бұрынғы өткен,
Кейінгі бенделерге үлгі шашып.
Алаштан мені таңдап анық сүйсең,
Қажыма арадағы сөзге жасып.
Әншейін құмар емес, жалған жар деп,
Дұшпандар айырмасын өсек тасып.
Әр сөзің бір жамбылық, асыл еркем,
Арман не жолығыссақ дидарласып.

* * *

Тәтежан, жанға өлшеген асыл затқа,
Науқастан жүрегіңіз саламат па?
Паналы зор тәңірім саясында
Жайлы ұйықтап қадірлі еркем көңіл шат па?
Шыбын жан шықпаған соң мен де жүрмін,
Ұйқы жоқ, күлкі де жоқ осы уақта.
Кейістің ақырғысы кеніш болып,
Бір алла жазар деген рақатқа.

ТӘТЕЖАНҒА

Жігіт бар жігітте де егеу — алмас,
Жігітке қыз жаманы көзін салмас.
Сөйлескен азаматтар бара берсін,
Біреуге бұйырғанды біреу алмас.

Жігіттер, қырындай бер ақтан киіп,
Онымен мәртабаңыз болмас биік.
Ақ көңіл, алып берен болсаң ашық,
Сонымен даңқың шығар халқың сүйіп.

Қыз деген бір қызыл гүл сатылмайтын,
Тәттің бар кей жаманға татылмайтын.
Әркімнің алатұғын аңы басқа,
Лайық аң табылмай атылмайтын.

Гүл бөлің тал шыбықтай бұраңдайды,
Жан балқып, тән жібімей тұра алмайды.
Жарасқан әзіліңе жар болмаса,
Құндызға құрым киіз құралмайды.

Су моншақ меруертпен тізілмейді,
Жапалақ үйрек ұстап, қаз ілмейді.

Қыз деген ол бақшаның қызыл гүлі,
Қымбатты магазиннің асыл пұлы.
Бұл сөзді білгіш болсаң, болжап ойла,
Пример бұл тамаша сөздің сыны.

Жақсы қыз бақшадағы сандуғаштай,
Кетеді ғұмырының кілтін ашпай.
Жазғаның бір-ақ ауыз жұмбақ екен,
Дәл шештік жұмбағыңды жаза баспай.

Хат жаздым қалам ұстап сәулем сізге,
Болады жігіт құмар нұрлы жүзге.
Кісідей жаман-жұман жалтақтамай,
Шырағым, жақсы жауап берші бізге.

Физатлу хат жазамын жамалыңа,
Жетпейді әсте көзім амалыңа.
Құрбым деп нәсілім теңдес хат жазамын
Тигізбе қатты жауап назарыма.

Сәлем де қайта-қайта перизатқа,
Санама сәулеңізді бөтен жатқа.
Шырағым, атыңды атап хатқа жазсаң,
Қалармыз жұрт өсегі — жаманатқа.

* * *

Қош, қалқам, енді аман бол, жаным сүйген,
Жүректің махаббаты сенсің түйген.
Жер шалғай енді айналып көріскенше,
Жүрегім басылар ма еді жанып күйген.
Дарига-ай, тұрмыс билеп ерік бермей,
Айырды біраз күнге жайды күйден.
Кеткендей көз алдымнан жаңа ғана,
Қош айтып берген қолың шығып үйден.

Қош сау бол, енді қалқа, көргенімше,
Дәм тартып тіршілік боп келгенімше.
Тапсырдым бір құдайға қалқам сені,
Қолымды аман ба деп бергенімше.
Жер шалғай амалым жоқ уақыт өтер,
Жемісін татулықтың көргенімше.

Кешегі түнде мінген жолдас кермен,
Кенеттен бір секіріп алсаң терін.
Елеңдеп қос құлағын тіге қарап,
Таныған таңға жақын басқан ізін.
Келтірген мезгілінен кеш қалдырмай,
Мақсаттың махаббаты сүйген шөлін.
Қараңғы айсыз түнде сүрінбеген
Кетірем қайтіп естен бұл бір жерін.

Мұңы бір жазайын деп жаным досқа,
Өткізіп жатыр құрбың күнді босқа.
Кетіріп көп уақытпен өмір шартын,
Көрсетіп әр қиялға әрбір тұсқа.

* * *

Жаз шығып, жаманшылық жоғалғанда,
Тал гүлдеп, өмір шалқып оңалғанда.
Оранып жердің беті көкорайға,
Самалы салқын сая болар жанға.
Бүлдірген, қарақат пен тереміз деп,
Сай-сайға қыз-көліншек жоғалғанда.

Жылыстар соңдарынан бозбалалар,
Ғашығын іздеп табар со барғанда.
Қауышып емін-еркін ен далада,
Айқасып жұмыр білек оралғанда.
Болады тас — шымылдық, шалғын — төсек,
Басына жастық табар томардан да.
Жасырып сұқ көздерден кәрі ызғарлы,
Қойнына паналатар шоқ орман да.
Өмірлік адал жарым өзіңсің деп,
Сенеді жас жүректер қол алғанда.
Сағынып сарғайғанда кей кездері,
Балқиды елжіреткен мол арманға.
Жігіттің бір құмары осы дағы,
Армансыз кім бар дейсің бұл жалғанда?!
Шағыңда гүл жайнаған ойна да күл,
Қызықсыз жігіт адам оңалған ба?
Барында күш-қуаттың қарыштап қал,
Мәз болып өз-өзіңнен қоразданба!

НҰРИЛАҒА

Қалқатай, қасың қиғаш жаратылған,
Мінезің тартқан сымдай ширатылған.
Седратіл мінтақаның ағашындай,
Сыртыңнан көрген жігіт қарап тұрған.

Жаманға жөн білмейтін жабыспаймын,
Мәстекпен шаба алмайтын жарыспаймын.
Көңілің шыныменен менде болса,
Кіргенше басым жерге қалыспаймын.

ЖАС ТОҚАЛ АЛҒАН ДАЯРҒА

Қабанбай, Әлі әулие, Жақас байды
Атағын мырза Әділбек жұртқа жайды.
Артынан төбе басы болыс болып
Баулиды заманында бірталайды.
Қанағат өмірінше болыс болып,
Өткізді рахатпенен күн мен айды.
Жарбиып жаман Даяр болыс болып,
Қожағұл қолы жақпай бағы тайды.
Ормандай оқ өтпейтін қайран халық,
Осының заманында жұрт азайды.

Құрдас ед бір жыл туған меніменен,
Өмірінде іс қылмады жөніменен.
Қағаздай жалбыраған жаман неме,
Болыс боп Қанағаттың деміменен.
Қасына Қожағұлға жолдас ертпей,
Жүреді шала қазақ теңіменен.

Қысқа бой тоқал алды торы шолақ,
Тойдым деп аттанбайды қонған қонақ.
Пістенің бір күніне татымайды,
Томпыып бос отырды шаруаға олақ.
Сұлу сүйдім деп жүр-ау сорлы Даяр,
Ақылын алған құдай әбден тонап.

* * *

Жігіттің жігіт болар бейнесінде,
Күш-қайрат өнер болса кеудесінде.
Жүйрік ит, қыран бүркіт, түзу мылтық,
Байлаулы бәйге ат тұрса кермесінде.
Гармоны, домбырасы сайрап тұрса,
Тағылған түзу келіп пернесінде.
Күлім көз, оймақ ауыз жары болса,
Лайық жақсы жауап сөйлесуге.
Ас қазан, орта шарқы жақсы үй болып,
Шақырса ерік қоймай келмесеңе.

* * *

Қор болмас зерек адам ақылы бар,
Халықтың тентегі мен мақұлы бар.
Бос қоймай әйелден де аз сөйлейін,
Оның да есірік, есер қапылы бар.
Бөлінген әр шәһитта ата ұлы бар.
Мінезі гүл құрбылас қыз-келіншек,
Сұлулы неше қысым әйел затты,
Қайыбының заһары мен батылы бар.

Сұлудың бір фазылы әне сондай,
Зиыны, қараңғысы емес ондай.
Салмақсыз салдыраған кейбіреуі,
Жаңбырдың суы тиіп қатқан тоңдай.

Билігің берекелі болса көркем,
Басыңа тұра алмайды бақыт қонбай.
Сұлудың әдептісі, жасығы бар,
Өсекші, бай жануға машығы бар.
Бәкизе бап-байыпты майысқан гүл,
Арамнан әрі тұрғыш қашығы бар.
Қылымсыған беті сұлу, қызыл жүзді,
Сатпақ кір нәжістен де пасығы бар.
Айнамен өзін көріп, көзін көрмей,
Паңдықтың жүрегінде сасығы бар.
Айтқызбай зыр жүгіріп қызмет қылған
Гауһардай бұл жеңгейдің нәсілі бар.

* * *

Физатлу хат жазамын Омаржанға,
Балаушы ем бір басыңды бек пен ханға.
Жібердім әдейі іздеп ат терлетіп,
Қол жетпес құралым жоқ қызыл аңға.
Тұрғандай Мәмбет қарап тұмақ болсын,
Қонақпын сізге мағлұм, бұл найманға.
Күмістей жалтыраған түгі болсын,
Қолға алсаң, құйқылжыған түрі болсын.
Аса қара болмаса, қоңыр ала,
Ал күрең — үш қызылдың бірі болсын.
Келінім Мәдинаға тапсырайын,
Омаштың мырзалығы шыны болсын.
Сыйлаған әдеп сақтап келін едің,
Бағыма осындай-ақ тірі болсын.
Ағаңды бір мақтандыр, қарақтарым,
Ат пенен атан сұрап қалатпадым,
Хат жазып қалағаным жалғыз түлкі,
Жібердім әдейі сеніп, қуаттарым.
Енді көп не айтайын жазып хатқа,
Санасам, жіберем бе, сізді жатқа!
Болса да өзі арзан, жолы қымбат,
Хат жазып, мөр басайын инабатқа.

МАМАНҒА

Әсет ақын бірде Маманға:
— Мамеке-ау, ой найманға болдың тұтқа,
Ілінер кеме барып Қазығұртқа.
Бір өзіңнен туғанның бәрі қажы,
Мұнан артық жетсін бе қолың бұлтқа?—

дейді. Сонда Маман тұрып:

— Ақын емес, әншейін-ақ екенсің ғой!— деп қысқа қайырғанына кейісе керек. Шамырқанған ақын шырқап қоя берген екен дейді. Сондағы айтқаны:

Жігітке қисық қылық мінменен тең,
Жайы жоқ жаман әйел күңменен тең.
Шалқия ерін билеп алған әйел
Байы өліп, бағы күйген тұлменен тең.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Бұлттан жайнап шыққан күнменен тең.
Шабан ат, жаман жолдас, шайпау қатын,
Қылады жігеріңді құмменен тең.
Атадан жаман болып туған бала
Саны бар, сапасы жоқ құлменен тең.
Жолдасың кішіпейіл жайлы болса,
Ішіңнен жарып шыққан ұлменен тең.
Ақылы атасынан асқан бала
Сабы жез, сағағы алтын түменен тең.
Хайламен халқын билеп алған жігіт
Терісі жуан елі пілменен тең.
Мінезі кейбіреудің ұйқы-тұйқы,
Тау Қаптан асып келген жынменен тең.
Кейбіреу ашып-жарып сөз айтпайды,
Қараңғы тұман түскен түнменен тең.
Ақылы кейбіреудің арт жағында,
Құбылтқан сыртын бояп сырменен тең.
Жігіттер, бұл сөзімнен ғибрат ал,
Бұл сөзім — көпке бірдей сынменен тең,—

деп тоқтағанда ғана Маман:

— Е, бәсе, осылай айту керек қой!— депті.

КӘРІПКЕ АЙТҚАНЫ

Күнқақты сұр шолақсың шыр бітпеген,
Кісідей өрт өшірген түр бітпеген.
Араққа апиынды езіп ішіп,
Бір қусың мал-басыңды өрбітпеген.

Асаудай аптық басып арындайсың,
Құр сөзге құнары жоқ жалындайсың.
Терідей шыбын жаққан жылп-жылп етіп,
Шіркін-ай, қойған жерден табылмайсың.

ОТЫНШЫҒА АЙТҚАНЫ

Жанында Өтекемнің алтын пышақ,
Төрт Мәмбетті алдың ғой тайдай тұсап.
Төрт Мәмбетті алсаң да тайдай тұсап,
Жан-жағыңды қоймадың тажалға ұқсап.


КҮШІК БОЛЫСҚА

Қара кесек ет едің, қазы болдың,
Қарақұрсақ ел-елдің азы болдың.
Жерінде қораға үрмес төбет едің,
Бұл күнде мұнда келіп тазы болдың.

* * *

Жасболат кісі-ақ едің алшақтаған,
Бұл күнде борсық болдың ін сақтаған.
Жерінен ауып келген он екі бай,
Сай-сайддың саласында жан сақтаған.

Асуға ат шықпайтын арба шығар,
Қыранды қанды балақ қарға жығар.
Бұрынғы қопа бұзған қабыландар,
Қорғалап қоян көрсе шөпке бұғар.





**Жанып тұрған жас өмір — алқызыл гүл,
Сипаттауға қызығын жетпейді тіл.
Жауқазын желбіреген — жастық шағың,
Өмірдің мағынасын түсіне біл.**

**Е-ей, өтеді-ай жалған-ай, шіркін,
Арманменен!**










Жабыға жыл біткенмен, тұлпар емес,
Ақымақ асыл сөзге іңкәр емес.
Жапалақ жүні қызыл болғанменен,
Қаз ілер айдын көлден сұңқар емес.







ЖАСБОЛАТ БОЛЫСҚА

Сейіл Әлімғазин деген кедей жігіт Жасболат болыстың қызына ғашық болады. Жігітті қыз да ұнатады. Бірақ болыс терезесі тең емес деп қызын беруге көнбейді. Жігітке жаны ашыған Әсет оны қасына ертіп, болыстың аулына барып қонақ болады. Болыстың бір көңілді сәтін пайдаланған Әсет былай деп өлеңдетіп қоя береді:

Байғана күнгей Байыс, басқа жайдан,
Таныған әуелден-ақ арғын, найман.
Ақтабан шұбырынды ел ауғанда,
Қалыпты бір мың жылқы Бәйті байдан.
Қосылды зор бәйгеге атқа тайдан.
Жұтаған төрелерге қыстақ беріп,
Асып еді Әбілпейіз Көкнанайдан.

Мұндағы есімі аталған адамдар әлгі болыстың ата-бабалары болса керек. «Олар жомарттығы арқасында төрелерден жерін де аямапты, ал сен жат жұрттыққа қызыңды азаматқа неге қимай отырсың?» дегендей сыңай танытады. Сөз төркініне түсінген әрі ақынның көпшік қоя сөйлегеніне мастанған болыс құдалыққа келісім беріпті.

ТАҒЫ ДА ЖАСБОЛАТҚА

Біз бардық бірдің айы туған кезде,
Барлықтан орын таппай одан өзге.
Кісінің әншейінде бәрі ақылды,
Көрінді зеректігі биыл көзге.
Үй басына бір қара шығын емес,
Осы еңбегі білінбес қайбір езге.
Баж бердім деп соған да қайғыланар
Саф алтынды санайды сары жезге.
Өзіміз он қарадан қысқа бердік,
Басшылардан болады бір мархабат,
Тегінде ақылдыдан күдер үзбе.

ТАҢҒЫТҚА АЙТҚАНЫ

Еңсе баласы Таңғыт Әсетті қайта-қайта қонаққа шақырып, өзіне сарай ақыны етіп ұстау ниетінде болады. Бір жолы ақынды сыйлай отырып: «Маған арнап елең айтшы!»— депті. Сонда Әсет:

Тәкеңді жұрт сайлаған басшылыққа,
Алты жұмық ереді атшылыққа.
Қойы он мың, жылқы екі мың, кемел дәулет,
Жалғыз-ақ ақыл-ойы тапшылықта,—

деген екен. Не істерін білмеген Таңғыт жастыққа жантая кетіпті деседі.

ҚАНАҒАТҚА

Бір отырыста Кәрібай ақын Қанағат болысқа былай дейді:

Соғады құбыладан қара дауыл,
Найманға ұран болған жалғыз ауыл.
Күңнен байтал салыпсың, құлдан айғыр,
Бір өзіңнен көп екен қарабайыр.

Сонда Әсет тұрып:— Жоқ ол дұрыс емес, мен былай айтамын,— дейді:

Ер қыран Қабанбайға қуат қонған,
Найманда ұран бар ма ондай толған.
Қабағын дұшпандарға қатты түйсе,
Қаңтардың аязындай сырттан тоңған.
Болады әсілі әулие бел баласы
Тентекті тезге салып түзу жонған.
Бай Жақас орта жүзге ұйтқы болып,
Атағы алты алашқа мәшһүр болған
Мал дарып, қатын алып, бала сүйіп,
Есітіп қырғыз мұны оң мен солдан.
Әділбек айнымаған баласы екен,
Шықпаған мырза атанып түзу жолдан.
Көпшілікті билеген төбесасы
Бағыпты Қожақұлды санап қолдан.
Қанағат атасының бағын ұстап,
Кек алды заманында талай зордан.
Отырған ту түбінде Байділдажан,
Шығып ең қыдыр шалған сонша молдан.

ҚЫЗЫР ТӨРЕГЕ

Бекболатсың досыңыз қимайтұғын,
Әр жерде басын алаш сыйлайтұғын,
Тамтығын Әліп мырза жиып апты,
Жасырын жауап емес ұрлайтұғын.
Не етейін Қонысбек пен Қанағатты,
Үстінде ұлық жоқ деп бұлдайтұғын.
Байсиық Байыспенен шын жау болса,
Торғайың жалғыз күнде шырлайтұғын.
Дейтұғын қасқыр хақын күзен жемес,
Мақал да ақ иіліп сынбайтұғын.

МАМЫРБЕК БАЛАСЫ ҚЫЗЫР ТӨРЕГЕ

Нағыз ханның тұқымы Мамырбек-ті,
Шыңғыстың шын баласы асыл текті.
Қорғалап қорыққан кезде сарт мінезді,
Жығылып аяғына қадірлепті.
Жанында қанжары бар қайран төре,
Сұлтан жоқ заманында ондай бетті.
Сұрағы, топырағы жеңіл болсын,
Фәниден бақи жайға жүріп кетті.
Отырған хан тұғырға ие болып,
Қызыр төре зор молла, сөзге де епті.
Арыстандай ажарлы ханға тартқан,
Қабанбайдай аларлық жекпе-жекте.
Оған мансап айланған заманада,
Қызыржан не жаманды кісі депті.
Сүйегі көпір болып жатса дағы,
Дейтұғын басып өтпе ақ сүйекте.
Қанағат сырын білмей адам көріп,
Бай ақын не етейін мен Қонысбекті.
Қарақастан басқаның бәрі жау боп,
Күтіп жүріп күйзеліп түпке жетті.

КЕРІМБЕК ДЕГЕН БИГЕ АЙТҚАНЫ

Арқаның нудан ұшқан алғырымын,
Кең қолтық орта жүздің арғынымын.
Сүйінген ел мадақтаған өлеңімді,
Алдынан өткергенмін сан мыңыңның.
Найманның араладым дәмін татып,
Бастаған артына еріп тағдырымның.

Гулетер көкірегім көмейменен,
Көркем сөз, сұлу әннің сандығымын.
Руым қаракесек қарашордан,
Сұрасаң, жайын айтам барлығының.
Мойнында тазы иттің де қарғысы бар,
Маған шаңын жұқтырма паңдығыңның.

ЕЛШІБАЙ БАЙҒА

Елшібай деген бай кісі қараша үйге түсіп, бір лақтың етін тауыса жеп отырғанда, үстіне Әсет келіпті. Ет желініп болған соң, Елшібай Әсетке «өлең айт» депті. Әсет сонда былай депті:

Елшекем — сұғанақтау бір су бүркіт,
Кеспірі — пісілмеген бір саба іркіт.
Іркіттің, қымыздай ма, дәмі болмас,
Елшекем ел қыдырмай мәні болмас.
Қарны ашса, қараша үйді бас салатын,
Көзге айтқан өсиеттің шамы боямас.
Мәйекті бай кісіге лайық па,
Ашқарақтау адамның ары болмас.

ЕЛШІБАЙДЫҢ БАЛАСЫ ҚАБЫРҒА

Ассалаумағалайкум, жуан құдам,
Жұттан аман шығыпсың, қуан, құдам.
Құмға шыққан құрақтай қоқырайып,
Саптаяқтай көрінед ұмаң, құдам.
Үйіме жаңа ғана қонақ келді,
Еркек қой іздеп келдім бұған, құдам.

ӘСЕТТІҢ АМАНДАСУЫ

Сапармен сары жазда көлге келдім,
Көрмеген өзім туып елге келдім.
Мал бағып, егін салып, кәсіп қылған
Дейтұғын Қызай ана елге келдім.
Сарыарқа менің жерім-ай,
Сағындым қалың елімді-ай!
Әй, у — гай, у — гай,
У — га — га, гу — гай!

МЕШБЕТТІ КӨРГЕНДЕГІ СӨЗІ

Ассалаумағалайкүм, ағай Мешем,
Елінде анам Қызай сіз бір көсем,
Алла берген денсаулық арқасында,
Есен-сау жүрмісіңіз аман-есен?
Мейірбан түсі жылы кісі екен ғой,
Бір ойдан әлдеқандай адам десем.
Еншәлла, бағытымда зая болмас,
Кешірімді болғандай адам екен.
Сөзім бар кейінірек айтатұғын
Дәм айдап шеттен келген мейман десең.
Ішінде қалың топтың көру үшін,
Әдейілеп ат өксітіп іздеп келгем.
Бұрылып қай тарапқа беттер екен,
Жұмысым тиянақты сіз деп келген.
Қызыл тіл, сен де тоқта әзірінше,
Сөзіңді соза бермей тізбектелген.

ЖАБЫҚБАЙҒА АЙТҚАН СӨЗІ

Бұ кісі, Жабықбай ма аты шыққан,
Адуын күрескеннің бәрін жыққан?
Досың да, дұшпаның да ер болсын деп,
Қалған сөз ескі сарын жұртшылықтан.
Кісі екен дегендей-ақ байқауымша
Атадан оза туған сайыпқыран.
Сыртынан, ел аузынан естуімдей
Көргенде болмай шықты ойда күмән.
Екі дүние бағытын тең ойлайтын,
Қолы бос болмайтындай құлшылықтан,
Ей, Жақа, қолыңды әпкел көріселік,
Үй-іші, есен-сау ма бала-шағаң?
Іленің қасиетті ауасында
Денсаулық таза жүр ме сырқағаннан?
Мен өзім кеше күндіз Қайшыда едім,
Қайтсам деп дидарласып келдім саған.
Отырыңыз, тамақ іш бізбен бірге
Сөзімді кейін айтам іште қалған.

ЖАМБЫЛ ҚАЙДА?

Болғанда ақыл ойда, сымбат бойда,
Тұра ма ақын қарап мұндай тойда?
Үш жүздің азаматы бас қосыпсың,
Менімен айтысатын Жамбыл қайда?

Мен Әсет қарсы шаптым атқан оққа,
Хан, қара сөз сөйледім шаршы топта.
Ақының мен айтысар көрінбейді,
Бір нәрсе, қызай қалпақ, сенде жоқ па?

ҒАБДОЛЛА ТОҚАЙ ТУРАЛЫ

Ноғайда рахмет жаусын бір адамға,
Саламат иман берген құдауанда.
Ғабдолла Тоқаевтай татар қайда,
Әр жылғы сөздерінен сынағанда?
Көп тәмсіл дүнияға тастар еді,
Өмірі азғана жыл шыдағанда.

БЕТАШАР

Бет ашайын, гүл ерке
Ахуалыңды айт, келін!
Бұйрықпен келдің бұл жерге,
Үйдегі қамнан қайт, келін!
Тұнық судай таза бол,
Жақсы жолды тап, келін!
Бойыңды кірсіз таза қыл,
Жұмыртқадай ақ келін.
Жаман жолдан жырақ бол,
Сауысқаннан сақ келін!
Шын пейіліңмен қызмет қып,
Ат-енеңе жақ, келін!

Келін келді, көріңіз!
Көрімдігін беріңіз!
«Берем» деп босқа жұбатпай,
Атын атап қойыңыз!
Атасына бір сәлем!

Орынсызға сөз қатып,
Күнаға батпа, келіншек!

Байыңнан бұрын төсекке
Өзің жатпа, келіншек!
Үй басына қыдырып,
Өсек айтпа, келіншек!
Рас сөзді өзгертіп,
Жалғанға сатпа, келіншек!
Атаң, енең жұмсаса,
Бола көрме еріншек!

Байлап сауған малыңды
Басқа соқпа, келіншек!
Мал қадірін көп ойла,
Үмітің жоқ па, келіншек?
Шын насихат айтамын,
Бүгін келген келімсек.

Келін келді, көріңіз!
Көрімдігін беріңіз!
Беретұғын малыңның
Түсін айтып қойыңыз!
Енесіне бір сәлем!

Ғайыптан бұлбұл кез болды,
Гүл бақшаға қонғалы.
Алла нәсіп қылған соң,
Бір жұртқа ана болғалы.
Құтты болсын орныңыз!
Мақтау сөзге толғалы.
Қайнаға, қайын — баршалар
Разы, қошуақ болғалы!
Қайнағаларға бір сәлем!

Ризығың бұйырды,
Өз жұртыңнан жат елге.
Ғұмыр берсін қанеки
Некеленген жас ерге!
Енді сөзді тамамдап,
Тоқтау қылдық бұл жерге.
Бүркеншігін ашайын,
Асыл жүзін көріңіз,
Тәрде отырған аталар,
Әумин деп бата беріңіз!
Барша көпке бір сәлем!

АУЖАР

Ж і г і т ж а қ т а н :

Аужарым деп бастайын,
Жолың болсын, енді бар.
Атам, анам қалды деп,
Иә, шырағым, қылма зар!
Жақсы болсаң, ата-анаң
Онда да бар, жар-жар.

Тағдыр жазды осылай,
Сізді жатқа бұйырып.
Амалсыз берді ата-анаң
«Балам-ай»— деп күйініп.
Насихат айтсам, қарағым,
Көңіліңе қалсын құйылып.
Үлкеннің өтпе алдынан,
Әдеп қыл, көрсең, иіліп.
Жақсы болсаң, қарындас,
Жұртың мақтар сүйініп.
Қызметіңе дайын бол,
Етек-жеңін түрініп.

Жалғыз емес жар-жолдас
Онда да бар, жар-жар.
Көп зарланып жылама,
Қайтіп адам болам деп.
Шүкірлік қыл аллаға,
Артық сөзді қоям деп.
Жақсы көрсе қайны атаң,
Құрмет қылар «балам» деп.
Өз баласы алған соң,
Неге ойласын жаман деп.
Әдепті, бол, шырағым,
Көптен алғыс табам деп.
Өз бағаңды кетірме,
Өсек-аяң бағам деп.
Некеленген жарыңа
Кішілік қыл, жағам деп.
Қайны ағаң мен қайны енең
Ойласын жақсы адам деп.
Түзу болсаң, бір ана
Онда да бар, жар-жар.

Қыз жақтан:

Ақ отауым тіккен жер майдан болсын,
Өткен күнге көңілім қайран болсын.
Дүниеге келуге себеп болған
Әкемдей бөлек ата қайдан болсын.
Он ай сақтап ішіне толғақ жеген,
Ақ сүт берген анамдай қайдан болсын
Оң жақтағы бұл дәурен енді келмес,
Қайран жұрт, қайран елім аман болсын.

Өз ордамдай алшаңдар заман қайда,
Ақ шүберек салған соң бөлек жайда.
Тар құрсақтан бір шығып сүт еміскен
Өз ағамдай, інімдей бауыр қайда?
Жұбатып жылағанға айтасыңдар,
Жат жұртқа оңайлықпен жағу қайда?!
Қайран атам, анам мен елім, жұртым,
Жүрегіме запыран қылды пайда.

Жігіт жақтан:

Әйел болып туған соң,
Осылайша етеді.
Тұз таусылса бұл елден,
Сапар күнің жетеді.
Бауыр бассаң жат елге,
Жұртың ойдан кетеді.
Айрылмас ең еліңнен,
Ұл боп тусаң нетеді?
Перзент берсе құдайым,
Ана болып бір жұртқа,
Бұл арманың бітеді.
Жақсы болмақ өзіңнен,
Осы елдей-ақ күтеді.
Ардақтайтын асыл жұрт
Онда да бар, жар-жар.

Атаң құтты аузына
Пайғамбардың лебізін.
Бата қылған уәденің
Өтеп болды қарызын.
Түсіргелі аузынан
Мойныңдағы парызын.

Жарылқасын алдыңнан,
Айтылды жұртқа арызың.

Құтты болсын ақ ордаң!
Аман бол енді, жар-жар!
Жақсы болсаң, ата-анаң
Онда да бар, жар-жар.
Шымылдығың серпіліп,
Көрсін әкең жар-жар.

ЖОҚТАУ

Әсет Шынар Сапабайұлы деген кісімен төс қағысқан дос болыпты. Шаруасы шағын, тұрмысы қоңыр болса да, Шынар шешендік атағы ерте шыққан, 20 жасында «Сары мойын би» атанған адам екен. Алпысқа келіп Шынар қайтыс болғанда, оның қызына Әсет жоқтау жазып берген екен:

Ақылмен жиып ел еткен
Ағайынның тозғанын,
Пысықтардан қаймықпай,
Артылып туған озғаным.

Әділ тездің өзі едің,
Тентек пенен шалысқа.
Біреу бұзбай жауабын,
Билік айтқан арысқа.

Атақ, мансап бу көріп,
Артық жауап айтпаған.
Шын пейілді әкекем,
Беті жұрттан қайтпаған.
Дос адамның бір сөзін
Саф алтынға сатпаған.
Риза болғай, әкекем,
Біз мұңлықпыз қақсаған.

Жылай берсем, жырым көп,
Көзімнен жауын жауады.
Айта берсем, мұңым көп,
Ойласам, есім ауады.

Жалған жауап айтпаған,
Ісің еді-ау анық тым.

Арызын тамам қылатын,
Мұңлы, мұқтаж, ғаріптің.
Өз тұсында, әкекем,
Сөз жүйесін таныттың.

Тірі кезінде Шынармен шайнасып, оны «кедейдің көн тулағына қонған сары шымшық» деп келекелеп жүретіндер қазаға көңіл айтуға асықпайды. Шынардың жетісі тақағанда, Әсет дауыс айтушыларға тағы мынандай жыр жазып береді:

Зор қазаның тұсында,
Не жақсылар болды жат.
«Знакті күйеу» деуші едік,
Зердесіз екен Тасболат.
Жаназаға келед деп,
Қараған халық болды мат.
Болмады ма болыста,
Бір сапарлық жалғыз ат?
Қарағашта жүріпті
Жаназа күні Қанағат.
Азаға деп шақырсақ,
Келмепті сондай азамат.
Қарыс жерден Жаманкөз
Жаназаға шаппады.
Әлімғазы, Қанағат,
Оларға несі жақпады?
Бірге жүрген қатары,
Қалайша өкпе сақтады?
Омырауы жас ойбайлап,
Олар түгіл жат тағы.
Жұрттығының азғаны —
Шіреніп бәрі жатқаны.
Туыстығы бар еді,
Бөлекбай, Омар, Жүніс те.
Осылар да қола екен,
Балаушы едік күміске.
«Бауырымдауға» жарамай,
Топырақты өлім бұл іске.
Қалмасын деп қарызы,
Нашардың сөзін қолдаған.
Жақпаған міні сіздерге —
Жаңылмауы турадан.

Лажы құрыған атқамінерлер келіп, Шынардың туыстарынан, азаға жиналған көпшіліктен еріксіз кешірім сұрауға мәжбүр болыпты.

КӨҢІЛ АЙТУ

Бір жылы жастай кеткен Тұрысбек Мамырбеков деген азаматтың туыстарына Әсет былайша көңіл айтыпты:

Өткенге өмір зая өкінгенмен,
Артығы болмайды ғой бекінгеннен.
Адамға адам жуық, дүние алыс,
Пайда жоқ бет қадірін кетіргеннен.

Көкорай құрай болып ол да солар,
Гүлденіп жаз айында жетілгенмен.
Бір тұсау аяғыңа түспей қалмас,
Тірлікте арғымақтай секіргенмен.

Өтіпті қаракерей Қабанбай да,
Қазақтың арыстаны секілденген.
Тұрлаусыз бұл өмірдің баяны жоқ,
Бір күн сыртын, бір күні бетін берген.

МОЛДАНЫҢ СЫРЫ

Керейді араладым, бала оқыттым,
Жек көрдім пиғылатын қауым жұрттың.
Қазақта жақсы да бар, жаман да бар,
Сөзіне басым қатты талай қырттың.

Сұрайды шарифатты білмесе де,
Құмартып құнығады білгіші де.
Сұрайды да, шетінен ду күледі,
Қазақтың ғажапландым бұл ісіне.

Ат таптым, түйе таптым, ақша таптым,
«Аллалап» ауымды аштым, таспих тарттым.
Ауру деп Халден қажы естіген соң,
Тағы да а құдайлап соған шаптым.
Ол жолы қырсық шалып өлмей қалып,
Ауырып Сайдекеде бір ай жаттым.

Өлетін енді кім бар бұл маңайда,
Кісі өлмесе, табатын ақша қайда?
Халі біткен Іргебай, Исабай бар,
Бірі өлер тым құрыса туар айда.
Құдай-ау, шыныменен құлым десең,
Бірін емес, екеуін қабат жайла!

МЕШБЕТ ПЕН ЖАБЫҚБАЙДЫ
ТАТУЛАСТЫРҒАН СӨЗІ

Жалғанның кім келмеген сапарына,
Келіп дәм, жер жүзінен татарына.
Көл орны, орда орны құр тұрмайды,
Бұл сөз бар бұрынғының мақалында.

Қызайлық лабашіде кісі болған,
Кемдік жоқ абырой мен атағында.
Бұлғыншы, Жәнет болса, Далданбайлар,
Жаралған жақсылардың қатарында,

Игісәт, Қалендер де кісі болған,
Өзінің бойға лайық мақабында.
Жарқырап жай тасындай жарып шықтың
Соңғы жас сіздер орнын басары да.

Жабықбай, Мешбет мырза, Дарабоздар,
Жұрт бақтың туыпсыздар ашарында.
Екеуің қатар жүрсең нені алмайсың,
Таңғалам бірлігіңнің нашарына.
Өнеге қандай жүйрік жон-жосыққа,
Бұларға бірлік қылса шен босап па?
Бурадай анадайдан шегінісіп,
Сыймай жүр екі қошқар бір қосаққа.

Жараспас жақсылардың адасқаны,
Бұлардың немене екен таласқаны?
Кім білсін аз ба, көп пе өмірлері,
Тірлікте жақсы емес пе жарасқаны.

Таңданам, қайран қалам екеуіне,
Қалай деп бір-біріне жақ ашқаны.
Жақсының қайтуы да тез болмай ма,
Бір кезден болса дағы адаспағы.

Ханы да, қазы да екеуің жұрт аспаған,
Бұрынғы бабаларың жол бастаған.
Ғибрат бұрынғыдан алмай ма екен,
Бақыттан бірліксізді кем тастаған,
Арасын қай жақсының шен аспаған.

Арман ғып айрылған күн опық жеме,
Пендені тағдыр жемір жеп тауысқан.

«Алтынның қолда барда қадірі жоқ»,
Пікірің қалай сіздің екі арыстан?

Екеуің жігіңді ашпай берік тұрсаң,
Ұялас төменбісің жолбарыстан.
Мұншалық тәрбиялы тату туып,
Япырмау, мінездерің неге ауысқан?

«Тірлік күші бірлікпен болады» деп,
Сіздерге бірер ауыз айтқан нұсқам.

МЕШБЕТ ЗӘҢГІГЕ ЖАЗҒАН СӨЗІ

Қызайға үйден шықтым июнь айда,
Ауылым Сайрам көлі деген жайда.
Қожағұл Еміл елі әміршісі,
Отырмыз бір қоныстас Жатқанбайда.

Қызайдың нәсілі матай, төлегетай,
Анамның әулетінен алсам пайда.
Ықтияр адамда емес, бір аллада,
Аш құлан шөп іздеген жүрмес қайда?

Сламжан ақалақшы ойымызда,
Ауылы Жәнет болыс жолымызда.
Қызайдан іздеп келген бір кісімсіз,
Тиермін ең алдымен қолыңызға.

Айтармын хал-жайымды жолыққанда,
Жатырқап жат көрмесең сорымызға.
Қызайдың ауылына біз бір қонақ,
Аманат қонақтығым мойыныңызда.

Мен келдім басшылыққа сізді сайлап,
Кісідей құда-тамыр ұра байлап.
Алаштың жұрт сыйлаған Әсеті деп,
Қызайға ұқтырар деп бізді жайлап.

Халқыңыз себебіңмен бізді таныр,
Қадымның біреуі деп жүрген сайрап.

Мақсатым хал-жайымнан хабар беру,
Танысып тағзым менен дидар көру.
Құлжаға бізден бұрын кетіп қапсыз,
Тоспадым жолаушыны болып еру.

Көпшілік жиналатын той бар екен,
Қиял бар дәм бұйырса қайта келу.
Аз сөзден көп мағына деген мысал,
Осы-ақ сөз, бас-аяғын әбден теру.

Сіз жоқта үйіңізден таттым тағам,
Алыстан атың таныс сіздің маған.
Алаштың азаматын сыйлағанда,
Төтенше артық дейді сіздің бағаң.

Рақмет, бәйбіше де құрмет етті,
Қош алып, малын сойып бала-шағаң.
Кешігіп сізді тосып жата алмадым,
Айтармын бір жолығып есен-аман.

Қамалып жүрдік Майлыжайыр тауда,
Мал емес шыбын жанды етіп сауға.
Шауешек даутайына тағзым қылдық,
Қамы деп тіршіліктің жан сақтауға.

Жолға зор әділетсіз ұлық екен,
Марқамат іс етпеді жұрт мақтауға.
Үржар мен Бақтыдағы бес болыс ел,
Қамалдық ақ шабақтай жібек ауға.

Тоналып кезек-кезек малды төлеп,
Әйтеуір, бас сауғалап шықтық тауға.
Жұт болып мешін жылы тиді қатты,
Халыққа жүдеп жүрген жаман батты.

Қырылып төрт мүлік мал тау мен таста,
Халықты жанды малдан ажыратты.
Мың қойдан, мың жылқыдан жүзі қалмай,
Талай бай кедей болды жалғыз атты.

Қайғысыз қырда өскен қайран елім,
Осындай жұт пен жаудың дәмін татты.
Бір тиын ағайынға бермейтұғын
Байларың кедей болды тастан қатты.

Пайдакес елді жеген сұрақшылар,
Заманы Некалаймен бірге батты.

Аштықтан шұбай бердік атты-жаяу,
Ой жетеу, ақыл алтау, жүріс баяу.

«Ақтабан шұбырынды» замандағы
Болып тұр осы кезде соған таяу.

Мінбейтін шабан атқа мырзалардың,
Қайғы емес шоқайына кірген сояу.
Мал, мансап қадақтағы екі нәрсе
Секілді болып кетті оңғақ бояу.

Жүрмейді адамзаттың қайда басы,
Болар ма ризық дәмнің айдамасы.
Жеріне Шұбартүбек қыста келдік,
Осылай халқымыздың жай-шамасы.
Жың, Жымпаң, Тақияның қыстауы бір,
Қарыс жер Бұратола айналасы.
Ел екен онда қалың екі болыс,
Бірі қазақ, бірі қалмақ пайдаласы.

Онда жоқ әділеттік есен-аман,
Байқатты соның бірін мына заман.
Арамды алалменен талғамайды,
Қопада қамыс қиған өңкей қабан.

Түгендеп қайсы бірін айта берем,
Мінезі толып жатыр өте жаман.
Көріскенше хабардар боп тұрсын деп,
Сәлемді сізге деген етті тәмәм.

ӨСЕТ ПЕН ЫРЫСЖАН

Аспанда ай бірдей ме жұлдызбенен?
Шын кәмшат тері бір ме құндызбенен?
Жолықпай теңдесіне ұнаспайды,
Қоңыр қаз жапалаққа ілгізбеген.
Жарамсыз жай кісіні кім мақтайды,
Ел қостап ережеге кіргізбеген?
Көрінбес көмескінің бәрі бірдей,
Қараңғы тең бола ма күндізбенен?
Ашпаған жансырыңды кім біледі,
Өнер көп кей сараңда білгізбеген.
Қараөткел, Қарқаралы, Қояндыда
Айтыстым асқан жүйрік бір қызбенен.

Сөз тыңда, отырған жұрт, үлкен-кіші
Тәтті сөз, әз әңгіме — құлақ құршы.
Көңілше көз алдыңда көлбеңдейді,
Адамның өткен өмір көрген түсі.
Қоянды үлкен базар жәрмеңкеге
Біз бардық сауда қыла алты кісі.

Ол күнде қиын күнім татымды енді,
Әйелден сескенбейтін батымды енді.
Той қылып жәрмеңкеде Хамитжапар,
Адамын бір дуанның шақырды енді.
Бәйге ат, балуан күрес, ақын жолын
Тұсынан өзге тойдың асырды енді.
Ол тойға қыз-келіншек көп жиналып,
Не түрлі жаннан асқан ақын келді.

Бұл тойға шақырған соң, біз де келдік,
Август өтіп, сентябрь, күзде келдік.
Қайдағы құлақ түріп жиын жерге,
Бар болса, қайда өнерпаз іздеп едік.
Өткеннің арзаны мен маржаны бар,
Ұмытып бәрін қылға тізбеп едік.

Халықты шағалалы көлдей қылып,
Бетінен қай дарияның жүзбеп едік.

Ырзығын түзге шашқан кім термеген,
Ұғыңыз, тыңдаушылар, сөз біздерден!
Бір асқан Қарқаралыда қыз бар екен,
Аттыға аял, жаяуға жол бермеген.
Көз таңбалы арғынның бәрін жеңіп,
Артылып орта жүзге қол сермеген.
Сөз дариясы бойына орнағанда,
Бәйгеден оза шауып кім келмеген?

Ән салған толып жатыр өзге шатпақ,
Ақ мылтық адамдар көп сөзге тақ-тақ.
Семейден Әсет ақын келіпті деп.
Айтыпты сыртымыздан әркім мақтап.
Болыпты Ырысжанмен жарыстырмақ,
Жүйрікті сынамақшы әбден баптап.
Жүруші ем сексигенсіп, сөз білгенсіп,
Бір қорқып сүмірейдім сүрең аттап.

Болыпты Ырысжанмен жарыстырмақ,
Өнерін екі қыран салыстырмақ.
Бұрынғы елге жаққан дана сөзді,
Дұрыс па қата сөйлеп ауыстырмақ?

Аяңдап жетіп келді бір-екі адам,
Аяғын жебей басып бізге таман.
«Сіз бе,— деп,— Әсет ақын?»— жауап қылды,
Білмедім сұрағанын қалайшадан.
Сол кезде он сегізге келген едім,
Жарыместеу жастық жеңген көңілім надан.
Амандасып тұрды да жөнін айтты.
Қалайша бізге келген уақиғадан.
«Өнерің болса, бала, бізге еріп жүр
Той қылған рұқсат алдық байбатшадан».

«Кетпейді терің зая, зарла!»— дейді,
«Мәнісін шақырғанның барла!»— дейді.
«Бір қызбен осы тойда айтысасың,
Әсеке, жәрдем берсін алла!» дейді.
«Тартатын айдаһардай ызғарлы қыз,
Әйтеуір, оқыс кетіп қалма!»— дейді.
«Шашаңа шаң жұқпаған тобышағым,
Шабасың бүгін сүрлеу қарға!»— дейді.

«Ырысжан — әйел заттың алаяғы.
Кім білсін кім шығарын алға»,— дейді.
«Еркектің бөрік киген — намысы бір,
Әйтеуір, оқыс кетіп қалма!»— дейді.
«Дүбірін ғалам білген тұлпар едің,
Адасып жүгірістен танба!»— дейді.

Той десе, топшыл басым қалған бар ма,
Ұят қой қымбат бағам арзандарға.
Сескеніп, сезіктеніп ұрғашыдан.
Ойыма қыз жеңер деп алған бар ма?
Жасымнан сөз кестесін жаттап едім,
Жеңіліп қыздан өлсем, арман бар ма?!
Бел байлап, тәуекел деп тас түйініп,
Қан жиын кірмек болдым майдандарға.
«Бара тұр, мен де артыңнан барайын»,— деп,
Сол келген жауап бердім бағландарға.

Шақырған шаршы топқа келдім жетіп,
Біле алмай не дерімді есім кетіп.
Ішінде сегіз қанат қызыл үйдің
Ән салған домбырамен өлеңдетіп.
Хан-қара, би-болыстың қатындары
Ортаға ап отыр екен сөз сөйлетіп.
Ата-тегін, нәсілін тегіс мақтап,
Сөзге ұста және әуезді әнге жетік.
Гармоньмен музыканың соқпасындай,
Дауысын сыбызғыдай сыңғыр етіп.
Тыста — еркек, үйде — әйел өлеңге маз,
Жаратқан құдай сондай бұлбұл етіп.
«Ой, пәле-ай, Ырысжанның жауабы-ай!»— деп,
Жұрт гулеп көтерілді ду-ду етіп.

Тысқарда біраз тұрдым сөзін тыңдап,
Ағындап айтып отыр анық шындап.
Інжудей елге жаққан дана сөзін,
Хош алып түшіркеніп, жұрт та бұлдап.
Айғайлап алғыс айтар тыңдаған жұрт,
Жым-жырт боп құпиялап сөзін тыңдап.
Сөйлесіп өзім көрген ұрғашыда,
Оңай ма Ырысжандай адам тұмақ.
Тұлпардың шын тобышақ бедеу деген,
Көресің шапса шаңын будақ-будақ.
Алдына, шын қасқарса, жан салмайтын,
Қояндай құмнан қашқан кетер зырлап.

Көп түскен тайталасқа қайран басым,
Жүрегім арпалысты аттай тулап.
Осы кең дүниені бір уыс қып,
Тастайды қолмен жинап умақ-шумақ.

Есіктен шыдай алмай келдім кіріп,
Отырдым орын берген жерге тұрып.
Құйқылжып, құладындай төңкеріліп,
Сонда қыз жалт қарады мойын бұрып.
Жақтырдым сайрап тұрған сандуғашты,
Барабар жауабының тегін біліп.
Екі сөз теңелгенше байқала ма,
Біреуді біреу сырттан тілмен қырып.

Балалық, именгенім — естің жоғы,
Шын майдан орта жүздің жиын тобы.
«Ақының әлгі арнаған осы ма?» — деп,
Өкпеден міне қыздың атқан оғы:

«Орманға мен бір біткен шынар», — дейді,
«Кім талап Ырысжаннан қылар?» — дейді.
«Үш жүзге ұран болған ақын Әсет,
Байқасам, түсі соған ұнар», — дейді.
«Кел, шырақ, енді аяңдап жет қасыма,
Отырмын жан таба алмай сынар», — дейді.
«Алысып екі мықты, бірі жықса,
Көрген соң, жұрттың көңілі тынар», — дейді.
«Сыртыңнан атағыңа құлақ салып,
Осы жұрт әуеніңе құмар», — дейді.
«Бісқырып атқан аңның обалы жоқ,
Көрейін лебіңді шығар!» — дейді.

Сөзінің қайран қалдым кірін таппай,
Кенедей лебізінің мінін таппай.
Жүйрік ем, жеке шапсам, жан салмайтын,
Адастым айтар сөздің бірін таппай.
Қамалып тұтқиылда қалдым тұрып,
Қайымның қасып айтар ығын таппай.
Басында басқындатып біраз ғана,
Қыз алды сөзбен кегін атпай, шаппай.

Сөзіне сөз таба алмай кеттім бұғып,
Біле алмай не дерімді есім шығып.
Тағы да қыз тоқталмай сөйлеп кетті,
Жүрмін деп алысқанның бәрін жығып.

Бауыздап мақтаменен бір баулайды,
Сөзбенен тұншықтырып жерге тығып.
Қақпаға қара малдай қаша көнген,
Жерім сол ылдилаған сөзден ығып.

Ырысжан:

Бір таудың жан салмаған ақтан кері,
Шыдайды егес жерде ердің ері.
Сыпайы, сынық қылмай, келтіріп айт,
Болады өлеңнің де оқа, зері.
Сен — Әсет, мен — Ырысжан әлем білген,
Екеуміз тартысалық әрі-бері.

Қорғалап не ғып отыр, бойын бағып,
Жұрт бұлдап тұмарлаған белгі тағып.
«Атар киік — адырға» дегендейін,
Айтпасаң, нысанаға келдің не ғып?
Аянып өлеңіңді отырмысың,
Құмардың жұрт көңіліне отын жағып?
Барабар Ырысжанмен деуші еді жұрт,
Жүр екен өсекшілер босқа лағып.

Осы ма атақтыңыз Әсет деген,
Бере ме өнер пайда көрсетпеген?
Топастау торы шалақтың біреуі ғой,
Мұны кім зор білгішке есептеген?
Үрейің мұнша неге ұша қалды,
Бұл жерде жалмауыз жоқ кісі жеген.
Шаппайтын, желмейтұғын жорға десем,
Ақша майға семірген еккен көбең.
Көбеңдігің көрінді көлденеңнен.
Заты ұрғашы әйелден болдың төмен.
Алаяқ, жан салмайтын жүйрік десем,
Әншейін-ақ екен ғой, сығыр деген.

* * *

Қыз сөзі өңменімнен кетті-ау өтіп,
Еттен өтіп, сүйекке тұрды жетіп.
Дұрыс па ұстасқан соң күреспеген,
Білмедім қашарымды қыздан нетіп.
Әйтеуір, тисе, күйсе бір жауап деп,
Жібердім сол арада ән гулетіп.

Ә с е т:

Басында нұрын мақтап, нәзік белден,
Сөз ұғар нәсілі таза айтқан жерден:
Сөзіңнің қатты, жұмсақ — бәрі әдемі,
Шыққандай тыңдаған жан қайғы-шерден.

Алдыңнан адам шығып көрмеген соң,
Үйрендің қатаң шауып ылди, өрден.
Тірі жан менен өзге туған жоқ деп,
Алыпсың күпір мінез әзәзілден.

Қыз едің, естуімше, кемел ойлы,
Білетін үлгі, өнеге, әрбір жолды.
Сыйғызбай күпірлігі жер жүзіне,
Ғазәзіл имам еді, шайтан болды.
Тірі жан менен өзге туған жоқ деп,
Сөзің бар қарлы-жаңбыр, оңды-солды.

Шөп желке, шошаңдатпа қабағыңды,
Дәнігіп бастай берме баяғыңды.
Шарам кеңнен шабылған қарашормын.
Тартармын, асықпасаң, табағыңды.
Соғатын албастыңды әкең менмін,
Байқайсың аңдап-аңдап аяғыңды.

Ы р ы с ж а н:

Соғады сөзің қалай қардан суық,
Қасыма ақырындап келдің жуық.
Артымнан тасымалдап әрең жеттің,
Апшыңды қуырайын сөзбен буып.
Он түңлік, бес қазылық Сарыарқамда,
Арғын теңдік алған жоқ менен туып.
Алты ақын Аязбай мен Шашубайлар,
Артымнан жете алған жоқ құстай қуып.

Бағымнан құдай берген өте алған жоқ,
Жеңілмей бәрі де аман кете алған жоқ.
Бір шыққан Қарқаралыға қызыл гүлмін,
Ексе де бөтен баққа біте алғам жоқ.
Арғынға неше түрлі өлең айттым,
Қадірін жауабымның күте алған жоқ.

Дау айтып күні бұрын керіспелік,
Майданда озса, жүйрікке есептелік.

Орта жүз тегіс білген Ырысжанмын,
Жыланды үш кертсе де кесірткелік.

Ә с е т:

Дәндеп қапсыз Аязбай, Шашубайдан,
Болыпсың өнегелі үлгі жайдан.
Қиуасыз мақтан сөзді сөйлегенмен
Қыран бүркіт жасқанбас бозторғайдан.
Ырысжан түгіл орта жүз түк қылған жоқ,
Уақ, керей, жеңілген арғын, найман.

Сәулең болса, байқарсың сөздің түрін,
Менен артық білмейсің елдің сырын.
Қарқаралы, Семей, Омбы, Қараөткелмен,
Білемін он дуанның ой мен қырын.
Екінші сөзін тектеп сөйлесін деп,
Көрсеттім алты қырдан әннің түрін.
Бәйгені байтал шауып алған емес,
Ырбаңдап қылжаңдама менен бұрын!
Әлі барда аузыңды тый деп едім,
Сөзіңді өлшеп сөйле, әй, жексұрын.
Мінезіңнен, бойыңнан мін тапқыздың,
Қабағым емес еді қызға қырын.
Екі өрдің, ерегессе, бірі өлер,
Мен тартсам, желқомыңнан қалмас жырым.

Ы р ы с ж а н:

Бата беріп, осы жерге көп әкелген,
Айтыссын Әсекеңмен деп әкелген.
Кекектеп келген жерден байтал дейді.
Бойына таудан үлкен кек әкелген.
Білмейтін жар қадірін өулекіні,
Өлшемей осы жұртым неге әкелген?!

Ә с е т:

Бұл сөзің дұрыс емес, тәңір атқан,
Байқадым шымбайыңа сөзім батқан.
Байтал деген сөзімнің мәнісін біл,
Мал қылып мен емеспін маңыратқан?
Қырық жеті қызды алады шал берсе де,
Қалайша байтал санап малға сатқан?

Тату дос, шын ниетпен саған теңмін,
Асылын байқап сөйле артық, кемнің.
Айыр көмей, жез таңдай, қаусырма жақ,

Алты арысқа білінген әкең менмін.
Сен менің бағып жүрген тоқтымдайсың,
Қасқырша, қарным ашса, басып жермін.
Байқармын сөз тамырын тартысқанда,
Жығылмай тұзу кетсең, ақын дермін.

Ырысжан:

Рас ақын осындай дүрден шығар,
Соқтадай сорақы сөз кімнен шығар?
Қасқыр болса қой жейтін анық сырттан,
Арлансып өз ойында жүрген шығар.
Арлан төбет сықылды аңғал ақын,
Ырылдап қотанында үрген шығар.
Арлан қасқыр екен деп жасқанам ба,
Қайдағы қу сұмдық сөз бізден шығар.
Сізді де қалай айтты деп сөкпейін,
Жаныңа жауап барып тиген шығар.
Менің Ырысжан екенім байқай алмай,
Әншейін бір қыз ғой деп кірген шығар.

Әсет:

Тиегін тиер сөздің айттың шенеп,
Көтермелеп өзіңді өзің демеп.
Ессіз, есірік, әйелдің ақымағы,
Екі аяқты айтады итке төңеп.
Кеудесі кең өрескел, албыт ауыз,
Әдептей аттаған соң солай демек.

Ырысжан, өзге ақыннан мазалысың,
Жел сөз бен тантық сөздің азанысың.
Ер төбет те, ұрғашы — өлекшіні,
Болуға сен де қаншық жазалысың.
Алпыс итті еріткен ақ қаншығым,
Әйелдің төмен етек наданысың.

Ырысжан:

Ақынның тура келмей данасына,
Соқтықтым жанып тұрған шаласына.
Денеңнің қоржын толмас кеспірі бар,
Бойыңның көзім толмас қарасына.
Осы жұрт жөнді білмей соқтықтырды,
Майқының жұдырықтай баласына.
Табысып татулықпен сөйлеселік,
Қыстырмай ұят сөзді арасына

Ә с е т:

Топанның тура келдің тасқынына,
Тасыған Ніл дария басқынына.
Бұйырған қай жұмысқа толмап едім,
Не кінә тауып тұрсың жастығыма?
Теңгермей, тексерместан бала дейсің,
Қарашы құрдым қыздың қастығына.
Сендей екі кәрі қыз жатушы еді,
Біреуі аяқ, біреуі жастығымда.
Жанарлы жар қадірін білмейтұғын,
Жетті ғой жаңа көзім настығына.

Ы р ы с ж а н:

Әсеттің біліп едім бала екенін,
Жарқырап жанып тұрған шала екенін.
Жеткем жоқ жиырмаға, әдіра қал,
Ырысжанның қайдан білдің кәрі екенін?
Шалығын әр сөзіңнің абайлаймын,
Шекеңнің ашуланшақ тар екенін.
Бағана көрген жерден байқап едім,
Бойыңда зор кесапат бар екенін.

Ә с е т:

Абайла қызға жігіт дәрі екенін,
Сүйкімді, сұлу болса, жар екенін.
Ат жақты, албыт ауыз, көкіме қыз,
Өңіңнің жаңа көрдім сары екенін.
Мен қашан әжетіңе жарамап ем,
Әсеттің қайдан білдің бала екенін?

Ы р ы с ж а н:

Жіңішке бойың нәзік, қылдырықтай,
Сөйтсе де, сөзің ұшқыр бұлдырықтай.
Қу бала-ай, бала демей, не деуші едім,
Көзіме көрінесің жұдырықтай.
Қалай қашсам мойынға түсердейсің,
Ыңғайлы қашағанға тал құрықтай.
Қызығып қыз екен деп далбаңдама,
Тұйғынның жемін құған кезқұйрықтай!

Ә с е т:

Өзіңе өзің болдың әулиедей,
Жақсыға аруақ қонбас ел сүйемей.
Кәрі ит-ау, кәрі демей, не деуші едім,
Қаңқайып көрінесің, нар түйедей.

Ақ түскен самайыңа, бетіңде әжім,
Ақпанда құлын салған боз биедей.
Нәсілің, затың таза көрінбейді,
Болса да екі бетің қан шиедей.

Ы р ы с ж а н:

Әсаға, осы сөзден адасалық,
Аз ғана әзіл сөзбен жанасалық!
Біріміз үлкен, біріміз кіші болмай,
Кел, енді жасымызды санасалық!

Ә с е т:

Кәрі, жас, айырамын беттің нұрын,
Білемін жауабыңның жаққан сырын.
Санасып-ақ көрелік жасымызды,
Жасымды мен айтпаймын сенен бұрын.
Естіп алып кетесің кішірейіп,
Қылт еткізбей білемін қыздың сырын.
Ет пен сүйек толысып түгелденіп,
Болған жоқ кәмал жетік анық сыным.

Ы р ы с ж а н:

Қараңыз келістіріп келбетіме,
Дауа жоқ сұрап алған бейнетіме.
Әсеке, анық жасым баян болсын,
Шығып ем он алтыдан он жетіге.
Жастығымды танымай келбетімнен,
Жұртым-ау, жолығып па ем әулекіге?
Қалайша көңілің толмай олқысындың?
Талайлар мас болушы еді сәулетіме.

Ә с е т:

Тағады теңге шашбау қыз артына,
Жаққанмын жас күнімнен өз халқыма.
Ырысжан, ибаменен сырласайық,
Шығып ем он бес жастан он алтыға.
Басымнан сөз асырып көрмеген соң,
Күйдірдім кәрісін деп сөз салтына.
Орнығып, ойқастамай сөйлеселік,
Екі сөз түгел келсе бір шартына.

Ы р ы с ж а н:

Біріміз ойда, біріміз қырда екенбіз,
Мұқтаж көңіл, барабар мұңлы екенбіз.
Он алты, он жетідө айырма жоқ,
Арамыз бір-ақ жылдық құрбы екеміз.

Көркем сөйле, жұрт тыңдап көңілденсін,
Отырған халайыққа үлгі екенбіз.
Шешен тілі, шебердің қолы ортақ,
Әр жерде ақылдыға жолды екенбіз.

Ә с е т:

Өлеңге соғып тұрған жел екенбіз,
Жиылып тыңдаушыға мерекеміз.
Он алты, он жетіде айырма жоқ,
Арамыз бір-ақ жылдық төл екенбіз.
Көңілің баласынбай жаңа орнықса,
Қашалық Семей жаққа кел екеуміз!

Ы р ы с ж а н:

Қарқабат, Қаракесекті етпеймін бел,
Аузымнан әһ дегенде шығады жел.
Жігіттің қыз алатын түрі қандай,
Нарқыңды айырайын қасыма кел.

Ә с е т:

Мұраты қыз бен жігіт — алған, берген,
Басынан дәурен өтсе, арман көрген.
Құда түсе келгем жоқ, қыз айттыра,
Түрімді көрем дейсің салған жерден.
Қасына кәрі қыздың бармаушы едім,
Бересің, барсам, орын қандай жерден?

Ы р ы с ж а н:

Көшкенде жылқы айдаймын күрең кермен,
Бозбала жол бастайтын жүрсін бермен.
Қасына қыз шақырса, қорғанбай кел,
Аласың қыздан орын сүйген жерден.
Отырып босағада үйреніп пе ең,
Қасыңа мен барам ба салған жерден?

Арқада Абылай, Бөкей хандарым бар,
Ел кезген кедейлікпен аңғарың бар.
Әлде сонан ұялып отырмысың,
Бұтыңда жыртық-жыртық шалбарың бар.

Ә с е т:

Өнерлі би, үлгілі хандарым бар,
Қадірлі, қасиетті жандарым бар.
Туысыма шыдамай сауда қылдым,
Әйтпесе, күн көрерлік малдарым бар.

Жақсынын бір жамансыз күні болмас,
Бір киер көрушіге шалбарым бар.
Семейдің бір мырзасын қасыңа алып,
Салдақы, өліп кетсең, нә арманың бар?!

Ы р ы с ж а н:

Қу бала-ай, сөз табасың не керектен,
Қай сөзің дәл тиеді зеңберіктен.
Олай десең, қасыма қорғанбай кел,
Ер сүйегін танымын кебенектен.

* * *

Қол қойдым осы қыздың данасына,
Көздерің көрмесе де нанасың ба?
Алдап айтқан сөзіне аңқау басым,
Аңқайып жетіп бардым қыз қасына.
Дұшпаны өзі алдына кегеннен соң,
Бетімді тырнап алмай, аясын ба?
Әркімнің өзі шыққан тауы биік,
Әсеттің беделіне қарасын ба?

* * *

Ы р ы с ж а н: (сөзін жалғастырып):

Шапқан бірдей болмайды желгенменен,
Мен жар болман, көңіліңді бөлгенменен.
Алдағанға келесің адыраңдап,
Не бітірдің қасыма келгенменен?
Ел аралап жүргенге, білгіш десем,
Бар екен талай мінің жөнделмеген.

Қарасам шалбарыңа, жалбыр-жалбыр,
Алдағанға көнесің, надан қалжыр.
Әншейін келеке етіп кел дегенге,
Келесің шын өңмеңдеп, құдай алғыр!

Ә с е т:

Сүйкімсіз қай-қайдағы сөзге барсың,
Құрбыңа қызыл гүлдей ынтызарсың.
Итті де шақырып ап ұрмаушы еді,
Қос қыртыс, екі сөзді сайқал қарсың.

Кигенің аяғыңа шегелі етік,
Сылқым қыз жаралар ма сенен өтіп,

Сүйкімсіз, шақырғанда сүйте ме екен,
Заматта бұзыласың қылт-сылт етіп.
Қасыңа сырыңды алған адам келмес,
Алдарсың әзәзілдей бір бұлт етіп.
Сыртың — адам, шақпалы ішің — жылан,
Қараң қалғыр, барасың қайда кетіп?
Қос түйме омырауыңда жарасып тұр,
Келіп ем ұстайын деп, әуес етіп.

Ы р ы с ж а н:

Қу бала, бұл сөзіңе сене алмаймын,
Сөзіңе алдап айтқан көне алмаймын.
Иесі бар түймемнің, қолқалама,
Қымбатты қолың жетпес бере алмаймын.
Семейден бір салт атты келіпті деп,
Соңынан жолаушының ере алмаймын.
Сайда саның, құмда ізің көрінбейді,
Бір кетсем, Қарқаралды көре алмаймын.

Ә с е т:

Қарашы кәрі қыздың айтқан сөзін,
Қадайды аудармастан екі көзін.
Жатақта нан жеп жүрген кедей қызы,
Маған түйме бермейтін кімсің өзің?
Сен құрғыр жолаушыны менсінбейсің,
Ежелгі сарт болмаса сырмінезің.
Байқағанға паңдығын толып жатыр,
Ұқсайды ібіліске бойкүйезің.

Ы р ы с ж а н:

Аяулы Әсағаңның санасы бар,
Бойымда түйме деген жаласы бар.
Түймемді ебін тапсаң ұстар едің,
Санаулы төрт-ақ жұмбақ бағасы бар.

Жол тауып жүре алмасаң, көзіңнен көр,
Сөз тауып шеше алмасаң өзіңнен көр.
Төрт сөзді түгел тәмам таба алмасаң,
Тимейді түймем саған, өзіңнен көр.

Ізденіп таба алмасаң, далаға кет!
Екі көзің телміріп қалаға кет.
Түймемнің төрт-ақ ауыз жұмбағы бар,
Таппасаң, шұлғауымнан садаға кет!

Ә с е т:

Ерегес майдан қылдық екеу ара,
Соқтығып алаяқпен жеке дара.
Қорғанып қыз жеңер деп отырғам жоқ,
Жұмбағың жүз болса да, айтып қара.
Байлап қой, төрт сөзіңе уағдаңды
Жұғады біреуімізге бір масқара.

* * *

Қыз айтты ә дегенде бір жұмбағын:
«Аузыма ағытылып кір, жұмбағым!»
Отырған Қарқаралдың хан, қарасы.
Жүйріктен екі қыран сөз тыңдағын.

* * *

Ы р ы с ж а н:

Бір сарай нұрланады жалғыз «меммен»,
«Ра» мен «нон», «хи» менен «зи» оған ерген.
Бұл бес харіп бес сөздің әуелінде,
Білдің бе мағынасын қайдан келген?

Жапанда бір бәйтерек шыққан биік,
Көрінер көлеңкесі көкке тиіп.
Жемісі мәуесімен жарасулы,
Сенімді сегіз бұтақ тұрған иіп.

Ол бұтақ қорқытады жүрек шайып,
Теректің жапырағын елге жайып.
Жұмыртқа басып шайқап екі ителгі,
Өргізіп ұшырады бір бидайық.
Әз атаның баласы жалғыз қыран,
Сегіз-тоғыз лашын жүрер жайып.
Ішінде қырық-отыздай құзғын да бар,
Үш жылда бір нәр татар өліп-талып.
Баршасын қаратады бір ителгі,
Жапалақ жалбақ қағып шыр айналып.
Ішінде жүзден аса күйкентай бар,
Олар да қорек қылар тышқан қағып.
Асқан ақын даңғайыр болсаң дағы,
Әсеке, таба аларсың мұны нағып.
Бір теректен осынша құс өргізіп,
Алып кел атын атап, белгі тағып.

Әсет:

Бір сарай нұрланатын Меке дүр — «мем»,
Қажы — парыз бай кісіге қақтан келген.
«Нон» — намаз, «ра» — руза, «зи» — зекет дүр,
Парыздың енді бірі иман білген.
«Хи» — хажы, исламның бесіншісі,
Кәзарах мағынасында көзім көрген.

Сұрасаң, әділ кеңес көпке жеткен,
Көңіліңді сөз кемітіп өкпелетпен.
Бәйтерек жапандағы — ақ падиша,
Көңілі ұлықтықпен көкке жеткен.

Ұлық тақтан таймайды, халыққа жақса,
Қатын байға еркелер бала тапса.
Дегенің сегіз бұтақ — сегіз санат,
Жайылған жапырағы — қағаз ақша.

Алла деген — пенденің тұрар бағы,
Ақынның жарамайды сыңаржағы.
Жұмыртқа басып, шайқап шығаратын,
Ояз бен помощник дуандағы.

Алаштың Сарыарқада елі жиі,
Жетіп тұр қызыл тілден сөздің иі.
Әз атаның баласы қыран — болыс,
Әлгі сегіз лашын — сегіз биі.

Бақты кісі күледі бағы кемге,
Құдайдың риза бол берген демге.
Отыз-қырықтай құзғының — елубасы,
Үш жылда нәр татқаны он бес теңге.
Сайлауда шарын салып соны алады,
Оларға не пайда бар онан өңге?

Ел мазасы кетеді мұндайлардан,
Халыққа тынышталмас ыңғайлардан.
Жемтік жеген құзғындай желөкпелер,
Он қаршыға — старшын ыңғайланған.
Сотқар, содырды түзеткен бір судья,
Жапалағы — жасауыл шыр айналған.

Таппағанға жұмбағың қиын екен,
Күлкі жоқта қылатын ойын екен.

Жүзден аса күйкентай — онбасылар,
Қағып жеген тышқаны — тиын екен.
Хан-қара, би-болысты жұмбақ қылдың,
Жауабың сенің дағы сыйымды екен.

* * *

Ойда жоқ оңай сөзбен жеңем деген,
Ақын қыз шамасынша зейінді екен.

* * *

«Сөзімді сұрап әлі сөкпе,— дейді,—
Әліңнен артық сөйлеп кетпе,— дейді.—
Әлгі айтқан жұмбағымды азырқансаң,
Мен санын жеткізейін көпке»,— дейді.

Ы р ы с ж а н:

Қос әйнек шыны да емес, темір де емес,
Еш адам түзете алмас болса көмес.
Ашылып, жабылады пружинамен,
Ол өзі — қымбат нәрсе, арзан да емес.

Ол үйдің екі тесік бір пешінде,
Кірпіші жоқ қалаған іргесінде.
Сырттан воздух тартады магнитпен,
Қалқиған екі үңгір бар түрмесінде.
Өзіңдей жөнді ақыннан сұрамап ем,
Әсаға, мұның жайын білесің бе?

Ол үйде машина бар неше бөлек,
Қозғалар керегесі бір-ақ келіп.
Талайды таң қаларлық көрер едің,
Қаласың сасығынан кірсең өліп.

Ол үйде майсыз лаулап жанады шам,
Әр түрлі машина бар қаларлық таң.
Шам сөнсе, барша тетік бұзылады,
Жаға алмас қайта өзіндей ешбір адам.
Түгендеп осы сөзді шеше алмасаң,
Түйемнен үш айналып кет садағам!

Ә с е т:

Түп-түзу оқтан өткір айтқан сөзің,
Шешуі осы жұмбақ — жалған өзің.

«Қос әйнек шыны да емес, темір де емес»—
Ашылған қан тамырмен екі көзің.

Әйел зат төмен етек руыңыз,
Мағлұм сөз табылса тұруыңыз.
«Кірпіші жоқ қаланған екі тесік»—
Ол — тыныс, дем тартатын мұрыныңыз.

Бұл сөзді сынамаққа сұрадыңыз,
Шешейін хасыл болса мұрадыңыз.
Сырттағы тамам сөзді еститұғын
Екі үңгір түрмедегі — құлағыңыз.

Адамның көре алмайсың ішін ашып,
Тәні түр перде болып сыртын басып.
Машина — әр түрлі ішек, өкпе жүрек,
Көңілсіз, көрер едің, қарның сасық.

Пружинамен жаратқан пенде тәнін,
Себеп қып тіршіліктің татар дәмін.
Майсыз лаулап жанған шам кеудеңдегі —
Қан қуатпен қозғалған жалғыз жаның,
Жан кетсе, барша тетік бұзылады,
Әмірін басқа жаға алмас бір алланың.

Бұл бір оңай жұмбақ қой көңілдегі,
Дұрыс па қыздан Әсет жеңілмегі?
Арғын, найман, алты арыс уақ, керей —
Сап жүйрікпін Сарыарқа өңірдегі.
Адамның бар денесін жұмбақ қылып,
Қалды ғой енді әкеңнің кеңірдегі.

Ы р ы с ж а н:

Әсаға, сыртыңыздан көп естуші ем,
Айтпаса халық жалған неге естуші ем?
Шатып-бұтқан ақынның бірі ғой деп,
Күнәңді бөле жара жөп естуші ем.

Жұмбағымның айтайын үшіншісін,
Сөзімді түгелдеп бер жетсе күшің.
Төрт сөз түгел болғанда, түйем сіздік
Жалғанда жауап сұрап түскен ісім.

Арықтап бір түйе өлді жетіп ажал,
Майы бар алты батпан, безбенге сал.

Сүйегі жерде де емес, көкте де емес,
Білдің бе мұның өзі қайда өлген мал?

Артылған мәртебеңіз талай жұрттан,
Көрген жоқ сізді сөгіп біреу сырттан.
Жаңағы алты батпан түскен майдың,
Санасаң әр батпаны сегіз пұттан.
Жілігі жиырма төрт, топайы бес,
Шамалап өлшеп байқа ертелі-кеш.
Осыны найжағайдай жарқылдатып,
Әсаға, бас-аяғын түгелдеп шеш!

Ә с е т:

Ырысжан, бұлбұл қызсың жұрттан аса,
Сөйтсе де бір сырың жоқ менен таса.
Менен өзге бір адам таба алмайды,
Мұны да бір күн, бір түн ойламаса.

Домбыра саған ерген бұлбұл екен,
Ырысжан қара сөзге қырғын екен.
Арықтап оттай алмай өлген түйең,
Ақылмен абайласам, бір жыл екен.

Ол түйең арық емес, семіз еді,
Халыққа түрлі нығмет жегізеді.
Жылды өлтіріп өтірік арықтатып,
Осынша жалған сөйлеу неңіз еді?

Болады осылайша сөздің жайы,
Ақынның жарамайды құр айғайы.
Түйеден алты батпан түскен майың —
Санаулы бір жылдағы жаздың айы.

Тамаша, тапқан сөздің бар ма міні?
Болады осылайша сөздің шыны.
Әр батпаны сегіз пұт деген сөзің —
Оралған бір жұманың сегіз күні.

Жүрекке таппаған сөз жұда болар,
Бір үлкен жалған айтсаң, күнә болар.
«Жілігі жиырма төрт» деген сөзің —
Оралған алты айдағы жұма болар.
Жыл сүйегі жер менен көкте де жоқ,
Атын бар ғып жаратқан құда болар.

Белгілі маған сол мен оңқайыңыз,
Таба алмасам, өкпелеп томпайыңыз.
Бұл арадан намақұл болып жүрме,
Бес намаз — бесеу деген топайыңыз.
Мен шаққанда топайды кеміретсіз,
Шетіне дастарқанның шоқайыңыз.

Ы р ы с ж а н:

Бағыма бұлбұл Әсет болған ақын,
Кім сөгер орта жүздің қолқанатын.
Сөз көшесін қыдырған көрегенсің,
Жерің жоқ бір мүдіріп толғанатын.
Мәселе бір-ақ ауыз жұмбақ қалды,
Орын жоқ онан ары зорланатын.
Алты мың жан иесі хайуанаттар,
Олардың қандай адам қойған атын?
Хайуанат набат атпен, нажас атпен,
Әлемнің он сегіз мың білген затын.
Есім берген ұстаздан өзі үйренбей,
Ұнатқан оймен тауып үш қажатын.

Ол өзі қай есімді таққа мінді,
Ол адам қай фирқадан, қандай дінді?
Періштелер білмеген ғылым еді,
Ойменен иптидай қайдан білді?

Он сегіз мың әлемге ат қойған кім,
Иесі кімге: «Ат қой!»— деп әмір қылды?
Онан әрі сұрайтын жұмбағым жоқ,
Ашып бер, шамаң келсе, бұл мүшкілді,

Ә с е т:

Айтпассыз ағат сөйлеп, білсек қата,
Ақын деп алғаш маған берген бата.
Әлемді он сегіз мың үшке бөліп,
Ат қойған өз ойымен Адам ата.

Ол өзі раһрап деген таққа мінді,
Анық қақты таныған асыл дінді.
Бірі жарық, біреуі қараңғы деп,
Аспанға мәшһүр еткен ай мен күнді.

Құрт-құмырсқа, ұшқан құс, мал-хайуан,
Жан иесі адамзат, пері, жынды.
Көкте жұлдыз, ай мен күн, періште, аспан,

Жансыз нәрсе тағы ағаш, шөп пен құмды.
Қар, жаңбыр, қыс пенен күз, жаз фасылы,
Оларға атап-атап есім берді.

Айтыстық таңертеңнен, күн болды кеш,
Жұмбағың түгелденді болса да бес.
Төрт сөзің түгелденсе, жол менікі,
Бер дағы қос түймеңді, беліңді шеш!

* * *

Қыз сонда әдебінен аспай келді,
Аяғын титтей қия баспай келді.
Шетіне орамалдық жүзік түйіп,
Алдыма бір торғынды тастай берді.

Торғынға түйген екен алтын жүзік,
Майданда екі қыран қандай қызық!
Бозбала, сөз тыңдаған халық жиі,
Барады омыраулап үйді бұзып.
Қызыл үй мен келгенде сегіз қанат,
Туырлық, түк қалмады түндік, үзік.
Басында бүгежектеп отырсам да,
Бәйге алдым ақырында қамал бұзып.

Осындай Қарқаралға барған жерім,
Серуенді қыз қыранмен салған жерім.
Түбінде ақындықпен жеңгенім жоқ,
Уәдеге тоқталып қалған жерім.

Серт бойынша белгі боп екі түйме,
Алтын жүзік, бір торғын алған жерім.
Заты ұрғашы демесең төмен етек,
Әйелдің көрдім сондай бағлан керін.

ӘСЕТ ПЕН КӘРІБАЙ

Әуелі сиынайын патша құдай,
Шайтанның шариғаттан былай.
Жерінде тоқты сойған, түнеме еткен,
Бұлбұлы Жолымбеттің мен Кәрібай.

Табылмас жігітке ақыл жан сасқанда,
Нағыздың сабыры жерде, кілті аспанда.
Бір кісі Қожағұлдан опат болып,
Бас қосқан орыс, қытай жиынында.

Жігітке оңай емес дүние құмақ,
Нарқы бар осы сөздің талай тармақ.

Ту алып, тұлпар мінген консул Қалдай,
Тар есік күндер болды екіталай.
Ие боп екі жұртты бөліп алды,
Сүлеймен, даулы болып ер Жалбағай.
Шығысып екі ханнан алпыс шерік,
Құрысып патшалығын тартып керней.

Жүз кісі тәуекел деп түстік жолға,
Кейі аяң, кейі мінген толық жорға.
Бас қосып төрт үкірдай, елу болыс,
Ұстады екеуімізді қолдан-қолға.
Найманның шарықтаған қыраны едім,
Байқаусыз түсе жаздым жайған торға.
Алаштың әлі бетім бейне алмастай,
Құдайым, не сапардың артын оңда!

Мұрынның ақсақалы Бөкенші нар,
Билеуші Тілепалды, Жапабай бар.
Асылбек, Қыдырмолда, би Бексұлтан,
Омары Шерекеңнің өңшең дегдар.

Сөйледім тыңдаушының қалағанын,
Қалауға қасиет қой жарағаным.
Қырық сан, қырым топтан бәйге әпер деп,
Құрышпен Төлегетай тағаладым.
Әсетпен руы арғын сөз сөйлестім,
Әр істің тыңдап едік даналарын.

Жаратқан қарсы-гүрсі лаухыл ғалам,
Болмайды бұл сөз әлі түгел тамам.

Бал тамған бармағынан ер еді деп,
Келдім деп Сүлейменге бердім салам.

Сүлеймен Қабанбайдың баласы еді,
Сауыттың оқ тимеген жағасы еді.
Мыңнан жүйрік мінгізген жүкті бояқ,
Сол ердің жолдастығы рас еді.

Сүлеймен саламнан соң сөгіп кетті,
Көрмеді бұрынғыдай, сыртқа тепті.
«Ерім өліп, Ертісім бұзылғанда,
Кәрібай, көңіл айтпай, саған нетті?
Ақылын төре, қара жамап бер!»— деп,
Әкеліп бір домбыра жарлық етті.
Әуел деп бір домбыра қылды әмір,
Қоймады ән салмасқа Сүкем сабыр.

Ішімнен хаққа жылап тәуекел деп,
Жағынан күннің шығыс қылдым дауыл.
Ащы айғай кебір үйде тозаң болып,
Жиналып мың жарым қол болды кәміл.
«Бір алла таразыңды тайғызба!»— деп,
Әмин деп қол көтерді аға, бауыр.

Шақырдым Қабанбайдың әруағын,
Жерді ойған Төлегетай салмағын.
Отырған сияз үйде он екі би,
Кіргіздім ата затпен сөз ырғағын.
Ерлігін Сүлейменнің көл деп айттым,
Төбіреңтөс талай жайдың қармағын.
Ту алып, тұлпар мінген ер Қабанбай
Бір күнде қырық қолдың жолын ашқан.
Ту алып, тұлпар мінген Әбілпейіз
Оралып мұсылманға жарлық шашқан.

Артынан хан Қамбардың ер Ботабай
Жүргізген ғәділдігін әр тарапқа.
Сүлеке, ашуды қой, түс сабырға,
Ісіңді бергеннен соң шарифатқа.
Бүкенші, Мамырбекпен және он би бар,
Мал кеспей тастамайды ысырапқа.

Бұл дүние, ойлап тұрсам, қапыл еді,
Құдайға құлшылықтар мақұл еді.
Сымпыып сұр жыландай Әсет келді,
Сөз жайлап осылайша жатыр еді.

Іләмпік іші-тысы құндыз бөрік,
Өзіне өзі келді сәулет беріп.
Жиылған керей, найман ғашықланды,
Жүйрігі екі арыстың душар келіп.

Мен реңді Әсетті Сүлеймен сөгіп кетті,
«Сен дағы ән сал жұрт шама!»— деп әмір етті.
О дағы әзір жауап бейбоз екен,
Қиқулап қоңыр қаздай сөйлеп кетті.

Ән салды буырқанып Әсет ақын,
Байқаған оқып-шоқып сөздің нарқын.
Төрт ұлын Төлегетайдың түгел айтты,
Жатқа да алған екен елдің шарқын,—
Осындай екі жүйрік жарысқан соң,
Қалың ел басып кетті қара барқын.
Бір жазым сөзден оқыс бола ма деп,
Бойсырап көп толғанды біздің алқым.

Бір нәубет Әсет сөйлеп маған берді,
Сол сөзді керей, найман көзбен көрді.
Сөзінің басы мақтау, соңы кекеу,
Ішінен нығай мені сөз сөйледі.

— Сүлеке, сіз найманда мазалысыз,
Түседі жатты көрсе, ажарыңыз.
Ғайыптан қазына сөзді түгел жидым,
Жетсе де бүгін жаудан ажалымыз.

Тыңдады екі патша ел көзбен көріп,
Болмайды шіркін дүние жанға серік.
Әсет сонда домбырасын жұлып алды,
Әлгі ажал деген сөзді бөгде көріп.

Ән салды екінші Әсет шығанақтап,
Кәрібайды жамандады, өзін мақтап.
Аттың, құстың асылын өзі қылды,
Қарғаны кетейін деп жерге таптап.
Түк қоймай асты-үстімді айналдырды,
Ісмердің балғасындай мыс қып қақтап.

Енді ел білді Әсетпен айтыстарды,
Жанжал қып, жағаласып тартысарды.
Өзінен шерік кемге өлшеген соң,
Бұл сөзге қаракерей намыстанды.

Іздеді біреу шауып бір ағашты,
Минутта алып келді қу ағашты.
Ішімнен хаққа жылап, тәуекел деп,
Дауластым жүдетпен деп қарындасты.

Тыңдады сөкпей, соқпай қытай, орыс,
Жайсаң, Күршім, Лепсі ояз, Семей облыс.
«Кәрібай, қара басып отыр ма?»— деп,
Ақ найман түртіп қалды Кәлім болыс.

— Айтыс,— деді,— мына Әсетпен арыс салып,
Отырсың неге тойпаң шалыстанып?
Шабандамәй, арғынның керегін бер,
Сөзіңнің артық, кемін қарысталық».
Осындай хан, халайық дулаған соң,
Қайткенше екі жүйрік жарыспалық.

Ә с е т:

Мұсылман қайтарған жоқ тауанымды,
Дағды алған көрсетейін амалымды.
Кәлім түртіп, бар найман шулай қалдың,
Көрсетші маған қойған зауалыңды!

Билеуші, сен отырма шағыстырып,
Менімен бір байқарсың жарыстырып.
Қаңтарда қалшылдаған қарт бурамын,
Байқарсың жас тайлағың алыстырып.
Ілейін қыран құстай аш өкпеңнен,
Бар найман жер шұқырсың намыс қылып.

Қой болмас қорыққанмен кекесінің,
Бір зорлық көрсетейін сөз есімін.
Ербеңдеп иығыма шыға қалдың,
Үйреткен өзім тәлім текешігім.

К ә р і б а й:

Сонда мен ләбіз қылдым а құдайлап,
Шақырдым екі ұранды Боранбайлап.
Түйіліп бұл қашқынды бір ілейін,
Тас түлек ақиықша көзім жайнап.
Найманның екі жүзді наркескенім,
Желкеңді қидырғалы жүрген қайрап.
Боқ-жының араласқан бәкене құл,
Қаласың ат астында сорың қайнап.

Арғынның қаңғырғаны талай келген,
Біреуі осы Әсет қой көзің көрген.
Найманға кеп бүтіндеп кебенегін,
Таңлақсыз жалғыз жүйрік менмін деген.

Мың қойды өткіз судан, серке болсаң,
Былпылдақ мың кісілік көрпе болсаң.
Қазы шайнап, қаз мойынды сұлу жайлап,
Өз еліңде жүрсең нетті ерке болсаң?

Ә с е т:

Әуелі мені қолда, бар жалғыз хақ!
Екінші сиынамын, жақсы аруақ!
Алмаған сөзден бәйге Сабырбайдың,
Жеңіпті өмірінше біздің Жанақ.
Не қарға, не ителгі ілінерсің,
Қаларсың сен де сондай жерге қарап.

К ә р і б а й:

Бұл сөзге куә емес пе арғын, найман,
Жеңілген сол Жанағың Нұрлыбайдан.
Бас қосса жеті болыс ер Тана бар,
Жеңілген Орынбайың Кеншімбайдан.
Алмаған сөзден бәйге бәдік мұндар,
Бейшара, бейнет қуып жүрсің қайдан?
Бір ауыз ән салғанға мақтанасың,
Жігітке абырой бермек іс құдайдан.

Ә с е т:

Алаштың жігін бөлген Сара бейбақ,
Біржаннан о да көрді талай зардап.
Не шабақ, не бір шортан ілінерсің,
Жазылды сенен қашан біздің қармақ?

К ә р і б а й:

Ол Сара бейбақ емес, анық саңлақ,
Бетіне бар арғынның салған таңлақ.
Қаңғып келген Біржанды итше көріп,
Әлі сенен кеткен жоқ өткен зардап.
Сараның жауабының міні бар ма,
Айтпапты қарағайды талға жалғап.

Ә с е т:

Делбе ақын ұран салып ел мақтайды,
Үйірін байсалды айғыр ат жақтайды.

Қолыңды көрінгенге тарбайтасың,
Көтеріп иығыңа қу тақтайды.

К ә р і б а й:

Қай жігіт ат қинамас пайдасына,
Алланың ырыздығын алмасына.
Бетіме қу тақтай деп қылдың салық,
Әкеңнің қолыңдағы найзасы ма?

Ә с е т:

Арғынның алшаңдаймын еліменен,
Шыңғыстың ат жүздірдім көліменен.
Ей, Кәрібай, аужайыңды байқап сөйле,
Қой жолдас болмайтұғын бөріменен.

К ә р і б а й:

Найманның сөзін тыңда, сөз орайын,
Жаратқан шопанды артық бар құдайым.
Шопанның қасиетін көрсетейін,
Құланның айғырындай қаңғыртайын,
Қасқыр болсаң, қанжығада көрісерсің,
Ит қосып тірсегіңді қидырайын.

Ә с е т:

Кәрібай, ұзын қандай, шолақ қандай?
Қадірлі ғазиз үйіңе қонақ қандай?
Сиқымсыз, порымсыз боп қайдан келдің,
Жапанда жалғыз жауға тонатқандай?

К ә р і б а й:

Бар байлық, баршылық — бәрі байлық,
Байлайды ердің қолын шіркін жарлық.
Серілік, әумесерлік неңді алып ед,
Жоқ болса үйде қажет нан мен шайлық?
Қаңғып жүріп бұл емшат неңді алып ед,
Басыңда баспанаң жоқ бір қонарлық.

Ә с е т:

Туысы, тұрғысы бір, заманы бір,
Тұлпардың бағы өлшеулі тауаны бір,
Ұлы жүз менің теңім үйсін еді,
Кез келмей өз теңіне құрбысы жүр.
Сөзімді өңменіңнен өткізейін,
Жауапқа, жас тайлағым, сен дайын тұр!

К ә р і б а й:

Менің де атағым бар, аруағым бар,
Көрген жан дабысыма құлақ салар.
Кем емес әлгі үйсіннен тәрбиесі,
Арғы атам ер Жолымбет ілді назар.
Байқарсың мен найманның алтын тезі,
Бұзықты шегеге ұрып жөнге салар.

Ә с е т:

Шығады арғынға ұран Қарқабаттан,
Кәрібай, сөйлемейсің парасаттан.
Болғанда найман жалғыз, арғын тоғыз,
Сол күннен кемшін едің тізе қаққан.
Әрдайым айтқан сөздің өлшеуі бар,
Еп болар артық сөзден ауыз тартқан.

К ә р і б а й:

Шығады найманға ұран Қабанбайдан,
Жолымбет оң қанатын мыңға жайған.
Көшкенде тоқсан нарға жүгі сыймай,
Озбаған қазақ халқы Бұланбайдан.
Мүлгіген жүз жаяуға ат мінгізіп,
Ішінен оза алмаған арғын-найман.
Затының қомағайлық құлдығымен
Жеңілген Тіленші ағаң Кегенбайдан.
Бөліссе, тоқсан ауыл жоқтамайды,
Қай арғын басқа өсімді Тоқабайдан?
Бір ауыз ән салғанға мақтанасың,
Жігітке абырой бермек іс құдайдан.

Ә с е т:

Есеп қыл арғын бай ма, найман бай ма,
Бақ-мүлкі бар найманның арғындай ма?
Тоғыз қос, тоқсан қапқа обороты,
Қай байың өлшеседі, Шорман байға?
Баласы сол, Шорманның кеше Мұса,
Сері еді қолы жеткен күн мен айға.
Азулы ер, айшылық жол өлеңім бар,
Қаларсың түстік жерде сілең қатып.
Қатпал тонның битіндей бір жабайын,
Аларсың сол арадан дәмін татып.

К ә р і б а й:

Есеп қыл арғын бай ма, найман бай ма,
Бар мүлкі бар арғынның наймандай ма?

Қаңғырған найманда арғын толып жатыр,
Қоңырат арба жеккен қолау тай ма?
Туысын сен сияқты тентіреткен,
Жақының Мұса Шорман ар қылмай ма?
Тыңдаған сөзімізді жан мысқалдап,
Сауданы тез қайраған дәл қылмай ма?

Ә с е т:

Ажалыңа кез болдың-ау, ау, Кәрібай,
Топтан тірі шықпайсың жалбырамай.
Ат сауырын бермеген мұсылманға,
Ит-құсты Нұрмұхамед, Досан, Жанай.
Байлығы, батырлығы ұшан-теңіз,
Ол түгіл бір шабақтай болсаң қалай?

Қаржаста бір құтым бар Мұса Шорман,
Үзілмей келе жатқан ескі қордан.
Қазының бел баласы Садуақас,
Бағы өрлеп келе жатыр әлдеқайдан.

К ә р і б а й:

Ел озбас алты байыс руынан,
Айтпайын өзге найман қырымынан.
Басы мұхит, аяғы Қара теңіз,
Дарыған ғайыпберген тұқымынан.
Аттанса ертең ерте, кешке жетер,
Желіде ұзын жатқан құлынынан.
Ер Хасен, мырза Серіш, бай Мүрсәлім,
Күйзелмес алты ұлы ел ұлығынан.
Айтайын Жолымбеттен бері қарай,
Жауапқа дайын тұрмын руымнан.

Ә с е т:

Сүйіндік сөз сөйлейін Қарашордан,
Түстікке көше алмайды дәулет молдан.
Олжабай орта жүзде батыр екен,
Не ғаріпті құтқарған түскен тордан.
Жарайсың бір сөткелік тоятыма,
Қанатым аю ілген бұған қомдан.
Арғынның осы бір аты озған жері,
Анықтап үзілместен қызыр қонған.

К ә р і б а й:

Салайын Қарашорыңа Байжігітті,
Шаянбай, Ботабаймен екі құтты.

Малы халал қазақ жоқ Шаякемдей,
Ұстатқан бүкіл қажы жомарттықты,
Ұрығынан он кісі қажы болып,
Мақтан емес болып тұр дінге мықты.
Жақастың мына отырған Сүлеймені,
Қалмақты Құлыстайдан қойдай атты,
Еңсе үкірдай Шотайда, Қонжа батыр,
Жисаң, арғын жетпейді оған тіпті.
Барларың жоқтарыңа қайыр қылмай,
Кереку, Семей жаққа елің ықты.

Ә с е т:

Бір бай бар біздің елде Иса деген,
Жүз бие күздік етіп сойып жеген.
Өзге бақтың мысалын не қылайын,
Кәміл бар жылқысы да бірер түмен.

К ә р і б а й:

Манақтың сен де естіп қайт мың мен санын
Кәміл бар алты жүз мың ақшалары.
Ескі ақшаны жаңаға айырбастап,
Семейдің жетпей қалған төрт дуаны.
Ақшамен самауырын қайнатқанда,
Петрдің шыдай алмай шыққан жаны.
Боғастың суы ақпай қалады екен,
Бұланның суға түссе жылқы малы. .

Ә с е т:

Найманның тіл былғаман делбесіне,
Көрген жоқ қазақ шыдап сермесіме.
Алдында ақ патшаның ән салғанмын.
Сүйсінген жеті болыс кеңесіме.
Қайраулы қарқабар арғымағым,
Жүрмісің көзің жетпей өлмесіңе?

К ә р і б а й:

Арғынның тіл былғаман шатпасына,
Үй тентек, қазан бұзар от басында.
Үстінде жарты ғана көйлегің бар,
Жылаушы ең Белгібайдың қақпасында.

Ә с е т:

Ант ұрған, құдай ұрған, төңір атқан,
Осыған қайтіп сыйған мұнша мақтан?
Байжігіт беріп жылқы, іштің саумал,
Зәлім ең одан бұрын қулық артқан.

Көңіліне келген істің бәрін мақтап,
Мөнімен сөйлестің-ау әбден шатпақ.
Тоқсан сөздің тобықтай түйіні бар,
Еп болар артық сөзден ауыз тартпақ.

К ә р і б а й:

Әй, Әсет, сен өзіңді сор қамаған,
Жүйрік жоқ дәл өзімдей жорғалаған.
Жалқы емес Байжігітім жамбы берді,
Арғынға мал қажет деп іздеп барман.

Атамыздың байлығы сол емес пе,
Қойныма сендей жетім қорғалаған.
Қырып бәйге қырымнан алдым дейсің,
Әкеңді Көктұмада ит талаған.

Ә с е т:

Ей, Кәрібай, оқымаған сен бір надан,
Хат білмеген адамның көңілі қараң.
Бір алла, екінші хақ пайғамбар,
Мөнімен айтысасың қай арадан?

К ә р і б а й:

Ей, Әсет, молла болман сенен оқып,
Айтайын өз дауымды ішке тоқып.
Қары болсаң, күтсеңші ата-анаңды,
Жүр әкеңнің өкпесін кене шоқып.

Ә с е т:

Ей, Кәрібай, сөйлеселік шарифаттан,
Тарих пен тілдеселік мағрипаттан.
Саудасы әлгі сөздің бұл емес қой,
Барасың қайда лағып, тәңір атқан?

К ә р і б а й:

Баққаны патшаның жаяу солдат,
Жегені — құйрық, мінгені — сұлу жалды ат.
Әкең мен шешеңізді күтпеген соң,
Көрмеймісің туысың келсе жаннат.

* * *

— Ұста,— деді,— мына дауды,— би Тілеген,
Төресі Жетісудың Қоңыр деген.
— Имамға бар екеуің, жүгініс,— деп,—
Қой,— деді,— ерегеспей,— хан Сүлеймен.

Ә с е т:

Сүлеке, жолдастықтан тайғандығың,
Әсеттің сырын сыртқа жайғандығың.
Дәлме-дәл ғаріп сөзін имамға айдап,
Болысқан ақырында наймандығың.

К ә р і б а й:

Ежелден сөзге жуан арғындығың,
Палуансып Тарлан мінген Тарғындығың.
Әкең мен шешеңізді жекжат етіп,
Сұраған менен қисап малғұндығың.

Шақшамен әкең сатқан насыбайды,
Бұл сөзді Айтмұхамед елге жайды.
«Мен арғыннан найманға келгеннен соң,—
Депсің ғой,— сөйләтпеймін Кәрібайды».
Баянды пайда келер абайламай,
Мына Әсет серілікпен жалтырайды.

* * *

Жігіттер, Көктұмаға барған жерім,
Дәміне Шұбарағаш қанған жерім.
Ер өнері кем болмай, тауып ебін,
Әсетті сүріндіріп шалған жерім.
Әсет тоқтап, Кәрібай жеңді деген,
Атақты хан сиязда алған жерім.

ӘСЕТ ПЕН СӘМЕТ

Қазақ боп қараңғыда өмір өткен,
Еңбексіз көрінгеннен көңіл еткен.
Қоянша көлеңкеден босқа қорқып,
Біле алмай барар жолын зеңгіп өткен.
Әзір ме ішер тамақ уағында,
Кең жүріп сахарادا, кеңіп өткен.
Төрелер ортасында бір үй болса,
Барлығын жеке басып желіп өткен.
«Малдының жүзі жарық» мақал болып,
Малсыздың тіршілігі кеміп өткен.
Бай малмен, кедей сорлы кемшілікпен
Бейнетін дүниенің шегіп өткен.
Қырық жеті — қыздың құны — сексен байтал,
Еспесіз иен малға бөгіп өткен.
Біреудің жесіріне біреу тисе,
Бұл тіпті зор масқара өлім еткен.
Талқан боп тас ошағы қалса дағы,
Қыз алған қылмысты боп көніп өткен.

Шығарған төре, билер заң, өнеге,
Жоқ жұмыс шарифатта ол немене?
Төренің қатысынан бір ұл тұса,
Онысын ие қылған әр төбеге.
Ас берсе, бір қазақты бәйге тігіп,
Іс қылды есебі жоқ ережеге.
Теңдесіп қара қазақ келе алмаған,
Төренің аулы қонған кенереге.
Оқу жоқ, жұрттан асқан маман емес,
Құлшынып қазақ жеткен неменеге?
Түк білмеген сұлтанды төре қойып,
Көргендер білгендерге теңеле ме?
Хабарсыз, қара көңіл сорлы қазақ
Еріксіз билік берген со немеге!

Қаптаған саудагер бар базардағы,
О да бір қараңғы елге тажал дағы.
Ұялмай бір теңгеге бір қой алып,
Кедейдің қанын сорды олар дағы.
Он сомға елу сомдық вексіл жасап,
Кедейдің ебін тапты алардағы.
Піркәншік семіз атпен әсем киіп,
Түрі жат қойға қарай шабардағы.
Кедейдің бір сиырын қуа қашып,

Борышын ұластырып замандағы.
Бір сомға бес көтеріп өсім беріп,
Амалсыз көнді қазақ соған дағы.

Мал шашып қазақ құмар шен алмаққа,
Рақатта үш жыл жатып демалмаққа.
Ақ малын арам жолға ысырап қылып,
Парадан ұрлық-зорлық жем алмаққа.
Көк қасқа сойды құран қасап етіп,
Оған да қазақ ойлар сыналмаққа.
Әкесі олай, баласы былай тартып,
Сағады қарындасын он жармаққа.
Сайлауға ат таппаса, өгіз мініп,
Бай тұрғай, кедей құмар бір бармаққа.

Жанында екі жүз сом ақша болса,
Зор намыс шенсіз қарап құр қалмаққа.
Көнбесе алдауына, зорлық салып,
Ұлықсып одырайып бұлданбаққа.
Шен қымбат, шенді кісі әулие боп,
Ашылып ел арасы уланбаққа.
Бес теңге ең болмаса ақша керек,
Арызы кедейлердің тыңдалмаққа.
Оқу оқып, онан да өнер таппай,
Тынығып, тәрбиямен шыңдалмаққа.

Тартады би қисайта мұрындарын,
Білгенсіп әрбір сөздің орындарын.
Хабарсыз ақиқаттан шартық билер,
Бұзады әділеттің порымдарын.
Бір сөзі біреуге айтқан мың ділдалық,
Алмайды ақиқатпен алымдарын.
Бес теңге пәре берген бетке сатып,
Сипаған қазандай қып қарындарын.
Көрнекті көпшілікке еңбек қылмай,
Қамы ғой бір басыңның қағынғаның.
Арасын екі ауылдың думан қылып,
Сандалып тамақ іздеп сабылғаның.
Ағаттан бір теңгелік ұрлық қылса,
Кедейдің талай көрдім шабылғанын.

Осынша кім әкеткен тойымыңды,
Білмеймін қайсысы рас, ойыныңды.
Мешітте қасам ішіп жан бермеп пе ең,
Тыйылып жамандықтан қойылуды.

Сайлауда шарын салмай кеткен болса,
Сүйреттің соған қарай сойылыңды.

С ә м ә т б и :

Физзатлы Әсағаңа жаздым хатты,
Сүйікті адам едің инабатты.
Үйіне Кәкімжанның барып едім,
Оқыдым сіздің жазған докладты.
Хатыңның мазмұнына қарап тұрсам,
Сөгіпсің бұрынғы өткен аруақты.
Қазақты надан қылып үйретті деп,
Айыпты қылыпсыңыз төре затты.
Тағы да болыс пенен би зұлым деп,
Файбаттап өлі-тірі екі жақты.

Ал енді мен айтайын: атаң Арғын,
Шақыртып Әбілмәмбет қасына апты.
Төресіз бұрынғыда болған қазақ
Ол күнде мақтан көрген ел шаппақты.
Төре кеп ортасына сұлтан болып,
Түзеткен тезге салып сан шатақты.
Пендені басы жұмыр тергеуге алса,
Түгендеп басқара алмас адам нақты.
Найманның ортасында еркелетіп,
Көрмеген адам едің ешбір такті.
«Ой қашса, ми қашады» деген рас,
Екен ғой нәсіп еткен ұлғаймақ-ты.

Өсекке кейбір жандар тақысып жүр,
Найманның саяғы деп жалғыз атты.
Артыңның ашыларын байқамадың,
Көрпеңді жамылсаңшы бойға шақты!
Ғадыста әл ғайбати мин әл зина,
Ғайбатшы шапағаттан мақрұм қапты.

Бір жайсаң дін мілләттің жолын ашып,
Үйренсін ғибрат ап өңшең пасық.
«Өлеңге бар, өнерге жоқ Әсет»,— деп,
Сыртыңнан жүрген жоқ па өсек тасып.
Күн көрген ағайынды қорлаймын деп,
Байқаңыз, қап жүрмеңіз қарның ашып!

Ақша еді ағып тұрған жүрген жерің,
Бұл елдің қай жерінен таптың кірің?

Бас құрап, бауырыңа қазан асқан,
Найманның қай жерінен таптың мінін!
Жиған мал, алған ақша, жеген тамақ
Көзіңе көрінбепті-ау жалғыз тиын!
Найманның жақсылары біріккенде,
Бір күнде табушы едің ердің құнын.
Мысықша екі көзді жұмып алып,
Сіріңкедей көрінбепті-ау алған пұлың.
Артымда сөз көздеген кісі жоқ деп,
Айтыпсың байқамай-ақ, жарықтығым.

Дәм айдап келмеп пе едің сонша жерден,
Еш залал көрген жоқсың найман елден.
Осынша үлкен қадір-құрметіңнен,
Сізді ешкім деген жоқ қой «әйелге ерген».
Қадірлі кәрияның біреуі едің,
Жел шайқап, ашылмасын жапқан пердең.
А деген айғайыңды ақша қылып,
Сары қымыз, сары ала май, жеген сірнең.
Алматы, мына шегің Алтайменен,
Басушы ең аяғыңды кердең-кердең
Жүруші ең жақсылармен тізгіндесіп,
Қызығың ұмыт болды-ау бәрін көрген.
Найманға Қарқаралыдан қаңғып келіп,
Арғын көп ақ шомшы боп бидай терген.
Есітіп, сен сөкті деп тамам өлік
Тіріліп тәртіп түзер шығып көрден.

Өсет бұған Тарбағатай жақта жүріп былай жауап
жазған:

Сәлем де Жетісудың Сәметіне,
Қарсы сөз қару жаздың қам етуге.
Тұнықтан таза туған бала ғой деп,
Дұрыс па сынға салмай шам етуге.
Төренің оқымаған қазақтарды
Қандайлық қақысы бар заң етуге?
Төреден ит туса да алып келіп,
Билетіп бұқараны хан етуде.
Намаз оқып құдайға құлдық қылса,
Бес кісі ертіп жүрген дәретіне.
Зорлықшыл, жесір даулап ел шабатын,
Қазақтың о да жөн бе әдетіне?
Адамды айуанмен бірдей санап,
Қыз туса, апыр-топыр мал етуде.

Жас қызды сексендегі шалға беріп,
Ойлашы, ұнап тұр ма жар етуге?
Көз жасы сол әйелдің кімге болмақ,
Өмірі жылауменен зар өтуде.
Төре өлсе, бір қазақты қоса көміп,
Адамды сонша қорлап қор етуде.
Расулдың үмбетімін дейді қазақ,
Пайғамбар бұйырған ба соны етуге?
Қырық жеті — қыздың құны — сексен байтал,
Жесірден ат пен түйе жол етуде.
Жарайсың прапесір маман болсаң,
Білімің жетер болса зор етуге.
Әкең төре Шыңғыстың атасы кім,
Дәлел жоқ ата тауып ақ етуге.

ӘСЕТ ПЕН БАҚТЫБАЙ

Ақын Әсет, ұраным қарашордан,
Тұқымы өскен арғыннан шықтым молдан,
Жеті жыл Қараөткелде оқып едім,
Бұл өлең адастырды орта жолдан.

Ғылымнан махрұм қалдым өлең дарып,
Өмірді өлең күшін етіп сарып.
Желіккен жел сөзбенен қайран өмір,
Өмірді зая қылған мен бір ғаріп.
Байжігіт, Тума, Тоқпақ, Байсиықты,
Үш-төрт жыл қоныс қылдым іздеп барып.
Секілді Семей, Омбы бәрі таныс,
Адамзат қайда бармас дәм аударып.

Көрінер сөз үлгісі порымында,
Аузымның ағаты жоқ қиюында.
Шақыртып Дулат болыс алып барды
Садырда Жақанбайдың жиынына.
Жүз жылқы, тоғыз құндыз — бас бәйгесі,
Төрт болыс қауымының ұйымында.
Тарқатты сол жиында татулықпен,
Ел екен аласы жоқ пиғылында.

Жаратқан арғын, найман арыс қылып,
Арасын өскен елдің алыс қылып.
Садырдың бұл жиыны болды ұран,
Ұлы жүз, орта жүзді таныстырып.

Садырдың Мұқаншыда асы қосы,
Қазақтың ас мұра ғой бір пормысы.
Баласы үйсін атам жалайырдан,
Келіпті Жәлменді атты бір болысы.

Бақтыбай ақыны бар, үйсін асқан,
Қапалға, Басқан, Сарқан лебізін шашқан.
Әкепті өз матайым Төлек атай,
Сонысын ақынсынып ұялмастан.
Айтыстым амал бар ма Бақтыбаймен,
Көңілін көпшіліктің қия алмастан.
Қозатын айғай шықса қу делебем,
Тоқтатып өзімді өзім тыя алмастан.

Аға баласы деп, жұрт айтысты бастауды Бақтыбайға
ұйғарысады.

Б а қ т ы б а й:

Уа, менің атым Бақтыбай,
Домбырамды қақтым-ай.
Сөз нақысын таптым-ай.
Үйсін, найман бас қосты,
Тыңлатайын жақсыма-ай.
Туралы тұлпар дуда озар,
Өлеңнен оқты аттым-ай.
Ағын судай ақтым-ай,
Қатарын малдай бақтым-ай.
Арғыннан келген ақын кім,
Зікір салған бақсыдай?

Ә с е т:

Бақтыбай, тең болмайсың меніменен,
Қатынның дауыс айтқан сөзіменен.
Кісідей ақсақ басқан оралаңдап,
Шырмалып отырам ба сеніменен?
Аузыма анық тартсам, кірмес пе едің,
Лебіндей айдаһардың деміменен.
Әй, сорлы, салындыға ораласың,
Ағынды иірімнің жылымымен.
Үзінді шұқанақтың шалшық суы
Тең боп па арқыраған дария көлмен?
Қайнасам асхананың қазанындай,
Сорпамның жоғаларсың көбігімен.

Б а қ т ы б а й:

Ақынмын мен Бақтыбай үйсіндегі атақты,
Кім теңер менімен арғын жатақты?
Айталық әдеппенен сыпайылап,
Қоспалық бұл айтысқа көп шатақты!
Қанша жүйрік болсаң да,
Тарта сөйле тіліңді!
Ұлы жүз тең туыпты орта жүзбен,
Кездестік екеуіміз екі жүзден.
Арқадан сен келіпсің Жетісуға,
Арғыннан не себептен күдер үздің?
Қанша жүйрік болсаң да,
Тарта сөйле тіліңді!

ӘСЕТ ПЕН ҚАЛИ

Үкібас дейтін қыз Әсетке: «Қали маған маза бермейді», деп наз айтады. Қыздың атынан Әсет Қалиға мынандай өлең жолдайды.

Қыжыртпа, қызда нең бар, менен аулақ,
Итпісің тіміскіген қылшық аулап.
Іздеген сорпа-сүйек сен бір итсің,
Бұл елдің жүрген жоқсың дауын даулап.

Бермейсің жүзігімді барымталап,
Бойымды сен ақымаққа жүрсем балап.
Қағынып, қарап жүріп соқтығасың,
Қоясың тойған кезде зәрді жалап.

Бай Жақас байқамадым бауырыңнан,
Найманға ұран болған сауырынан.
Атам Бөкей, Еңсегей — бәрі маман,
Шыққан жоқ бұрын тентек ауылымнан.

Жігіттер, туыс қуар, ырыс қашар,
Ақылға жете алмассың, болсаң нашар.
Ар-намыс, ақыл-қайрат түгенделсе,
Тоқталып шіркін дүние орындасар.

Ал енді, Қали арсыз, Қали арсыз,
Қуарған қу ағаштай бетің қансыз.
Жаяу жүріп аттыдай шіренесің,
Отарда малың бардай жатқан сансыз.

Қағынды қарап жүріп бір жетесіз,
Шәукеннің ұрығы едің сен некесіз.
Шаруаңды қыл, онан да малыңды бақ,
Бозбала, бұған ерсең, бос кетерсіз.

Байдан туған тұқымның жүргені анау,
Ішкені — шай, жегені — ет, майлы палау.
Түтіні қай отаудың шығады деп,
Сен бір жүрген қайыршы қызыл танау.

Ит үреді, құтырса, иесіне,
Сөз орнықсыз, тоқтайды жүйесіне.
Қабанбай, Әлі шыққан, Шүкең шыққан,
Қазақтың тай бермеген түйесіне.

Сатпайын сен наданға тамам елді,
Қалармын жақсы ауылдың киесіне.
Ұқсаған хайуанға сен ақымақ
Шабасың келесінің биесіне.

Бұл өлеңді Әсет жазып бергенін сезіп қалады да,
Қали енді Әсетке былай жауап береді:

Хат жаздым жәрдем тілеп бір құдайдан,
Осы итке мұқтаж қылма, атам найман!
Аптығын ит Әсеттің бір басайын,
Өлеңін мың жылқыдай шиге жайған.
Қабанбай, Тоқтарқожа және Мәмбет,
Озған жоқ қазақ ұлы Қабанбайдан.

Тіпті жоқ осылардай бала туған,
Әлі атам құдіретпен шала туған.
Күнкөріс саясында сендей саяқ,
Жетім менен жесірге пана туған.
Дұшпанға ерегескен жолын бермей,
Дұшпанға он саусағын сала туған.

Қу Әсет, теңелесің маған қайдан,
Артылмас өз басыңнан қылған пайдаң.
Сұратып елден қайыр, тиын бермей,
Тегіңді алдың білем Найманбайдан.
Әкең жүр жалаңаяқ қайыр сұрап,
Қорықпайсың сен имансыз бір құдайдан.
Берерсің не деп жауап тәңір алдында,
Құрылып тас таразы, болса майдан?
Әбіш, Төгіш Семейден келген кезде,
Найманбай бақыр ұстап қосшы болған.
Әсеттің үш-төрттегі бала кезі,
Шешеңнің жас күні өкен жаңа толған.
Ауызға ішер тамақ болмаған соң,
Әркімге көзін сатып құдай ұрған.

Қашқарлықпен арада болды талас,
Сөзім шын, тыңдағанға болмайды адас.
Сен атып тақияңды мез болушы ең,
Әперсе әлдекімнен екі қалаш.
Әсекең енді қайтіп паңданады,
Сырыңды түгел білді тамам алаш.
Мешел бала бұттанған қап қарынсау,
Қу едің тауық баққан жап-жалаңаш.

Туған жоқ, туысқан жоқ, сен бір саяқ,
Жасында тауық бақтың жалаңаяқ.
Жас күнде шадыр мінез, бас асау ең,
Көшеде көрінгеннен жеуші ең таяқ.

Қарда — із, қарада — хан, мал болады,
Әсекең нені біліп сал болады?
Өзінің үйірінде жүрген тайдың
Мойнында, жабу жапса, жал болады.
Әсеке, бұл мінезден тыйылмасаң,
Бір күні аузы-мұрның қан болады.

Басында қағаздастық өткен айдың,
Ішінде сіз құмалақ сары майдың.
Білінбес жараса да арықтығы,
Өзінің үйірінде жүрген тайдың.
Бозбала, өлеңімді үйренбесең,
Тапсырдым аруағына Қабанбайдың!

ӘСЕТ ПЕН ҚАЛИДЫҢ ҚАҚТЫҒЫСЫ

Қали Әділбекұлы деген ақын ағасы Қанағат деген болыстікінде қымыз ішіп отырғанда, үстіне Әсет келіпті. Оны жақтырмаған Қали:

— Шелтиіп осы елге Әсет келді қайдан?

Ит құтырса, семіреп, тамақ — байдан,
Қолында Найманбайдың сексен шақша,
Тұқымың құрып па еді насыбайдан?—

дейді. Сонда Әсет тұрып былай жауап қатады:

— Келгенде шайпау сөзге желмаясың,
Бұл Қали өзі шата, кімді аясын.
Біреудің қисық ісін түзеткенше,
Өзінің жөндеп алсын қолбаласын.

Ел ішінде Қалидың айттырған қыздың ішінде келгендігі жайында күңкіл сөз бар көрінеді және өзі біреудің жас қызын тоқалдыққа алып отырса керек, Әсеттің соны меззегеніне Қанағат болыс та намыстанып: «Сен мені де жамандап тастарсың»,— депті. Әсет іркілместен:

— Жоғарыдан соғады қара дауыл,
Найманға ұран болған жалғыз ауыл.
Болғанда күңнен — байтал, құлдан — айғыр,
Өзіңізден көп екен қарабайыр,—

деп салады.

Кек сақтаған Қали қымыздан кейін Әсет далаға шығып кеткенде көріксіздеу бір әйелге өлең үйретіп қояды. Әсет үйге қайта кіргенде: «Мына әйелмен айтысамысың?»— дейді Қали. «Мынаумен бе?»— дейді Әсет менсінбей. Сонда әлгі әйел жаттаған өлеңін айтып жібереді:

— Ей, Әсет, мал біткен соң, кеттің пақсып,
Бір күнде тұрушы еді үйің қақсып.
«Ғайбатшының орыны тозақ» деген,
Ақымақ, ақындығың кімге тақсық?

Әйелмен айтысуға намыстанған Әсет: «Бұл өлеңді үйретіп отырған Қали ғой»,— депті де үндемепті. Бірақ сонда отырған бір апиыншы шал: «Сені жеңген Қали емес, қатын»,— деп намысына тиеді. Бізаланған Әсет әлгі шалға:

— Күн қақты көк шалақсың шыр бітпеген,
Жіберсе ала жаздай, қор бітпеген.

Арақкеш, апиыншы, пәңгі шайтан,

Кесел қып мал мен басын өрбітпеген,—

деп тастайды.

ӘСЕТ ПЕН ҚОСЫМБАЙ

Әсетпен айтысқан ақын Кәрібай Таңатарұлы Сасановтың немере інісі Қосымбай да ауыл арасында өлең айтып, домбыра асынып жүреді екен. Бір күні Әсет ақын Нұғман деген болыстікінде түстеніп отырса, үстіне Қосымбай кіріп келеді. Әсет отырғандардан:

— Бұл кім?— деп сұраса керек.

— Әлгі өзіңізбен айтысатын Кәрібай ақынның інісі Қосымбай,— десіпті.

Әсет сол арада Қосымбайға арнап бір шумақ өлең суырып салып айтыпты:

Қосымбай мынау етке хоштанғандай,
Сөзіңді сасқан адам қостағандай.
Сүйегің ақындыққа біткен екен,
Шиге шанышқан құмалақ бастанғандай.

Домбырасын қағып жіберіп, Қосымбай да қарсы жауап беріпті:

— Әй, Әсет, мен не қылдым қырындайтын, Ит пе едің ет жеп жатып ырылдайтын?

Немесе шалшықтағы шымшықпысың,
Жаныңа таяп келсе шырылдайтын.
Даусыңды тарта шығар, бәлем, Әсет,
Бұл жерде арғының жоқ жырымдайтын.

Жас жігіттің бірден Әсеттің ақындығына тиісіп сөз бастағаны үй иесіне ұнамайды. Әсетке жауап сөз айттырмай, жігіттің мінін отырғандар өзі айтқан соң, Қосымбай үйден қашып шығып кеткен көрінеді.

ӘСЕТ ПЕН ҚЫЗЫР

Қызырдың Әсет ақынға жазған хаты

Құрметті хат жазайын, Әсет аға,
Біз көрген саламат па бала-шаға?
Әуелі тіршіліктен хабар бердім,
Тағы бір сөз жазамын тыңдап қара..

Түсімде биік тауды араладым,
Ойландым табылды деп қалағаным.
Мен өзімді жүруші ем қуға санап,
Мыңнан бір табамын деп жарағаным.

Сол таудан еңбек қылып отын алдым,
Қарағай деп көтерттің қарағаным.
Қарағаннан күл түссе де шоқ түспейді,
Қалайша мен парқына қарамадым.
Көргіш көзім көмір мен шоқты айырмай,
Құрбының мақтауына жарамадым.

Әсет ақынның жауабы

Қызыржан, жазған хатың қолға тиді,
Көп ойланып жазыпсың салып миды.
Осы әңгіме менің де хабарымда
Сенің қайғың көтірді қатты күйді.

Айыпты бетке басу бола ма екен,
Осы жұмыс өзіңе қалай сыйды?
Мамырбек — сенің әкең таз еді ғой,
Бүтін керей билеп тұр бес мың үйді.

Жүрекке жазған хатың тура келмей,
Сізге тарту қыламын үшбу сөзді.
Мәкеңнен сен екеуің өсіп өндің
Сөзімнің ақырына жібер миды.

ӘСЕТ ПЕН МӘЛИКЕ

Мәликесі:

Алматы осы күнде біздің дуан,
Бозбала, мені көр де, күнде қуан.
Үш жүзге өлеңменен атым шыққан,
Сұрасаң ұранымды албан-суан.

Шығып ем албан-суан тұқымдалып,
Қайтқан жоқ бабам жаудан қыпылданып.
Үш жүзге өлеңменен атым шықты,
Талғардың Талшоқысы сықылданып.

Шамдалға, балауыздан қойдым білте,
Бозбала, болған уақта қолың сілте.
Үш жүзге өлеңменен атым шыққан,
Сұрасаң, менің атым қыз Мәликесі.

Құдай-ау, алма қылдың өрік қылмай,
Бағымды осал қылдың берік қылмай.
Аллаға әйел қылған разы емен,
Жықама азғана күн серік қылмай.

Ауылым көшіп қонды Бадамшаға,
Үш мың үй ағам болыс адам шыға.
Үш жүздің бір саңлағын таңдап бермей,
Қайтейін әкем берді тараншыға.

Ішінен қарағайдың қаздым апан,
Шығарам өлеңменен іштен қапам.
«Құтылдың қу сыртыңнан!» десе біреу,
Берер ем сүйіншіге ат пен шапан.

Әсет:

Әлдімен палуан қайда алысатын?
Дүлдүлмен хайуан қайда жарысатын?
Тақтайдың желінбеген қиюындай,
Мәкенмен уақыт бар ма жабысатын?
Амал жоқ асығыстан душарластым,
Мәликесі адам екен танысатын.

ӘСЕТ ПЕН КЕМПІРБАЙ

Кемпірбай ақын қатты науқас дегенді естіп, Әсет арнайы көңілін сұрауға келіп былай дейді:

— Ассалаумағалайкүм, нар Кемпірбай!
Науқасқа шипа берсін патша құдай,
Сырқат деп Сарыарқадан естіп келдім,
Жақсы ма, қандай боп тұр хал, Кемпірбай?
Аспанда айнала ұшқан сұңқар едің,
Кез болдың жайған торға бүгін мұндай.
Науқасың меңдеу тартты дегеннен соң,
Жыладым бәйіт айтып үш күн ұдай.
Даусымды танымысың, атым Әсет,
Мен келдім әдейі іздеп көңілің сұрай.
Апырай, жауап қатпай кеткенің бе,
Алашқа атың шыққан қыраным-ай!
Сәлем ал, басың көтер, кешуіңді айт,
Адамның бірі емессің әншейін жай.

Жеті күн жолаушылап келіп тұрмын,
Шырайлы көркем жүзің көріп тұрмын.
Бір көтер тым болмаса басыңызды,
Інілік сәлемімді беріп тұрмын!

Қосылып жүруші едік жасымызда,
Хал сұрап Әсет кеп тұр қасыңызға.
Бір ауыз тым болмаса сөзіңменен,
Көтерші бері таман басыңызды!
Сен кетсең, өзіңдей боп ұл туар ма-ай!
Қою сөз қояр ма екен бұлқына алмай?
Сырқат деп Сарыарқадан естігенде,
Үйімде үш күн жаттым тыншыға алмай.

Сонда Кемпірбайдың айтқаны:

— Көңілді Әсет келді-ау көтергелі,
Қысады кеуде шіркін жөтелгелі.
Артыма бір-екі ауыз сөз тастайын,
Басымды жастықпенен көтер бері!
Өлсем де «Көк кептерге» бір басайын,
Қу тақтай қос ішекті әпер бері!
Аузыма өлерімде сөз салмасаң,
Қонғаның, өлең шіркін, бекер ме еді?—

деп, төсектен басын көтереді. Одан ары өлеңін былай жалғастырады:

Ал енді, шіркін көмей былпылдасын,
Сөзімді әшиясыз кім тыңдасын?
Ішінде арғын, найман салдым айғай,
Қалайша шіркін көмей жыртылмасын?!
Тірліктің тиянағын көру үшін,
Кім мендей боламын деп ұмтылмасын?
Суырған қынабынан наркескендей,
Қызыл тіл әр-әр жерде қылпылдасын.

Көңілді Әсет сұрай келгенінде,
Шаба алмай кәрі тарлан сылпылдасын.
Тыңдайтын келешегім — балалар бар,
Әйтеуір, артқы жағым құр тұрмасын.
Мойынға ғазирейіл салса құрық,
Білемін ғазиз жанның құтылмасын.
Кемпірбай бұл дүниеден көшіп кетсе,
Білемін енді өзімдей ұл тумасын.

Боз шапса, боз озбай ма буырылдан?
Мен шапсам, жер танабы қуырылған.
Жай тастап құлашымды, жылдам алып,
Жабының күнде озушы ем тұғырынан.
Адаммен алтын жүзді душар болмақ,
Өзіңнің бойға біткен пиғылыңнан.
Сұрасаң хал-жайымды, Әсет жаным,
Жатырмын ұшайын деп тұғырымнан.
Тереңдеп Сырдың суы қаптаса да,
Сонда да келмеуші еді жұлығымнан.
Әй, Әсет, осы аурудан өлем білем,
Науқасым меңдеу тартты бұрынғыдан.
Ұшсаң да қанат байлап аспанменен,
Ажалдың кім құтылар құрығынан?
Ер Дәуіт жеті жаста иектеген,
Қыдырдың суын ішіп құдығынан.
Келсө де тоқсан ақын жолай бермей,
Мен дағы озып жүрдім бұ ғылымнан.

Әсетжан, осы аурудан өлем білем,
Алланың аманатын берем білем.
Кеудемнен көк ала үйрек «хош»! деп ұшты,
Сол, шіркін, кәрі жолдас өлең білем.

Кеудемде біраз тұрды қимай тоқтап,
Кете алмай бөтен жаққа айналсоқтап.
«Серігім хош, аман бол, Кемпірбай!»— деп,
Жылады-ау бұрынғы өткен күнді жоқтап.

Әсетжан, осы ауру қоймас білем,
Алланың өмірі екі болмас білем.
Қайғымен қапаланып ұшып кетті,
Осы өлең Серкебайға қонбас білем.

Ә, құдай, иманымды сал аузыма!
Кәллимат кәмал, өзің кел аузыма!
Елімді қайтып келіп қайта көрмес,
Жатырмын барайын деп көр аузына.

Құдайым бірнеше жыл берген өмір,
Бұл елдің бір шал өлсе несі кемір?
Қуанбас кемпір байғұс жалғыз жатып,
Баламның келін менен жері кеңір.

Келдің бе, ажал, шіркін, алайын деп,
Құрықты ала баулы салайын деп.
Тұра тұр асықпай-ақ, ажал шіркін,
Жатырмын өзім дағы барайын деп.

Бек өмір еске түсіп жасымдағы,
Хал сұрап Әсетпісің қасымдағы?
Қарауытып қара көр келді білем,
Аласарт жастығымды басымдағы!

Сәлем де Арқадағы хан, қараға,
Қара Ертіс, Қарқаралы жандаралға.

Атығай, қарауыл мен өрдегі үйсін,
Қараөткел таныс едім өкі араға,
Семейде топырағым қалды менің,
Дұға ғыл Кемпірбайдай бейшараға!—

ҮШ БАЛАНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Әңгіме жаздым ертект бозбалаға,
Артықша жазып-сызбай сөз бола ма?
Жақсылық, жаманшылық бастан кешпей,
Тұңғыық ой толқыны қозғала ма?

Ертегі ескі әңгіме артта қалған,
Суреті өткен істің бұрын болған.
Шимайлап ақ қағазға сыздым мен де,
Қаламым айрылар деп бір күн қолдан.
Аз күнгі дүние қызық жалған үшін,
Досынан дос айрылып шығар жолдан.
Өтіпті бір бай патша бұрынырақ,
Тұсында қызыр шалып бақыт қонған.
Болыпты үш баласы сол уақытта,
Ержетіп ақылына кәміл толған.

Халқына ғәділдікпен пәрмен еткен,
Қызықты дәурен сүріп өмірі өткен.
Есепсіз өткен күндер уландырып,
Кәрілік — емсіз дәурен келіп жеткен.

Патшаның енді келді өлер шағы,
Мал-мүлік, пайда бермес алтын тағы.

«Ұлдарым, сөз айтайын мен сендерге,
Кіретін уақыт болды енді көрге.
Әуелі таза арулап дәфіндетіп,
Қойыңдар бауыры суық қара жерге.

Тірлікте бізге керек ақыл серік,
Бірлікпен боларсыңдар жауға берік.
Береке, бірлігіңді құрамасаң,
Алады ақырында жауың жеңіп.
Үшеуің үш тарапқа жүрсең егер,
Кетеді бастарыңнан қымбат ерік.

Тығулы пәлен жерде алтыным бар,
Дүниеде сезген емес адам біліп.
Мен өліп, жер қойнына кіргеннен соң,
Алыңдар, балаларым, қылдай бөліп».
Осындай өсиетін айтып болып,
Шырағы жанып тұрған кетті сөніп.
Көп жылдай тәрбие еткен қайран әке,
Оянбас мәңгі ұйқыға жатқан көніп.
Арулап дәфін етіп балалары,
Әкесін жер қойнына қайтты көміп.
Адамның дүние шіркін бауыр еті,
«Алтынды алсақ,— дейді,— енді бөліп».

Келеді енді үшеуі алтын жаққа,
Әкесі айтып кеткен өлер шақта.
Дүние — қырдан қашқан қызыл түлкі,
Талайды ұшыратқан жаманатқа.

Алтын жоқ, қойдым деген жерге келсе,
Алды деп ойлар еді, біреу көрсе.
Жер соғып, қайран болып, қалды таңға,
Мұнан да артық еді біреуі өлсе.

Таппады ешбір ақыл, қайғы жеді,
Алдамшы дүние шіркін ғапыл дейді.
«Ешқайдан ұры келіп ұрлаған жоқ,
Біреуміз үшеуміздің ұры»,— дейді.

«Табатын ақиқатын адам болса,
Бұл істің табылады шыны»,— дейді.
Кез болды қиын жұмыс бастарына,
Қазыға келіп бұлар жүгінеді.

Сұрайды бастан-аяқ қазы талдап,
Тұрады үшеуінің сөзін аңдап.
Қақ жарған қара қылды данышпанға,
Айыру ақиқатын емес салмақ.

Қазы айтты: «Сөздеріңді ұқтым тәмам,
Тең емес: біреу жақсы, біреу жаман.
Алдамшы аз күн қызық дүние үшін,
Жолынан адасатын кеп қой адам.
Бұл алтын жоғалмайды, табылады,
Қорқып үшеуің де болма алаң.
Бір өңгіме айтайын мен сендерге,
Қалмасын ойларыңда ешбір арман».

Қазы айтты: «Бір қыз болған сұлу, көркем,
Ақылы, мінезі де көркіне тең.
Сол қыздың бағасына жетпейді екен,
Дүниенің алтын, күміс пұлын берген.
Біреудің бақыты үшін шыққан бір гүл,
Талайлар атын естіп, көрсек деген.

Сол қызды айттырыпты біреу көріп,
Ақылы, мінезіне баға беріп.
Салмақты, мінезі ауыр сары алтындай,
Балалық, ойында жоқ ешбір желік.

Ешкімнің айласына алданбаған,
Қатты ұстап өзін-өзі тастай берік.
Болыпты бір байбатша бұған ғашық,
Көп жылдай басын иген соңына еріп.

«Бір тілек,— жігіт айтты,— берсең,— дейді,—
Мақұлдап біздің сөзге көнсең,— дейді.
Тілейтін жалғыз сенен тілегім сол —
Жарыңнан мені бұрын көрсең»,— дейді.

Қыз айтты: «Мақұл болсын тілегіңіз,
Өмірде жалғыз нәрсе тіледіңіз.
Жалғыз-ақ бұл жұмыстың бір шарты бар,
Әрқашан үзілмесін күдеріңіз.

Мен үшін бір жігіт бар малын берген,
Сол достым — неше жылдай соңыма ерген.
Нәрсеңіз сіз сұраған — соның мүлкі,
Өмірде өз жанынан қымбат көрген.

Сабыр ет, мені іздеп келсін жарым,
Жанымнан артық көрген ынтызарым.
Ұрықсат содан алып жолығысамын,
Осы серт уағдалы болсын, жаным».

Осы қыз жаннан асқан ақылды еді,
Жігіт те қыз сөзіне мақұл деді.
Бірқанша арасында күндер өтіп,
Күйеуі әлгі қыздың ұрын келді.
Алыстан аңсап келіп қалыңдықты,
Жүрекпен қуанышты жігіт көрді.

Қарсы алды қуанышпен қыз да жарқын,
Ойлайды уағда берген жігіт халін.

Оң жақта ойнап-күлген жар төсегін,
Берсе де ауыса ма дүние малын.
Бір жерге екі тілек тура келсе,
Не қылсын бай патшаның алтын тағын.

Қыз айтты: «Мен сендікпін өлгенімше,
Еткем жоқ еш қиянат келгеніңше.
Тілейтін жалғыз сенен тілегім бар,
Өзіңе жолығыспаймын бергеніңше».

«Айтып көр,— жігіт айтты,— тілегің не?
Қалмасын арман болып жүрегінде.
Қандай болса мен бердім тілегіңді,
Қалмасын келешекте жүрегіңде».

Қыз айтты: «Енді сенде менің еркім,
Жан-тәнім, жолыңызға болсын көркім.

Бірінші сізден бұрын жолығысуға,
Бар еді бір жігітке берген сертім.
Рұқсат сізден егер болған болса,
Шығарып хош айтайын соның дертін».

Сабаз жігіт толғанды қиялы алыс,
Жарымен болған еді жаңа таныс.
Сол жерде рұқсат етіп қоя берді,
Бұл іске ойланбады, қылып намыс.

Қыз кетті күйеуінен рұқсат алып,
Желсіз түн, ай қараңғы, жұлдыз жарық.
Көлбеңдеп қараңғыда қыз келеді,
Серт берген ғашық досын ойына алып.
Орманда жел құбылтқан сыбырласып,
Әр жерден көрінеді сағымдалып.
Жамылған түн көрпесін ауыл торып,
Аш қасқыр кез болады ұры-қары.
Ауылға жақын әр кез жолатпайды,
Сақ құлақ, қырағы иттер дыбыс алып.
Күзетші қой ішінде айғайлайды,
Қыз, қатын, бала да жүр әнге салып.
Ұрыға қыз бейшара кез боп қалды,
Бас баққан мал алуға ауыл шалып.

Ұмтылды қызды көріп ұры сонда,
«Берді,— деп,— құдай айдап біздің қолға.
Өзімнің білгенімше ермек етіп,
Көңілімді көтерейін осы жолда.

Қызықпен осы таңды атқарайын,
Опасыз өте шығар дүние шолақ».

Төнеді осыны ойлап ұры қызға,
Сабырлықпен саспады, тұрды қыз да.
«Шырағым, жалғыз жүрген неткен жансың,
Қай жақтан құдай айдап келдің мұнда?»

Мен ұры, қарақшы едім түн жамылған,
Рахатын тәтті өмірдің бек сағынған.
Бағыма құдай айдап сені берді,
Татайын тәтті шәрбат бұлағыңнан».

Қыз айтты: «Ел торыған сен бір ерсің,
Қасқырдай, қарның ашса, басып жерсің.
Халімді түгел саған баяндайын,
Ер болсаң, өзің дағы обал дерсің».

Ұры да бір ед еді асқан манап,
Бұл қыздың тұрды басын ерге балап.
Сөйледі бастан кешкен оқиғасын,
Жалынып ғазиз басын арашалап.

Меруерттей төгіліп тұр асыл сөздер,
Оқ атып құбылысқан қара көздер.
Өмірдің жұмбақ болған сырын шешіп,
Арасын айырғандай мыс пен жездер.

Ұры айтты: «Көрінеді сөзің алтын,
Лебізің жаз, мысалы, қоңыр салқын.
Күйеуің сенің асқан ер екен ғой,
Бұл істің сабырлықпен күткен артын.

Қиянат істемейін, зорлық саған,
Бейшара, қорқып, енді болмашы алаң!
Жігіттің қас-қабағын қайтарма деп,
Айтушы еді бұрынғы ата-бабам.
Өмірдің гүл жайнаған артын ойла,
Кетеді тұрлаулы жоқ алдап заман.
Қарағым, қайда барсаң, жолың болсын!
Бекерге айналдырдым бағанадан».

Қоштасып, осылай деп ұры кетті,
Арада бірер сағат уақыт өтті.
Ұрыдан аман-есен құтылған соң,
Үйіне байбатшаның келіп жетті.

Байбатша қарсы алады қуанышпен,
Келгенін жүрек сезіп қандай іспен.
Қыз халін байбатшаға түгел айтты,
Күйеуі және ұрыға қолға түскен.

Байбатша таң қалды да, қалды ойға,
Арман көп аршылмаған, жатқан бойда.
«Япырмай, ұры қалай жіберді екен?
Дұшпаннан түк тартса да деген пайда?
Күйеуі және бұған рұқсат еткен,
Намысын ең болмаса ойламай ма?»

Осы ойлар байбатшаны талдырады,
«Күйеуі мұны неге ар қылмады?
Бұл қызға мен де рұқсат етейін»,— деп,
Мақсатын көп жыл күткен қалдырады.

Байбатша айтты қызға: «Ғашық досым,
Көп күткен қуанышпен көңіл хошым!
Сертіңе айтқан уағда келіп жеттің,
Адамзат дүниеде сендей болсын.

Мүлкісің сен біреудің ортағы жоқ,
Мен үшін келдің мұнда көп әуре боп.
Мен дағы өз жарыңа сыйлау еттім,
Мәңгілік жүрегімде жанса да от.

Аман бол, қайда жүрсең шығарма естен,
Жан досым, жүректесім уағда дескен.
Өмірдің нұр жайнаған мезгілінде,
Жүректің гүл жайнаған сырын шешкен».

Айрылды осылай деп екі ғашық,
Сөздері біреуінен біреуі асып.
Жігіт те қызға риза болғаннан соң,
Қыздың да көңлі кетті судай тасып.

Қыз келді күйеуіне есен-аман,
Болмаған күйеуі де ешбір алаң.
«Қайсысы үшеуінің жомарт?»— дейді,
Бітіріп әңгімесін қазы төмам.

Үлкені айтты: «Бар екен терең сыры,
Ешқандай жан істемес, сірә, мұны.
Шыны жомарт данышпан күйеу екен,
Өзгенің ортағы жоқ шыққан пұлы.

Мұндай жомарт дүниеде туа бермес,
Болса да дүниенің сан дүлдүлі».
Айтады ортаншысы: «Жігіт — жомарт,
Бір жолға сарып болған дүние пұлы.
Қолына тегін келген алтын еді,
Басқа адам жібере ме өлмей тірі?
Мұндай жомарт дүниеде туа бермес,
Сұлу қыз — бұл дүниенің шыққан гүлі».

Ең кенжесі айтады: «Ұры — жомарт,
Аяй ма ұры алады жұрттың малын,
Әркімнің сынау керек өлсе бағын.
Киімін ең болмаса алмас па еді,
Рақым қып тыңдаса да қыздың зарын.
Сұлу қыз сұм өмірдің гүлі емес пе,
Кім бекер өткізбекші жастық шағын».
Осылай үшеуінің сөзін тыңдап,
Қазы айтты: «Жақсы,— деді,— балаларым.
Жолынан көре-тұра аздырады,
Опасыз баяны жоқ дүние залым.

Қарағым, алтын сенде, әкел қазір,
Белгілі болып тұр ғой сырың мәлім!
«Серігі ұры қардың» деген сөз бар,
Суреттеп көп сөйледің ұры халін».
Алтынды, тана алмады, тауып берді,
Таппаса, қояр емес дана кәрің.
Алтынды үшеуіне бөліп беріп,
Дән разы етіпті соның бәрін.

КЕШУБАЙ

Сын болмас ер жігітте болса кедей,
Кей пенде мал жиып жүр ішпей-жемей.
Төменгі Сырдың бойын мекендеген,
Бар екен Әтеке атты бір бай керей.

Бітіпті Әтекеге мың сан қара,
Дәулетті сонша берген хақ тағала.
Болғанмен дәулетке бай, перзентке кем,
Көріпті төрт қатыннан жалғыз бала.

Жалғыздың Кешубай деп қойған атын,
Кек қылмай өзі жалғыз қолғанатын.
Байлықпен, оқып білген білімімен,
Данышпан, өзі молда, болған ақын.

Қайыны Атбасарда Мұқан төре,
Қызықты неше түрлі көзбен көре.
Дәулеті неше түрлі жеткілікті,
Зерлі ғып арғымаққа салған ері.

Сол күнде Керекуді қылған қоныс,
Дәм татқан дәулетінен ноғай, орыс.
Байлықпен, оқып білген білімімен,
Сайланып он сегізде болды болыс.

Кешубай заманында ай мен шолпан,
Жақсыға жерде қалмас салған қолқаң.
Болыс боп төрт-ақ жылдай тұрды дағы,
Сайланды жиырма екіде аға сұлтан.

Әр елден жақсы шығар көпке бола,
Ерлікпен қиыр жайлап, шетке қона.
Басқаға қазақ жерін бермеймін деп,
Ұлықпен даулы болды шөпке бола.

Жау болды жандарал мен және оязнай,
Халқы үшін қайрат қып жүр дәулеті сай.
Басқаға қазақ жерін бермеймін деп,
Ұстасты ұлықтармен ер Кешубай.

Бір басы Кешубайдың мыңға баға,
Бастаған бұқарасын жұртқа жаға.
Жауабын бергі ұлықтар тоқтата алмай,
Арызы тура барған ақ патшаға.

Қазақша пероудпен жазылған сыр,
Таусылмас сөйлей берсек өлең мен жыр.
Патша сол уақытта ол Николай,
Первый сол уақытта Александр.

Патша қабыл алды арызды ала:
«Бұқара бәрі бірдей маған жаңа.
Міністір өз қасымнан жіберемін,
Барады июнь айда уәзір дана».

Патшаның солай түскен санасына,
Жиналған неше түрлі қаласына.
«Жіберем уәзірді июнь айда,
Дауласқан билік айтар арасына».

Ту ұстап бұл туды ел шыққан дөңге,
Бір кезде аға сұлтан мінген шенге.
Жолыққан уәзірге сағатында,
Беріпті танысуға қырық мың теңге.

Уәзір Кешубайды құрметтейді,
Әмірін жерге тастап бір кетпейді.
«Бұйырса, жұмысыңды бітірем»,— деп,
Мойнына осылайша міндеттейді.

Уәзірдің адам білмес ішкі ақылын,
Балаған Кешубайға ең жақынын.
Әуелгі қазақ жерін алмақ тұрғай,
Ояздың жері кетті жүз шақырым.

Оязды басып алды ер Кешубай,
Халқы үшін қайрат қып жүр дәулетке сай.
Ойынан дұшпандығы таза шықпай,
Ұмытпас қастас болды оязнай.

Жарандар, жаман істі үйір қылма,
Қызығын өткен күннің түзеп ұға.
Қалаға қырық жігітпен ер Кешубай
Барыпты сейіл құрып жаңа жылда.

Орысқа январь айы — үлкен мейрам,
Бай, кедей бір-біріне қылар қайран.
Мас болып арақ ішкен төре, қара,
Мәжіліс елдің бәрі қылған сайран.

Көз болар нақақ қаза кейбір жанға,
Бұйырған істің бәрі бір құдайда.
Мас болып келе жатып оязнай,
Көшеде жолығады Кешубайға.

Деп айтты: «Шешеңді дақ!..»— айғай салып,
Кешубай ашуланды тұра қалып.
Ананың «шешең» деген перуатында,
Мылтығын басып қалды жұлып алып.
Ояздың өкпесінен оқ өтеді,
Жығылды қан базарда дүние салып.

Бұл іске жазалы ғой есіл қыран,
Атағы жер жүзіне болған ұран.
Қазақтың қорлығына шыдай алмай,
Беріпті ақ патшаға телеграм.

Патша ашуланған жаман қатты:
«Қалайша қарсылық қып мылтық атты?»
Он солдат түнде барып байлап алды,
Бұйрығы патшаның инабатты.

«Он солдат түнде барып байласын,— деп,—
Халықтың арасына қоймасын,— деп,—
Мұхиттың аралында Сахалаңға,—
Бұйырған,— он бес күнде айдасын!»— деп.

Он солдат түнде барып байлап алған,
Қолына, аяғына кісен салған.
Мұхиттың аралында Сахалаңға,—
Бұйырған,— он бес күнде айдасын!»— деп.

Он солдат түнде барып байлап алған,
Қолына, аяғына кісен салған.
Біреуі өліп, біреуі тірі қор боп,
Айрылды мәртабадан екі бағлан,

Апарып абақтыға қойды тығып,
Халықты көрер емес бұдан шығып.
Апарып Сахалаңға тастамақшы,
Адамға тағдыр қайда пәле жуық.

Абақты ылғи тастан керегесі,
Көкпеңбек темір екен терезесі.
Апарып қылмыстыны қамайтұғын,
Бұйырған патшаның ережесі.

Мекенің құбылада бар Мәдине,
Атақты шәріп құдық зәмзәмі да.
Қатын қып қырық дуаннан таңдап алған,
Аты екен қатынының Гүлжәмила.

Қайыны Атбасарда Мұқан төре,
Пәле ғой тілеп алған көзбен көре.
Бес қара ат пәуескеге таңдап жегіп,
Келіпті бәйбішесі сәлем бере.

Ту ұстап, тұлпар мінген, шыққан дөңге,
Бір кезде аға сұлтан мінген шенге.
Жарына жалғыз сағат жолығуға,
Беріпті жандаралға қырық мың теңге.

Қор қылар абайсызда заман алдап,
Пендесін неше түрлі күйге салмақ.
Кіргізді есік ашып Жәмиланы,
Күзетіп абақтыны тұрған солдат.

Қызығы естен қалмас өткен жайдың,
Еркі бар әрне қылса бір құдайдың.
Жалғыздан екі жасар жалқы туған,
Бар еді жалғыз ұлы Кешубайдың.

«Солдырар шіркін-ай,— деп,— түздің гүлін»,—
Шашқанмен азат болмас дүние пұлын.
«Жалғызын көріп мауқын бір бассын»,— деп,
Қатыны ала кепті жалғыз ұлын.

Дүние құладындай құбылады,
Дүниені қайғылы жан ұғынады.
Есіктен Гүлжәмила кірген кезде,
Кешубай етпетінен жығылады.

Қиын іс құлақ естіп, көз көрмеген,
Қалыптан дүние қашан өзгермеген?
Жалғызын екі жасар алдына алып,
Кешубай сонда тұрып сөз сөйлеген:

«Қолыма қу қарағай алдым тақтай,
Не дейін қайғыменен тіл мен жаққа-ай?
Атаның құдай берген дәулетінде,
Өсірген шаужайымнан адам қақпай.
Дүниенің осы тұрған жер бетінде,

Бар ма екен пақыр адам мен бейбақтай?
Қатты деп құс төсекті назданушы ем,
Апырай, жамбасыма батты-ау тақтай!»

Қу мекен құлазиды ел кеткен соң,
«Әкем» деп мына жалғыз ержеткен соң.
Ақылы ұрғашының аз болушы ед,
Күте көр шал-кемпірді мен кеткен соң.
Болмайды жыламасқа қу жүрегім,
Өткен мен кеткенді айтып тебіrentкен соң.

Жәмила, амандастың келіп жаңа,
Қашуға мен байғұстан кетті шама.
Піркәзі кеше оқыған осылайша,
Апарып Сахалаңға тастамаққа.

Қу мекен құлазиды ел кеткен соң,
Киер ме орман ішік жең кеткен соң.
Алшаңдап бұрынғыдай жүре алмассың,
Жарасып ойнап-күлген тең кеткен соң.

Ұшады алты күнде ақ түйғының,
Амалсыз күтіп алдым хақ бұйрығын.
Бір күнде Шорлабайға мың ат саттым,
Болмады шыбын жанға бітпейтұғын.

Айдайда алты күнді араға алып,
Жүз солдат аяқ-қолға кісен салып.
Піркәзі кеше оқыған осылайша,
Отырмын тіршіліктен көңілім қалып.
Жиырманың үшеуінде жесір қалдың,
Шолпаным қалап алған айдан жарық.
Жәмила сонда сөйледі: «Тоқта, шырақ!
Ақылдан анық сөзің болды-ау жырақ.
Бір елі қайғым төмен түсер ме екен,
Сөйлейін мен де сізге біразырақ.
Өкінбе өзің қылдың, көтер мұны,
Басыңа жығылса да аспан құлап.
Кәпірден көп нәбилер жапа тартқан,
Әзәлда алла қосса болмас хилаф.
Секілді жасық кісі бекер жасып,
Отырсың балаларша босқа жылап.

Тоқтаусыз ажал бейне теңіз аққан,
Тысқары сөйлемегін шарифаттан.

Жақыптың он бір еді балалары,
Жүсіптің ағалары құл деп сатқан.

Қайғымен сабыр ойла тоқтау қылып,
Жүсіп те артылмаған он жармақтан.

Қайғымен сабыр ойла тоқтау қылып,
Халіңді бүгін сұрап келдім біліп.
Келер күн Ақсуатта жолығармын,
Айтармын аман-есен ойнап-күліп.
Хош бол!»— деп Гүлжәмила қайтады үйге,
Артына қараған жоқ бір қайрылып.
Болыпты бір жолықпақ Ақсуатта,
Болат қой сынбайтұғын тез майрылып.

«Қош бол»— деп Гүлжәмила қайтады үйге,
Бес пар ат парлап жеккен сырлы күйме.
Айрылып Кешубайдан қалары жоқ,
Көрмей жүр дүниенің сырты міне.

Болыстың жалғызсынбай ханышасы,
Бірінші сұлулықтың мәртабасы.
Қаз мойын, құралай көз, пісте мұрын,
Көрінер тамағынан ішкен асы.
Туысқан бір керейден бәрі бағылан,
Бар екен Кешубайдың қырық құрдасы.
Жиналды Кешубайдың ордасына,
«Не кеңес келтірді,— деп,— бұл ұрғашы?»
Қиыспас Кешубайдың құрбылары,
Бір жерде жаны, тәні, ықыласы.

Жылауға Гүлжәмила арланады,
Қыран ғой, ақыл ойлап қарманады.
Сарайға қырықтан басқа пенде қоймай,
«Бір ақыл жасалық»,— деп ойланады.

Бір таңды кеңеспенен атырып ап,
Керейден он төрт болыс жасырып ап.
Өкіртіп көк қасқаны түнде сойып,
Қолдарын қызыл қанға батырып ап.

Пікірін Гүлжәмила бітіріп ап,
Жол қаражат не керегін күтініп ап,
Шығады екінші күн түнде үйден,
Ал десіп алақанға түкіріп ап.

«Иә, алла, тәуекел!»— деп кетіп еді,
Тауына қып-қызыл құм жетіп еді.
Сарайдан түнде шығып қырық бір кісі,
Сол күні Ақсуатқа бекінеді.

Қарайды асу жерден иек артып,
Мастанып ылғи ерлер, бойы балқып.
Қаптаған сахара жолда шаң көрінді,
Көп әскер әнге салып ұйтқып-шалқып,
Бекітті сауыттарын түймелесіп,
Құйысқан, айылдарын алды тартып.
Абылай, ер Қабанбай, би Боранбай,
Шақырды аруақты ердің бәрін сарқып.

Аттанды Ақсуаттың бұлағынан,
Адамның даусы өтті құлағынан.
Дүбірі мың кісімен бірдей болды,
Қырық аттың шыққан тозаң сияғынан.
Жәмила бір шақырым бұрын жетті,
Кем емес үйрек қуған ақ тұйғыннан.

Жәмила аш қасқырдай тамақтайды,
Солдатты үштен шауып қабаттайды.
Жәмила қойға кірген аш бөрідей,
Көзінен отты жалын алақтайды.

Перісі әбден түсіп беріктеніп,
Өзіне аруақ қонып желіктеніп.
Жазылып жауырыны, қолы ұзарып,
Қан төгіп қалай қырса еріктеніп.
Бурадай ақпандағы тісін қайрап,
Ағарып омырауы көбіктеніп.

Артынан келіп жетті қалған қырқы,
Солдаттың соғысуға болмай сиқы.
Тапалап енді бесін бұлар қырды,
Қашып та құтылуға болмай ырқы.

Қан қылды осылайша қара жолды,
Түс шықпай бір он адам жым-жырт болды.
Көзінен шыққан жалын от сықылды,
Жүр жалғыз өзі бастап сонша қолды.

Көрмедім нәсілде әйел мұндай ерді,
Тең туған төрт құбыласы кемеңгерді.

Солдаттың қырық жігіттен қалғаны деп,
Ақырып айғай салып тапап берді.

«Жәмила, аш көзіңді бізге кара!
Жалғызбыз, өзді-өзіміз қалдық дара.
Ашумен жолдасыңды қырып тастап,
Өкініп, болып жүрме шын масқара».

«А, солай ма?»— деп айтып отыра кетті,
Қып-қызыл қанға бояп аппақ бетті.
Атынан қарғып түсті жүре отырып,
Сол жерде Гүлжәмила қор-қор етті.
Тамақ ішіп, көз жұмып ұйықтамаған,
Тартқалы ер Кешубай сол бейнетті.

Байлаудан Кешубайды қалас қылды,
Оязбен ел болмасын енді білді.
Жиып ап ат пен тоның, саймандарын,
Жібермей он солдаттан жалғыз тілді.

Былайша ақылдасып десті дейді,
Оязбен ат кекілін кесті дейді.
Жеріне Руссияға қарамаған,
Жиделібайсын жағына көшті дейді.

Алты айда бұлар барды Жиделіге,
Жат жерден ырзық айдап үйренуге.
Бұларды қабыл алды барған елі,
Манаптар жолғы азаптан күйленуге.

Ақ сұңқар ылди қуған ұшқан белден,
Қаңбақтай адам басы ауған елден.
Азырақ жата тұрсын ер Кешубай,
Сөйлейік қырған солдат, қалған елден.

Бұлардан ақ патша алды хабар,
Бірінші әділ еді ақыл табар.
Сүйінді қырып қашқан ерлігіне,
«Кешубай ер екен,— деп,— маған жағар.

Ұрыппын өз саныма өзім балта,
Айдауым Сахалаңға екен қата.
Он тұрғай, жүз солдаттың қанын кештім,
Кешубай сөзге нанса, келсін қайта!»

Бұлайша патшаның айтқан сөзі,
Шақырып Кешубайды қылған назы.
Орнына Кешубайдың аға сұлтан
Сайланып төре болған Арғынғазы.

Төреге Арғынғазы беріпті хат:
«Кешубай қайта келсін, көрмесін жат,
Кінәсін кешу қылып қайран берем»,—
Деп патша осылайша айтты талдап.

Мұнан соң Арғынғазы хабар берді,
Кешубай өз жеріне қайта келді.
Неше күндей ақ патша қонақ қылып,
Сыйлыққа алтын сағат бедер берді.
Шен берді жандарал да Кешубайға,
Үстінен арыз алмасқа қол да берді.
Орыс, ноғай, қазақты түгел сыйлап,
Кешубай осылайша дәурен сүрді.

ОНЕГИН МЕН ТАТЬЯНА

Сөйлей бер, қызыл тілім, қапияда,
Тұрғанда тән саламат, жан ұяда.
Аудардым Пушкин ердің романын,
Жазылған 1823 жылы Руссияда.

Роман — сегіз бөлек ұзақ өлең,
Алдымен Онегиндей ерге келем.
Қазақтың Абайындай болмасам да,
Бұл жерге өз тілімде айтып берем.

Онегин — қазақ емес, нәсілі орыс,
Һәм және орыс деуге емес дұрыс.
Өнерін білімімен байқағанда,
Низам мен шарифаттан кетпес бұрыс.
Осындай жаһан асқан кемеңгердің
Басынан аңдаусызда өтті бір іс.

Орыста жазушы өткен Пушкин атты,
Өнерге, ғылым-білім кәмалатты.
Жөн сырын әр нәрсенің оймен білген,
Ақылға Аплатондай парасатты.
Айырып қара қылды оймен бөлген,
Қарамас, хан, қараға, әділетті.
Қырмызы қызыл жібек қыз мінезді,
Жылы жүз, жұмсақ сөзді балдан тәтті.
Әр жердің тамашасын көзбен көріп,
Бір жазған кінегесін мыңға сатты.
Кітабын оқығандар ғибрат алып,
Бір сөзін тыңдаған жан мың құмартты.
Шығарып Онегин мен Татьянаны,
Жайылтып жер жүзіне ол таратты.
Көзге іліп дүниені көңілге алмай,
Тұрмыстың ащы-тұщы дәмін татты.

Сөйлейін Пушкин жазған оқиғасын,
Байқасаң, айырасың нәтижесін.
Ержетіп іс білген соң Онегин ер,
Адамнан артық алған тәрбиесін.
Әйелден қызыл алма қызық көріп,
Татпаған гүл шәрбаттың миуасын.
Дүниені бес күншілік қызық көріп,
Қатын ап, бала тілеп, мал жимасын.

Болғанмен бүгін тірі, ертең өлі,
Несіне қызық көріп дардиясың?
Соншалық сүйген дүниең сындырады,
Ойласаң, қайтіп жолдас бола аласың.

Фаниден қалмас дейді адам өлмей,
Нәпсіге көңіл тербеп ерік бермей,
Бүгінгі ертеңде жоқ опасыз деп,
Жалғанның жазығы көп қызық көрмей.

Дос көріп дүниеде сүйген жарын,
Дүнияда о да өте ме көңіл қалмай?
Болмаса уағдаға опа қылып,
Орнында отыра ма ерге бармай?

Пенденің тілін алмай өзі туып,
Жалғаннан үміт үзді көңілі суып.
Дүнияны бес күншілік қызық көріп,
Әйелге нәпсіге ертіп келмей жуық.
Жалғаннан өтемін деп әйел алмай,
Кірісті бекемдікке белді буып.

Айтайын Онегин ерден бір мәселе,
Пушкиндей жан туған жоқ сөзге дана.
Онегиннің жиһан кезген заманында,
Мәскеуде бір сұлу қыз болған жана.
Сұлулық, ғылым, өнер — түгел білген,
Сол қыздың аты болар Татьяна.
Келгенше он сегізге ерге бармай,
Дүниядан бұл қыздың да көңілі ала.
Келгенде қырық алтыға Онегин ер,
Сол қызды көз келтірген хақ тағала.
Пердесі Татьянаның ашылмаған,
Тағдырға бұлай жазған бар ма шара?!

Ешкімге шын көрмеген сырын ашып,
Көрмеген ер жынысын бір сырласып.
Білмейтін Татьянаның өнері жоқ,
Қанжардай жауабы өткір, сөзі машық.
Оқыған терең сырлы романдардан,
Қайғыға түседі екен жүрек тасып.
Онегинді суретінен жақсы көріп,
Татьяна болады екен сырттан ғашық.
Құдай-ау, осы қызды қыршындай ғып,
Келгенде Онегин жасы қырықтан асып.

Дүнияде арманым жоқ деуші еді қыз,
Жар етсем шаһадаттың мөрін басып.
Мәскеудің шаһарында қыз да тұрды,
Арланды жолығуға дидарласып.
«Танымай өнерім мен пікірімді,
Ұят қой біреулердей көрсе жасық».
Ойланды бір жұмадай Татьяна,
Жүгініп қиялына ақыладасып.

Ойлады сынайын деп сәлем хатпен,
Көрсетпек шын пікірін ишаратпен.
Жол да жоқ сөз айтуға ұрғашыға,
Арқалап таудай қайғы ар-ұятпен.

Сүйсе жөн, сексе қиын, қандай таңба,
Жетіпті неге көзім бүгін таңда.
Кім біледі, еркек болар көңілі салқын,
Жүрегі жібімейтін жуыр маңда.

Сүйтсе де шыдай алмай ғашық отқа,
Осылай жазды байлап басын сотқа.
Аттады әдеп жолдан еркі кетіп,
Түспеген мұндай қайғы адамзатқа.

Болғанда қызба көңіл, нәпсі жаман,
Құмарсыз тән мен жанды тапшы маған.
Жүректің айдауына времін деп,
Жалғанда қай пенде жоқ таптырмаған.

Тәтіштің жауабының болса сәті,
Пікірінен беріп хабар айтқан даты.
Лажсыз ұялса да шыдай алмай,
Онегинге қыздың мынау жазған хаты.

*Татьянаның Онегинге
бірінші жазған хаты*

Бағым жоқ, талабым жоқ мен бір сорлы,
Аттадым еріксізден ұят жолды.
Әуейлік ісім емес, анық сүйдім,
Болмаса сынағайсыз осы жолы.

Халімді ұшбу хаттан бір байқайын,
Ұрғашы істемеген сөзді айтайын.
Қорлыққа басты байлап арзандадым,
Сүймесең, өмірімше зар тартайын.

Хош алып мені сүйсең мақтарсыңыз,
Жау болсаң, табаныңа таптарсыңыз.
Сырымды сыртқы жұртқа әшкере етпей,
Үндемей сүймесеңіз сақтарсыңыз.

Бұл сөздің түбін ойлап болжанарсың,
Біреуден үйренбейсің сөз мәнісін.
Көп көздің оғы тиіп аман жүрген,
Жаралы сен бір сері жолбарыссың.

Ең қымбат інжу-маржан су моншақпын,
Құмарым, өміріме сізге ортақпын.
Бір сағат жатқа қымбат арзандаған,
Қиялмен екі түрлі шын қорқақпын.

Қош алып жауап қайтар, құрмет етсең,
Мақсатым — жарың болып қызмет етсем.
Бәрі бір ұрғашының біреуі деп,
Амалсыз қалдым сізден, өкпелетсең.

Жауап жаз, қабыл алсаң, осы хатқа,
Көңілім берілмейді сізден жатқа.
Сүйсем де, күйінсем де мен білейін,
Сырыңды менен сезген ешкімге айтпа».

* * *

Тапсырды кабран хат поштабайдан,
Ұғынды оқып Онегин мәлім жайдан.
Келгенше қырық алтыға қызынбаған,
Жуырда дайындалсын бұған қайдан.
«Ұрғашы көрсеқызар халық еді,
Бос еді жігері де сары майдан».
Танымай Татьянаның қандайлығын,
Бұйырмай және тағдыр бір құдайдан.
Жұбатып жұмсақ сөзбен сәлем жазды,
«Бұл емес менің іздеп жүрген пайдам».
Онегиннің қызға жазған жауабы осы,
Айрылып тең жаралған сайма-сайдан.

Онегиннің Татьянаға жазған
бірінші хаты

«Е, Тәтіші! Мен қырық алты, сен он сегіз,
Арамыз екеуміздің ұшан-теңіз.

Жадырап өзің теңдес жас жарға ти,
Өлмейтін тіршіліктің қамын жеңіз.
Жүргенге сыртым тірі болма әуес,
Дүниеден біз пақырды қайтқан деңіз.

Жарым жоқ ақылдасар, жалғыз баспын,
Нәпсіге жаралғалы жүдә қаспын.
Арамыз екеуіміздің алысырақ,
Сөггерсің, әзіліңе жарамаспын.
Қазанға қырық жыл қайнап жібімейтін
Күн шалған сахарадағы қатқан таспын.
Алмаған шаршы орамал дүние тойдан,
Ішер ас, тамағым жоқ, жалаңашпын.
Гүліндей райханның нұрлы Тәтіш,
Сені де мен қалайша аямаспын.

Тыныштық, рахатым жоқ жаралғалы,
Тәніме ғылым суы таралғалы.
Орынсыз бұл жұмысқа жұмсамаңыз,
Мен жалғыз қырық жыл болды қамалғалы.

Жақса да жүрегіме жазылған хат,
Сөзі ірі, мағыналы, маңызы жат.
Сақтайын бұл сөзіңді өлгенімше,
Етсеңіз бұл жұмыстан мені азат!

Жүрегім қызынбайды ұрғашыға,
Сөзіңнің ерсем дағы турасына.
Қара жер — ата-анам, ең жақыным,
Мені аяп, азаттық бер бір басыма!
Басың жас, тілегіңіз алдыңызда,
Көңілдің азба, шырақ, қызбасына.
Сау болсаң, таңдап сүйіп қосыларсың,
Не төре, не бір байдың мырзасына».

* * *

Өтініп шын ақиқат сырын айтып,
Бұл жауап тапсырылды қызға қайтып.
«Жанаспас сүйгеніме зар болдым»,— деп,
Қайғырды Татьяна қапа тартып.
«Жалғанда жар боламын бірінші деп,
Онегинге ғашық едім шын құмартып.
Мақал бар: «Сабыр түбі — сары алтын»,
Сабырдан маған болмас еш нәрсе артық».

Арада осыменен өтті екі жыл,
Қайғыны жүре берді мойынға артып.
Бұл сөздің қорытындысын баяндалық,
Аяғын соза бермей тым ұзартып.

Нұр Тәтіш құмар еткен талай елді,
Қорлады Онегин білмей нәзік белді.
Сапар қылып екі жылдай Онегин сабаз,
Мәскеудің шаһарына қайта келді.

Қапамен Татьянаның іші күйген,
Сарғайып запырандай шықпайды үйден.
Бәріне ұрғашы, еркек сыр айтқан жоқ,
Әурелей сүймейтұғын мойын иген.
Жалғанда жаны шықпай жазыла ма,
Өлмейтін өкпесіне жара тиген.
Баласы бір міністер ғашық болып,
Құмар боп жан-тәнімен қызды сүйген.
Аушмен ықтиярсыз көнеді қыз,
Жалғанның қызық көрмес сырын түйген.

Басынан ерік кетіп қабыл алды,
Жалғыз-ақ өзі біледі өткен халді.
Мәскеудің шаһарына мәлім болып,
Вешір боп қыз-жігітке той жасалды.

Шақырды құрмет етіп талай елді,
Атақты адамдарға қағаз берді.
Жатқанда той істеліп сол жиынға,
Атақты сабазыңыз Онегин келді.

Отырды Татьяна тойға келіп,
Назданып мың қиялға көңіл бөліп.
Тысқары мағрипаттан қадам баспай,
Қалмаған бойда шылғи сабыр шегіп.
Өзгерткен қыз да болса қияпатын.
Соларды шын жаралған асыл делік.
Байқады парасатпен қызды Онегин,
Тексеріп терең оймен көз жіберіп.

Жатық сөз, жайдары, ашық, қандай дана,
Мақтаулы кірсіз туған Татьяна.
Сөзіне тыңдаған жан таң қалады,
Айтады өлшеуменен тым аз ғана.

Тыңдаушы — мыслящий табылғанда,
Шығады бір сөзінен он мағына.
Жақтырды қызды сынап Онегин ер,
Айналып ұрғашыға сонда аз ғана.
Ойлайтын әйел ондай болмайды деп,
Ғашық болып көңіліне түсті сана.

Жақтырып қызды сынап ұнастырды,
Бұл қыздың аты-жөнін сұрастырды.
Жауабын алдыңғы жыл қабыл алмай,
Өкініп биыл танып рас білді.
Отына ғашықтықтың бұл да күйіп,
Екеуін тағдыр кезек жыластырды.
Қан қызып, жаны сүйіп ғашық болса,
Адамға ғашықтықты мирас қылды.

Қалмады ақыл, сабыр етерге дәт,
«Болайын күні ертеңнен өзім азат.
Алдына ғашық жарым арыз жазып,
Түсейін жүгініске, қалмай азап.
Қайтардым неғып сүймей жар жауабын,
Қайырлы онда маған болмай сағат».

Қиял билеп Онегиннің тынышы кетті,
Алғанша қыздан жауап өтпей тағат.
Жолығып өз басына қыздың халі,
Бөлінді ой, ақылы неше қабат.
Басынан ғашықтықпен ерік кетіп,
Жолығып зор қайғыға таудай апат.
Қайтқан соң пәтеріне Онегин ер,
Сұлуға Татьяна жазады хат.

Онегиннің Татьянаға жазған
екінші хаты

«Байқамай қымбатымды көрдім арзан,
Сорым ба салқын тартқан сіздей жардан.
Өзіме өрескелім көрініп тұр,
Айрылып арнап жазған бойтұмардан.
Халіңнен ойлап жүрген хабар беріп,
Хат келді алдыңғы жыл сіз құмардан.
Саудама тегін келген алынбадың,
Саналып су моншаққа інжу-маржан.

Бұл қате, надандыққа мен кінәлі,
Қиын дерт өлгенімше маған арман.
Жақында жатты сүйіп той жасалды,
Уақыт өтіп кетіп отыр қолдан.
Сіздей жан ұрғашыда болмас деуші ем,
Болып тұр ойлағаным бүгін жалған.
Басымды етегіңе қайта салдым,
Жарымсың дүнияда көңілге алған.

Фафу ет айыбымды, асыл қалқа,
Ұрыппын өз тәніме өзім балта.
Білемін басқы кекпен ұнатпассың,
Өтініп ісім түсті сізге қайта.
Қайғыңа қалған жасым ортақ болсын,
Өмірді өткізейін мехнат тарта.

Сүйсең де, сөксең дағы өз бұйрығың,
Жібердім сізге оралтып сөз құйрығың.
Жаңаны бұрынғымен салыстырып,
Осының, Татьяна, айт билігін.
Өзіме өз обалым жетіп отыр,
Әуреді мендей жан жоқ күні бүгін.
Қайғыңа бір басымды етіп пиди,
Көрмеске қалған жастың игілігін.

Татьянаның хатты алғандағы
сипаты

Поштадан қызға тиді жазылған хат,
Қыз бұған оқып көріп болмады шат.
Онегиннің ой өртейтін ауған көңілі,
Бұл сөзге беру керек не дәләлат?
Қастық жоқ, қиянаттық қимылында,
Пікірмен ойға кірді көп қабағат.
Өзінің Онегин бұрын сүйген жары,
Күйеуден және соңғы жүр саламат.

Ақиқат қайсысына бұрар екен,
Тәңірге әзел жанын етті аманат.
Дүнияға жаралғалы он сегіз жыл,
Жас бойға жапсырмаған бір жаманат.
Бұлтарып жамандыққа жоламайтын,
Дегдары қыз да болса шын азамат.

Онегиннің жауабына мәлім болып,
Сұлудан Татьяна келеді хат.

Татьянаның Онегинге
жазған екінші хаты

Басында сізге піскен егін едім,
Иесіне орып алса, тегін едім.
Жалғанда жаным сүйген жар болмаққа,
Ұнатып сәлем жазған бегің едім.
Басып едің табаныңа ұлтарақ қып,
Сүйгенім, сенен жапа шегіп едім.
Салық қып арамыздың шалғайлығын,
Бала деп масқаралап сөгіп едің.

Жауып ең өз қақпаңды қатты серпіп,
Жұбатпай жұмсақ сөзбен жолыңа елтіп.
«Дүнияды қайта маған қайрылма!»— деп,
Тастап ең сөз қанжарын неше кертіп.
Оқ тиген қос өкпеден тірілместей,
Жарадан жазыла ма мендей мерткі?

Тамырың тоқтап қалған қанданыпты,
Суынып өлген денең жанданыпты.
Жалғаннан жарсыз өту жарамас деп,
Қатайып тіршілігің шамданыпты.
Мен кештім, айыбы жоқ, асыл қалқа,
Жарқырап нұрсыз көзге шам жаныпты.

Бұл кезде мен де өзіңдей шын сорлы зар,
Басымда өз басыңның сол пормы бар.
Біреуге қол-аяғым берік байланды,
Апырмау, мезгілі жоқ қай орын бар?

Байқасам, қисыны жоқ бұл бір медеу,
Жатады сараңдыққа тіпті үндемеу.
Тыпырлап отта жатқан ақ сұңқармын,
Бұл хаттың жазар кезі ерте еді-ау!

Көзімнен аққан жасым дария сел,
Бақытсыз, тіршіліксіз мен нәзік бел.
Армансыз ақиқатқа жүгінейік,
Шақырдым, ертең түсте қонаққа кел!»

Осылай тапсырылды қыздан жауап,
 Бар шығар шақыруда басқа себеп.
 Мәнісін хаттың Онегин абайлады,
 «Ақыл, ой бар екен,— деп,— ар мен әдеп».

Ақ жүзі айнадай сән бір қыз дана,
 Теп-тегіс ақылы мол, ой мен сана.
 Ертең сол Онегин келер уақында,
 Шақырды жас күйеуді Татьяна.

Ойлаған адам білмес қыздың сырын,
 Ақылмен болжай білген сипат түрін.
 Қонаққа жас күйеу де бармақ болды,
 Көрмеген еш сыйласып бұдан бұрын.

Қамданды бармақ болып енді олар,
 Тағдыры ақыры істің қандай болар.
 Ертең сол сағат тоғыз шамасында,
 Кеп қалды екі күйеу ұмар-жұмар.

Бұларға Татьяна сырын айтты,
 «Тауаным дүниядан бұрын қайтты.
 Мен солай ғашықтықпен шерменде боп,
 Азабын құмаршылық көрдім қатты.
 Сүйгенмен мен жығылып, бұл суытып,
 Ғашығым таудай азап арқалатты».
 Бұрынғы жазғанының шорнабегін,
 Күйеуге ұсынады екі-үш хатты.

Татьянаның соңғы күйеуіне айтқаны

«Екі жыл асықтықпен күйіп едім,
 Тірліктен үміт үзіп жүріп едім.
 Қапалы көңілімді көтөрмекке,
 Еріксіз биыл сізді сүйіп едім.

Байқамай басым қатты хақ бұйрығын,
 Таңдаман мен сіздерді ең жүйрігің.
 Тартпаймын біреуіңді тәуір көріп,
 Екеуің бұл жұмыстың айт билігін!»

Жарияға ғафу етті қылғандығын,
Тұғырға шаршап-шалығып қонғандығын.
Теңгеру қағаз салды падишаға,
Қызығы раушансыз болып шығын.
Бір күні дуэльменен бұйырыпты,
Биопа қайырсыздық тапты ығын.

Дуэльмен қарсы жасап мылтық атты,
Жары үшін Татьяна махаббатты.
Ажал оқ бір-біріне қарсы тиіп,
Осымен екі ғашық қанға батты.

Оңалмай теріс кетті есіл Тәті,
О да атып өзін-өзі қаза тапты.
Осы қыз қайсысына лайықты,
Оқыған, айырсаңыз шарифатты?!

Бұл қыздың өтті осымен екі досы,
Құрылмай алла арнамай ердің қосы.
Ішінде қата болса, ғафу еткей,
Опасыз, баянсыз жар деген осы.

АҒАШ АТ

Сөйлейін бір мәселе тыңда, жұртым,
Көңілдің әңгіме ашар қайғы бұлтын.
Шығарып асыл сөзден мағыналап,
Келтірсек ашуына сөздің кілтин.
Тақ Сүлеймен, бұрынғы Зұлхарнайын,
Мансап, бақыт, тастаған дүние мүлкін.
Болмайды көрген түстей, көз жұмылса,
Тірлікте қанша қызық, ойын-күлкің.

Тігілер, тұз таусылса, ажалдан тор,
Сақтансаң өлмес бұрын, болмайсың қор.
Бұрынғы өтіп кеткен замандарда,
Болыпты бір патша бақыты зор.

Үрімде үш жүз қала соған қарап,
Тараған өнер, мизам содан тарап.
Бай бақыты ол патшаның Бағдатта,
Қараған қол астына парсы, араб.

Қамсыз шах ол патшаның болған аты,
Кем болған сол заманда қолқанаты.
Өзімен бірге күйіп жылайды екен,
Сұранып, дұғада боп хан санаты.

Шықпапты неше жылдай бағына гүл,
Тартыпты бала зарын бірнеше жыл.
Елудің алтауына шыққан жылы,
Ханымы патшаның тапты бір ұл.

Ат қойды Хасен сұлтан баласына,
Көзінің ағы менен қарасына.
Той қылып жеті әлемге жер күңдірентіп,
Жамау қып жүрегінің жарасына.

Майысып қызыл гүлдей өсті Хасен,
Жамалы Нүсіптей боп көркем, әсем.
Қадірлі халифаның жас манабы,
Жабыдай жаман туып өспей бәсең.

Ақыл мен мінезі артық дүлдүл болды,
Парасат, ақыл, ғылым мүлде толды.
Атасы Қамсыздан да артық туып,
Қақ жарған қара қылды әділ болды.

Өрімдей көрер көзге бой мен нұсқа,
Жігіт боп жігер бітер келді тұсқа.
Патша да, баласы да тұра тұрсын,
Бар еді сол шаһарда асқан ұста.

Бай болған қолөнерден тапқан пұлдан,
Данышпан адам болмас одан жылдам.
Жалғыз-ақ адам жасап, жан салмайды,
Өнердің одан басқа бәрін қылған.

Пәндеден ол ұстаның өнері жат,
Ұстаны мақтады екен, Шам мен Бағдат.
Хайламен неше түрлі жел кірдіріп,
Жасады резіңкеден бір ағаш ат.

Адам мінсе үстіне, ұшар дейді,
Бұлт, ауасын, желменен құшар дейді.
Қайтарлық кілтін білмей жүре берсе,
Сағатта жылдық жерге түсер дейді.

Ұша берсе, әуеге жетер дейді,
Самғай берсе, талайға кетер дейді.
Екі кісі мінгессе, ауыр емес,
Нәрсені одан басқа көтермейді.

Жиып алса, сыяды жан қалтаға,
Он мың алтын ділдаға бәсі баға.
Алтынменен нақыстап көз орнатып,
Әкелді ағаш атты падишаға.

Келген соң мүмкін емес бермей қайту,
Лайық па саудаласып есеп айту.
Қадірлі халифаның жалғызына
Ұста әкеп ағаш атты қылды тарту.

Риза, шадыман болды халифадан,
Қисапсыз көп мал берді қазынадан.
Ұшып жүріп дүние жүзін сейіл құрды,
Көп тамаша көрсетті жазирадан.

Құтқармас жүрген аңды, ұшқан құсты,
Тамаша қылайын деп көңілі түсті.
Үстіне мініп, бентін бұрап еді,
Ағаш ат ханның ұлын алып ұшты.

Тамаша қылды көрген ағаш атты,
Ағыны атып қалған оқтан қатты.
Көзінен көрінгеннің ғайып болып,
Ағаш ат бара-бара бұлтқа батты.

Ауаға қарап қалды елдің көзі,
Ұшқан құстың болмайды мұнан тезі.
Бар хабар, жоқ хабары білінгенше,
Ұстаға қиын болды мұның өзі.

Патша ашуланды назаланып:
«Жалғызым өлсе қайттім қазаланып?
Бар хабар, жоқ хабары білінгенше,
Зынданда ұста жатсын жазаланып.

Шығарып ойда жоқта қастық қылды,
Босатпа жаман-жақсы білмей тілді!»
Айрылып жалғызынан патша тұрсын,
Ұшырып өз қолынан жас бұлбұлды.

Бұл Әсет талай сөзді қисса еткен,
Көз майының түбіне жазу жеткен.
Айрылып жалғызынан патша тұрсын,
Сөйлейін ер Хасеннен ұшып кеткен.

Таянды тап ақшамда көкке жуық,
Бек тоңды, аспан үсті қардан суық.
Өлді деген осы деп күмән қылды,
Бұған құмар қылды-ау деп ажал қуып.

Жылады көзден жасын ағызып сел:
«Ата-ана, арыздаспай қалды,— деп,— ел».
Аса тоңып, әлсіреп келе жатса,
Жолықты шаһзадаға бір жылы жел.

Өне бойы жылынып қуаттанды,
Енді қажет қылады арсыз жанды.
Әр бентін машинаның бұрайын деп,
Бір құдай ойға салды манап-ханды.

Төмен түсер тетігін тауып алды,
Ажалға себепті еді, аман қалды.
Бір бентін машинаның бұрап еді,
Ағаш ат төңкеріліп төмен салды.

Бір рақым құдай қылды Хасен ерге,
Ұқсайды жаһан кезген перілерге.
Білмейді қай тарапқа бет алғанын,
Болғанда бір күн, бір түн түсті жерге.

«Уһ» деп жерге түсіп, есін жиып,
Көзінің тәуба қылды жасын тыйып.
Құдайдан сұрап алған ханның ұлы,
Суыққа қатты тоңды, күнге күйіп.
Әгарда айрыларын білсе атасы,
Бір сағат жібермейді көзі қиып.
Таң жақындап ағарып қалған екен,
Шаһзада ұйқтап алды біраз ұйып.

Оянып, байқап тұрды жерді түйіп,
Қараса, жасыл сахара, таулар биік.
Бір бахрида арыстан, бұғы, марал,
Неше түрлі аңдар бар құлан, киік.
Шақырған құс, ақырған арыстандар,
Бетіне жұпар иіс самал тиіп.
Бір шаһар жақын жерден көрінеді,
Қорғанын мәрмәр тастан салған қиып.

Салып ап жан қалтаға ағаш атын,
Білуге түскен жердің уәлаятын,
Не түрлі, қандай жандар бар екен деп,
Байқауға, шәріге жүрді елдің затын.

Аяңдап сол шәріге Хасен келді,
Өзі туып көрген жоқ сондай елді.
Кейбіреудің басы құс, кеудесі адам,
Не түрлі сонда көрді шыбық белді.

Кейбіреудің басы құс, кеудесі адам,
Сөз тыңда жаһан кезген Шаһзададан.
Бір үйге шәриден аулақ кіріп келсе,
Бір ақсақал бар екен, берді салам.
Жылы жүз, жұмсақ сөзді адам екен,
«Уағалайкумассалам,— деді — балам!»—
Құрметтеп, жақсы жайдан орын беріп,
Алдына түрлендіріп қойды тағам.—

Қай уәлаят, қай жұрттан шыққан жансың,
Ахуалыңды баян ғып сөйле маған.
Өз жұртыңды баян қыл бастан-аяқ,
Ақылымды айтайын, балам, саған».

Шын сөйлеуге болмайды, көңіл алаң,
Өтірікті заулатты шалға балаң.
«Бағдат керуенінің адамы едім,
Малымды көп жау талап қылды тамам.


Көп жолдастан, айрылып ат пен тоннан,
Айрылып ел-жұртымнан жұрмін жалаң.
Бұл жұрттың танымаймын ешқайсысын,
Білмеймін қайда екенін Бағдат қалам».

Шал айтты басын шайқап: «Паруардігер!
Екенсің жаһан кезген бек мұңлы ер.
Айрылып жас шағыңнан үйіріңнен,
Балам, сенің ішіңе байланған шер.

Желмен ұшып келдің бе, сумен ағып?
Бұл жерден сенің жерің төрт жылдық жер.
Құлбаян, жезтырнақ, маймыл, сәксар,
Төрт тарап бәрі толған жын-перілер.
Солардан неғып өлмей аман келдің,
Адам етін жөйтұғын көп зәңгілер?
Раббиғұн, Мәскүн дейді сіздің жақты,
Бұл Айқұл, Мөдинә хақ, уль Жазира дер.
Сүлеймен бұл шаһарға пана қылған,
Тақ құрған бұл Айқұлда көп мініскер.
Жазира Кеңіш дейді шәрінің атын,
Берейін баян қылып, ахуалын көр.

Осы елдің бөлек заттан бірталайы,
Ең жақсы қара жердің нұрша райы.
Гауһар, лағыл бұл жердің жоқ жерінде,
Күһіғаңзам теңіз бен тау Маяғы:
Осы елде ағаштан да алтын арзан,
Осы жұрттың болмайды кедей, байы.
Майбұлақ сүттен аққан хауыздар бар,
Тастардан судай ағар жердің майы.
Жарық дүние жүзінде қара жердің,
Бұған теңдес болмайды сайма-сайы.

Шырағым, сен мұнда тұр балам бол да,
Жұртымды табамын деп алаң болма.





Аспанда ай бірдей ме жұлдызбенен,
Шын кәмшат тері бір ме құндызбенен!
Жолықпай теңдесіне ұнаспайды,
Қоңыр қаз жапалаққа ілгізбеген.












**Шіркін жан бір-ақ түйін бу сықылды,
Жан тері маңдайдағы су сықылды.
Алланың әмірімен дүние салды
Жығылған алтындаған ту сықылды.**







Өзіңе өз ақылың пайда, зиян,
Түбінде елмесіңді езің де ойла».

Бұл бала осы шалға болды бала,
Кімді кімге кез қылмайды алла тағала.
Жазира шаһарларын сайран етті,
Тамаша қылмасын ба ақылы дана.

Жазира шаһарларын түгел кезді,
Тамаша ғажайыптың бәрін сезді.
Бір үйде отыз адам күй тартып тұр,
Қызыққа бұл да келіп салды көзді.

Қылып жүр мұндай іске алла бұйрық,
Жігіт боп жігер біткен бұл бір сүйрік.
Ақылы асқан данышпан, өзі молда,
Асқан ақын, данышпан әнге жүйрік.

Сырнайдың бір тәуірін сұрап алды,
Түрлентіп неше алуан күйге салды.
Сол шаһардың ханының жас баласы,
Хасеннің бұл күйіне қайран қалды.

Өзгелерін қойдырып, күй тартқызып,
Оған қосып әр түрлі ән айтқызып.
Хан баласы Хасенді жолдас қылды,
Өнерін жіберткен соң тым артқызып.

Жаратқан төрт түлігін мақұл қылып,
Сұлтанның іші толған ақыл қылып.
Хан ұлымен шығарда жаны басқа,
Арасы алла қосты жақын қылып.

Бір күні хан үйіне қонақ болды,
Сол түні жұртын ойлап паңызы солды.
Жасырар ағаш атын, патша затын,
Қайғы ойлап санаменен көңілі толды.

Оқыды бір кітапты хан баласы,
Кітаптың сурет екен айналасы.
Ер Хасен анадайдан көзін салса,
Суреттің қыз секілді нышанасы.

Ұмтылды Хасен көзін салайын деп,
Суретке құмарланды қарайын деп.

Көзіне құп тамаша көрінген соң,
Қолына әуес қылды алайын деп.

Хан баласы Хасенгө: «Алма!— деді,—
Ей, жолдасым, көзіңді салма!— деді.—
Өлгеніңше өзіңе кесел болар,
Қарап тұрып пәлеге қалма!»— деді.

Хасен айтты: «Көрейін өлсем дағы,
Көздің нұры, көңілдің сынар сағы.
Суретіне бір қарап көрсем екен,
Басыма таудай пәле келсе дағы».

Болмаған соң, көрсетті суретті ашып,
Ер Хасен талып түсті түсі қашып.
Хан баласы бөтіне су бүріккенде,
Сескеніп түрегелді көзін ашып.

Сөйледі Хасен ердің көңілін басып:
«Сіз енді бұл суретке болма ғашық!
Құмарлықтан қапа боп өлесің деп,
Өзіңе айтып едім жаным ашып.

Қайғымен жас жасамас қалған жасың,
Суреттің сізге айтайын уақиғасын.
Туысқан ата-анасы бөлегі жоқ,
Емшектес бірге туған қарындасым.

Шәріден күндік жерде қыздың бағы,
Жан жетпес қызығына бақшадағы.
Мұхиттың аралына қорған салған,
Жан баспас дария көл екі жағы.
Ол бақта күн де жарық, түн де жарық,
Қызарып күндік жерге түсер сағы.
Інжу, маржан сол бақтың суларында,
Асыл тастың сонда көп шамшырағы,
Мисалы, бөйне жұмсақ салтанаты.
Қызығына жан жетпес Иран бағы.

Нөкері қырық ханша, мың жария,
Жан-жағы адам баспас су дария.
Көрген жан ғашық болып өледі деп,
Ақылмен шеткө қойған көп қария.

Қырық құлаш мұнарасы аспанды ашқан,
Бір күмбез ең басында безек басқан.

Порымы қазақ үйше жасатылған,
Ақ торғын түндігі бар аспандасқан.

Бақшада бәрі даяр алуа, шекер,
Түбінде күзет қылар басқа нөкер.
Ханшалар бір жұмысқа шақырмаса,
Қариялар рұқсатсыз бармас бекер».

Осылайша баян қылды қарындасын,
Қайғысы Хасен ердің қалыңдасын.
Күндіз естен, кетпейді түнде түстен,
Қайғыға Хасен қайтіп шалынбасын?
«Өлсем дағы осы қызды көрсем»,— дейді,
Үйін де, талақ қылып мал мен басын.
Лаж ойлап сарғайды ғашықтықтан,
Жалғызды жалғыз алла жарылқасын.

Үйренген аттан бетер арғымаққа,
Тапсырды батыр өзін жалғыз хаққа.
Сол түні әуе жүзін сөйіл құрып,
Тамаша көзін салды қызойнаққа.
Ашулы алтын түндіктен атпен кірді,
Шошынбайтын көзел деп мұны мақта.

Сарайға шадыман болды кірген шақта,
Шатақтан шаһизаданы алла сақта!
Құла перде толықсып, нұр құйқылжып,
Ханыша жатыр екен алтын тақта.
Қауіптен қыз ойында қиялы жоқ,
Ұйқыда жатыр екен сол уақытта.
Бір қағаз есімін жазған алтын тақта,
Қызындай, Шаһибалдың Иран баққа.

Нұр құйқылжып шығады қызыл-жасыл,
Мекені пері, мүлкі ылғи асыл.
Хат мазмұнын анықтап оқып көрсө,
Ханыша қыз есімі — Нұргүлғасыл.
Ойына салып тұрды неше қиял,
Сабырсыздық іс қылмас мұндай нәсіл.
Сабырлықтың ақыры кеңіп болып,
Мұрадына ғазизлар қылған хасыл.
Ұшқыр көңіл тоқтатып сабырлық қып,
Қылайын дөп ойлады хайла, төсіл.

«Бетін сүйіп оятсам, жын екен дер,
Не сиқыршы, болмаса пері екен дер.

Зақыметті боп шошынып қыз ауырса,
Еңбегім еш, ғұмырым кетерге жел.
Артын байқап көрейін, сабырлық қып,
Иә, алла, тілегімнің ақырын бер!

Қыз ауырса, дертті болар, маған батып,
Мен зақыметті болармын сілем қатып.
Бүгін сабыр қылайын, ұмытпайын,
Жазу жазып кетейін сәлем айтып».

Осы ақылы көрінді бек инауат,
Сұлуға хат арқылы айтады дөт:
«Ғизатлу, о, құрметлу жан-жананым!
Мұбатта жамалыңа жазамын хат.
Жарасып заманымның туған айы,
Нұрыңды ұрлап көріп болдым бір шат.

Бір ұста жерімізде шәбер еді,
Қамсызұлы хан едім, шаһарым Бағдат.
Хайламен неше түрлі ұшатұғын,
Сол ұста жасап берді бір ағаш ат.

Басында сырын білмей шықтым бұлтқа,
Ағаш ат көнбей ұшты біздің ырыққа.
Әуемен дүние жүзін шыр айналып,
Келіппін сол себептен сіздің жұртқа.
Қадірлі хан нәсілім шаһзадамын,
Бұл кім деп бөтен кісі, теппе сыртқа.
Өз атам үш жүз қала халифасы,
Хан едім мен де сендей жұртқа тұтқа.

Атым — Хасен шаһиза, Қамсыз — атам,
Бар екен деп ойлама сөзде қатам.
Бұл істі жанабыңыз мақұл көрсе,
Ел-жұртым, естен шығар тартқан жапам».

Осылайша дөтін айтып, басты мөрін,
Орамалын тастады сіңген терін.
Бұл хатты сүйсінерлік жерге қойды,
Омырау екі емшектің ойпаң жерін.

Хат қойды құдай қосқан қонысына,
Жарлықты Бағдатты болысына.
Бұл хатты сүйсінерлік жерге қойды —
Омырау екі емшектің қобысына.

Хат жазып дәтін айтып Хасен кетті,
Шәріне көзді ашқанша барып жетті.
Жайына Хасен сұлтан жата тұрсын,
Ұйқыда жатқан қыздан есті кепті.

Ғашықтық ер жігітке бір қиын күш,
Кез болған шала құмар осындай іс.
Кеудеге Хасен хатты қойған кезде,
Осы қыз көріп жатты бір қызық түс.

Түсінде қыз сейіл қып жүрді дейді,
Аспаннан бір қарақұс кірді дейді.
Қанша қыздың ішінен қалап келіп,
Сұлудың дәл басынан бүрді дейді.
Қан шығып, қыздың тәні ауырмайды,
Көк тырнақ көбесінен кірді дейді
Сасқаннан өлдім ғой деп қыз оянып,
Шошынып ұйқысынан тұр дейді.

Аққан термен су қылып жатқан жерді,
Қыз білген жоқ қасына келген ерді.
Жүрегі аттай тулап жатыр екен,
Қолымен омырауын басып көрді,
Бір қағаз бүктеп қойған қолға тиіп,
Жұлып ап хаттың бетін ашып көрді.
Оқыса, осылайша хал-ахуал,
Уағда айтқан сөзбен, басқан мөрді.

Осы қыз түсін жорып, салады ойға:
«Бір өсек ерген екен біздің бойға.
Бұл жігіт нағыз патша баласы екен,
Жолығып шаппай кеткен қасқыр қойға.

Ғажайып түс құп тамаша көрген екем,
Ұйықтаса да жан шіркін білген екен.
Қарақұсым жігіт қой осы келген,
Қайда барсам құтқартпай ілген екен.

Еркек жыныс көрмеген ерке басым,
Піскен алма секілді толған жасым.
Талайды ғашықтықтан сенделтіп ем,
Сүйейін Бағдаттың халифасын».

Сыртынан қыз солай деп қойды сақтап,
Сыртынан Хасен ерді көрмей мақтап.

«Қыз сүйе ме, сүймей ме, қайтеді?»— деп,
Күпті көңіл күрсініп екі жақтап.

Ақылы алты бөлініп, ойы он сан боп,
Жарым көңіл жарылып тым қопақтап.
Асыл сүйек патшаның баласы ғой,
Бос қалса, бұған да ұят құр қоқақтап.

Ахуалы Хасен ердің мұндай болды,
Көңілі алаң, жігері құмдай болды.
Қалқадан қашан хабар аламын деп,
Батуы жалғыз күннің жылдай болды.

Күн батып, бір мезгілде ел де жатты,
Алла деп Хасен мінді ағаш атты.
Кешегі өзі көрген жолыменен
Гүлғасын тағы іздеді перизатты.
Байқаса, сол орнында жатыр екен,
Қуанды қызды көріп сонда қатты.

«Бұл қызға жаққан екен жазылған хат,
Еншалла, болады екен көңілім шат!
Бұлтарып басқа орынға кетер еді,
Жек көріп, әгар мені ойласа жат».

Шымылдықты енді ашып көрді нұрын,
Алғандай-ақ боп қапты қыздың сырын.

Қыз да көріп, күлімдеп бетін басты,
Ұялып, әдеп сақтап бетін ашты.
Қамқа мен қазинаның қиюындай,
Екі асыл қиуадан қисындасты.

Қыз бұрын амандасып қылды жауап:
«Алладан қадамыңа болсын сауап.
Шаһзада, ырза болдым енді сізге,
Қосу хақтан, көрмекке бізден сәбап.

Жайыңыз жазған хаттан ғылам болды,
Шыққан зат анық білдім келген жолды.
Бір құдай ұзағынан сүйіндірсін,
Сүйікті сипатыңа көңілім толды».

Деді де, бір шынжырды қалды тартып,
Сол еді шақырушы хабар айтып.
Қырық ханша, келіпті мың жария,
Бұларға тағзым етті бойы балқып.

Нөкерлер амандасты шекер сөзбен
Хасенді күтіп алды жылы жүзбен.
Тапсырды нөкеріне нұр Гүлғасыл:
«Көріп қой ғашығымды сіздер көзбен.

Аты — Хасен, сұлтан,— деп, айтар жайын,
Қамсыз деген патшаның күн мен айын.—
Құдай қосса, шын жарым қияметтік,
Қызметіңе болыңдар сіздер дайын!»

Шекер, шәрбәт, алдына тағам жайып,
Не қылған жан бұларды көрсін ғайып?
Ойнап-күліп отырды Гүлғасылмен,
Кетіспейтін ант айтып серттен тайып.

Көп қыздар жар-жар айтып, салды төсек,
Ұрын келген күйеуге қылып есеп.
Қыздардың сонда айтқан жар-жары осы,
Шала болар, баян қып сөйлемесек.

Көп қызда бір қыз болған Балқия атты,
Бал, шекерден дәмдірек, сөзі тәтті.
Бұлардың арасына «жар» сөйледі,
Болуға екі ғашық махаббатты:

«Екі ғашық қосылды,
Ай мен күндей жарасып.
Хиуадан қисындық,
Қырымдықпен қарасып.
Бұрыннан білген адамдай,
Біріңді біліп қаласып.
Алла шыны қоспаса,
Кетер едің адасып.

Ақ алма едің ағашта,
Айтулы едің алашта.
Алар жарың кез болып,
Алла қосып жарас та.

Миуадан пістің бұралып,
Қисындастың құралып.
Әдепті ғәзәл асылдар,
Дұғада болып тұралық!»

Ішінде алтын сарай, асыл тақыр,
Оңаша қызды қойды аз уақыт.

Жұмаққа тірі кірген бідырыстай,
Тез қонды Хасен ерге мұндай бақыт.

Оқ тиді мәрімәріттің көзін атып,
Басқандай балапанын аққу жатып.
Қыранның қимылына мейірі қанды,
Жылы қан, ақ үрпіктен дәмін татып.

Ақ сұңқар шабытында үйрек ілді,
Көк тырнақ көбесінен қанға батып.
Талдағы шырмауықтай он бұралып,
Айқасып, жұмарланып қалды қатып.
Сол күйде екі ғашық қорынар ма,
Тұрса да мылтық атып, қылыш тартып.
Айқасып ғафу ғишрәт ойынменен,
Құмарлық лебізінің оты шалқып.

Інжу тас бұрын жіпке тізілмеген,
Көздері жанға қарап сүзілмеген.
Жауһары аса қымбат қыз бойында,
Арзандап бұдан бұрын үзілмеген.

Қосылғаны тез заман,
Көп заманнан жүрді аман.
Жаңа керді табысып,
Ойнап-күлді қауышып,
Арманы болды-ау бір тәмам.

Алыстан келіп көз болды,
Хиуадан табысып.
Аузының ыстық желінен,
Қызуы оттай жанысып.
Бал, шекердей тілінен
Шекер, шәрбат алысып.
Шыбық талдай белінен
Шырмалысып қалысып.

Ақ сұңқар ұшты көлінен,
Қымтып құшып белінен.
Салтанатты жар үшін,
Айдаған алла елінен.
Армансыз ойнап жарымен,
Құтылды-ау қайғы шерінен.
Мейірі қанды мырзаның,
Замандас туған теңінен.

Рахат тапты жас жаны,
Дертiнiң шипа еменен.
Рахат тапты жас жаны,
Тiлiнiң сусын, жемiнен.

Ажалдың оғы атылса,
Қашса да өлер аң шiркiн.
Қызыққа мұндай батылса,
Рахат табар жан шiркiн.
Сағынып жарға шатылса,
Сарғайып атар таң шiркiн.

Он екi құйрық, қырық шалғы,
Биiктен бүркiт ұшқандай.
Қоқақтап тұрған түлкiге.
Қорынбай қыран түскендей.
Қаны жадырап жай тапты,
Шиелегендi шешкендей.
Бойы балқып мас болды,
Қызулы шәрбат iшкендей.

Қадiрлi келген наркескен
Иегiнен кескендей.
Ханым болды ханыша,
Қыз атағы өскендей.
Мұратқа жеттi падиша,
Қайғы мен қауiп ескермей.
Сүйiктi жары болған соң,
Қосылды-ау қыз да терiс көрмей.

Ханыша байбатшамен бiр жатады,
Қызыққа жатқан түнi мол батады
Таң атқан соң қайтуға ұят ойлап,
Қалаға ағаш атпен тез қайтады.
«Ей, сәулем, сағындырмай келiп тұр!»— деп,
Ханыша мойнын құшып сөз қатады.

Сағынар келесi таң оралғанша,
Екi асыл бiр сарайда бола алғанша.
Сүзiлiп терезеден қыз қалады,
Қарасы ғашығының жоғалғанша.

Амал жоқ бұл ханыша қалды шыдап,
Қалаға барып жеттi Хасен ұзап.
Түнде қызда, таң атса шәрiде боп,
Сол жұртта алты ай жүрдi жолаушылап.

Бұлардың уағдасы қандай мықты,
Құмардан екі асыл әбден шықты.
Қастық қып қай уақытта қызға бермек,
Хан қызы алты айдан соң болды жүкті.

Алты айда қыз атасы келуші еді,
Баласын амандаса көруші еді.
Данышпан падишаның уәзірі,
Қасына келген сайын еруші еді.

Алты ай толып, атасы қызға келді,
Бау-шарбақ құс иісті, жұпар желді.
Бұлардан басқа пәндө жүрмейтұғын,
Жібермес қыз бағына бөтен елді.

Гүлғасыл дүнияға аты мәшһүр,
Атасы көрген сайын қылар шүкір.
Падиша уәзірімен о да келіп,
«Осы қыз күмәнді»,— деп қылды пікір.

Падиша қайтты өкпелеп қаласына,
Көңілі жүдеп, нала боп баласына.
«Қызымда бір қаталық жұмыс бар»,— деп,
Патшаның қызы қалды жаласына.
«Бұл қызды ұлдан да артық тәрбиелеп,
Санадым көзімнің ақ, қарасына.
Бұл істі кім қылды?— деп ашуланды,—
Кім кірді бау-шарбақтың арасына?»

Ар болды падишаға мұндай қылық,
Қыз еді сүттен де аппақ, судан тұнық.
Сол шаһардан бір хаяр кемпір болған,
Қалаға содан тарайды амал, қулық.
Шақырып сол кемпірге хан айтады:
«Қызымда болды бір,— деп,— мұндай сұмдық
Біліп бер қызға жақын болған жанды,
Айтайын өлгенімше, ана, құлдық.
Өзбас ем шағым ғой деп, біреу айтса,
Нәзіміз көрінеу барып көзбен көрдік.
Осыны кім болса да анықта!»— деп,
Кемпірге осылайша қылды бұйрық.

Сөзіне сонда кемпір тұрды бағып:
«Бұған қайла қылмайын, балам, нағып?
Жын мен пері болса да босатпаспын,
Кім де болса білермін белгі тағып.

Гүлғасылдың жататын сарайына,
Ертең барып келейін бояу жағып.
Басқан адам табанынан сүртсе кетпес,
Былғарыдан алмастай өтер ағып».

Падиша кемпір сөзін мақұл деді,
«Табыңыз қапияда ақыл»,— деді.
Кемпірді үй боя деп қоя берді,
Қыз білмей дәнеңені жатыр еді.

Патшаның Гүлғасылға айтпас сөзін,
Кемпірдің қыз білмейді қу мінезін.
«Ей, балам, сарайыңа бояу жағам,
Бояуға, әгәр кепсе, талар көзің»,—

Деп алдап сарайына бояу жақты,
Жалғыз-ақ аман қойды алтын тақты.
«Ертең келіп және бір жағамын,— деп,—
Еш адам жүрмесін!»— деп жарлық айтты.
Амалмен жіпсіз тұзақ құрды дағы.
Жайына енді кемпір барып жатты.
Ондай қулық болғанын қайдан білсін,
Күн батып, Хасен мінді ағаш атты.
Күндегі ойнап жүрген әдетінше,
Құшақтар тақтай басып перизатты.

Қыз айтты: «Бұл сарайға жақты бояу,
Бір сұмдық екеуімізге болды таяу.
Әкем мені, сені де өлтіреді,
Білініп, егер шықса, биттей қаяу.
Күмәнімді білді ме деп ойладым,
Жылдағы аман сөзі биыл баяу».

Сонда Хасен қарады табанына,
Кемпірдің көз жетпейді амалына.
Баттасып басқан ізі қалған екен,
Жұғыпты аяғының тағанына.

Етігінен әрі өтіп етке батқан,
Жуса кетпес, сүйекті барып қапқан.
Әгәр көрген адамға мағлұм дүр,
Кешегі қызыл бояу кемпір жаққан.
Бірқатар табанымен әуре болып,
Қалаға ағаш атпен Хасен қайтқан.

Ойында бейшараның дәнеме жоқ,
Шалына бала болған барып жатқан.
Сол қулығын кемпірдің көріп қашпай,
Деген мас жігіт екен тәңір атқан!

Белгісін кемпір көрді ертең барып,
Падишаға хабар берді бара салып:
«Бір адам қыз қасына келген екен,
Дереу тінт жұртыңызды жиып алып!
Адамның еркек дана бірін қойма,
Бұйырса, ұрлық бүгін болар анық.
Қараңдар барша жанның табанына,
Құтылар зәлім нәрсе қайда барып».

Падиша жиып алды жанды қоймай,
Адамға жер қайысты жиын тойдай.
Білмейді не себептен тінтілгенін,
Қашырды елдің қанын қолмен соймай.

Қылып жүр жанның бәрін жалаңаяқ,
Бай, сұлтан, хан демейді ешкімді аяп.
Мақшарда сұрақ алған періштедей,
Жасауылдар діңкілдер қылыш таяп,
Қаралды хан жарлығы пәрменімен,
Бұл елдің ұшығына шықты таяп.

Қаралып әбден болдың елдің бәрі,
Бұл елден табылмады еш күнәлі.
Қаралып жұрттың бәрі болғаннан соң,
Тінтілді падишаның уәзірлері.

Данышпан уәзір айтты: «Хасен қайда?
Болып ед бөтен жұрттан бізге пайда.
Бұл іске сол кінәлі боп жүрмесін,
Білдіртпей ұстап әкел осындайда.

Сиқыр білген жат елден кеп жүрмесін,
Ұрдым ғой падишаны деп жүрмесін.
Ағаштың ақ қара бас құртындай боп,
Білдіртпей ішімізден жеп жүрмесін».

Хасенді ұстап алды жатқан үйден,
Бас салып етік шешіп, сырын түйген.
Іздеп жүрген патшаның күнәлісі,
Бұл үшін бір патшаның жұрты күйген.

Айдалды шынжыр тағып ханға таман,
Ашулы патша бұған бермес аман.
Іздеп жүрген патшаның күнәлісі,
Дәл өзі қылмыстының қызыл табан.
Ағаш ат қапияда мінбей қалды,
Кез болды аңдаусызда мұндай заман.
Қаһарына кез болды кешпейтұғын,
Түк рақым көрмейді падишадан.

Қылмысын күнәлі боп мойнына алар,
Хасенді алла қандай күйге салар.
«Қылмыстының өлгенін көріп тұрсың,
Қызым мұнда келсін!»— деп қылды хабар.

Гүлғасыл өрең келді, өлмеген соң,
Көрінеу мұндай ұялды сөйлеген соң.
Ұялып ардан кешіп өзер тұрды,
Мұндайлық қылық бұрын көрмеген соң.

Шықырлап шаһар толған жұрт жиылып,
Жылап тұр, амал бар ма, қыз қиылып.
Ханышаны көрген соң шаһизада,
Ашумен ойға кірді бек күйініп.

«Дәт!— деді падишаға Хасен батыр,—
Қылмысты осы күні біз мүсәпір.
Бұйырса, дәрет алып, намаз қылам,
Үміт жоқ тіршіліктен, өлім ақыр».
«Намаз», «дәрет» дегенге босатады,
Тағатқа тоқтау қылмыс дінсіз кәпір.
Босанып шынжырынан алғаннан соң,
Аллаға «сәна» деді Хасен батыр.

Желбегей бір шапанды жамылады,
Азаттық байшараға табылады.
Басына жалғызшылық түскеннен соң,
Ел-жұртын енді мырза сағынады:
«Құдай-ай, құтқартқаның анық па еді?»—
Жүрегі қуанғаннан қабынады.
Босанып шынжырынан алғаннан соң,
Қорқуды енді Хасен не қылады?

Зу етіп көзді ашқанша шықты көкке,
Батырға қызды тастап кету еп пе?
Жоғары оқ жетпейтін жерге барып,
Шайқады олай-бұлай төңірекке,

Аспанға құсы қашқан аңшыдай ғып,
Іс қылды көп арманда әлгі көпке.

Айтайын осы жердің тұйығынан,
Сүйсінді көрінеу қылған қылығынан.
Құйқылжып, құладындай төңкеріліп,
Ұстады ханышаның иығынан.
Жұрт қорқып сиқыршы деп, қозғалмады,
Бұрын адам қылмаған қылығынан.

Қашыпты көрінеу алып ханның қызын,
Ел қарап тұрып қалды көктің жүзін.
Әуемен ұшып жүріп қош-қош айтты,
Қарыз қылмай кетіпті татқан тұзын:

«Қайын атам, қош аман бол, елдің басы!
Есен тұр, Бұлайқұлдың кәрі-жасы!
Бұйырса, ендігі жыл елші келер,
Боламын Бағдатта хан баласы.

Мені жасық, өзіңді болатсынба,
Өзіңді асыл, өзгені қорашсынба!
Бағдатта патшаның баласымын,
Қарайды үш жүз қала қол астыма.

Сырымды анық білмей болдың қастан,
Жайымды бір білерсің әуел бастан.
Қолыңда азғана күн қонақ болдым,
Сүйікті жарым үшін құдай қосқан,
Қош бол!»— деп амандасып жүріп кетті,
Жүрісі жылдамырақ оқ пен құстан.

Көкке шықпай, батысқа түзу ұшқан,
Орнығып, ханышаның белін қысқан.
Болжал ғып әуелден-ақ жүруші еді,
«Тегінде, келдім ғой,— деп— күнбатыстан».

Ақылға данышпан ер жеңдіреді,
Бір тауды ұшып келіп белгіледі.
Кешке дейін ұшты да, тауға келді,
Өзінің аң аулайтын сеңгірі еді.

Көзіне ыстық тиді оттай жанып,
Қуанып шүкір қылды жерін танып.
Көп қамды сана қылды жаратқанға,
Отырды қуаныш етіп демін алып.

Сиқырменен ұшқандай жүрді заулап,
Екі кісі жапанда отыр аулақ.
Таудан түсіп аяңдап келе жатса,
Екі адам келе жатыр киік аулап.

Аңшы адам екеуіне келді таяу,
Болған соң бұған келді екі жаяу.
Патшаның ағасының баласы екен,
Қайғымен аң аулаған көңілі қаяу.
Хасенді таныды да, аттан ұшты:
«Кергенім рас па,— деп,— я, құдай-ау?!»
Сағынысқан бауырын көргеннен соң,
Ойбайламай, жыласын неге баяу?
Сағынғаннан жылайды бұл бейшара,
Қалмады жүрегінде қайғы-қаяу.

«Аман ба, қалқам бауырым?!
Патшадан туған тәуірім.
Жылдан бері жылаулы,
Бағдат деген ауылың.
Қара киіп, қан құсқан,
Бағынып жұрт, қауымың.
Күндіз-түн күлмей жылаулы,
Жұртың тастап сауығын.

Биікке біткен сеңгірім,
Жібектен өрген кендірім.
Атаң жылап кер болды-ау,
Тауысып көздің мөлдірін.
Сағынтып қатты халқыңды,
Жын соққандай меңдірдің.
Жанашыр, жақын, бауырды,
Зор қайғыға көндірдің.

Сәлемет кепті жаныңыз,
Құтты болсын жарыңыз!
Қай тараптан келдіңіз?
Айтылсын бізге жайыңыз!
Жігерлі жігіт жылаулы,
Қайғы ойлап көріңіз.
Аза қылып, ас берген
Кедей менен байыңыз».

«Дүниеде жан болмайды,
Нәпсі бітсе, желіксіз.

Қызығып мініп ағашқа,
Аспанға шықтым өріксіз.
Түс болмаса, ойда жоқ
Охақ шәрісіне еніппіз.

Охақ деген жазира,
Жан-жағы мұхит, дария.
Бала болдым бір шалға,
Жанға да болмай жария.

Сол шаһардан ханының
Ханышасы екен мына қыз.
Ғашық боп сәлем жазып ем,
Қабыл алды сөзді тез.
Алты ай ойнап білініп,
Ақыры қолға түстік біз.

Дарға асқалы жатқанда,
Ағаш атпен ұштық біз.
Мұхиттан алған ғашығым,
Мәнісі осылай мына қыз».

Ел, қуанып мың шүкір қылды хаққа:
«Бармаған адам ұлы ол Охаққа,
Жеті әлемге жар салып адам білмей,
Өлді деп сізді қойған осы уақытта.

Қараң қалған халқыңды қуандырып,
Жылап жүрген жұртыңды жұбандырып.
Шөлдегенде табылдың, зәмзәм суым,
Бастау көзді кетіп ең суалдырып».

Қатты шауып қалаға кетті жүріп,
Қыз бен жігіт сол жерде қалды тұрып.
Қыз-қырқын, қатын-қалаш, бала-шаға,
Жандарын айта жазды садақаға.

Бәрінен ата-анасы бұрын келіп,
Көрісті жалғызымен оңашада.

Атасының көрісіп айтқаны:
«Күнім, айым, жарығым,
Зарығып көрген жалғызым.

Көзімнің нұры келеңкем,
Бойымда қуат, мерекем,
Сағындым тәтті лебізің,
Дәулет құсым, берекем.

Сүлеймендей бұлт мініп,
Дүниені кезгенім.
Жиһанкездей су іздеп,
Көп қайғыны сезгенім.
Көргенім, қалқам, рас па,
Әуелден күдер үзгенім?
Үш ғаламға сандалдым,
Тіл жетер жерді іздедім.
Хабарың жоқ, қараң жоқ,
Көзімді кімге сүзбедім.
Өткен күнде белгі жоқ,
Өлді деп күдер үзбедім».

Әкесі амандасып сөзін қойды,
Көңілінде кеп қайғының бәрін жойды.
Көрісіп, баласымен есендесіп,
Жадырап ішпей-жемей патша тойды.
Лайық жалғызына нұр ханыша,
Гүлғасыл тамаша қып зипа бойды.

Жиылды Бағдаттың көп данасы,
Келген соң ғайып болған хан баласы.
Жалғызды өлді деген тірі көріп,
Былай деп амандасты енді анасы:

«Тоғыз ай сені көтеріп,
Тас емшегім май болған.
Бағдаттың жарығы,
Жұртына туған ай болған.
Сағымша кетіп сарғайтып,
Жалғызым, келдің қай жолдан?»

Алтын таққа мирасқор,
Бағдаттың медеуі.
Жалғызым ғайып болғанда,
Болмас деп ем төлеуі.
Сәламат сақтап біз көрдік,
Бұл да алланың демеуі.

Салтанаты атаңның,
Сен едің алмас қылышы.

Қарағым, сенсіз не болар,
Барлық елдің тынысы?
Жалғызым ғайып болғанда,
Білінбей жұртқа дыбысы.
Арғы тегің асылдан,
Нағыз сұлтан туысы.
Қара қылды қақ жарған,
Пенденің артық тұрғысы.
Бағдатқа жау келсе,
Ақыл тапқан құрышы.
Алғаныңнан айналдым,
Бітті ме тәмам жұмысы?

Алла тайып қылмағай,
Қуанып айтқан ғазалым.
Мың шүкірлік етемін,
Ашылды сауық базарым.
Тез келмесең, қарағым,
Қайғыменен қан жұтып,
Бола жазды ажалым.
Жан шіркін шықпас қайғымен,
Жібермей құдай ажалын».

Ел-жұрты амандасты бәрі келіп,
Хан, сұлтан амандасты тегіс көріп.
Қойдай шулап, қозыдай маңырасты,
Жұрт жыласып көрісті, өшіп-өліп.
Кіргізді Гүлғасылды қаласына,
Қасына мың жария нөкер еріп.
Жүрісті ханышалар сәулетпенен,
Айта алмай тамашаның бәрін теріп.
Той қылды айлық жерге сауын айтып,
Хан сайлап, баласына орнын беріп.
Баласын ағасының уәзір қылды,
Далада амандасқан бұрын көріп.

Жиылды Бағдаттың хан мен бегі,
Хасеннің шын ақсүйек арғы тегі.
Тамаша қызық сауық, ойын қылып,
Қосылды некеленіп келіншегі.

Бұл тойға патша сойды сан қарасын,
Жұртының қырық күн сыйлап хан, қарасын.
Жиналған мерекенің құрметіне
Дүнияға патша етті хан баласын.

Баян қып ел-жұртына сөз сөйлейді,
Айтады бастан кешкен мәселесін.
Той тарқап қырық күннен соң, ел тарады,
Шаттықпен қуандырып ата-анасын.

Зынданда жатыр екен баяғы ұста,
Өнері залал болып қапылыста.
Шығарып зынданынан азат етіп,
Бір бектің орнын берді ол байғұсқа.

Қуанды мұратына о да жетіп,
Зынданда қалған екен бір жыл бекіп.
Кісідей бек зарықты күнә істеген,
Ризаласты бір-біріне рахым етіп.

Басқарды бала билеп дүние мүлкін,
Мұратқа қолы жетті емін-еркін.
Шығарды елден таңдап екі саңлақ,
Ұмытпай ауызынан шыққан сертін.

Құдайдың адалдықпен қылды үмітін,
Не қылып бір ашпасын сөздің кілтін?
Он күнде жылдық жерге жететұғын,
Іздетті желмаямен қайын жұртын.

Хат жазды бұл қаланың патшалары,
Мөр басты би, төре мен елдің бәрі.
Хат жазды Қамсыз патша құдасына:
«Баламның балаң екен ғашық жары.

Бұйрықпен қиуасыздан болдық құда,
Қайғыңды көңіліңдегі кетір, құда.
Дәм татпақ Бағдаттан сізге сүннат,
Кешу қыл келіп мұнда балаңызға!

Көңіліңді ренжу қып мазаланба,
Мейірбан патша едіңіз жұртқа тұлға.
Жалғызым ғайып болып дәм бұйырып,
Татым ем мен де күйік табан жылға».

Осылай сөлем айтып, басты мөрін,
Ұқтырып жазып беріп барар жөнін.
Замғатып ұшқан құстай олар кетті,
Аямас желмаяның ащы терін.
Қызықты бұлар мұнда жата тұрсын,
Сөйлейін енді жайын елшілердің.

Ұлы дария бірнеше көлден өтті,
Құс қанаты күйетін шөлден өтті.
Желмая сымдай болып жарағанда,
Араға қырық күнде келіп жетті.

Жазира Охақ деген жердің аты,
Дүниенің ең шұрайлы рақаты.
Суы — шәрбат, тасы — ақық, лағыл жұпар,
Басқарақ басқа жерден оның заты.

Бұл жерді тамаша етті екі кісі,
Шыдамай желмаяға ердің күші.
Охақтың шаһарына бұлар келді,
Жөн сұрап Бағдаттың жолаушысы.

Жазира елші келді қаласына,
Мейірбан кеп жолықты данасына.
Көрісіп, патшамен есендесіп,
Хал-жайын мағлұм қылды құдасына.
Берген соң, хаттың сөзін оқып көріп,
Сыр кірді падишаның санасына.
Патша қуанғаннан той жасапты,
Халықтың хабар салып арасына.
Осындай желмаялар тауып алып,
Патша жүрмек болды баласына.

Қызына қазынадан жауһар алды,
Баруға салтанатпен ойға қалды.
Ең жақсы желмаяны жинап алып,
Қасына бір жүз кісі жолдас алды.

Охақтан жол тартады күн-түн қонбай,
Алысқа жол жүрген жоқ бұрын мұндай.
Жұртына Бағдаттың бұлар кетті,
Жол жүріп арасына табан екі ай.

Елшілер бұрын барып берді хабар,
Алдынан қарсы шықты патшалар.
Көрісті Қамсыз патша құдасымен,
Көрісіп кезек-кезек хан, сұлтандар.

Көрісіп болғаннан соң үйге келді,
Жаратып кеңілінде мұқым елді.
«Теңі екен Гүлғасылдың», — деп ойлады,
Сыртынан барлап, байқап Хасен ерді.

Патша екі ай жатып, қайтпақ болды,
Қамсызға қайту жайын айтпақ болды.
Беріпті тартуым деп желмаясын,
Риза боп құдасына көңілі толды.

Дұшпанның мұны көрген сағы сынды,
Кетіріп көңілінен қайғы-мұңды.
«Сары алтын — сабыр түбі» деген осы,
Жетісіп мұратына, көңілі тынды.

Мінісіп желмаялар түсті жолға,
Бұлардың аты мәшһүр оң мен солға.
Дегенде екі ай жарым жетті еліне,
Садаға беріп сансыз ерген қолға.

Жұртына амандасып, айтты жайын,
Көргенге көп шүкір қып күн мен айын:
«Теңіне тірі күнде қосылысты,
Қайырлы ғұмыр берсін бар құдайым!».

Ел-жұрты, қыз кеткенде, налып еді,
Ханым да ішке қайғы салып еді.
Алған соң анық хабар қуанысты,
Әуелде жын-пері деп қалып еді.

Есітті барша халық қыздың жайын,
Көп жазбай, сөз аяғын тоқтатайын.
Аударған арабшадан — атым Әсет,
Ойлансам, өлең деген тұрар дайын.

Түрленген күннен-күнге мына заман,
Құдайым ер жігітті қылсын аман!
Сөкпеңдер, оқыған жан, қата болса,
Бұл қисса осыменен болды тәмам.
«Қайырлы ғұмыр берсін пақырға!»— деп,
Бір дұға оқыған жан етсін маған!

ҮШ ЖЕТІМ ҚЫЗ

Сөйлейін бір мәселе бұрынғыдан,
Бұл қызық естігеннің көңілі тынған.
Дін орнап мұсылманға тұғыр болған,
Белгілі шаһар еді Бағдад пен Шам.
Талай жан тұз біткенше тұрақ қылып,
Жұрт көшкен Бағдаттан неше алуан.
Әділ боп Бағдатқа пәрмен шашқан,
Тұсында пайғамбардың болды бір хан.
Өзі әділ патша, қолы жомарт,
Сұлтандай һарон Рашит шығарып заң..
Әр сұлтан бабасынан қалған сарқып,
Сақтаған сыртқы дұшпан нағыз палуан.

Таласса, талайларға тартқызған зар,
Көзіне кең дүниесі көрінсе тар.
Патшамен ақылы сырлас, жасы құрдас,
Дейтұғын Алдиярхан уәзірі бар.

Патшаның Алдиярхан уәзірі асыл,
Өзіндей о да заттан шыққан нәсіл.
Тең шыққан заманында екі асылдың
Мұрады әр нәрседен болған хасыл.
Халқына қиыншылық жұмыс келсе,
Ақылмен айналдырып тапқан тәсіл.
Сабағын сан қамалдың айла кесіп,
Қан болса майдан іші қызыл-жасыл.
Бұлардың жауға қылар қайласы қиын,
Қаласы ас бергендей күнде жиын.
Тең шыққан заманында екі асылдың,
Қалдырмай баяндайын жайы-күйін.
Жұма түн падиша мен Алдиярхан,
Киініп жүруші еді хаяр киім.
Астыртын шаһар ішін кезуші еді,
Бір нәрсе көңілінде болса түйін.
Мал үшін дүниеге қызықпайды,
Бұлардың алары жоқ жалғыз тиын.
Шақырып ертең жаза етуші еді,
Бір нәрсе көңілінде болса қиын.

Бір түні патша, уәзір үйден шықты,
Қаланы жансыз кезіп сейіл қыпты.
Қаланың бірін қоймай аралады,
Таппады арам пиғыл адам тіпті.

Қаладан сахараға шықты бұлар,
Адамның өсегі бар бәрін сынар.
Аққан су өлкесінде ағаш біткен,
Бар еді ұры жатар бір терең жар

Адамның адал бала ақтар сүтін,
Өсектен қай адамның басы бүтін?
Жағалап терең жарды келе жатса,
Үңгірден жардан қазған шықты түтін.

Бекінген ұры ма деп келді жетіп,
Уақытсыз жанған отқа тамаша етіп.
Сығалап үңгіріне көзін салса,
Үш адам — әйел отыр жарға бекіп.

Таныды бұл үшеуін көрген жерден,
Қыз еді жетім, пақыр қаңғып жүрген.
Ата-ана, ағайын жоқ, туысқансыз,
Белгілі қолдарынан қайыр берген.

Үшеуі жылайды да еңіреседі,
Бірінің бірі сөзін жөндеседі.
Адамда малсыз, бақсыз баға бар ма,
Пенденің дүниемен көңілі өшеді.

Жетімге қайыры бар берген тұздың,
Көңілі жібимейді шын дінсіздің.
Әйім, Қайша аты еді екі үлкеннің,
Есімі Сәмсая еді кіші қыздың.

Кіші қыз кеңес құрды үшеуара,
Тыңдады патша, уәзір тұра қала.
«Екі апа-ау, елден жетім біз үшеуіміз,
Немене жылағанмен болар шара?
Ата-ана, ағайын жоқ, туысқансыз,
Біз неден болдық екен бақыты қара?
Екі апа-ау, ептеп байға тисеңдерші,
Деуші еді қор қылмайды асыл пәнда.

Бірің — отыз, біреуің жиырма бесте,
Жастықта әрбір талап түседі еске.
Мінеки, он екіге биыл келдім,
Барады ішім толып ерте-кеште.

Жастықтан лазым ба үміт үзбек?
Келіп жүр бір талпынғым талап іздеп.

Азырақ жай отырмай кеңес болсын,
Сіздерден тұрмын бір сөз сұрағым кеп.

Бір құдай айтқанымды қабыл алсын,
Періште әумиін деп хатқа салсын.
Шаһиғаппас патша мен Алдиярхан,
Шақырып үшеумізді алып барсын.

Кеңіліне патшаның рақым салып,
Сұраса бізден жауап алып барып.
Хан жебеп, қарашысын құдай демеп,
Патша көзіне ілсе теңлікке алып.

«Қарашым, қайраныма жыла,— десе,—
Мейірбан мінезімді сына,— десе,—
Не түрлі атағаның қабыл болды,
Ғаріптер, тілегіңді сұра!— десе».

Қайғы мен қанға толды ғаріп жүрек,
Қатықсыз қара суды қылдық қорек.
«Не қажетің бар болса, тіле!»— десе,
Тілер ең, үлкен апа, қандай тілек?

Сонда үлкен апасының берген
жауабы:

«Шырағым Сәмсаяжан, сен сіңілі рас,
Жастың соры маңдайдан тез арылмас.
Жоқ сөзді әшейін-ақ айтасың-ау,
Шақырып патша бізді ондай қылмас.

Мойнымды, хан шақырса, бұрар едім,
Бір баян рахметіне қылар едім.
Қазынадан киім мен тамақ болса,
Өлгенше руза, намазбен тұрар едім,

Уақытым ойнап-күлер өтіп кетті,
Іздер ем, қолым жетсе, хақ ниетті.
Азабын тіршіліктің тартып едім,
Іздер ем, қолым жетсе, ақыретті».

Сонда кіші қыздың айтқан сөзі:

«Қайғының басқа түскен ісі қапа,
Жүзінде дүниенің тарттың жапа.
Бұл кісі құдай жолын қуады екен,
Патшадан не тілер ең, ортаншы апа?»

Ор тан шы қыз ды ң айт қан жау абы:

«Шырағым, арызымды айтам,— дейді,—
Азабын тіршіліктің тартам,— дейді.—
Іздемес қолдан келсе кім жақсылық,
Үмітсіз рахыметтен — шайтан,— дейді.—

Патша жақсылыққа тұрса айналып,
Сөзіне көзім жетсе мейірім қанып.
Алдияр уәзірдің баласына,
Сүйікті ханым болсам некахланып.

Ашылса қара көңіл жаққан шамдай,
Қайдан ондай боламыз біз сор маңдай?
Тексеріп екеумізді сұрап болдың,
Шырағым, тілер едің өзің қандай?

Ал, енді кіші қыздан тыңда сырды,
Кеңесін патша, уәзір тыңдап тұрды:
«Көңілім падишадан арманырақ,
Екі апа-ау, не қыласың мен құрғырды!»

«Гүлденсе көңіл көктеп ержетеді,
Адамды талап қозғап тебірентеді.
Сөйтсе де көңіліңдегі арманыңды айт,
Азырақ әңгімеге нең кетеді?!»

«Әуелде халқым білсе құрметімді,
Бай болсам асыраған көп жетімді,
Шаһиғаппас патша мен Алдиярхан,
Екеуіне қылдырсам қызметімді.

Алтыннан үй салдырсам өзіме арнап,
Гауһардан есігіне гүл қосарлап.
Әр түрлі құрма, миуа жеміс егіп,
Ішінде тоты, бұлбұл тұрса сайрап.

Райхан гүлі жайнаған болса бағым,
Патшадан артық болса аруағым.
Тас жайып өз көшеме ақ мәрмәр,
Айнала алтын болса бау, шарбағым.

Жақұттан монша салсам үйге жалғас,
Және салсам көшеге мәрмәр тас.
Үй мен монша арасы сондай жерде,
Бияладай жалтыр болса, аяқ тұрмас.

Патша мен уәзір жүрсе қызмет қылып,
Өзінен дәрежемді артық біліп.
Осындай болдыратын жанға тисем,
Ел билеп неге керек таққа мініп?!

Мұңымды қабыл көрсе бір құдайым,
Ауызбен айтқан сөзім болса дайын.
Қызығын жас өмірдің сүйтіп көрсем,
Құдайдан мұнан басқа не сұрайын?

Мұнымды қабыл көрсе қадір құдай,
Жоқты бар қылушының өзіне оңай».
Жылайды да күледі екі апасы:
«Айтасың болмас істі неге бұлай?»

Естіді айтқан сөздің бәрін тәмам,
Таң атып, таққа мінер болды заман.
Таң атқан соң бұйырды жасауылға:
«Бір үш жетім қыз бар,— деп,—киімі жаман».

Қыздардың айтып берді түрі-түсін,
Бәлен түрлі киімі, сондай пішін.
Тез тауып жасауылдар алып келді,
Көр енді падишаның қылған ісін.

Шақырып ең үлкенін қасына алды,
Халайық бұл ісіне қайран қалды.
Қазынадан өлгенше киім, тамақ,
Сарайда сопы қылды асыранды.

Ортаншысын уәзірдің баласына
Әмір қып жұрт алдында некахлады.
Арманын екі қыздың бірдей беріп,
Кезегі енді кіші қызға қалды.
Ақырып: «Әдепсіз!»— деп суық жүзбен,
Падиша Сәмсаяға ашуланды.

«Қандай жан өмір етер менен асып?
Өзіңді өзің байқамай надан сасық.
Алтын сарай жасатып, тақ орнатып,
Ауызыңмен патшаға әмір шашып.

Таба алмай қаңғып жүрген киім, тамақ,
Арманын екі қыздың бердім санап.
Маған қызмет қылдыратын жерге бар!»— деп,
Тұрғызбай шаһарынан айдап тастап.

Қарашы алласының жарлығына,
Сұлтанның лаж бар ма хандығына?
Күн көрген тілеп жерден кетіп,
Дүниенің енді түсті тарлығына.

Ғаріп қыз елден шықты тілден жазып,
Панда күнә табады нәпсіге азып.
Ханға қызмет қылдырмақ оңай емес,
Адамға мұнан үлкен бар ма жазық?

Ғаріптің халі мүшкіл, көрсең күйін,
Кір басқан үсті-басы жыртық киім.
Далада зарлап, жылап үш күн жүрді,
Басына бейшараның түсті-ау қиын.

Ғаріптің әбден кетті кетеуі де,
Осы екен ғаріптіктің мешеуі де.
Өлуге халі жетіп шөлдегенде,
Бір таудың келіп жетті етегіне.

Бір тасқа көзін салса, ақық, мәрмәр,
Бетінде неше түрлі жазуы бар.
Қараса, айналасы дөп-дөңгелек,
Тамаша сипатына көз ойылар.

Қарады қазып, шұқып жан-жағына,
Қазандай ақық тастық аумағына.
Көтеріп жатқан тасты қолына алды
Қуат қып қарамады салмағына.

Алладан ғаріп қызға жәрдем болған,
Жұлдызы бейшараның туған оңнан.
Қып-қызыл ылғи ділда алтын екен,
Бір құдық іші менен сырты толған.

Қараса, бір данасы мың ділдалық,
Алса да тауыса алмас қанша халық.
«Япырмай, мұны қалай қыламын?»— деп,
Өзіне өзі тұрды ақыл салып.

Алла тұр жақсылыққа бастайын деп,
Тілеуін бейшараның қостайын деп.
Бір-екеуін салып ап жан қалтаға,
Өзгесін бетін жауып тастайын деп.

Құдықтың енді мықтап бетін жапты,
Құдайым бір жеткізер ниеті ақты.
Бір қола жақын екен, соған жүріп,
Кеш мезгілі болғанда келіп топты.

Аққан су өзен екен төмен құлап,
Жағалап келе жатыр қыз зар жылап.
Көрінді жар басында жарты лашық,
Сыртынан қыз келді де тұрды тыңдап.

Бар еді лашықта бір кемпір-шал,
Жоқ еді маңайында еш жанды мал.
Дариядан балық аулап күн көретін,
Жоқ еді одан басқа күнелтер хал.

Сол күні түскен екен бір аққайран,
Жымыңдап кемпір мен шал масайраған.
Дарияның бұйырмаған мақұлығы,
Япырмау, кез келді екен бүгін қайдан?!

Есіктен қыз Сәмсая кіріп келді,
Иіліп ұл баладай сәлем берді.
Шамшырақтай жайнаған жас баланы
Кемпір-шал жылыұшырап тұрып көрді.

«Шырағым, келдің екен қандай жайдан?
Көрген балам емессің бұл маңайдан.
Келесің сахарада жаяу жүріп,
Айт, балам, жолың болсын, жүрсің қайдан?»

«Жан ата, әйел едім, еркек емес,
Көтіп жүр бір басымнан талай кеңес.
Елсіз-күнсіз ғаріп боп жаяу жүрмін,
Жөн айтпау, сұраған соң, лазым емес».

«Шырағым, қыз қылайын ұлға балап,
Біреуді іздеп кетпесең өзің қалап.
Бар мәзірге риза бол, бала болсаң,
Күн көрген адам едім суға қарап».

«Жан ата, жүргенім жоқ кісі талғап,
Өтірік сөз айтпаймын шынға жалғап.
Ықтияр, құдай қосса, бала болам,
Іздемен сізден зорды мен де қалап».

Сәмсая осы шалға болды бала,
Кімді кімге кез қылмас алла тағала.
Манағы екі алтынын шалға берді,
Мол нәсіп кемпір-шалға болды жана.

Енді шал түрленеді шөптей бүрлеп,
Жүрмеді бұрынғыдай киімі кірлеп.
Үй сайманын түзетіп адам болып,
Қорасына мал салды үш-төрт түрлеп.

Баяғы ғаріптігі ойдан кетіп,
Бір құдай қартайғанда рақым етіп.
Кесел, қырсық арылып бойларынан,
Үші беске, бесеуі онға жетіп.

Сол судың жағасынан салды сарай,
Бек үлкен қора жасап үйге жарай.
Отын-суға қызығып пәтер түсті,
Жолығып керуен халқы соған қарай.

Байыды жылдан-жылға пайда беріп,
Керуен халқы түседі пайда көріп.
Бағы артық, ізі-жолы құтты болып,
Оралғандай әр нәрсе қызға келіп.

Байыды жылдан-жылға дәулеті асып,
Көтеріліп келеді судай тасып.
Гүл бәйшешек секілді шырай бітіп,
Қыз Сәмсая өсіпті құп ұнасып.

Тұйғындай тұғырдағы тоғыз түлеп,
Он үштен он төрт жасқа аяқ басып.
Мінезі мінсіз біткен, сөзі орамды,
Шекерден тілі тәтті, жайдары, ашық.
Ақылы қара қылды қақ жарғандай,
Бақтылы қандай жанға болар нәсіп!?

Оралып һәм келді он бес жасы,
Патшаның ондай емес ханышасы.
Қу мойынды, құралай көзді болып,
Тамағынан көрінер ішкен асы.
Тізіліп мәрімәрттай тісі бітіп,
Қап-қара түзу келген қалам қасы.

Ақылы тең жаралып нұрыменен,
Жеткізді шәдір алла шыныменен.

Берген жоқ ата-анасы әлі ешкімге,
Бірдей қып тілеп алған ұлыменен.

Арман бар жүрегінде ат басындай,
Баяғы үңгірде айтқан сырыменен.
Азырақ басқа жайдан сөз қозғайын,
Қыз жетім, тұра тұрсын мұныменен.

Бар еді бір асқан бай Шам шаһарда,
Жоқ еді оның малы патшаларда.
Артынан атасының бір ұл туып,
Ішінен толқып өскен торғын пәрда.

О дағы он сегізге жасы жеткен,
Данышпан әр өнерден талап еткен.
Айнытпай атасының мүлкін ұстап,
Дүкен сап жеті жұртқа қолы жеткен.

Атақты патшалармен орны теңдес,
Данышпан тілді жанда адам жеңбес,
Жүз қырлы, сексен сырлы сабаз еді,
Әр түрлі өнері бар қолдан келмес.

Ал енді мырза жүріп сапар қылды,
Қазына алтын, күміс артып пұлды.
Қасына біразырақ нөкер ертіп,
Шәріне Сәмсаяның қарай жүрді.

Сол көшкен бойыменен жақын келді,
Бай еді таныс қылған талай жерді.
Баяғы кәрі шалдың сарайына,
Түсуге мырзаларға мақұл келді.

Асыл пұл, неше алуан бұйым артып,
Бірнеше жасауылдар шеру тартып,
Отын-суға қызығып пәтер түсті,
Жолығып кәрі шалға жайын айтып.

Қадірлі Шам шәріптің байбатшасы,
Он сегіз осы кезде деген жасы.
Мырзаны қара түгіл хан күтеді,
Күлкі, ойын күндіз-түні тамашасы.

Бұл сұлтан — жас талапкер жаңа тілеу,
Сол күнде жар таба алмай көңілі жүдеу.

«Бір асқан кәрі шалдың қызы бар»,— деп,
Мырзаға Сәмсаяны айтты біреу:

«Қызығып қыз берген жоқ мал мен күшке,
Қызыл жүз, ауызы түн, мұрны пісте.
Пері мен періштеден жаралмаса,
Адамда ондай қыз жоқ өскен түсті.

Он сегіз осы күнде деген жасы,
Баяғы фадигұндай нұр нұсқасы.
Қызыл гүл перде ішінде үлпілдеген,
Бір асқан кәрі шалдың Сәмсаясы.

Есітіп Сәмсаяны есі кетті,
Сол қызды алсақ-ау деп үміт етті.
Ақылмен қызды сынап алмақ үшін,
Базардан ылғи жанат алып кепті.

«Болмайды бір сынауға ойламасақ,
Сұлуды шарғы сөзбен қозғамасақ.
Бір ішік көрмей пішіп тігіп берсін,
Осылайша қылалық ақыл жасап.

Ұзын, қысқа болмасын, кеңлік, тарлық,
Осылай қып тіксің!»— деп қылды жарлық.

Торғынға түйгізді де берді қызға,
«Ұзын, қысқа болмасын!»— деді мырза.
Бек ұнамды ішік қып тігесің»,— деп,
Жауабын байбатшаның айтты тура.

Қыз білді қасақана сынағанын,
Алла берер адалдық сұрағанын.
Бір істі мерт қылуға берген екен,
Жақсы ғой не болса да шыдағаным.

Біреуден бой нұсқасын алды сұрап,
Әдейі берді ғой деп мені сынап.
Өз миына қалыптап, таразылып,
Ішікті тігіп болды қыз да шыдап.

Ішікті тігіп болды екі күнде,
Арылтып ине-жіптен болды мүлде.
Ішікті бір көнізек алып келді,
Осы өнер бола бермес әлдекімде.

Қараса киіп алып, бойға шап-шақ,
Көзбен көріп тіккендей, қолмен қаптап.
Иіні иініне, белі белге,
Әр мүсінін келтіріп тіккен баптап.

Ұнамды өтек-жеңін қиғандай ғып,
Қалыптап өз бойына сыйғандай ғып.
Ұзын, қысқа жері жоқ, кеңдік, тарлық,
Сәулесі көз алдында тұрғандай ғып.

Мырза да, нөкері де болды қайран,
Қыз ұнатқан жоқ еді басқа жайдан.
Бұрынғы ғашықтардың мирасындай,
Бір жаушы табалық деп бұл маңайдан.

Бұл қызды өз ойымен ұнаттық деп,
Батасын не деп айтса шыдалық деп.
Кәріге екі кісі жаушы салды,
Бұйырса, осы қызды сұралық деп.

Жаушылар жетіп келді қыз қалаған,
Бек майда жауаптары ызбалаған:
«Мырзаға, құдай қосса, қызыңды бер,
Ақсақал, әдейі іздеп келдік саған!

Балаға бала құрбы, жасы теңдес,
Дүнияға қандай қызық келе бермес.
Біз алсақ, қара түгіл хан береді,
Батаңның атын айтып бізге сөйлес!»

«Барайын мен қызымның анасына,
Анасы ақыл салсын баласына.
Мырзаға қыз бермейтін деп айтпаймын,
Жеткен соң бәлиғаттың шамасына».

Жүгіріп кемпіріне келді кәрі:
«Балаңның табылып тұр алар жары.
Қызыңа барып сөйлес, байғұс кемпір,
Түсіп тұр байбатшаның жаушылары.

Ғалиға Фатиманы қосқан жаста,
Әйелді жатқа жазған әуел баста.
Сүндеті пайғамбардың, байғұс кемпір,
Қызыңа барып сөйлес ақылдас та».

Қызына кемпір келді қадам басып,
Бұл сөздің бәрін де айтты ақылдасып.
Атасының жауабын қабыл алып,
Сайратты бұлбұл тілін аузын ашып:

«Көп шүкір қазір алла панасына,
Мен жеттім бәлиғаттың шамасына.
Менен несін сұрайсың, ғазиз ана,
Ата билік бере ме баласына?

Шариғат ата тілін қабыл алмақ,
Обалы, тілді алмасақ, бізде қалмақ.
Тексеріп қазы құдай сұрағанда,
Адамның өз бойынан шығады айғақ.

Әмірі — атадан соң ана күту,
Сіздерді мүмкін емес ренжіту.
Менен несін сұрайсың, ғазиз ана,
Балаға лазым емес қабақ шыту.

Алладан әмір болса, несі қиын,
Жақсылық жамандықты болса жиын,
Өзім айтып берейін, ғазиз ана,
Сынағандай сұраңдар қалың сыйын.

Бұзбайын бұрынғының қылған шартын,
Сіздерге түк болмайды аздау алтын.
Қырық түйе артатын құлыменен,
Қалың малға әкелсін қырық түйе алтын.

Малға шыдап мені алсын, соны берсе,
Өздері ақылдасып қабыл көрсе.
Одан қашса, жөнімен жүре берсін,
Қызыңа әркім құмар қолдан келсе».

Шалына кемпір барып айтты бәрін:
«Балаңның ұнатпайды кім дидарын?
Қырық түйе артатұғын құлыменен,
Алтынымен әкелдір қалың малын.

Малға шыдап қызды алсын, соны берсе,
Өздері ақылдасып қабыл көрсе,
Одан қашса, жөніне жүре берсін,
Қызыңа әркім құмар қолдан келсе».

Кемпірден ұққан сөзін сөйледі шал:
«Қызымды алсаң, берерсің бірталай мал.
Қырық түйе артатұғын құлыменен,
Алтынымен әкелдір қалың малын.

Малға шыдап қызды алсын, соны берсе,
Өздері ақылдасып қабыл көрсе.
Одан қашса, жөнінен жүре берсін,
Қызыма әркім құмар қолдан келсе».

Жаушылар мырзасына айтты барып:
«Жалғызын бермек болды қабыл алып.
Қырық түйе артатұғын құлыменен,
Алтынымен әкелдір қолға салып».

Бұл сөзге күлді мырза езу тартып:
«Бұл қызды алмағайдым шын құмартып.
Аузымнан шыққаннан соң қайтайын ба,
Он құл мен жүз түйе алтын әкел артып!»

Бұл малмен шалға келді елдей көшіп,
Жаушылар арадағы желдей есіп.
Ендігі сәрсенбіге тойы болмақ,
Қыз Сәмсая түрленді көңілі өсіп.

Қайырлы мезгіл болды соғатындай,
Неше жыл жүрсе дағы бағы ашылмай.
Жүз есе бұрынғыдан шырай бітті,
Құбылып тоты құстың қанатындай.

Келбеті бұрынғы өткен Мүштәридей,
Тұра ма мұндай жанға мақтау сыймай.
Күн шығып, торғай шырлап келе жатыр,
Шал қызын бермеуші еді жанға қимай.

Артылып той жарағын қылды-ау қандай!
Тойына ел жиылды мың мен сандай.
Қосылып құмарланып екі асыл,
Баяғы Құсайын мен, Шаһармандай.

Мейірі бір-біріне түсіп еді,
Шырағы сол заманның пісіп еді.
Алмадай саядағы күн шалмаған,
Нұрланып жасқа толып пісіп еді.

Түсінде атастырған қызыр Ілияс,
Күлкісін жаннан тәуір жанға қимас.
Бұрынғы ғашықтардың мирасындай,
Бұлардың арасына бір қыл сыймас.

Келісті ай мен күндей жұбайланып,
Махаббат арасында тұр айналып.
Көз жайнап ұзақ түнге ұйқы көрмей,
Талдағы шырмауықтай шыр айналып.
Айқасып ұзақ түнге ұйқы көрмей,
Қызықты мінезіне дем айналып.

Жандарын бір-біріне пида қылып,
Қажетін ішіндегі оймен біліп.
Неше күн ойын болып ел тарқады,
Сарайда екі асыл зат қырық күн тұрып.

Құмарын ел тарқатты көп күн жатып,
Атасы ғиззат қылды қыз ұзатып.

Қызы енді Бағдатқа барамыз деп,
Алдырды сол шаһардан жүз піл сатып.
Жүз пілге он қара құл қызметші алып,
Жөнелді Бағдатқа шеру тартып.

Ал енді мырза жүріп сапар қылды,
Қырық нарға алтын, күміс артып пұлды.
Қасына біразырақ нөкер ертіп,
Шәріне Бағдаттың қарай жүрді.

Бұл сөздің жаңа жеттік қызығына,
Тағдырдың пәнде көнер сызығына.
Қыз бастап байбатшаны алып келді,
Баяғы өзі көрген құдығына.

Қасында тау бастау бар мөлдіреген,
Қыз өзі ұмытпастан белгілеген.
Бағдаттың шаһарына бек жуық жер,
Көрініп мұнарасы елбіреген.

Көрісті ақ мәрмәрлі жатқан тасты,
Сол тастың көтерісіп астын ашты.
Қып-қызыл ылғи ділда алтын екен,
Мырза да, нөкері де таң қалысты.

Қыз білмес мырза тұрғай құдық сырын,
Құдайым кез келтірген мұны бұрын.

Қазынасын бұйырған мырза құдай.
Жыланның патшасының жиған пұлын.

Құдықты тазалады үш күн жатып,
Алтынның бірін қоймай бәрін де артып.
Қыз енді Бағдатқа барамыз деп,
Күлкі-ойынмен келеді шеру тартып.

Бағдаттың патшасы Шәһиғалпас,
Түсеміз деп келеді соған жақтас.
Мырзадан Бағдатқа елші кетті,
Шығарып асыл сырын сыртқа шатпас.

Мырзадан Бағдатқа елші кетті,
Патша уәзірімен келіп жетті.
Мырзаның аты — Дастан, жолы бостан,
Патша уәзірімен құрмет өтті.

Бұларды ғиззат қылды құрмет алып,
Сын үшін бұған лайық сарай салып.
Әрі мырза алтын да, әрі күміс
Атағын атағаннан ел таң қалып.

Мырза мен патша, уәзір болды құрдас,
Бірінің бірі сөзін болды бұрмас.
Жақындап қасақана амалыменен,
Патшаның ханымымен қатыны құрдас.

Ақылы Сәмсаяның қандай дана,
Алладан тілегі бар тағы жана.
Ханымды қонақ қыла шақырып ап,
Жұмсайды жұмысына қасақана.

Патшаның ханымына қылды зорлық,
Зорлықта мұнан үлкен бар ма қорлық?
Ханымы патшаның күңкілдейді:
«Мырзаның қатынына қатын болдық!»

Кезекті білдіңдер ғой бір тиерін,
Сақтатып сүйікті ердің жанкүйерін.
Жетті енді мұратының бір шетіне,
Патшаның күңше жұмсап нақсүйерін.

Мырзаға сөз сөйледі қатын бір күн:
«Бізде бар бітпес дәулет, дүние шіркін.

Бағдатқа жан көрмеген сарай салып,
Мал қызығын көрелік өмін-еркін».

Байбатша қатын сөзін қабыл алды,
Не қылсын қисабы жоқ жатқан малды.
Бағдаттан бір жақсы жер сұрап алып,
Ылғи алтын ділдадан сарай салды.

Алдырып жетті жұрттың мініскерін,
Қалдырмай дүниенің еш өшерін.
Жақұттан безек басып жанар беріп,
Келтірді жасаушылар тым мәнерін.

Айнала алтын болды бау-шарбағы,
Қасында бекер болды Иран бағы.
Ысқыртып айдаһардың суретіндей,
Орнатқан ортасында алтын тағы.

Жақұттан монша салып үйге жалғас,
Және салды кешеге ақ мәрмәр тас.
Үй мен монша арасы сондай жерде,
Бияладай жылтыр болды аяқ тұрмас.

Бақшадан қос әуезді бұлбұл сайрап,
Және төрт арт жағынан хауыз қайнап.
Жақұттан безек басып жанар берді,
Бағы деп Сәмсаяның жалау байлап.
Үндістан уәлаятын көріп келген,
Жасады бір мініскер бәрін жайлап,
Ешбір жанға көрсетпей қатын ұста,
Гауһардан мұнараға жасады әйнек.

Қатын мен ұста қылды астыртындап,
Амалмен патшаны алды шырлап,
Әйнекті жұма күні ашып қойды,
Бетінде қақпағы бар жапқан сырлап.

Ашылып гауһар әйнек болды жарық,
Шаһардың бәрін нұрға қылды қарық.
Әйнекті патша мен уәзір көріп,
Таң қалды жайын білмей қайран қалып.

«Япырмай,
Бар ма еді мұнарада күндіз минар?
Күндіз жоқ, түнде жарық — бұл қалай сыр?
Елеусіз екі кедей ғаріп болып,
Көрелік таң атқан соң анықтап бір.

Ұят қой патшаға түнде бармақ,
Әуес қып жоқ нәрсеге назар салмақ.
Елеусіз екі кедей ғаріп болып,
Тақ атқан соң көрелік әбден барлап».

Тақ атты, бұл екеуі ғаріп адам,
Тыңда кеңес уәзір мен патшадан.
Ешбір жан патша, уәзір деп ойламас,
Түрлері екеуінің тіпті-ақ жаман.

Енелік деп жетіп келді патша, уәзірі,
Сарайға кіріп кетті қылмай құзыр.
«Бақшаға кім кірсе де ұстаңдар!»— деп,
Үш кісі дайындап ед бұрын әзір.

Көреді аңдып тұрып бұлар сырттан,
Патша мен уәзірді дереу тұтқан.
«Ұрысыңдар, рұқсатсыз жүресіңдер»,— деп,
Сабап, бұл екеуінің киімін жыртқан.

Сәмсая жетіп келді аяғансып,
Бұлардың ажарына қарағансып.
«Ұрыларды» қолынан айырып алды,
Мырзаның ханымы боп тұрмай паңсып.

Екеуін оңаша үйге қойды қамап,
Береді аяғансып бұған тамақ.
«Екеуіңе берейін екі ділда,
Маған қызмет етіп бер, екі саяқ!

Аз еді қызметшілер үйде қалған,
Сандықтан моншаға апар киім салған.
Екеуіңе берейін екі ділда,
Адал еңбек жақсы ғой ақтап алған».

Босатпай қызметші қылды мұны,
Моншаның уақтысы ед дәл сол күні.
Бармаймыз деп айтуға аузы бармай,
Патша мен уәзірдің шықпайды үні.

Сандықты алып жүрді монша жаққа,
Басқан аяқ тұрмайды мұз тайғаққа.
Шатқаяқтап жүре алмай жығылады,
Уәзір, патша, қарашы екі ақымаққа.

Шатқаяқтап жүре алмай аяқтары,
Тасқа тиіп жарылды қабақтары.
«Япырмай, біреу танып қоя ма?»— деп,
Көздері екеуінің алақтады.

Сәмсая келе жатыр көзі көріп,
Баяғы айтқан сырдың кезі келіп.
Баяғы айтқанына жеткеніне,
Құдайға мың қайтара нияз беріп.

Сәмсая келе жатыр көзін салып.
Төрт қызметші қыздарын қасына алып.
Баяғы айтқанына жеткеніне,
Әп-сәтте бойы көкке жетті ұзарып.

Ішінен неше алуан киім алып,
Екеуін жібермеді тұра тұр деп.
Ханшалар казенетін киген шақта,
Сандықтан алып жүрді қайта сүйреп.

Сандықтан алып келді өліп-талып,
Ішінен екеуі жүр жаман налып.
«Екеуің осы арада тұра тұр»,— деп,
Сәмсая үйден шықты қайта барып.
Екеуіне береді екі ділда,
Екі нашар ғаріп деп рахым салып.
Сарайдан шығып кетті бұлар жүріп,
Бұларды босатады ғиззат алып.

Білдіртпедік десін де бұлар барсын,
Астыртын қатын бұдан хабар алсын.
Шетіне мұрадының әбден жетіп,
«Уһ» деп қыз Сәмсая демін алсын.

Мырзаға: «Барлығыңды асыр!— деді,—
Судай ғып мал шіркінді сапыр,— деді.—
Патшаның уәзірі мен ханымын қосып,
Қонаққа бүгін кешке шақыр!— деді.

Дос тұтып патшаны аса мақтап,
Сырым бар бізге айтатын жүрген сақтап.
Бір қажетім бар еді қылсам деген,
Кегімді бүгін алдым тиянақтап».

Бұзбайды қатын сөзін айтса не деп,
Бұларды қонақ қылды тағам же деп.

Бас қосып байбатша мен патша, уәзір,
Сөз сөйлесіп отырды аңгіме, гәп.

Сөз сөйлесіп отырды әрбір жайдан:
«Ей, мырза, ханымызды алдың қайдан?»
Сөз осылай басталды, таралуда,
Сөз сөйлесіп отырды бірталайдан.

«Қатыным ханзада емес, нәсілі қара,
Бұдан басқа бала жоқ бір бейшара.
Әуелде бір кемпір мен шал болыпты,
Бақтына мұны берген хақ тағала».

Сөз осылай басталды, таралуда,
Хан қызы әдепті өскен қамалуда.
Қарадан мұндай бекзат жан тумайды,
Жері бар бір асыл зат жаралуда.

Сәмсая өзі айтады басқа тегін:
«Хан да емес, ханзада емес менің тегім,
Жасымнан әкем өліп жетім болған,
Шер болған битімдейден көкірегім.

Қыз едім, үшеу едім ағайынды,
Шаһар осы Бағдат тағайынды.
Есіркеп екі апама рахым қылып,
Бастырмай қуып едің маңайыңды.

Көрген соң сенен қорлық, мұнан кеттім,
Қадірлі байбатшаға барып жеттім.
Уәзірің мен екеуіңді алдап ұстап,
Құлымдай қызметімде дедектеттім.

Падиша, өлмегенге бұ да тыныс,
Тірлікте не көрмейді адам жыныс.
Уәзіріңмен екеуіңді алдап ұстап,
Монша күні қылдырдым бір күн жұмыс».

Байбатша анық сырға жаңа барған,
Қыз Сәмсая түрленді қуанғаннан.
Жақындап жарылуға, есі қалмай,
Падиша үйден шықты ұялғаннан.

Ұят болып патшаға қалған жері,
Қатынның ханнан кекті алған жері.

Патшаның шыдап тұрар дәті бар ма,
Мысырға бірталай сөз барған жері.

Мысырға Бағдаттан көшті бұлар,
Жүруге тамашамен жаны құмар.
Келіпті қайта айналып шал-кемпірге,
Көрген соң жалғыз қызын бұлар жылар.
Көлген соң сағынысып қайынатаға,
Сол жерде дәл он бес күн дамыл қылар.

Хош айтып кемпір-шалдан тағы кетті,
Мысырдың шәһарына барып жетті.
«Баламды бұл шаһарға хан қоям»,— деп,
Қамсыз хан шаһарына әмір етті.
Сәмсая бұл патшаға ханым болып,
Мұратқа ақырында қолы жетті.
Бұрынғы айтқан сөзі қабыл болып,
Тілеуін бейшараның қабыл етті.
Айыпқа қата болса, бұйырмаңыз.,
Бұл қисса осыменен тәмам бітті.

САЛИХА — СӘМЕН

Монғолдың ескілікті тұрмысында,
Ясукей батыр ханның тұрғысында,
Атақты Алтай тауын мекендеген,
Билеген өзін өзі ел тұсында.

Бір тобы Жұрат дейтін ел атасы,
Жайлауы Үлкен тауда Жаятасы.
Билеген нәсіл қуып, тұқым жалғап,
Халқына қадірлі еді ханның басы.

Бар еді Салиха атты жалғыз қызы,
Артылған өз тұсында тәрбиясы.
Бұралған тал шыбықтай сұлу еді,
Он бестен он алтыға жеткен жасы.

Алмадай пісіп қалған бақшадағы,
Ашылған гүл бейнелес қыз тұлғасы,
Албырап екі беттің қаны тамып,
Қиылып маңдайында қиғаш қасы.

Тамағы ақ торғындай үлбіреген,
Сүйріктей он саусақтан бар саласы.
Отындай электрдің жалтылдаған
Құйылып, төңкеріліп көз қарасы.

Шынардай тұзу дене, тең иықтан
Төгілген төмен құлап сүмбіл шашы.
Безенген өнебойы інжу-маржан
Бриллиант, алтын, жақұт, гауһар тасы.

Сол елде Сәмен дейтін бір жігіт бар,
Құрбылас әлгі қызбен жас шамасы.
Ажары жай оғындай жалындаған,
Туыста қас, қабақты ер тұлғасы.

Сабырлы, терең ойлы маңғаз еді,
Жетпеген қатарына тең құрдасы.
Сағымдай садақ жетпес жылдамдығы,
Қырмызы қыз мінезді, қымбат басы.

Денесі тең сандалдың терегіндей,
Кең біткен иығының екі арасы.
Шалқақ төс, бура санды, бұлшық етті,
Бар еді батырлықтың әр саласы.

Жау десе жабырқанып жатпайтұғын,
Таңдаулы батыр болған ер қолбасы.
Салиха бұл жігітті сырттан таңдап,
Махаббат ауған бұған ықыласы.

Сәмен де ғашықтұғын іштен тынған,
Ұнасып екеуінің көзқарасы.
Жаратып бірін-бірі аз жүрген соң,
Байланды махаббаттың екі арасы.

Сөйлесіп, әзілдесіп, сыр айтысып,
Жуылды ғашықтықтың жан жарасы.
Қызды жігіт, жігітті қыз да сүйіп,
Болыпты алмақ, тимек сөз арасы.

* * *

Қыс өтіп, ел көшеді Алтай таудан,
Ол заман үркін, қорқын сыртқы жаудан.
Батырлар атын баптап, қару жөндеп,
Келетін ақыл сұрай күнде ханнан.

Сәмен де сол батырдың біреуі еді,
Кетпейтін күндіз-түні ат қасынан.
Сезіліп екеуінің бұл жүрісі,
Мақсатқа қалай жету болды арман.

Сөйлесіп анда-санда Салихамен,
Сөз шықты әрбіреуден қуғындаған.
Хан сезіп, халық білсе мұндай сырды,
Ажалдан қыз бен жігіт қалмайды аман.

Екеуін еркіменен қоспайтұғын,
Қатыгез хан қаһары өзіне аян.
Шарасын қалай етсек табамыз деп,
Ойласты Салиха мен батыр Сәмен.

Не пайда бұл жүрістен шығады деп,
Ойлайтын екеуі де осыны аман.
«Өлсек, бір көр; шықсақ, бір төбедеміз,
Қайтпаймыз,— десті екеуі,— уағдадан».

Серттесті: «Небір іскө шыдаймыз,— деп,—
Алса да бөрі етекпен, жау жағадан.

Қапыда өстіп жүріп қолға түспей,
Табалық бір бекініс осы арадан».

Солай деп сөз бекітіп уағдаласты,
Құрбан ғып бір-бірі үшін қымбат жасты.
Құс ұшпаса, жан жүрмес жер табам деп,
Ер Сәмен аралады тау мен тасты.

Жалтыр тау, шатқал, өзен заңғар биік,
Тұрғандай бұлттан өтіп көкке тиіп.
Темірдей қара жартас сұрғылт түсті,
Қабағын, қаһар көзін қарыс түйіп,

Мұңды тау аспанменен бой теңескен,
Тұрғандай бейне мүлгіп басын иіп.
Ақырған аждаһадай тасқынды өзен,
Сарқырап төмен аққан шатқа құйып.

Белгілі Жая деген бір қиын тас,
Сескенбей иендегі жан бара алмас.
Бел байлап сол қиынға бекінбек боп,
Жөнелді қорықпай шыдап Салиха жас.

Тез барып тығылады демін алып,
Жат жерге тамашалап қайран қалып.
Ой түсіп біраздан соң қорықты жаны,
Денесі кейде суып, кейде жанып.

Кеш мезгіл шам жағылып, ақшам батты,
Қайғысы бұрынғыдан болды қатты.
Аузынан аһ ұрғанда жалын түтеп,
Шыдамай қорыққан жүрек шиыршық атты

Қалайша бұндай іске болсын шыдау,
Ұзын күн өткізгені зорлау, жылау.
Зарығын өксіп жылап тоқтата алмай,
Сондағы Салиханың сөзі мынау:

«Жәрдем бер, жан беруші жасағаным!
Жар үшін жас жанымды жазаладым.
Айрылып жалғыз түнде ел-жұртымнан,
Жапанда шыбын жанды тасаладым.

Шалындым махаббаттың жалынына,
Сөндіріп ғашық отын баса алмады,

Жолыңа жаным құрбан болсын дегем,
Жетпесе мақсатыма, бітсін халім.

Жәрдемші жас өмірге болсын құдай,
Жеткізсін тілегіне жас арманын!

Ер Сәмен, таңдап таптым сені сүйіп,
Іліндім жалыныңа шоқ боп күйіп.
Ішінде жанған оттың мен отырмын,
Сөндірсең махаббаттың суын құйып.

Құдайым, Сәмен ерге қосар болсаң,
Бәрін де ұмытар ем құшып, сүйіп».

Соны айтып үңгіріне қайта кірді,
Зарланып мұң мен зарын айта кірді.
Сол кезде түннің жарым болған шағы,
Кім білер келешекте болар сырды.

Дүрсілдеп тоқтамайды жүрегі ойнап,
Және де жаны сүйген жарын ойлап.
Тыңдаса, жерді жарған ат сарыны,
Келеді көк жартасқа тура бойлап.

Бұл келген — бөтен емес, Сәмен ғашық,
Көрісті екі ғашық амандасып.
Қайғының бір минутта бәрін жойды.
Аз уақыт жабықса да жүдеп, сасып.

Ың-жыңсыз түн құшағын тұрды жайып,
Аспандай ай түрленді әсем басып.
Құттықтап күле қарап ғашықтарға,
Жұлдыздар жымыңдаған тұр жарасып.

Желкілдеп жан түбінде жатқан ойға,
Майда жел сыбырлайды мұңын қосып.
Таңдаған тағылықты тау баласын,
Табиғат қарсы алып тұр құшақ ашып.

Салиха айтты сонда Сәмен ерге:
«Бір істен ойсырадым көңілім жасып.
Бізді іздеп таң атқан соң ел келеді,
Кеткен соң екі бірдей адам қашып.

Кеш батса, түні бойы қасымда бол,
Құмарлы от жүректің мауқын басып,
Таң атса, елге барып көрініп жүр,
Сыр айтар құрбылармен ақылдасып.

Өткен соң күн ескіріп біраз заман,
Бір сапар ойланарсыз болса нәсіп.
Ат, азық, қару-жарақ қамданып жүр,
Тығынып бекініске бірден тасып.

Қапыда қауіп-қатер істер болса,
Жүрмелік бейғам болып жаза басып».
Екеуі осы сөзді қатар айтып,
Сүйісті екі ғашық құшақтасып.

Жас гүлдің жан татпаған жаңа балын.
Мастанды бөліп ішіп екі ғашық.
Өткенін түннің қалай сезген де жоқ,
Оятты таң шапағы таудан асып.

* * *

Таң атып, батыр Сәмен елге кетті,
Кісідей түк білмейтін барып жетті.
Сыр бермей сол жүріспен аял етіп,
Арада бірнеше күн уақыт өтті.

Айта алмай ханға батып қыздың жоғын,
Ел болып ат өксітіп көп іздепті.
Таба алмай, күдер үзіп ақырында,
Бұл хабар еміс-еміс ханға жетті.

«Хан қызы қашып кетті»,— деген сөзге,
Хан тұрып қаһарланып намыс етті.
Қайтсе де қызды іздеп тез табуға,
Ел-жұртын түгел жиып жарлық етті.

«Қызымды азғырғанды дарға асып,
Қыздың басын кесем!»— деп кәрін төкті.

Алтайдың алтындағы алтын жоны,
Айнадай суы тұнық, шөбі соны.
Қақ жарып ұзын аққан екі өзен бар,
Айтады Егеуге деп моңғол оны.

Қапталы сәукеле тас құлын жайлау,
Ясукей батыр таңдап алған соны.
Жайлауға хан ордасы көшкен кезде,
Жаятас қыз бекінген — көштің жолы.

Шөп гүлдеп, ағаш бүрлер уақыт толды,
Жайлауға хан ордасы көшпек болды.
Бетінде көк жартастың бір үңгірде,
Қыз қарап көріп отыр келер жолды.

Естілді жерді жарған қалың сары,
Жаңғыртып тау менен тас, жердің бәрін.
Жасыл ту сағымдалып жерді бояп,
Шаңырқап будақтаған шықты жалын.

Бір бөлек көш алдында қалың әскер,
Ясукей ортаға алған батыр ханын.
Татардан қолға түскен Темір ерге
Билеткен әскерінің түгел бәрін.

Мінгені Ясукейдің қасқа арғымақ.
Қара да, торы да емес, қоңырсымақ.
Белінде жібек баулы алтын қанжар,
Басында дулығалы темір тымақ.

Сары алтын жарқылдайды шарайнасы,
Күмбездей дөңгеленген жұмыр басы.
Жалпақ бет, келте мұрын, сары жүзді,
Сараңдау қызыл жирен сақал-шашы.

Татардан қолға түскен Темір ермен,
Сайлауыт өңшең батыр айналасы.
Барады бірге кетіп батыр Сәмен,
Қайғы ойлап бұзылғандай ой-санасы.

Мінгені астындағы сайын бурыл,
Дөненнен беске жаңа шыққан жасы.

Қондырды хан ордасын батыр Сәмен,
Байқастап кеш батқанша аялдаған.
Ел жатып, көз ұйқыға барған шақта,
Жөнелді қайта шауып қызға таман.

Жарына қайта келіп құрды сауық,
Қосылған екі ғашық теңін тауып.
Әзірше мақсатына жетті бұлар,
Шаттықта еш нәрсені қылмай қауіп.

Сандалып Жұрат елі қызды іздеп жүр,
Ат қырып, қара тер боп күнде шауып.

Жаралған сайын бурыл малдан бөлек.
Алғандай жерден пішіп дөп-дөңгелек.
Бір күні ішін тартып, жалын тарап,
Жер тарпып, пысқырады қағып иек.

Салиха атты көріп қайран қалды,
Ырымдап бір жаман іс ойына алды.
«Өткен түн бір жағымсыз түс көріп ем,
Көңілім де қате еместей енді нанды.

Ер Сәмен, білемісің аттың сырын?
Ойлама білмейді деп хайуан малды».
Соны айтып, ауыз жиып алғанынша,
Таянып қалың дүбір келіп қалды.

Білген соң келіп қалған қалың жауды,
Ер Сәмен атын ерттеп қаруланды.
Заманым әлдеқандай болады деп,
Салиха іштей күйіп от боп жанды.

Құшақтап сүйген жарын қатты қысып,
Әлсізден нәзік дене қалтыранды.
«Жас өмір, күл боп көкке ұшасың ба?
Толған гүл, соласың ба?»— деп зарланды.

«Хош енді, бұл соғыста өліп кетсең,
Мақшарда қос, тәңірім!»— деп жалбарды
Сол жерде майдан тартып батыр Сәмен,
Аянбай бір күн, бір түн соғыс салды.

Найза мен садақ тартып, қылыш шауып,
Бөгеді қан майданда қалың жауды.
Тұс-тұстан өлгеніне қарамастан,
Жау дағы дем алғызбай атқылады.

Боялып қызыл қанға қардай еті,
Қансырап халі бітіп естен танды.

Жаралы неше жерден қылыш тиіп,
Көптіктен ер Сәменді тұтқынға алды.

Сол жерде Салиханы ұстап алып,
Алдына патшаның алып барды.
«Өлтіріп Сәмен құды кеттік тастап,
Басына қызыл қаннан жастық жастап.

Адасқан балаңызды алып келдік,
Өзіңнің ордаңызға тура бастап.
Ей, тақсыр, жарлық сізден, іздеу бізден,
Тілейміз: жаза қылма бұған қастап.

Болса да қанша жаман, хан нәсілі,
Болмайды айыптауға қолмен жасқап».

Хан тұрып сөз сөйледі қызға таман:
«Япырмау, қызым, неден болдың жаман?
Өміріңде жалқы жүріп, ер көрмей өт,
Жаза жоқ ынсапсызға бұдан арман».

Солай деп Салиханың соты тынды,
Сорлының бағы қайтып, сағы сынды.
Сәменді алғаш ұстап алған жерде,
Өлді деп білмей кеткен өңшең жынды.

Аздан соң сайын бурыл барды шауып,
Иесін талып жатқан алды тауып.
Қамаған қалың қолға ұстатпастан,
Моншақтап үсті-басын тері жауып.

Көтерді басын сонда батыр Сәмен,
Жатқалы жаралы боп біраз заман.
Еңбектеп үңгіріне қайта кірді,
Қалғанын жанының біліп есен-аман.

Сәменге қайғылы күн қатты батты,
Сол тауда қапалықпен үш ай жатты.
Барар жер, басар таудың бәрі дұшпан,
Болар ма қиыншылық бұдан қатты.

Не пайда бос жатудан шығады деп,
Тоқтамай тулап жүрек шиыршық атты.
Бабама «Көкше әулие» барайын деп,
Бір күні ұстап мінді бурыл атты.

Ол кезде «Көкше» дейтін әулие бар,
Мамаржа жатқан жері бір үлкен ғар.
Мекендеп тұрған жері Тянь-Шань тауы,
Моңғолдар әр кез барып қылатын зар.

Ай жүріп Мамаржаға барып жетті,
Жол қиын, жүре алмайтын бір бейнетті.
Ғар екен көк жартастың бетіндегі,
Жүгініп соған қарап зарлық етті.

Күн жауып, бұлттар шығып, борандатты,
Найзағай шартылдайды онан қатты.
Артынан қоңыр майда желдер соғып,
Көрсетті ғардан шығып шарапатты.

Киім жоқ, шыға келді тыржалаңаш,
Ағарған жауған қардай сақал мен шаш.
Жіңішке, ұзын бойлы, арық тәнді,
Жан екен ақ құбаша, қиылған қас.

«Дертіме, тақсыр баба, дауа бер!»— деп,
Ер Сәмен зар еңіреп қояды бас.
Сәменді көзін ашып көрді байқап,
Сөйледі бір сілкініп басын шайқап:

«Ол қызды құдай саған бұйырған жоқ,
Бекерге қор болыпсың бейнет айдап.
Астыңда сайын бурыл бар ма сенің,
Міндің бе ренжітпей жақсы жайлап?»

Шығыста Шыңғыс деген хан болады,
Жаратқан ол бурылды соған сайлап.
Бурылды сол, Шыңғысқа бағыстаймын,
Сен жаяу Ұланға бар тамаша-айлап!»

Соны айтып, бурыл атқа мойын бұрды,
Білмейді Сәмен сорлы мұндай сырды.
Әулие қолын бұлғап қалып еді,
Кісінеп бурыл шауып ғарға кірді.
Тағы да бұлттар шығып борандатты,
Найзағай шартылдайды онан қатты.
Күркіреп ғардың іші ақ боран боп,
Есігін «Көкше әулие» қайта жапты.

Көнбеске шамасы жоқ сорлы Сәмен,
Көңілі бұрынғыдан болды жаман.
«Бабамның Ұланға бар» деген сөзі,
Тиісті болар ма екен маған тамам?

Жаяулық, жалаңаштық арман емес,
Көерерлік Салиханы туса заман.
«Жолыңа жаным құрбан болсын» деген,
Дабысың құлағымнан кетпейді аман.

Отында ғашықтықтың күйіп-жанып,
Дариға, бір сен үшін көңілім алаң!
Зарлатқан мені мұнда, сені онда,
Мейірімсіз қара пейіл сұмырай жалған.
Өлсе, көрін, өлмесе, өзін көрмей,
Тарқар ма, өліп кетсем, іштегі арман?»

Соны айтып, Ұлан жаққа Сәмен кетті,
Сорлыны қырсық шалып тентіретті.
Ер Сәмен сол бейнетпен жүре тұрсын,
Айтайын хан қызынан соңғы кепті.

* * *

Қапада ханның қызын қайғы басты,
Сарғайып солған гүлдей өңі қашты.
Алқызыл нұрлы жүзін әжім басып,
Ағартты жауған қардай самай шашты.

Жабысып тырнақтары саусағына,
Нұры қайтып, жас дененің қаны қашты
Дүниенің қызығынан көңілі суып,
Өткізбес тамағынан ішкен асты.

Жарым деп ер Сәменнің атын айтып,
Бір күні көзден төкті қанды жасты:
«Сен үшін дүниені талақ етіп,
Жолыңа құрбан қып ем ғазиз басты.

Қапада қайғыменен өмір сүріп,
Қадірлеп қайтем сенен қалған жасты?
Төрт бөліп түн ұйқымды тыншытпайсың,
Үмітім ойлай-ойлай мұңға ұласты.

Жолыңа қарай-қарай көзім талып,
Ойымды мұңға ұласқан тұман басты».

Соны айтып, шықты ордадан Ұланды өрлеп,
Ажалға өлім іздеп қатты шөлдеп.
«Лайық хан басыма, жас шағыма
Бір кескен уағда серттің үстінде өлмек!»

Жақұттай ажарланды көзі жайнап,
Байланып алмас қанжар өткір қайрап.
Жас кеткен жаны құшып жарын ойлап,
Қоштасты кең дүниеге құстай сайрап:

«Сүйіп ем, Сәмен, сені іздеп тауып,
Арманым — аз жүрмедім еңбек жанып.
Бұл жайға, тірі болсаң, бір келерсің,
Жарыңды ұмытпасаң есіңе алып.

Әкемнің жан дегенде жалғызы едім,
Көрмеген тәрбиеден көңілім қалып.
«Жолыңа жаным құрбан болсын» деген,
Бұзбадым уағдамды қайта танып.

Жас жаным жасыл құс боп ұшсын көкке,
Құтылып қам-қайғыдан рахаттанып.
Қосатын мені саған осы қанжар,
Жүректен өткір қайрап қалсам салып».

Зар жылап осылайша қылды налыс:
«Ай мен күн, дәт айтуға тұрсын алыс,
Сертіме, уағдама жетпегенім,
Емес пе өлімнен де қиын намыс.

Күә бол тәңір алдында сен екеуің,
Ғаламсың көпке бірдей тура қалыс».

Соны айтып, салды қанжар жүрегіне,
Жан шығып, тез жетуге тілегіне.
Қанжарды қатарына шаншып қойды.
Сәменге арнап ядкәр ретінде.

* * *

Бір шақта әлгі жайға келді Сәмен,
Арада қыз елгелі неше заман.

Өлген жерін, көмілген көрін көріп,
Қуанды көріскендей есен-аман.

«Жарым-ай құдай қосқан, жаңа таптым,
Болмай ма сенен қалған халім қараң?»

Қанжарды қасындағы көрді қарап,
Қыз кетті уағдасымен сертке жарап.
Қанжарды қатарынан қолына алып,
Тот басқан қанды көрді тамашалап.

«Рахатлы болат қанжар досымыз»,— деп,
Күрсініп мауқын басты қанын жалап.
Егіліп іші-бауыры елжіреді,
Ғашықтың ыстық оты шықты парлап.

Қамығып бір отырып, бірде тұрды,
Аруаққа қабірдегі көзін қадап.

«Қош айтам тау менен тас, дария, көлге,
Жат бауыр өсіп-өнген біздің елге.
Сайрандап көк аспанмен тұрған жұлдыз,
Сәуле бер біздің жатқан сары белге.

Салиха жаным сүйген жарымменен,
Арман жоқ өліп көрге жатсам бірге.

Ай мен күн, сен де аман бол, екі жарық,
Нұрыңа жан-жануар болған қарық.
Күн мен түн екеуіңді қоспаған соң,
Баяғы сен де біздей Мұңлық-Зарлық.

Жұлдыздай ай атылып жерге түссе,
Біріңнен не болар ең бірің қалып?
Жас жаным Салихамен болсын бірге,
Маржандай қызыл қаным жерге тамып.

Қара жер — мейірімді анам, аш қойныңды,
Саяға келіп тұрмын Сәмен ғаріп».

Соны айтып, алмас қанжар қолына алды,
Толғанбай қақ жүректен тура салды.
Ақ етін, қызыл бетін қанмен жуып,
Еріксіз қолмен жойды ғазиз жанды.

БАРАТ ҚЫЗ

Айтайын, сөйле десең, біраз қисса,
Жамағат тыңдайын деп сөзін тыйса.
Сөйлейін екі ғашық әңгімесін,
Бұл сөзім тыңдаған жұрт көпке сыйса.
Кәдуілгі әз заманда болып өткен,
Туады аз әңгіме жоқтан мұнша.

Бағдатта бір халифа бұрын өткен,
Дүниеге көп шәһилер келіп кеткен.
Мүлкі көп; патшаның баласы жоқ,
Қор болды дүнияда бір перзенттен.
Бала үшін неше қатын алады екен,
Сарғайып хан жүдеді қасіреттен.

Бай еді заманында елден асқан,
Саудасы әр мәлләтпен араласқан.
Құдайдан бір мирасқор бала сұрап,
Малының садақаға бәрін шашқан.

Мейірбан мұсылманға бек әділет,
Тілепті бала бер деп көп жәмиғат.
Көл деген көп тілеуі мақал болып,
Болыпты бәйбішесі екіқабат.

Босанып аман-есен бір ұл тапты,
Жан-жаққа сүйіншіге кісі шапты.
Жиылып тойға келген адамдарға
Сый қылып ат мінгізіп, шапан жапты.
Тойында азат етті қанша құлды,
Дүнияда Әшір патша әділетті.
Әмір деп жалғыз ұлдың атын қойып,
Баласын алтын үйге асырапты.

Баланың он алтыға жасы келді,
Парасат, ақыл, білім кәмал білді.
«Баламды өз орныма патша қойдым!»—
Деп патша еліне әмір қылды.

Орнына әкесінің таққа мінді,
Тоқыған танып хақты, таза дінді.
Әкесінен бұл бала әділ болып,
Қақ жарған әділ болды қара қылды.

Баланың он алтыға жасы келді,
Парасат, ақыл, білім кәмал білді.
Әр күнде сахарада шер тарқатып,
М сайып аулаушы еді арыстан шөрді.
Халықты тәрбиялп жаңа патша,
Жиырма, міне, шіркін жасқа келді.

Патша боп кәмалданды жасы жетіп,
Отырды дүниядан үміт етіп.
Жасапты қисабы жоқ неше сарай,
Дүниеден Әмір патша байлығы өтіп.
Бір сырлы, сегіз қырлы бір бекзада,
Жиырма жасқа келді тәмам жетіп.

Салғызды неше түрлі нұрға бояп,
Жүздерін нұрға бояп салды шарбақ.
Жерлері ғамбария лағыл тастан,
Құрғызды қызыл алтын алқадан тақ.

Бақшада алтын хауыз, шешек өсіп,
Әр түрлі алма, құрма жеміс пісіп.
Ашылса, неше түрлі күй тартады,
Салады он түрлі әнге әлгі кешік.
Жасатты қисабы жоқ неше сарай,
Дүниеден Әмір патша байлығы өтіп,
Бір қырлы, сегіз сырлы бір бекзада,
Патша боп тұрып қалды кәмал жетіп.

Мінгені неше саңлақ, ылғи жүйрік,
Боялған жалы нұрға, қылыш құйрық.
Аспанда ұшқан құсты қолмен ұстап,
Жүгірген аңға жетіп салар құрық.
Осындай неше түрлі салтанатпен,
Келеді жас патша сейіл құрып.
Алыстан бір қарайған көрініпті,
Қалады кейде бар боп, кейде құрып.
«Бар дағы, не нәрсе екен біліп кел»,— деп,
Патша уәзіріне берді бұйрық.

Жіберді уәзірді пәрмен етіп,
Қасына ол қараның барған жетіп,
Бір кемпір отыр екен кілем тоқып,
Қарады уәзір оған қайран етіп.
Көз болжап, көңіл байқап білер емес,
Қараса, көзді ұялтар ойран етіп.

Мағұрып, машұрықта бұл кілем жоқ,
Кемпірге мұнша білім берген нетіп.

Кемпірге жауап берді амандасып,
Кілемге миы жетпей асып-сасып.
Қып-қызыл кілем тоқып нұр жайнайды.
Тоқыған неше түрлі безек шашып.

Кілемде екі арыстан аузын ашқан,
Шапқалы бірін-бірі қадам басқан.
Нәрседей тірі жанды толықсиды,
Уәзір мұны көріп жаман сасқан.
«Апырмау, жалғыз кемпір қайтіп тоқыр,
Қасында еш адам жоқ ақылдасқан.
Адамзат мұндай өнер үйрене алмас,
Бір мың жыл оқымаса әуел бастан.»

Көрді де, миы жетпей қайтып келді,
Бір қызық әңгімеге батып келді.
«Ғажайып көз көрмеген нәрсе бар»,— деп,
Көргенін бастан-аяқ айтып келді.
Тақ көріп уәзірдің мақтауымен
Патша нөкерімен барып көрді.

Әдеппен кемпір тұрып амандасып,
Патшаға қол қусырып сәлем берді.
Сол ханмен амандасып болды дағы,
Сол кемпір өз кілемін тоқыды енді.
Жүз есе айтқанындай бар екен деп,
Патша парасатпен көз жіберді.

«Ей, ана, ақылың дана артық есің,
Мынаған қай ғылымнан жетті күшің?
Осыншз қымбат лағыл, зүбәржаттан,
Жатырсыз кілем тоқып кімдер үшін?»

Патша білмек үшін арман қылды,
Кемпірдің біліміне қайран қалды.
«Апырмай, көз көрмеген неткен ғажап,
Сізге кім тоқып бер деп пәрмен қылды?»

«Ей, патша, шолпанымсың ел мақтаған,
Ақылмен данышпансың салмақтаған.
Өзіңнің Тәйміс деген уәзіріңнің
Қызы бар Барат атты ардақтаған.

Сол еді тоқып бер деп әмір қылған,
Не керек асыл нәрсе қазір қылған.
Тоқимын көптен қашып сахарада,
Мен бір жан жалғыздыққа сабыр қылған.

Мұраты жас патшаның болған хасыл,
Барат қыз тірі пендеден туған асыл.
Ол түгіл халифалық қазынада
Жоқ еді бұл кілемдей шәһарда асыл.
Толықсыр тоқсан тоғыз қарасаңыз,
Ішінен нұр шығады қызыл, жасыл.
«Тоқыған кілем мұндай, қызың қандай?
Апатай, маған сөйле, қылшы-ау фәтіл!»

«Ей, патша, емес пе едің бізбен тілдес.
Ол қыздың ғаламатын адам білмес.
Жатады күндіз-түні нөкерімен,
Адаммен еш елігіп ойнап-күлмес.
Не мырза, хан, сұлтандай шәһизатты,
Қыз Барат жан екен деп көзін сүзбес.
Сипаты шәмсинұрдың жиһанда жоқ,
Өң тұрғай, ұйқыңызда түске кірмес.

Қыз өзі ұстаз еді оқығанда,
Ғаламда ондай жан жоқ тоқығанда.
Кілемнің лайықты қызыл нұры,
Қараса райымен отырғанда,
Салсам да бұл кілемге осынша өрнек,
Көңілі ризаланбас осыған да.
Сипаты екеуінің бірдей болар,
Қыз, кілем бір-біріне қосылғанда».

Патша сұрап білді қыздың жайын,
Секілді ләкін лағыл Қорлығайын.
Өлсем де осы қызды бір көрсем деп,
Әмірге ғашықтанып кірді уайым.

Кемпірмен амандасып атқа мінді,
Бір қызды ойдағы жоқ патша білді.
Тәймісқа барып кісі салайын деп,
Тез қайтып сапарына патша келді.

Тәймісқа кісі салды қызын сұрап.
«Алладан күн ілгері ғашық мұрат.
Сүннәті пайғамбардың ғайып емес,
Қабыл деп күйеулікке қылма ұят.

Біз сіздің Әмір атты шолпаныңыз,
Тартады жақындыққа нышанамыз.
Бұйырса, тұғырыңа лайықты,
Сіздердің қолыңызда сұңқарыңыз».

Осылай жауап берді елші келіп,
Білдірді бастан-аяқ хабар беріп.
Бұл сөзді уәзір Тәйміс қабыл алды,
Айтқанын патшаның қабыл көріп.

«Баламның мен барайын анасына,
Анасы ақылдассын баласына.
Патшаға қыз бермеймін деп айтпаймын,
Жеткен соң бәлиғаттың шамасына».

Сол Тәйміс қатынына ақыл салды,
Бұл істі қатыны естіп қайран қалды.
«Қызымыз патшаны сүймес,— дейді,—
Қызыңның іздегені бөлек жан-ды.

Бұл қызың патшаны сүймес,— дейді,—
Ішіне мың айтсақ та кірмес,— дейді.—
Өзінің көңіл ұнатқан сүйгені бар.
Басқаға өлсе дағы тимес,— дейді.—

Біреуге қайғырды, Шерін атты,
Бұл уақыт балаңыздың дерті қатты.
Күн сайын қызың қасірет тартар,— деді,—
Қайғысының салмағы жанға батты».

«Апырау, қайтарамын ханға не деп?
Ақыл сал перзентіңе менен бөлек.
Патшаның қаһарына жолықтырмай,
Қайласын тапсын қызың ақыл зерек.

Болмайды бармаймын деп айта алуға,
Патшаға жарай ма сөз қайтаруға.
Тегінде қыз тілеуі атада еді,
Жаралып жұмыртқадан шайқалуда.

Ей, қатын, тыңдап отыр менің сөзім,
Патша ғашық екен жетті көзім.
Бұл күнде Әмір мағрұп пәрмен етіп,
Іздейді біздер тұрғай, жердің жүзін.

Ей, қатын, құлағың сал мына сөзге,
Айтамын қайта-қайта, қатын, сізге.
Тағы да қыздың жөні осылай деу —
Ұят қой естір құлақ, көрер көзге».

Лажсыз қатын байғұс қызға барды,
Дейді деп әкең солай хабар салды.
«Атамды хан сөзінен құтқарам,»— деп,
Амал не, қыз бейшара қабыл алды.

«Ата-ана, сен билеуге еркің бар ғой.
Үстімде төрт шәрға айтқан сертім бар ғой.
Басқаға нұр болса да көңіл бөлмен,
Байланған шерменде боп дертім бар ғой».

Бұл күнде нұрын байлап жамалменен,
Қыз ғаріп ой ойлапты кәмалменен.
«Атамды патшаға өкпесіз қып,
Бұйырса, құтқарайын амалменен.

Патшаға әкем мені бермек болсын,
Қайламен хан сөзіне ермек болсын.
Бұл келген елшілерге уағда беріп,
Сарайға пәлен күні күйеу келсін.
Сарайға пәлен күні күйеу келсін,
Ер болса, уағда алып ойға сенсін.

Сол күнде үш күн шыдар қылған сертке,
Отырсын үш күн шыдап бетпе-бетке.
Сөз қатып менен бұрын дәм татпасын,
Үш күн, үш түн уағда тұрсын сертте.

Қызымның өз серті деп айтсын мұны,
Үш ауыз байлау қылып әңгімені.
Сертіне бірі тұрғай, мыңы жетпес,
Дегейлер осылайша сөздің жөні».

Сұлуды ғашық қайрат еткен алтын,
Оқуға өнер тауып жеткен алтын.
«Бұл келген елшілерге уағда беріп,
Жол тауып әкем солай хабар салсын!»

Осылай жауап берді елшілерге,
«Алсын,— деп,— қалың малсыз болса сері».
Білгізіп бастан-аяқ хабар беріп,
Бұл сөзді Әмір сұлтан қабыл көрді.

Патша естіп білді мына сөзді,
Уағдаға шыдаймын деп жаннан безді.

Ал енді той бастады уағда етіп,
Патша қызды алмақ боп сертке жетіп.
Бірінен біреуі асқан данышпандар,
Апырмай, шыдасады әлденетіп!

Барды да сарайына той өткен соң,
Сөз бітіп, уағдалы күн жеткен соң.
Сарайға ханды тастап, жолдас қайтты,
Бұлардың ахуалына көз жеткен соң.

Отырды назар салып нұр байланып,
Уағдаға шыдаймын деп ыңғайланып.
Көргенше ғашық жарын бек құмартып,
Отырды әр порыммен ой ойланып.

Қыз келді бір уақта есік ашып,
Патшамен отырмаққа басты қосып.
Бір түрлі қыз атлас көйлек киіп,
Қылам деп бір күн әлек ойға түсіп.

Бетінен пердені алып қыз отырды,
Сарайға ләулік қызыл жарық құрды.
Қайғымен мені көріп қартайсын деп,
Құйқылжып неше реңмен сегіз қырлы.

Мысалы, бір білімсіз надандардай,
Болмаса бір құрметсіз жамандардай.
Секілді жансыз тілсіз сөз қатпайды,
Құдды бір түсте керген адамдардай.

Ақ сарай қыз нұрымен болды жарық,
Жүсіптей жүзі нұрға екен ғаріп.
Бұрынғы бір ғашықтан екі есе боп,
Отырды өне бойы от боп жанып.

Әлқисса, Әмір патша қыз қарсысында.
Үн-түнсіз бір күн қарап отырғанда-ақ өлермен халге
жетеді. Уәде бойынша ол қызға тіл де қатпауы
керек, одан бұрын тамақ та татпауға тиіс. Бір күннің
ішінде-ақ әл-дәрменнен айрылып, жүдеп шыққан Әмір
патшаға мектептес досы кездейсоқ жолығып қалады.
Үйіне есеңгіреп келе жатса, бір адам арт жағынан
айғай салады.

Қараса, бір байбатша дүкен ашқан,
Бай екен қымбат баға сауда шашқан.
Шақырып патшаны қасына алып,
Қол тұтып тағзыммен амандасқан.
Сағынып патшаны қалса керек,
Жоқ еді көптен бері хабарласқан.

«Тақсыр-ау, мұнша неге жүдедің?» — деп,
Көрген соң Шәһімжан да жаман сасқан.
«Сүйікті, мархабатты хан сұлтан-ай,
Басыңа не зауқыма дүние қосқан?
Әпәндам, көптен бері көрмеп едім,
Достым-ау, сөйле маған әуел бастан!»

Зар тұтқан ғашықтықтан бейшараның,
Егіліп, алды толды аққан жастан.
Өзінің бір мектепес жақыны екен,
Жанашыр көп шықпай ма замандастан.

Сөйледі достысына төмам халін,
Дерт кернеп ауызынан шықты жалын.
«Білмедім, уағданы істеп салып,
Ақыры ғаріп болды жалғыз жаным».

«Ей, достым, құдай мұндай қылды бұйрық,
Сарғайып бір сағатта бопсың мұңлық.
Оқып ем сегіз жылдай семиянда,
Сиқырға емес шығар менен жүйрік.

Бұл қызға болмас,— деді,— көрсетпей күш,
Бұл қыздың қулығына болдым біліс.
Аямай сізді мұндай қылғанына,
Жасайын амалына мен де бір іс.

Бұ қызды, құдай қосса, жеңгізейін,
Сарғайып көп жасыма, сайып құрыш!
Дұғамен бір үшкіріп қайғыны алып,
Патшаға семиянмен берді тыныс.
Қыл қимас қия салса, өткір алмас,
Бір-екі алтын сапты берді қылыш.

Семиянның бір кітабын берді қолға,
«Қылышты сарайға тық, апар сонда.
Қыз бүгін түнде отырып, ертең кетер,
Оқи көр бұл сиқырды, өзің молла.

Хан едің әр нәрсенің тапқан ығын,
Асыл ер, бола жаздың білмей шығын.
Оқысаң бұл сиқырды бойға жағып,
Боласың көз көрмейтін бір көк шыбын.

Шыбын боп қыз артынан бірге барсаң,
Жауабын қыздың айтқан ұғып алсаң.
Ұрлап ал қыздың жеген тамағынан,
Сияды қанатыңа тыға салсаң.

Қайта қайт кешке жақын қыздан бұрын,
Бұл қыздың біліп алып ішкі сырын.
Бойынша уағдасы қыз келеді,
Сарайға болғаннан соң кешкітұрым.

Қолыңа ал қылышыңды жарқылдатып,
Сөйлеме қызға қарап жауап айтып.
Біреуін екі қылыш шаншып жерге,
Біреуін қолыңа ұста бір сөз қатып.

Қызға емес, өзіңдегі жұмысыңа,
Іншалла, бұл қыз түсер уысыңа.
Түс қылып қыздан көрген оқиғаңды,
Баян қыл жорып бер деп қылышыңа.

Айтқасын жорып бер деп көрген түсті,
Көрдім деп бүгін түсте мұндай істі.
Ақырып айғайды сал қылышыңа,
Адамдай өктем сөйлер көрсет күшті.

Ақырып жауап сөйле жаман-жаман,
Дегейсің: «Ей, қылышым, басыңды алам!»
Қылыштың саған сөйлер тілі бар ма,
Тұрады, темір емей, емес адам.

Қылыштың саған сөйлер тілі бар ма?
Адамдай шығатұғын үні бар ма?
«Басыңды жазған қылыш, алайын»,— деп,
Ақырып бір шауып қал жұлып ал да.

Бұл қыздан қорыққаннан соң ақыл кетер,
Мені де шабады-ау деп шошыр бетер.
Бұйырса, сізден бұрын жауап қатып,
Бас ұрып аяғыңа тағзым етер.

Ол қызға лайық екен осындай іс,
Ей, ғазіз, менің айтқан сөзіме түс».
Шығарды амандасып жолға таман,
«Бұл іске болмас,— деді,— көрсетпей күш».

Бойына ғашықтанған халі кетіп,
Жөнелді достысынан одан өтіп.
Бір кітап, екі қылыш олжасы бар,
Сарайға соныменен келді жетіп.

Отырды серт бойынша қызды күтіп,
Мұратқа жетемін деп үміт етіп.
Бойынша уағдасы қыз келеді,
Сарайға мезгіл өтіп, уақыт жетіп.

Бетінде пердені ашып қыз отырды,
Сарайға ләулік қылып жарық құрды.
Қайғымен мені көріп қартайсын деп,
Құйқылжып неше реңді сегіз қырлы.

Көз алмай қайғы басты тағы ханды,
Елжіреп іші-бауыры от боп жанды.
Қарайды құр телміріп сипатына,
Атырды осыменен тағы таңды.

Болмайды құдай қоспай еткен арман,
Көңілден тарқар емес мұның алған.
Аспаннан ай қорғалып жоғалғандай,
Жөнелді ширатылып ғазіз жалған.

Сәмиянның бір кітабын алды қолға,
Ал енді халифаның сөзін болжа.
Дұғасын сәмиянның оқып алып,
Тарқатты неше түрлі мұны бойға.

Хан еді әр нәрсенің тапқан ығын,
Асыл ер бола жазды білмей шығын.
Бойға жағып семиянды оқып еді,
Көз көрмейтін болды бір көк шыбын.

Шыбын боп қыз артынан бірге барды,
Қыз байғұс анасына жетіп қалды.
«Апырмай, патшадан жеңілдімі!»— деп,
Зар жылап анасына қайта барды.

«Өлмеді мынау шіркін екі таңға,
Басымды әуре қылман ондай жанға.
Сарғайып өлерше боп қалып еді,
Патшаның сүйегіне салдым таңба.

Тартқан жоқ жауап алып мені көріп,
Іншалла, осы патша өлсе керек.
Сөзінде әулиенің жалған болмас,
Ақыры ғашық жарға берер себеп».

Үшкіріп өзін-өзі шыбын қылды,
Қуатын сәмиянның енді білді.
Ешкімнің көрінген жоқ көздеріне,
Артынан Барат қыздың бірге жүрді.

Алдынан баласының сорлы қатын,
Налыс қып баласына қарсы келді.
«Жалғызым, ұлым да сен, қызым да сен,
Туғаннан күйігіңді тартым-ау мен.

Жөн таппай адасыпсың ғашықтыққа,
Жаныңа бұйырмады-ау нәсіп дыққа.
Бір құрғыр бекер бостан мазаңды алып,
Ұқсады ишаратың жасықтыққа.

Жалғызым, құрғыр патша өлмеді ме?
Бір алла тілегіңді бермеді ме?
«Шерін!» деп күндіз-түні зар жылаушы ең,
Жаныңа қосылуға келмеді ме?

Жалғызым, ұйқың шала, тамағың аш,
Түсіңде әуре қылды бір қалам қас».
Пісіріп тауық етін қойған екен,
Әкелді баласына бір табақ ас.

Қыз айтты: «Өлмей қалды екі таңға,
Басымды әуре қылман ондай жанға.
Сарғайып өлерше боп қалып еді,
Патшаның сүйегіне салдым таңба.

Тартқан жоқ жауап алып мені көріп,
Іншалла, осы патша өлсе керек.
Сөзінде әулиенің жалған болмас,
Ақыры ғашық жарға берер себеп».

Осындай көп сөз айтып бұ қам жейді,
Жауабын шыбын ұғып жақын келді.
Ешкімнің көрінбейді көздеріне,
Өзінің ахуалын енді білді.

Бұл қыздың енді білді жаман ниетін,
Ұялды сол арада шымшып бетін.
Анасы: «Қарның ашып келді ғой»— деп,
Әкелді кәуап қылып тауық өтін.

Бұл қыздың біліп отыр көп білігін
Бәрінің біліп келді бірліктігін.
Көңілі көзі көрмей сене алмас деп,
Тауықтың ұрлап алды бір жілігін.

Сиқырмен қанатына тығып алып,
Отырды қыздың сөзін ұғып алып.
«Апырмай, бәрі жалған екен ғой!»— деп,
Отырды қапаланып күйіп-жанып.

«Басында білмедім!»— деп қылды арман,
Көңілі қатты суып, кетті дәрман.
«Сандықтан кілемімді әперші!»— деп,
Қыз енді анасына қылды пәрман.

Сандықтан алып келді бір кілемді,
Беріпті безек нақыш көп реңді.
Далада өзі көрген кілем екен,
Кілемді бұл баланың көзі көрді.

Кілемге бір дұғаны қылды дейді,
Кілемнің сол екенін білді дейді.
«Досыма амандасып келемін»,— деп,
Қыз Барат сол кілемге мінді дейді.

Сұлудың қарай қойшы бұзығына,
Қиссаның жаңа келдік қызығына.
«Мен дағы досы қандай көрейін»,— деп,
Қыздың барып қонды шыбын иығына.

Қонды да иығына тұрды шыбын,
Бұл қыздың білер емес адам қыбын.
Кілемге бір үшкіріп қойып еді,
Аспанға алып ұшты тәмам жүгін.

Зарлатып кілем ұшты көкке таман,
Дүниеден ғайып болды біраз заман.
Буланып дүние жүзі көрінбеді,
Патша жығылам деп қорықты жаман.
«Мен тайып дүнияға кетсем құлап,
Апырмай, өлмей тірі қалам ба аман?»

Зарлатып көкке жақын барып қалды,
Көрген жоқ өзі туып мұндай халді.
Басынан Қап тауының ары асырып,
Түп-тура Еренбаққа алып барды.

Жер шәһар Еренбағы сонда екен,
Патшасы Қаһаршабыл билейді екен.
Достысы соның қызы Белаброн,
Күнменен сұлулығы бірдей екен.
Қолында Қаһаршабыл перизаттан,

Көп ғашық мұрат тапты Еренбақтан,
Айлық жер ақ меруертпен сыртын түзеп,
Мұнара қызыл-жасыл жай орнатқан.
Аспанға тілдескендей құрма, терек,
Бір жұмақ ләззат алар жеміс бақтан.
Жемістің жапырағы әртүрлі гүл,
Болғандай сейіл еткен көңіл шаттан.

Сұлулар жемістері шекер татыр,
Қыз жүріп гүлстанға келсе жатыр.
«Осында бір ғаламат бар шығар»,— деп,
Қызбенен бірге келді шыбын батыр.
Төрт бақшаның арманырақ ортасында,
Көрінді ақ атластан тіккен шатыр.

Шатырға жақын келді қадам басып,
Шатырдан бір қыз шықты есік ашып.
Біреуі іштегіге хабар беріп,
«Келді,— деп,— достың Барат»,— жабырласып.
Ішінде Ләйлі мен жүр бір Күләнда,
Көрісті салтанатпен қол ұстасып.

«Ей, достым, шүкір алла келдім аман,
Өлмеді екі таңға құрғыр жаман.
Жалғыз-ақ уағдаласқан күнім қалып,
Сасқанда ақыл сұрап келдім саған».

«Бүгін түн уағдаңа бар,— деп айтты,—
Үш күнді серт бойынша ал,— деп айтты,—
Сонан соң жібермейін дүнияға,
Осы жерде өмірбақи қал,— деп айтты.—

Сонан соң жібермеймін дүнияға,
Шерін жар өзі жоқ-ты миуада.
Қаламнан ғашығыңды іздетейін,
Тапсырып істің артын бір құдайға».

Отырды достысымен аман етіп,
«Жарыңа қоссам-ау!»— деп арман етіп.
«Көңілді біразырақ көтерелік,
Келейік Еренбаққа сайран етіп».

Сарайға сейіл құрып барды қыздар,
Патшаның естігеніне іші мұздар.
Осындай алтын ғазиз сұлтан ерді,
Сөгеді қараңғы деп қыздар мұндар.

Бақшаның сейілдетті бәрін тегіс,
Айтуға толып жатыр әлі көп іс.
Сәмиянның дұғасымен сиқыр қылып,
Бақшадан қыздар жеген алды жеміс.

Бақшадан жеміс алды қыздар жеген,
Қайғының құр арқалап тартты кегін.
Түбінде ер қадірін әйел білмес,
Патша еді заманында ел билеген.

Уағдалы үміт қып жүр жапасынан,
Қайғының қартайды әбден қапасынан.
Әл-дәрман азар-мазар тағат қылып,
Шыбын жан ұшқалы жүр тап басынан.

Күн батып, қыз жөнелді амандасып,
Екеуі бір патшаны жамандасып.
Бұл жайға ертең тағы келмек болды,
Досымен жүрмек болды хабарласып.

Қыз екен қолы жеткен күн мен айға,
Хан байғұс бұл қыз үшін қылды қайла.
Жүрісі жаяу күнде қас қаққандай,
Келеді салып жетіп мекен-жайға.

Қыз келді Еренбаққа сайран етіп,
Сарайға шыбын келді бұрын жетіп.
Дұғасын сәмияның оқып алып,
.....

Болғанда уағдалы үшінші күн,
Қыз келді күндегідей бұған соң түн.
Отырды түк көрмеген кісідей боп,
Бұл қыздан тауып алып балталық мін.

Бетінен пердені ашып қыз отырды,
Сарайға ләулік қылып жарық құрды.
Қайғымен мені көріп қартайсын деп,
Құйқылжып неше реңді сегіз қырлы.

Жүзігі неше түрлі қолға салған,
Осы қыз перілерден сабақ алған.
Сабақтас періменен, өзі дос-ты,
Қисабын пенде байқап болжамаған.

Ал енді хан бастайды тыңнан бір іс,
Кешегі ойға келді тыққан қылыш.
Қылыштың бірін шаншып қолына алып,
Өз бетімен отырып қылды жұмыс.

Қылыштың бірін шаншып алды қолға,
Мысалы, халифаның сөзін болжа.
«Қылышым, саған айтып жорытайын,
Мен бүгін бір түс көріп кеттім ойға.

Бұл шақта жатып едім уайым жеп,
Жатып ем бүгін түсте ұйықтайын деп.
Түс көрдім бек тамаша бір алуан,
Мұбада жорымасаң, көремін жек.

Түсімде мына қызбен бірге бардым,
Сөзіне қыздың айтқан қайран қалдым.
«Кәпірден құтылсаң»,— деп анасы айтты,
Сөзіне жамандаған қайран қалдым.

Мына қыз бір көрсетті жаман ниетін,
Ұялдым қарап тұрып шымшып бетім,
Көңілің көзің көрмей сене алмас деп,
Тауықтың түсімде аппын сан жілігін.

Нанбасаң, мінеки»,— деп алдына алды,
Қыз көріп, қарап тұрып бек ұялды.
Айнытпай, тап бұлжытпай тұрғаннан соң,
Барат қыз бір қуарып, бір қызарды.

«Сандықтан бір кілемді әкелді қыз,
Көрінбей қызбен бірге жөнелдік біз.
Дұғаның қуатымен ұшады екен,
Біз бардық Еренбаққа қыз екеуміз.

Жер екен бек тамаша Еренбағы,
Ағашқа қалдым қайран бақшадәғы.
Ғаламат ұжымақтың мысалы екен,
Жерінің нағыз хандар топырағы.

Бақшаның сейіл еттім бәрін тегіс,
Айтусыз толып жатыр әлі көп іс.
Көңілің көзің көрмей сене алмас деп,
Бақшадан қыздар жеген аппын жеміс».

Жемісті жаудыратып қатар тастап,
Сөйлеп тұр әр алуан өнер бастап.
Ханыша көріп тұрып қатты ұялды,
Болған соң бәрін түгел бетке баспақ.

«Қылышым, жорымасаң, болар жаман,
Қоймаймын, жорымасаң, басыңды алам!»
Ақырып, айғай салып шауып қалды,
Қолында қыл қимас бар жалаңдаған.

Патша айғай салып шауып қалды,
Қыз байғұс мұны көріп шошып қалды.
«Тақсыр-ай, қате менде, кешпек сенде!»—
Деді де, жүгіріп кеп ұстай алды.

«Сабыр қыл, қылышыңды қынға тығып,
Тыңдай көр, тақсыр, енді сөзімді ұғып.
Бойынша уағдамыз мені жеңдің,
Сөйлеттің бұрынырақ сөзбен жығып.

Бас ұрып аяғыңа арыз салдым,
Уағдалы мені жеңіп дамыл алдың.
Келейін өзіме өзім армансыз боп,
Ойымнан басқа сөзді мен шығардым».

Патшаға уағда қылды үш күн беріп,
Отырды енді екеуі ойнап-күліп.

Отырды енді екеуі күліп-ойнап,
Мұратқа көңілдері жетпекті ойлап.
Басында шалғай жауап бергенменен,
Қыз енді патшаға көңіл қоймақ.

Екеуі болып кетті бек тату жан,
Мұратын таба алған жоқ әлде де хан.

Қыз байғұс кілеміне мініп алды,
Бұл патша шыбын болып тағы барды,
Қыз, шыбын бір кілемге мінгесіп ап,
Баяғы Еренбаққа тағы салды.

Тоқтамай Еренбаққа барып түсті,
Бұл кілем оқығанда аспанға ұшты.
Алдынан қызды көріп досы шығып,
Келді де ханышаны жаман қысты.

«Ей, достым, өкпеледім, енді арман жүр,
Опа қып уағдаңда тұрмапсың құр.
Танимын айтпасаң да аңғарыңнан,
Бетіңде жігіт сүйген таңбасы тұр».

Сонда қыз қайғырыпты бүйірін таяп,
«Себеп қыл енді, достым, сіз бізді аяп.

Осындай сөзден қорқып жеңілдім»,— деп,
Бар сырын баян қылды бастан-аяқ.
Бұл жайда түстеп айтты келісінде,
Бұлжытпай баяндады бар ісін де.
«Бұл жерде не сөйледік, не дәм таттық,
Алдыма әкеп төкті жемісін де.

Басында патшамен қылдым өгес,
Шошынып шыбын жаннан құрдым кеңес.
Ей, ғазиз, құдайға рас, алла, оңбайын,
Мысалы әулиеден былай емес».

«Рас-ақ осы бізге ғашық екен,
Сүйегі бізге бола жасық екен.
Шіркін-ай, тегін кісі емес екен
Дариға, қандай адам, көрсем екен!»

Осындай сұлу қыздан хабар болды,
Өз басы осыған күш салар болды.
Бұл сөзді жақсы қыздан естіген соң,
Дұғамен бір үшкіріп адам болды.

Адамдай жолаушылаған келді жетіп,
Екі қыз қол қусырды тағзым етіп.
Дұшпанын аяғына бір жығады,
Бәрінен байбатшаның ақылы өтіп.

Отырды амандасып басты құрап,
«Ей, сұлтан, сөзімді айып қылма бірақ.
Қосылсын Барат қыз да ғашығына,
Отырмыз осы арада сізден сұрап!

Ей, патша, әулиедей қылған ісің,
Секілді піскен алма ең мен түсің.
Мен саған досым үшін тиер едім,
Ұнатсаң өз басымды досым үшін».

«Рұқсат Барат қызға бердім,— деді,—
Сіздердің сөзіңізге ердім,— деді.
Қосылсын Барат қыз да ғашығына,
Мен сіздің сөзіңізге көндім»,— деді.

ШЕРИЗАТ

Басталық бісмілла деп сөздің басын,
Төккендей қайғылы жан көзден жасын.
Ерікпей тыңдайтұғын ерлер болса,
Сөйлейік бұрынғының бір қиссасын.

Нұр шалған арғы әулетін, арғы затын,
Ғұлама, болған әділ, хаққа жақын.
Болыпты Бағдатта бір халифа,
Деуші еді Елкөргенше мұның атын.

Патша Елкөргенше кәмалатты,
Байыпты, бал шекердей сөзі тәтті.
Келгенше елу жасқа бала көрмей,
Алладан бала тілеп зарлық етті.

Елу жыл бала көрмей қайғыланды,
Патшаның осы дерттен іші жанды.
Әр күнде сахарада шер тарқатып,
Масайып аулаушы еді түзден аңды.

Өткізді жылауменен елу жасты,
Ағартты қайғыменен сақал, шашты.
Патша елі-жұртын жиып алып,
Мекеге барамын деп ақылдасты.
Патшаның елі-жұрты көп жиылып,
Патшамен үш күн жылап амандасты.

«Тілекті қабыл қыл,— деп,— рәсул құда!»
Қайғыны көңілдегі қылды жұда.
Жан қалмай Бағдатта жұрт жиылды,
Әммәсі қол көтеріп қылды дұға.

Жөнелді көп әскермен шеру тартып,
Мың құлы алып шықты жүгін артып.
Алланың ақ жолына шыққаннан соң,
Жомарт ер қайыр қылды елге балқып.
Сеп болмас қалған дәулет шыққан жанға,
Артыңда дариядай қалса шалқып.
Керуендей көшпәлі шіркін өмір,
Пенденің қай мінезін айтам сарқып.

Патша Елкөргенше бір ай жүрді,
Мекеден Мәдинаға барып кірді.

Алланың парыз қылған әмірі деп,
Сол күнде азат етті қанша құлды.
Сол күні раузаға қонып жатты,
«Қылғай,— деп,— қуанышты сапар жолды!»
Сол түні бір әулие түсіне еніп,
Түсінде халифаға аян берді.

Ұйқыдан көзін ашып хан оянды,
Сөзіне пайғамбардың мейірі қанды.
Ашылып шекер, шәрбат, нұр жайнап тұр,
Жүрегі жарылуға тез таянды.
Аллаға сыр ашады, сәжде қылды;
«Артымда болады екен ұл баянды».

Той қылды Мәдинаға ертең тұрып,
Рәсулді көрген сөзін кеңес құрып.
Жатты да бір жұмадай үйге қайтты,
Келісте Бағдатқа жылдам жүріп.
Патша енді хаққа сиынады,
«Парыздан құтылдым,— деп,— дәм бұйырып».

Патша енді хаққа сиынады,
Сопы боп хаққа бетін жуынады.
Баласы іште жатқан бір ай болып,
Көзінен аққан жасы тыйылады.

Патша Елкөргенше қандай манап,
Жаратқан қадыр күші құдай қалап.
Бір сөйіл кең дүниені қылайын деп,
Патша Елкөргенше қылды талап.
Шығыпты көп әскермен сахараға,
Жалғанның жалғыз күнін көпке балап.

Құмардан шығып жүрер құлан қуып,
Келеді күн жақындап, ажал жуық.
Бірталай бар шәһардан түстік жерде,
Арыстан, жолбарыстар жатқан бұғып.
Бір тозақ құйындай боп көрінеді,
Тоғайдан келе жатыр тура шығып.

Қаз қырған ала мойын ноқ сықылды,
Зырқырап келе жатыр доп сықылды,
Қараса, тап түйедей бір арыстан,
Аузынан шыққан жалын от сықылды.

Арыстан келе жатыр көзі жайнап,
Көрген жұрт мұны шулар «тамаша-айлап».
Қарамай қасындағы мың әскерге,
Ұмтылды патшаға ұрабайлап.

Көңіліне патшаның түсті бір ой,
Балуан жауырынды, еңсегей бой.
Болжау қып әулиенің сөзін сезді:
«Ажалым менің енді осыдан ғой».

Ойлады: «Ажал болса, қалмайын,— деп,—
Қорқуды көңіліме алмайын,— деп.—
Қайратсыз қапыда өліп ғапыл кетсем,
Жүзімді торықтырып алмайын»,— деп.

Күркіреп о да шапты, бұ да шапты,
Алмас қылыш ағыны жайдан қатты.
Шапқанда екі жаққа басы айрылып,
Патша аттан жығылып жерді қапты.
Шамалап өзін-өзі байқап көрсе,
Аяқ-қол болуға жақындапты.

«Сақтадым басқа қайғы жеген кезде,
Жолықтым бұл қайғыға неден лезде?
Шығарып көңілдегі арманымды
Қайғыдан құтылдым ба деген кезде.

Ей, алла, разымын салғаныңа,
Жеткізбей армандамын алғаныңа.
Билетіп, Шам, Бағдат, жетпіс әлем,
Көндірдім талай елді пәрманыма.
Бір алла, жалғыз ұл бер, жарылқай көр!
Көре алмай армандамын қалғаныма.
Кетейін өзім барда патша сайлап,
Артымда тапсырайын қалғаныма!»

Патша нөкерімен ақылдасты,
Жылаған нөкерлер де көңілін басты.
Байласып найзаларын сүйреткі қып,
Шәһарға келе жатып зар жыласты.

Тоқтамай Бағдатқа келіп жетті,
Сөзіне халифаның тамаша етті.
Келді де алтындаған таққа мініп,
«Халқымның бәрін жи!»— деп әмір етті.

Түк қоймай Бағдатты алды жиып,
«Беріңдер, халқым, рұқсат маған қиып!
Кешіңдер менен қате болған істі,
Мансабым, хош аман бол тұрған биік!

Хош болшы, уәзірлерім, қараларым,
Сасқанда ақыл тапқан сараларым.
Орныма көзім барда хан сайлайын,
Рұқсат етсеңіздер, жарандарым».

Халайық мұны естіп жылайды зар:
«Халқыңда бір адам жоқ ұя бұзар.
Хан сайла өзің барда өзің сүйіп,
Қақ жарған қара қылды ей, сәруар».

Қамығып ел шығарды көзінен жас,
Көрмеген ұлығынан кінәдей қас.
Екі ұлық патшаның уәзірі бар,
Бірінің аты — Таһмас, бірі — Шаһмас.

Дос екен Таһмас сөзін құдай дескен,
Жасынан патшамен жұбай өскен.
Досына: «Сен патша болма!— деді,—
Дейтұғын «құдай ұрған» сөзден сескен.

Бір істі пәнделікпен қате қылсаң,
Ей, достым, қарызымды, сірі, кешпен.
Бұл дүние опасыз ғой, жұрт та қанық,
Бұл заман сізден қалар бізден көшкен».

Қамығып ел шығарды көзінен жас,
Көрмеген ұлығынан кінәдей жас.
Шақырып Шаһмасты қасына алды:
«Мен саған сөз айтайын, ей, Шаһмас!

Мен разы, сен патша бол тағымды алып,
Бұл заман сізге аманат менен қалып.
Іншалла, бір айдан соң балам туар,
Қылғайсың он үш жылда патшалық.

Он жылға толғаннан соң, тағымды бер,
Сонан соң уәзір болып орныңа кел.
Қанеки, көз алдымда мін тағыма!
Қылайын сізге уағда, хақ тәуекел!»

Тапсырып оған шейін, қылды міндет,
Уағда-пайғамбардың сөзі: сүндет.
«Тұрыңыз оған шейін тағымды алып,
Мініңіз хан тағына, уәзір ғаріп!»
Бек қатты уәзірменен уағда байлап,
Сүйгізді Шаһмасқа кәләм шәріп.

Тапсырып оған шейін, қылды міндет,
Уағда — пайғамбардың сөзі: сүндет.
Қол қойып елдің бәрі, мәрін басты,
«Осылайша тапсырыс қыламын»,— деп.

Ел жылар ханның ойлап мөр басқанын,
Жан көрмей Бағдаттың мың мен санын.
Түгесіп тәмам сөзді болған кезде,
«Һә!»— деп, бір лебізбен кетті-ау жалын.

Шіркін жан бір-ақ түйін бу сықылды,
Жан тері маңдайдағы су сықылды.
Алланың әмірімен дүние салды
Жығылған алтындаған ту сықылды.

Жылады жұрты ойбайлап, халқы күйіп,
Екі күн қан жұтады қара киіп.
«Һә!»— деп, бір лебізбен кетті-ау жалын,
Жәннаттан жолы болсын орын тиіп.

Қайғымен хан жөнелді қайран манап,
Уәзірі мал мен басын алды санап.
Уәзір патша орнына патша болды,
Паң болды бола сала бойын балап.

Ақ істеп әділдікпен тұра алмады,
Жәдігөй арам жолды қылды талап.
Патшаның лайық деп өзі қойды,
Болмаса қойған жоқ қой жұрты қалап.

Азғырды сайтан кіріп жүрегіне,
«Келді,— деп,— бір жақсылық тілегіңе.
Қызықта аз ғана жыл не пайда бар,
Қалдыр,— деп,— патшалықты сүйегіңе.

Аманат аз жылдан соң қайта бермей,
Өлгенше игілігін өзің көрмей.
Дүниядан патшалықтан қызық бар ма,
Жүрмісің хан болғанды көзің көрмей?

Аман болса, бір айдан соң бала туар,
Баласы шыны патша дана туар.
Қол қойып, көп алдында қағаз жаздың,
Өскен соң жұртқа қанық сөзің қуар.

Қас қылсаң, қатыны қолдан келер,
Сөзіңе не деп айтсаң жұртың көнер.
Байқатпай осы бастан бір іс қылсаң,
Сөзіңе уәзірлерің әбден сенер».
Көңіліне сайтан салды бұл пиғылды,
Әзәзіл азғыруға қандай шебер.
Патша қас қылуға бел байлады,
Қылсам деп осы бастан мұндай өнер.

«Кісіге кісі бағы таң бола ма,
Дүнияда бір кінәсіз жан бола ма?
Баласын буаз қатын таппай кетсе,
Тіріліп өлген патша хан бола ма?

Ханымның өткен еді сегіз айы,
Бір тоғыз-он күн еді туар жайы.
Бұл істі Шаһмас зәлім қылмақ болды,
Білмейді Бағдаттың еш маңайы.

Таһмас — патшаның досы уәзір,
Түр еді мансабында әлі қазір.
Қонаққа уәзірді хан шақырған,
Әр түрлі дайындап әп қонақ әзір.

Шаһмас зәлім бұзыпты уағдасын,
Кәпірдің көңілінің қара тасын.
Аузынан әуелі алдап алды хасан,
«Ей, уәзір, бір жұмысқа сен барасың.
Қасыңа екі жендет қосып берем,
Бұйырса, бүгінгі түн бас аласың.
Боласың, тіл алмасаң, өзің сондай,
Ажалдан, тілімді алсаң, бос қаласың.

Ханымын ханның буаз өлтіресің,
Басын кесіп алдыма келтіресің.
Қасына өкі жендет қосып берем,
Бұйырса, бұл жұмысты бітіресің».

«Ей, патша, әуелі алдап алдың хасан,
Қайтеді мұндай қулық ойламасаң?

Шыдайды қалай қолым, қайтіп дәтім?
Қыласың ғой құдайдан қорықпасаң».

Қайғырды осыны ойлап жаман қатты,
Болам деп қайтіп қана жаманатты.
«Бересің өзің жауап тәңір алдында,
Осынша дүние шіркін неден тәтті?

Күн батып, ақшам өтіп, уақыт жетті,
Аяусыз қосып берді қу жендетті.
Шаш ал десе, бас алған екі дінсіз,
Патшаның сарайына келіп жетті.

Күн жауып тұман еді себелеген,
Именсін екі дінсіз неменеден.
Үшеуі ақ сарайға жақын келіп,
Бас бағып сығалапты терезеден.

Ханымның өткен еді сегіз айы,
Бір тоғыз-он күн еді туар жайы.
Бұл істі патша зәлім қылмақ болды,
Білмеді бағдаттың еш маңайы.

Тұр екен толғақ қысып өзі меңдеп,
Қысылып отыр екен жаман терлеп.
Көрген соң бұл ханымды уәзір ғаріп,
Жығылды жерге талып зар еңіреп.

Әлқисса, уәзір талып қала тұрсын,
Сарайға екі жендет бара тұрсын.
Ханымға қандай жаза қылар екен.
Бұл іске тыңдаған жан көңіл бөлсін.

Ұстады біреуі аяқ, бірі бастан,
Ұстады үлпілдеген қолаң шаштан.
Аппақ ет, қызыл бетке қарамай-ақ,
Дінсіздер қанжар салды аямастан.

Булығып даусы шықпай ханым қалды,
Шәһит боп дінсіздерден дүние салды.
Аппақ ет, қызыл бетке қарамастан
Бауыздап бейшараның басын алды.

Бұйрығы осылайша бала жаста-ақ,
Ежелден жазып қойған әуел баста-ақ,

Ханымның басын алып жендет кетті,
Денесін сарайына алмай тастап.

Ханымды білмейді ертең өлтірді кім,
Ажалы болған екен бүгінгі түн.
Еш ара тұрмайды екен шыбын жанға,
Ажалға тура келсе болжалды күн.

Әлқисса, уәзір тұрды талған жерден,
Сарайда бассыз дене қалған жерден.
Уәзір есін жиып түрегелсе,
Тауыпты ханым қаза жендеттерден.

Сұңқарың сонда тұрып торға кірді,
Тұлпарың неше түрлі орға кірді.
«Апырмай, бұрын неге өлмедім?»— деп,
Зар жылап өзі-өзінің шашын жұлды.

«Істерге ешбір айла, амалым жоқ,
Бұл күнде патшадан кек аларым жоқ.
Опасыз осындайлық шіркін дүние,
Мұндай да болады екен тауаны жоқ.
Құл тұрғай, маңайымды жан баспайтын,
Кешегі Елкөргенше заманы жоқ.
Уағдасы әулиенің қайда кетті?
Жақсылық бір нәрсенің самалы жоқ.

Бұл бала дүниеге келмекші еді,
Уағдасы әулиенің хабары жоқ».
Уәзір өз-өзіне ақыл салды:
«Алла салған ісінің жаманы жоқ.
Кешегі Елкөргенше қайран достым,
Шіркін-ай, осы күнде заманың жоқ.
Ханымның құнары жоқ құлдан өлді,
Осындай-ақ болады тауаны жоқ».

Уәзірдің есі шықты ақылынан,
Патшаның қорлық көрді жақынынан.
«Денесін дұшпандарға ұстатпайын,
Ойлайын құдай ісі мақұлынан».

Денені арқалап ап кетті жүріп,
Беліне екі етегін мықтап түріп,
Денені арқалап ап келіп-келіп,
Отырды бір заманда дымы құрып.

Бір тоғай бар шаһардан түстік жерде,
Бармайды ол тоғайға тірі пенде.
Айдаһар, арыстандар, өңкей жыртқыш,
Барғанды жібермейді қайта дөңге.

Ашумен сол тоғайға қалған барып,
Шошынды сол тоғайды уәзір танып.
«Өлсем, жаным достымнан артық па?»— деп,
Тоғайға тура кірді уәзір ғаріп.
«Қояйын бүгін мұнда аманат қып,
Тоғайға жан келмейді, ешкім шалып.
Әкеліп кебін-кетпен ертең кешке,
Оқиын жаназасын көрге салып.
Достым достық хақысын кешер ме екен,
Жолықтым бұл қайғыға артта қалып.
Ханымның құнары жоқ құлан өлді,
Дүние опасыз ғой, жұрт та қанық.
Кешегі Елкөргенше қайран достым,
Мен нені ерсі қылдым жерді жарып?»

Денені арқалап ап тоғай кірді,
Ашумен бәйгі атынан оңай кірді.
Без жауып, бір ағашқа көлеңке қып,
Аллаға аманат қып үйге келді.

Аллаға аманат деп үйге қайтты,
Таңертең шәрден басын бір-ақ тартты.
Бұл барып өз үйінде жата тұрсын,
Сөйлейін кезек ханнан рубаятты.

Зәлім хан білдіреді ертең тұрып:
«Ханымды өлтіріпті біреу ұры».
Өтірік көп адамды тергеуге алды,
Нышанын танымайды ешкім біліп.
Мұнымен жұрт иланып қала берді,
Шығады хан болмаса қайдан бүлік?

Күн батып, ақшам өтіп, уақыт жеткен,
Уәзір үйден алды кебін-кетпен.
Бір көзден қан ағызды, бір көзден жас,
Жылай-жылай кешегі жерге жеткен.
«Ей, алла, әулиенің уәдесі бар,
Бұл бала тумай кетті не себептөн?

Ей, алла, кімнен болды мына сұмдық?
Қайран ел бір зәлімге болдық мұңдық.

Ақты арам бұл секілді жеңеді екен,
Мұратқа жетеді екен мұндай қулық.
Болғанда қиямет түн тексерерсіз,
Жығатын жағдайын да әділді ұрлық.
Бір көзден қан ағызып, бір көзден жас,
Тоғайға жылай-жылай келді жуық.
Өзі де енді өлуге тақалып жүр,
Біржола дүнияда көңілі суып.

Дүнианы қоймақшы еді кешегі серт
Уәзірдің толып жатыр ішінде дерт.
Өлікті қойған жерге жақын келсе,
Болып тұр тоғай іші қып-қызыл өрт.

Шошынды өртті көріп шіркін жүрек,
Жеткізбес не мұратқа таза тілек.
Анықтап ана жерден байқап көрсе,
Жалғыз-ақ өрт дегені нұрдан терек.

Қарады ой тоқтатып бір алаңнан,
Кем емес жарқырап тұр атқан таңнан.
Бір адам айдай болып туған екен,
Пәруәрдігар, бағана өлген жаннан.
Отырды алдына алып, бетін сүйіп:
«Таңым жаңа атыпты, тәңірім иіп».
Байлаулы бір терекке арыстан тұр,
Өлекшін күшігі бар бала киік.

Жармасса бала барып, емізеді,
Балаға анасындай емшегі иіп.
«Баланы алмайын,— деп,— бір-екі айдай,
Бұл бала тұрмас,— дейді,— жерге сыйып.
Денені көмейін де осы араға,
Шірімес мұның тәні күнге күйіп».

Уәзір ақыл ойлап қағаз жазды.
Бір парақ жазу қылды ақ қағазды.
Әкесі Елкөргеншеден бері қарай
Тәмамдап өзі көрген өткен назды.
«Серт қылып әкеңізбен, уағда байлап,
Хандықты әкең өлген соң, Шаһмас алды.
Киіктің түзде туған лағындай,
Туғызды жақсы тәннен сіз сабазды.
Ей, сәулем, басқа жұртта өсер болсаң,
Іздерсің Бағдаттағы алтын тәжді.

Аманат уәзір алған сіздің бақты,
Он жылға мөрін басып мінген тақты.
Әкең тағын, анаңның қанын жоқта,
Билеген әкең қырық жыл Бағдатты.

Осылай жаралуың сенің,— дейді,—
Болады осы Бағдат елің,— дейді,—
Дос едім әкеңізбен құдай дескен,
Қолымнан бар келгені осы,— дейді.—
Ей, сәулем, сайыпқыран ер боларсың,
Нышаның мағлұм тұр сенің,— дейді.—
Жалғызым, бөтен жұртта өсер болсаң,
Бір іздеп Бағдатты келгің!»— дейді.
Тұмар қып қолтығына балауыздап,
Беріш қып түспейтұғын желімдейді.

Бағыстап көзін салса аужайына,
Ер болар жан қақпаған шаужайына.
Уәзір өз-өзіне ақылдасып,
Баланың есімін жазды маңдайына.

Білмесе өзін-өзі болады ма,
Лайық, Шеризатқа болды мұра.
Түзде туып, арыстан емізген соң,
Деп қойды ер Шеризат атын мына.

* * *

Сөйлелік біразырақ бөтен елден,
Жері бар азын-аулақ сөзді бөлген.
Зарыққан бала көрмей бір бай адам,
Қырық түйе саудасымен Шамнан келген.
Қайғысы көңілдегі — жалғыз бала,
Бала үшін көп зарығып қайғы жеген.

Бағдатта көп күн жатты сейіл құрып,
Нашардан алғыс алды тойындырып.
Жол жүріп, Шамға келе жатқанында,
Тоғайға өлік жатқан келді жуық.

Бай келіп тоғайдағы нұрды көрді,
Біліп кел деп бір-екі құл жіберді.
Өлген қатын, байлаулы арыстан тұр,
Жайнаған көзі айнадай ұлды көрді.
Тоғайда мұндай сұмдық бар екен деп,
Келді де Ғабдоллаға хабар берді.

Қуанды Ғабдолла бай баланы алып,
Қатынды жерге көмді кебін салып.
«Қастықпен түзде туған жан екен»,— деп,
Жөнелді Бағдаттан тез қозғалып.

Жөнелді Шамға қарай жылдамырақ,
Жүргенді жерден берді көктен сұрап.
Тоқтамай демалмастан, Шамға жетті,
Арада бірнеше күн жолаушылап.

Тоқтамай бұл арада Шамға жетті,
Неше түрлі өнерді үміт етті.
Лақап қып: «Өз қатыным ұл тапты»,— деп,
Осылай Шам халқына хабар етті.

Бек қатты қуаныпты Шам қаласы,
Қуанған өте қатты хан, қарасы,
Мұнымен жұрт иланып қала берді,
Жұрт ойлады екен деп өз баласы.

Адамға көрсетпейді жалғыз ұлды,
Шеризат хан жалғызы қызыл гүлді,
Сол түрмен тәрбиелеп үшке шығып,
Шеризат енді анықтап білді тілді.

Шеризат енді келді үш жасына,
Көрген жан онда дейді нұсқасына.
Парасат, мейіржанды жігіт болды,
Туғандай әкесінің көз жасына.
Оқытты төртке шыға бір моллаға,
Береді өзі сабақ молдасына.

Шерін жас он екіге аяқ басты,
Ерлігі ілімдегі жаннан асты.
Шері қыран сахарада шер тарқатып,
Көтерді мың жарым пұт қара тасты.
Ерлігін, батырлығын көзі көріп,
Сайлауға әскербасы ақылдасты.

Жандай дос падишаның болды жақын,
Мақтайды бір сапарда достық хақын.
Осының мәнін, жайын бақұлдамай,
Сөйлейді өңгімесін надан ақын.

Әр сөзді айтпақ болар ебіменен,
Дарақы бір ашудың кебіменен.

Шын, Машын, Үндіқытай мемлекеті,
Жау болған Шам шәріптің еліменен.

Шам шәріп жау жайынан жатқан қамсыз,
Қыруға мұсылманды еш күмәнсіз.
Ішінде қытайлардың жүретұғын,
Бар екен мұсылманнан бірер жансыз.
Сол келіп патшаға хабар берді:
«Қол келді бәлен жерге,— деді,— сансыз».

Қол келді патшаның қаласына,
Халықтың қорқу түсті арасына.

Шал менен алпыстағы атқа мінді,
Аяғы алты жасар баласы да.
Шеризат патшамен бірге шықты,
Сол кезде дәл он үштің шамасында.

Жау келіп Үнді жұрты өңкей мықты,
Қаптады күннің көзі Шам шәріпті.
Патшаның қолындағы бас палуаны,
Жекеге мұсылманнан біреу шықты.
Кәпірден бір палуан келе салып,
Палуанын мұсылманның жерге тықты.

Бір кәпір майдан жерге келе қалды,
Найзамен мұсылманды іліп алды.
Қолына тиген адам топырақтай,
Шәһит боп он бір кісі дүние салды.

Қуанып кәпір жағы соқты дабыл,
Айтады: «Бәрің бірдей маған жабыл!»
Біреуің жарамайсың қажатыма,
Деп айтты: «Бәрің бірдей маған жабыл!»

Жекеге кім барады бұған шыдап,
Патша жан-жағына бақты жылап.
Майданға еш мұсылман бара алмады,
Шеризат түрегелді рұқсат сұрап.
«Жас едің абұйырлы, болсын әдің,
Келе ме бұл диюға сенің әлің.
Көретін өз баламдай аяулы едің,
Боп кетсең олай-бұлай, күйге салдың.
Бар енді, сен алдыма келе қалдың,
Рұқсат, жолың болсын, батаны алдың».

Шеризат аш арыстан секілденіп,
Әр түрлі қайрат қылып өкімденіп.
Иығы, қолы ұзарып, еріктеніп,
Неше түрлі жұмыспен бекімделіп.

Балаға зәңгі кәпір салды көзін,
«Тудың ба падишадан сенің өзің?
Жіберді әке-шешең сені қайтіп?
Тым әйбат көрінеді маған жүзің.

Мектепке сабақ оқыр сендей бала,
Айтамын қорқу қылып, ақыл сала.
Іс емес саған лайық, қайт, шырағым,
Өзің де абайларсың, болсың дана».

— Ей, кәпір, жақсы айтасың жаның ашып,
Он үшке биыл келдім қадам басып.
Бұрынғы мұсылманның қырандары,
Жас күнде жалтармаған жаудан жасып.

Өзіңіз бала ғой деп қапыл қалма,
Жас қой деп, жарамсыз деп көңіліңе алма!
Кәпірге жас палуан ерік берді,
Жәрдем бер жас балаға, жалғыз алла!

Сөзіне кәпір кетті ашуланып,
Баланың сайыпқыран түсін танып.
Мың батпан қолындағы шоқпарымен,
Көтеріп қойып қалды күшін алып.

Айнымай, толықсымай ұрды сонда,
Басына қалқан ұстап тұрды сонда.
Қалқаны басындағы быт-шыт болды,
Тұлпары тізесінен кірді сонда.

Қалған жоқ, әлі келсе, баланы аяп,
Сынуға дулығасы кетті таяп.
Шеризат түгі шығып ашуланды,
Кәпірден тигеннен соң ащы таяқ.

Арыстан дұға тілеп бабасынан,
Қайраты асып кетті сабасынан.
Ақырын тізгін тартпай тез қамданып,
Ұстады сауыттың кеп жағасынан.

Пар келсін кәпір нағып қыран Шерге,
Тұқымы шын қыранның нағыз ерге.
Қолымен тау көтерген қаһармандай,
Кәпірді айналдырып ұрды жерге.

Алмадай қолыменен басын бұрап,
Жекеге кім келеді бұған шыдап.
Қуанып мұсылмандар соқты дабыл,
Кәпірге деп айтады: «Бәрің жабыл!»

Сол күнде жалғыз өзі жүзге тыныс,
Бастады кешке шейін тағы ұрыс.
Шөптей шауып сипайды ер Шеризат,
Қолында екі жүзді алмас қылыш.

Соғысып сол бір күнді батырыпты,
Кәпірдің туын жығып қашырыпты.
Қалғанын түгел айдап бұл жаулардың
Әммесін Алатаудан асырыпты.

Біреудің ағасы өлген, інісі өлген,
Олжаны дүйім елге бөліп берген.
Той қылды шәрге келіп қырық күн, қырық түн
Абиыр кез келді деп жалғыз ерден.

Моншаға бір күн түсіп терлеп еді,
Алласы оған шейін бермеп еді.
Тұр екен қатты беріш қолтығында,
Шеризат соған шейін көрмеп еді.

Өзінен ақылды жан озбап еді,
Көңілі бұдан бұрын тозбап еді.
Қолына қопарылып есіп келді,
Тырнақпен ары-бері қозғап еді.

Қараса, беріш емес, анық тұмар,
Бүктеген қағаз екен ұмар-жұмар
Ойланды: «Алып, ашып көрейін,— деп,—
Жас күнде көз тиед деп таққан шығар.
Тағылған көптен бері тұмар екен,
Іншалла, осы тұмар жаққан шығар.
Бұл өзі қасиетті дұға болса,
Соғыста әр пәледен қаққан шығар».

Оқыса, тұмар емес, жазған хат-ты,
Қараса, ішіндегі сөзі тәтті.

Бастан-аяқ ахуалын ағлан еткен,
Сөзі екен Таһмастың инабатты.

Оқыды әуел қозғап атасынан,
Туыпты әулиенің батасынан.
Ай бұрын өзі тумамай әкесі өліп,
Күңіренген бүкіл Бағдат жапасынан.

Бағдат кезі болған күнде думан,
Анасын басын кесіп қанмен жуған.
Қыранның қанды балақ тұқымы ғой,
Қозғалып бассыз тәннен түзде туған.

Аманат уәзір алған алтын тағын,
Құдайдың жаңа білді берген бағын.
«Атам тағын, анамның қанын жоқтап,
Іздейін бұл жалғанда істің ағын.

Жолына атам құрбан жалғыз жаным,
Анамның мен іздеймін нақақ қанын.
Шаһмас, мен өзіңді сондай қылсам,
Тартылар қай уақытта өз табағың».

Бағдат енді болды есіл-дерті,
Батырдың қан төккенше қылған серті
Келді де әкесіне жауап берді,
Жүруге бұл сапарға болған еркі.

«Жан ата, сапар, жүрем, рұқсат бер!
Таныын тірі күнде ел менен жер.
Аралап дүние жүзін қыз таңдаймын,
Көп бопты жиһан кезген мен тұстас ер».

«Жалғызым, жар іздесең, жарасады,
Барма деп атаң қайтып таласады?
Бір жылдан көп кешігіп кетпе, балам,
Ақылдан ғаріп атаң адасады».

Бір жылға сөз байлады уағда байлап,
Бас болып патша қалды «а, құдайлап».
Шеризат білдірмейді еш арманын,
Жүргенше сыр берген жоқ күліп-ойнап.

Шеризат білдірмейді еш қайғысын,
Барады өртеп жалын іші-тысын.

Жүк артып қырық түйеге жүріп кетті,
Қырық жігіт жолдас алып неше қысым.

Шеризат жолға шықты «а құдайлап»,
Алмас қылыш, жарағын белге байлап.
Қанатын қыран сермеп ұша тұрсын,
Тыңдай көр, жамағаттар, «тамаша-айлап».

* * *

Келеді күн жақындап алар теңдік.
Қалмасын, таза тыңда, сөзде кемдік,
Баяғы падишаның сертін бұзып,
Ханымның басын алған түнге келдік.

Сөйлелік Бағдатты, Шаһмастан,
Бұл зәлім кәпір еді діннен қашқан.
Халқына қарсы келіп патша болып,
Халқына неше түрлі әмір шашқан.
Сол күнде қолы жеткен үлкен патша,
Хан жоқ деп өз ойында бұдан асқан.

Сол күнде болдым деп тұр әбден мұңсыз,
Ұялмай еш адамнан әлгі дінсіз.
Ұл туған әулиеден сағатында,
Туыпты Шаһмастан сонда бір қыз.

Нұры тең Шеризатпен, жасы құрдас,
Сипатын көрген адам сабыр қылмас.
Қойыпты ханышаның атын Гүлшат,
Атағы дүнияға болыпты маш.
Патша салтанатпен нөкер жиып,
Жаһаннан қырық қыз жиған бұған ұйқас.
Шаһардан басқа жерде қыздың бағы,
Күзетші екі айдаһар адамға қас.
Халқына осылайша бұйрық қылған,
Бақшаға еркек жыныс адам бармас.
Әгарда жазатайым бара қалса,
Сол жерде дереу ұстап алынар бас.

Мақтаулы бұл уақытта Гүлшат сұлу,
Болмайды қыз әмірін әркім бұзу.
Әр патша аламын деп елші салып,
Сипаты болмай қойған ешбір қию.
Әкесі қолы жеткен үлкен патша,
Бармайды шарбағына пері, дию.

Бақшаға барған жанның басын алар,
Жұртына осылайша салған тыю.

Гүлшат қыз салтанатпен жатыр күн-күн,
Қызық қой табылғанға дүние шіркін.
Қасына екі қызды ертіп алып,
Ханыша мұнараға шықты бір күн.

Аспанға күндей түсер қыздың нұры,
Шеризат келе жатып көрді мұны.
Бірі мағрұп, біреуі машұрықта,
Аспанда екеу болған көрді күнді.

Екі күн ерегеске көкте қайнап,
Шеризат бек қарап тұр «тамаша-айлап»
«Нөкерлер, мынау қандай ғаламат? — деп,
Айтыңдар мұны маған әбден жайлап!»

Сөйлейді сонда тұрып қырықтың бірі,
«Бұл күннің мағлұм еді маған сыры.
Шыққанда мұнараға сөйтетұғын,
Анау күн — Гүлшат деген қыздың нұры.
Бағдатта бір жыл тұрып көріп едім,
Таусылмас мақтауымның мың да бірі.

Шеризат неден қорықсын күшіменен,
Палуан айдаһардай түсіменен.
Қызы деп Шаһмастың естіген соң,
Өзінің ұйғарыпты ішіменен.

Шарбаққа қалған екен аз ғана жер,
Жөнелді соған бастап бұл қыран ер.
«Алдымен ханның қызын көрейін»,— деп,
Көңілі солай соқты бұл нағыз Шер.

Қыз көрді мұнарадан тозақ шаңды,
Қырық түйеге жүк артқан қырық адамды.
Келеді Шам шаһардың тарабынан,
Ішінде біреуі бар нағыз хан-ды.

«Осылар не болмаса білмеген жан,
Әгар білсе, көңілі өрлеген жан,
Бар екен бір ғаламат ойларында,
Қалайша кеуделерін сүйреген жан.

Келеді кім де болса тура тіктеп,
Көшкен ел көрінеді түйе жүктеп.
Нәкерлер, алдынан шық, құрмет алшы,
Алармыз келгеннен соң сұрап, түстеп.

Нәкерлер, алдынан шық, құрмет алып,
Келеді кім де болса қырсықтанып.
Күзетші айдаһарды қайтер екен,
Байқалық батырлығын сонда танып».

Есікке соны айтқанша келе қалды,
Айдаһар Шеризатқа көзін салды.
Порымын Шеризаттың таныған соң,
Айдаһар басын шұлғып, қабыл алды.

Мінгені Шеризаттың боз арғымақ,
Қарасаң жүндеріне күмістен ақ.
Көзі көрген патшаның баласындай,
Тұқымын оқып көрсең бір шамшырақ.

Алтынның құралады сынығы көп,
Белгілі бірін-бірі көрмейді жек.
Отырды бір сағаттай әдеп сақтап,
Сұрамай бірін-бірі сіз кімсіз деп.

Қыз айтты: «Сіз майысқан райхан гүл,
Бекер қарап отырма, бір жауап қыл.
Бұл махарам бақшада сізді көрдім,
Құдай неге қосады биылғы жыл.
Қай патша, қай адамның баласысың,
Өсіп ең қай бақшада, сөйле, бұлбұл!»

«Адаммын Шамнан келген, жаһан кезген,
Біразырақ жұмыс бар шәріңізден.
Мүбәрак жамалыңды мұрат қылып,
Амандаспақ тілегім және сізбен.»

Қыз айтты: «Болатұғын батыр өктем,
Қате бар біразырақ сізден кеткен.
Ұрлық іс патшаға лайық па?
Рұқсатсыз неге келдің, не себеппен?»

Шеризат жауап берді қызға жайлап,
«Бағыңды отыр екен әкең байлап.
Кішіктік қып көрмеген ерке басым,
Жүрем бе қызға бола қарыз байлап».

Қыз күлді қабақ қағып, пердені ашып,
Мейлінше әзілдесті екі ғашық.
«Екі нұр өле-өлгенше айрылма!»— деп,
Нөкерлер құттықтады шашу шашып.

Бір адам киік қуып келген екен,
Қырық түйе, қырық адамды көрген екен.
«Бақшада мұндай сұмдық бар екен»,— деп.
Патшаға барып хабар берген екен.

Патша мұндай сөзді естіп білді,
«Осылар қорықпайтұғын қандай жынды?!
Түнде бар, басып, байлап алып кел!»— деп,
Жіберді әскерінен екі мыңды.

Дейтұғын Арыс, Қарыс екі батыр,
Соғыста әрбіреуі мыңға татыр.
Жіберді сол екеуін бастық сайлап,
Басына салып кел деп заманақыр.

Батырды екі бірдей басшы қылып,
«Азаппен өлтір,— депті,— қатты қылып.
Алдымен қызымды өлтір,— деп тапсырды,
Аулақта істеп жатқан мұндай қылық».

Қасына екі мыңды қосты санап,
Шарбақты түнде келіп алды қамап.
Әмірін патшаның келтірмекші,
Бұларды өлтірмек боп жүндей сабап.

Қыз Гүлшат қамап алған қолды білді,
«Апырмау, бір масқара бізді қылды!»
Келеді, Шеризатқа жаман сасып,
«Қапы қалма еліңмен қоспай тілді!»

Шеризат жауап берді қызға жайлап,
«Келіп ем бар жазығым сізді қалап.
Әкеңе жау тілеген не сын дерсің,
Тұр бүгін әскерменен бізді қамап.

Баласы жаман ханның жасық өскен,
Жата бер күндегіңдей сескенбестен.
Көрерміз, алла қосса, таң атқанда,
Қоя тұр бүгін түнде тексерместен!»

Қыз Гүлшат жауабына қалады таң,
Болады батырларда қорықпайтын заң.
«Басымды бір аңқауға қайдан қостым,
Хабарсыз ештемеден не қылған жан?»

Таңертең ерте Шерің тұрады енді,
Ақырын бет пен қолын жуады енді.
Басына бір шапанды жамылып ап
Шеризат сыртқа таман шығады енді,

Тұр екен Арыс атты, Қарыс жаяу,
Есіктің алдын алып тұрған таяу.
Көзіне көзі түсті, шыдай алмай,
Қарыс кейін шегінді, кетті баяу.

Қарыстың, Шерің тартты етегінен,
Қалмады сүйрегенде жетегінен.
Қарысты жерде тұрған жұлып алып,
Арысты періп қалды,
Кем емес жерден алған кесегінен.

Қарысты жерде тұрған жұлды сонда,
Бұл батыр бір тамаша қылды сонда.
Лып етіп қолдан ұшқан лашындай,
Атына біреуінің мінді сонда.
Мың қойға жалғыз кірген аш бөрідей.
Әскерді дәл екі мың қырды сонда.
Ұстап ап бір-екеуін жаяу айдап.
Үстіне мына қыздың кірді сонда.
Қыз сынап батырлығын көзбен көріп,
Сынаумен терезеде тұрды сонда.
«Мынаны оқы,— деді,— зәлім патша,
Қолыңнан не келгендей сенің, патша?
Әдейі іздеп келген мен бір дұшпан,
Қан түкір, құдай қосса, зұлым патша,

Болады осылайша жайым-күйім,
Жұртыма баяғыдай, саған қиын».
Хат жазды: «Мына хатты оқы!— деді,—
Тартылар өз басыңа сенің сыйың».

Босатып қоя берді, бұлар кетті,
Кеш бола шәһарына келіп жетті.
«Құлақ саңырау, мұрын пұшық болды,
Патша, кек алмасаң, құдай атты».

Намыс болды патшаға мына қылық,
Қыз еді сүттен аппақ, судан тұнық.
Үстіне әскер жиып бармақ болды,
Қорлықпен болмайын деп қалы-құлық.

Таһмас естіп білді мына кепті,
«Апырмау, Шеризаттың уақтысы жетті.»
Санаса, сол тарихтан бері қарай,
Он үш жыл туғанынан он күн өтті.

«Тұлпардан туған екен жорға құлын,
Бөтен елде өскен ғой, білдім түрін.
Іншала, сол екен ғой мұның өзі,
Мінеки, әбден ұстап білдім сырын».

Келді де патшамен ақылдасты,
Патшаның дірілдеген көңілін басты.
«Ақылменен алмасақ, жан бермейді,
Қайламен істейік те оған қасты.

Бұлар да батыр еді Арыс, Қарыс,
Біріне бірін соқты жас жолбарыс.
Қырыпты екі мыңды көзді ашқанша,
Еліңе келмей жатып болды таныс.

Мырзаны күйеу қылып шақырсаңшы,
Қайланды ішке қылар жасырсаңшы.
Мырзаны күйеу қылып алып келіп,
Шіркінді білдірместен қатырсаңшы!

Бұл ақыл патшаға ұнап кетті,
«Барсын,— деп,— енді біреу!»— әмір етті.
Кім жарар мұндай іске деген кезде,
Таһмас: «Жалғыз өзім барам,— депті.—

Жарамас мұндай іске менен басқа,
Мінеки, алпыс жеті келдім жасқа.
Патша, сізге бола бір жұмыс қып,
Көңілді тындырайын айнымасқа».

Таһмас ұзағынан сапар қылды,
Көруге ер Шеризат қызыл гүлді.
Басында мұнараның қыз бен жігіт,
Келе жатқан жалғызды көзі көрді.
«Мынау кім келе жатқан бір адам?»— деп,
Шеризат қасындағы қыздан сұрады.

«Осы еді атамнан соң елдің басы,
Әкемнің бала күннен жан жолдасы.
Аты — Таһмас»,— дегенді естігенде,
Көзінен Шеризаттың төкті-ау жасы.

«Апырмай, күн бар екен көретұғын,
Оралып өлмеген жан келетұғын.
Диқанын, насихатты садақа алған,
Жақынан құдай дескен сенетұғын.»

Диқанын, насихатын садақа алған,
Жақынын, адасқанды жолға салған.
Алдынан жаяу түсіп әдеппенен,
Шеризат уәзірді күтіп алған.

Жүгірді аттан түсе уәзір ғаріп.
Алдынан ер Шеризат қарсы барып.
Айтпай, білмей екеуі көріседі,
Сол жерде бірін-бірі айтпай танып.

Қыз Гүлшат бұл арада анық білді,
Баласы Елкөргенше нағыз ерді.
Уәзірді сарайын алып келді,
Мәселе өткен-кеткен сөзді терді.

Сөйлесе, сөз таусылмас таң атқанша,
Жай жатып не жолайды салақтанса.
«Өз жұртыңа, шырағым, қанжар тартпа,
Көгерміз, алла қосса, талаптанса».

Таһмастың қарай қойшы ақылына,
Патшаға сонша құрмет жақынына.
Астыртын қағаз жазып сөз таратып,
Жіберді жауаптарды асылыңа.

Патшаға қарсы болды елдің бәрі,
Жабыла таспен атты жас пен кәрі.
Шерінге үш күн жылап көрісіпті,
Бейшара патшаның адамдары.

Мұныменен, Шеризат елін баулап,
Мұқатып өбден алды жауын жаулап.
Тамаша сол арада қызық көрді,
Алтын арба, трашпенке қоңыраулап.

Ел келді өз-өз басын тазаларға,
«Хан болмаса, халқында жаза бар ма?
Мансабың енді өзіңе құтты болсын,
Қайырлы кез боп қапсың қазаларға».

Шаһмасқа дұшпан болды елдің бәрі,
Жабыла таспен атты жас пен кәрі.
Ұстап ап Шаһмасты байлап алып,
Кірді ғой Бағдаттың адамдары.

«Сенбісің сөзін жұтқан, Шаһмас зәлім?
Анамның іздеп келдім нақақ қанын.
Бес күндік дүнияға қызығып ең,
Антұрған, осы күнде қайтті халің?»

Көмірдей болған екен жүзіқара,
Алдына әрең келді таппай шара.
Шеризат патшаға назар салды,
«Осы ма қыз әкесі, хас масқара!?»
Баяғы бар екен ғой екі жендет,
Оларды алып келді, тартты дарға.

Сонымен, Шерің жүрді елін баулап,
Мұқатып әбден алды жауып жаулап.
Алдырды Шамда қалған Ғабдолланы,
Алтын арба, трашпенке қоңыраулап.

Ғабдолла Сағименен бір атасы,
Дүнияның ұмыт бопты көп жапасы.
Анасы буаз күнде бұл өлтірген,
Мұратқа жеткен екен ақ батасы.

Осымен тәмам болды ер Шеризат,
Сөзім айтпақ сіздерге болды мұрат.
Айтқанға — алғыс, жазғанға — ырыс,
көптен — дұға,
Естіген, жазғандарға болсын ғибрат.

ТҮСІНІКТЕР

Инжу-маржан. Композитор, музыка зерттеушісі Б. Г. Ерзакович 1934 жылы Қуан Лекеревтен «Әсет» деген атпен жазып алған. Көптеген ән жинақтарында және Әсеттің шығармалар жинағында (Құрастырғандар: Б. Адамбаев, С. Ордалиев, Алматы, 1968, 43-44-б. Бұдан арғы жерде «Әсет, 1968» деп қысқартып жазамыз) осы атпен басылды. «Ауыл кеші көңілді» (Алматы: Қайнар, 1975, 1978, 1982, 1985), «Қазақ әндері» (Құрастырған Мұхамед Әбдіқадырұлы, Бейн, 1983, 259—262-б.) атты жинақтарда «Инжу-Маржан» деп жарияланды. Осы ән А. Жұбанов пен Л. Хамидидың «Абай» операсының орта бөліміне енгізілсе, Е. Брусиловскийдің «Ер Тарғынында» халық айтатын хор ретінде пайдаланылды. Сол сияқты «Еңлік-Кебек» пьесасына музыка жазған Мацицун әнді Кебекке айтқызады.

Мақпал. Әділжан Құрбанғалиев (1893—1962) цифрлы нотаға түсіріп, 1958 жылы Б. Г. Ерзаковичке, тапсырған, Әсеттің шығармалар жинағында жарияланған (1968, 49-б.). Бірінші шумағы «Кіші Ардақ» тексін қайталайды. Қазақ ССР халық артисі Дәнеш Рақышев осы текспен айтып жүр.

Мақпал. Мұхамед Әбдіқадырұлы цифрлы нотаға түсіріп жариялаған (Қазақ әндері, 263—265-б.).

Ән тексінң бұдан басқа да бірнеше нұсқалары бар.

Үлкен Ардақ. Бұрын талай рет жарияланған. Айтушысы Дәнеш Рақышев «Ауыл кеші көңілді» (құрастырған Х. Тілемісов. Алматы, 1985, 204-б.) жинағы бойынша беріліп отыр.

Кіші Ардақ. Бұрын талай рет жарияланған. Мұның да айтушысы — Дәнеш Рақышев. «Ауыл кеші көңілді» жинағы бойынша беріліп отыр (205-б.).

Қарақоз. Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 41-б.). Түпнұсқамен салыстырылды (ӘӨИ, 893, №9). Бозтай Жақыпбайұлы 1959 жылы Семей облысы, Мақаншы ауданы, Қарабұлақ аулының тұрғыны Бікен Мәсәлімұлынан жазып алған.

Қаракөз. Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 42-б.). Б. Г. Ермакович 1938 жылы Қуан Лекеровтен жазып алған.

Қаракөз. Бірінші рет жариялап отыр. Бұл тексті Бозтай Жақыпбайұлы 1959 жылы Құсмiлия Әдiлбековтен жазып алған (ӘӨИ, 893, №9). Құсмiлия әндi Жапар деген әншiден үйренген көрiнедi.

Майда қоңыр. Бұл да солай.

Майда қоңыр. Бірінші рет жарияланып отыр. Б. Нұржекеев. Әдiлжан Құрбанғалиевтiң архивiнен алған.

Майда қоңыр. Бұл да солай.

Гауһар қыз. Бұл да солай. Кiтапта жарияланған тексi түпнұсқадан өзгеше (Әсет, 1968, 47-б.).

Қызық-ай, шiркiн. Бұл да солай: жарияланған тексi түпнұсқадан өзгеше (Әсет, 1968, 48-б.).

Желдiрме. Бірінші рет жарияланып отыр. Бұл текс те Әдiлжан Құрбанғалиевтiң архивiнен алынды.

Сырмақ үйкер. Бірінші рет жарияланып отыр. Алғашқы екi шумағын Бiкен Мәсәлiмұлынан Б. Абылқасымов (1983), соңғы шумағын Әрiпжан Сыздықбаевтан (1913 жылы туған, Талдықорған облысы Қызылащы аулының тұрғыны) Б. Нұржекеев (1983) жазып алған.

Өтепберген. Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 52-б.). Бозтай Жақыпбайұлы жазып алған екi нұсқа бар. Бiрiнде әннiң алғашқы екi шумағы (ОҒК, 1638, №4), екiншiсiнде соңғы екi шумағы берiлген (ӘӨИ, 893, №9). Айтушысы — Бiкен Мәсәлiмұлы.

Қыз арманы. Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 54-б.).

Кәрiлiк. Сонда. Бірінші рет жарияланып отыр. Құсмiлия мұны Қадiрихан Итжанұлынан үйренген.

Тоты. Сонда. Бірінші рет жарияланып отыр. Құсмiлия бұл әндi Қамыт Балтабекұлынан үйренген.

Қоңыр қаз. Сонда. Бірінші рет жарияланып отыр. Құсмiлия бұл әндi Ниязбек Әдiлбекұлынан үйренген.

Қоңыр қаз. Дәнеш Рақшевтан. Осы текс Мұқамед Әбдiқадырұлы құрастырған жинақта да бар (Қазақ әндерi, 257—258-б.).

Қисмет. Мұхамед Әбдіқадырұлы жариялаған (Қазақ әндері, 254-256-б. Цифрлы нотасы бар).

Қисмет. Кейінгі екі шумағы жарияланған (Әсет, 1968, 45-б.). Алғашқы бір шумағы Әріпжан Сыздықбаев айтуынан қосылды.

Қисмет. Бірінші рет жарияланып отыр. Талиға Бекхожина 1964 жылы Мәмет Бабасовтан жазып алған (ӘӘИ, 648, №1).

Қисмет. Әділжан Құрбанғалиевтің архивінен алынды.

Әпитөк. Сапарғали Бегалин Қүсмiлия Әділбековтен жазып алып жариялаған (Мәдениет және тұрмыс, 1977, № 12). Әннің бірінші жолындағы «жасымнан» деп басталатын сөзді Қыдырмолда Әділбеков «Көрдiм де» түрінде айтады. Біз де солай түзеттік. Соңғы шумағы Рақия Қойшыбаева айтатын текстен қосылды.

Ырғақты. Қыдырмолда Әділбековтен. «Ауыл көші көңiлдi» жинағында «Сырғақты» деген атпен Біржан өндерінің ішінде берілген (1985, 112-б.).

Ақырғы сөз. «Болжаусыз осы екен ғой өлім деген» дейтін атпен талай рет басылған (Әдебиет және искусство, 1940, №9; С. Мұқанов. Алыптың адымдары, Алматы, 1959; XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті, Хрестоматия. Алматы, 1959; XVIII-XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1962; Үш ғасыр жырлайды. Алматы, 1965; Әсет, 1968, 23-24-б.). Бұл жинаққа Дәнеш Рақышев орындайтын толығырақ нұсқасы енгізілді. Жазып алған және жариялаған Б. Нұржекеев (Қазақ әдебиеті, 1982, 15 январь).

«Ұраным — арғын шордан қаракесек...» Текстің алғашқы 8 жолы «Әсет пен Мәликенің жауаптасуынан» енген де (Әсет, 1968, 79-б.), соңғы 10 жолы жеке өлең ретінде басылған (Сонда, 40-б.).

Түпнұсқа Қазақ ССР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында сақтаулы (783-папка, 2-дәптер). Өлеңді Садуақас Жақсыбекұлы 1937 жылы Семей облысынан жазып алған.

«Атым — Әсет, ұраным — арғын шордан...» «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған (1982, 28 май). Өлеңді Оразақын Асқаров Семей облысы, Мақаншы ауданы, «Фрунзе» колхозында тұратын Қызыр Сағитовтан (1922 жылы туған) жазып алған.

«Сарыарқа салқын тауда тәтті сулы»... Бірінші рет жарияланып отыр. Бікен Мәсәлімұлынан 1983 жылы Б. Абылқасымов, Б. Нұржекеев, 1986 жылы Мәулітхан Сейітханов, ертеректе (1959) «Ом

алтыншы жылы көтеріліс кезінде айтқаны» деген атпен Бозтай Жақыпбайұлы жазып алған. Жекелеген сөздерде және олардың орын тәртібінде аздаған айырмашылықтар бар.

Ескертү: Бозтай Жақыпбайұлы жазып алған тексте 12 жол жалғасады. Бірақ олар пәлендей мағыналы, көркемдігі жоғары бола қоймаған соң, қосқанымыз жоқ.

«Қалдың ба, қайран қазақ, қамданбастан...» Бірінші рет жарияланып отыр. Б. Мәселімұлынан мұғалім Мәулітхан Сейтханов жазып алған.

Іледегі керуен сарай. Бірінші рет жарияланып отыр. Құрманбай Толыбаев 1950 жылы Болатбай Рахымжанұлынан жазып алған.

Адамың жасы жөнінде. Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 35-б.). Б. Адамбаев 1958 жылы Жүнісқан Көлдеевтен жазып алған. Түпнұсқамен салыстырылып, қысқарып қалған соңғы екі жолы қосылды.

Жас шама. Бұрын жарияланған («Қазақ әдебиеті» 1982, 28 май). Айтушысы Қызыр Сағитов жинаған О Асқаров.

Жинаққа Қ. Сағитовтан Б. Нұржекеев жазып алған толығырақ нұсқасын кіргізіп отырмыз.

Шыншыл бол, шықпа жолда, шыдамды бол. «Қазақ әдебиеті» газетінде (1982, 28 май) Қызыр Сағитовтың айтуынан алып, О. Асқаров жариялаған.

«Берді өлшеп рызықты бейнетіне...» Сонда.

Сабаздар санасы жоқ сатылып жүр... Бірінші рет жарияланып отыр. Күнболат Хамзаұлынан (1911 жылы Жарбұлақ аулында туған) Мәулітхан Сейтханов жазып алған.

«Айыпқа, тыңдаған жан, алмағайсыз...» Бұрын «Фани дүние» деген атпен жарияланған (Әсет, 1968, 36-37-б.). Өлеңді 1958 жылы Б. Адамбаев Қажиақпар Қалипанұлынан ӘӨИ, 402, №2), Б. Жақыпбайұлы Ж. Көлдеевтен (ОҒК, 1638, №4) жазып алған. Кейбір үзіктері Садуқас Жақсыбекұлының қолжазбасында да көзdesеді (ОҒК, 783, №2). Шағын бөлігін Б. Абылқасымовқа Бікен Мәселімұлы да жаздырған. Жинаққа енгізілген тексте Жүнісқан нұсқасы негізге алынып, Қажиақпар нұсқасымен толықтырылды.

Қ. Қалипанұлы 1955 жылы Шығыс Жарбұлақ Түркістаннан

туған еліне оралған еді. 1973 жылы 83 жасында Жарбұлақ аулында қайтыс болды.

«Жас жігіт надандықтан алданады.» Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 28—29-б.). Ж. Кәлдеев бұл өлеңді Шернияздан Өтепбергенұлынан үйренген көрінеді. Жазып алған Балтабай Адамбаев. Түпнұсқамен салыстырылды (ӘӨИ, 214, №1).

«Жақсы адам жат кісіні дос қылады...» Бірінші рет жарияланып отыр. Әріпжан Сыздықбаевтан Б. Нұржекеев жазып алған

Тәмсіл. Бірінші рет жарияланып отыр. А. Ыбышұлынан Бөлекбаев Нұрболат, одан Мәулітқан Сейітжанов жазып алған. Жинаған Б. Нұржекеев.

«Жан фани дүниеден ақырда өлмек...» Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 30—32-б.). Ж. Кәлдеев: «Бұл өлеңді Шернияздан Өтепбергенұлынан 17 жасымда үйреніп едім»— дейді. Жинаған Б. Адамбаев.

Түпнұсқамен салыстырылды (ӘӨИ, 214, № 1).

«Бұл дүние, ойлап тұрсам, емес жолдас...» Бірінші рет жарияланып отыр. Нәби Кәрібаев репертуарынан (ӘӨИ, 308, № 1). алынды.

«Дүние бір керуен жүрген көшіп...» Бірінші рет жарияланып отыр. Талиға Бекхожина 1964 жылы Семей облысы, Мақаншы ауданы, Жарбұлақ аулының тұрғыны Қазытай Мұрынбаевтан (1910—1965) жазып алған.

Түпнұсқада бұл текст «Айыпқа, тыңдаған жан, алмағайсы» өлеңімен қосылып кеткен (ӘӨИ, 643).

«Немене білмеске айтып арманыңды...» Бірінші рет жарияланып отыр. Айтушысы — Сансызбай Қармысов.

Түпнұсқа «Әсеттің термесі» деп аталады. Сансызбай мұнда бірнеше шығарманы қосып айтқан (бірінші тирадасы жоғарыда берілген «Тәмсіл» атты шығарманың соңғы 20 жолын қайталайды, екінші тирада «Біреуге уағда қылсаң серттен қайтпа» деген өлеңге, үшіншісі «Шыншыл бол, шықпа жолдан, шыдамды бол» деген өлеңге сәйкес келеді (ӘӨИ, 643).

«Наданды білімсіз деп қылдық өсек...» Белгісіз себептермен «Әсет пен Мәлікөнің жауаптасуында» (Әсет, 1968, 79-б.) жарияланған. Бозтай Жақыпбайұлы 1959 жылы Ахметхан Мұхамеджанұлынан жазып алған.

Түпнұсқа бойынша беріліп отыр (ОФК, 1628, № 4).

«Жатырмыз Қоңыроба сазды жайлап...» Жарияланған (Жұлдыз, 1984, №7). Дайындаған Қ. Толыбаев. Қ. Мамырбекұлының шығармалар жинағында да жарияланды (Үрімжі, 1981).

«Баласы бесіктегі атастырып...» Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 64-б.). Айтушысы — Бәйділда Қанағатұлы (1896—1997), жинаушысы — Б. Жақыпбайұлы. Түпнұсқа бойынша беріліп отыр (ОФК, 1638, №4).

«Айт болса, молда барар байларына...» бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 39-б.).

Тамырлық туралы. Бірінші рет жарияланып отыр.

М. Сейтханов К. Хамзаұлынан жазып алған. Жинаған Б. Нұржекеев.

Құдалық туралы. Бұл да солай.

«Сеніспей уағдалы серттен қайтпа...» Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 65-б.). Б. Жақыпбайұлы 1959 жылы Дінғазы Қанағатовтан жазып алған.

Дінғазы Әсеттің бұдан басқа бірнеше шығармасын жаздырған. 1933 жылы туған. Қазір Мақаншы ауданындағы Киров селосында тұрады. Өлеңнің соңғы шумағы О. Асқардың Қ. Сағитовтан жазып алған нұсқасымен толықтырылды.

«Ән басып, мейір қандыр, салғандай ғып...» Түпнұсқа да «Болар деп қай жолдас нанбағайсың» деп бітеді (ОФК, 783, №2). 1937 жылы Семей облысының Үржар, Мақаншы төңірегінде жазып алынған. Айтушысы белгісіз. Жинаушысы Садуақас Жақсыбекұлы. Көлемі 42 жол. Тексте әртүрлі өлең үзінділері қосылып кеткен. Алғашқы 30 жолы «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармалар жинағында» басылды (Алматы: Ғылым, 1962, 345-б.). Бұдан әрі жалғаса берілген текстер («Күн қақты сұр шалақсың шыр бітпеген», «Асаудай аптық басып арындайсың», «Жігітке қисық мінез мінменен тең», «Қазағым қараңғыда өмірі өткен») «Үш ғасыр жырлайды» (1965), «Бес ғасыр жырлайды» (1985) жинақтарында бір ғана өлең болып жаңсақ жарияланған, яки «Ән басып, мейір қандыр, салғандай ғып» өлеңінің тексі 112 жол көлемінде берілген. Біз жеке ұсынып отырған осы өлең белгісіз себептермен «Әсеттің Мәликемен жауаптасуына» да еніп кеткен (Әсет, 1968, 79-б.). Текст Дәнеш Рақышев айтуымен толықтырылды.

«Ән салдым жас күнімнен сал болған соң...» Бірінші рет жарияланып отыр. 1959—1962 жылдары Бейсетбек Бейсебайұлы Талдықорған облысынан жинаған (ӘӘИ, 360, №1).

«Жамағат, сен тыңдасаң, айтайын сөз». Бұрын «Шама» деген атпен жарияланған (Әсет, 1968, 46-б.).

Мұңды қыз. Бірінші рет жарияланып отыр. Б. Адамбаев 1968 жылы Ахметжан Рақымжановтан (Қасым Аманжоловтың ағасы) жазып алған.

Қылаңдап қырық құбылып тұрғанда қыз. «Бірінші рет жарияланып отыр. Б. Бейсебайұлы тапсырған. (ӘӨИ, 360, №1).

Қымбатсың бір қызыл гүл ашылмайтын...» Бірінші рет жарияланып отыр. Б. Бейсебайұлы тапсырған.

Ей, қалқа. Сонда. Бірінші рет жарияланып отыр.

Сүйенген жаным сүйген жалғыз өзің. Бұрын жарияланған (Әсет 1968, 53-б.). Түпнұсқамен салыстырылып, 9—12-жолдар қосылды. Айтушысы — Д. Қанағатов, жинаушысы Б. Жақыпбайұлы. 1959 жылы жазылып алынған (ОФК, 1638, №4).

Ғашық жарға. Бірінші рет жарияланып отыр. Айтушысы Қ. Әділбеков. Түпнұсқада «Қ. Әділбекұлы» деп жаңсақ жазылған. Себебі Әділбек — Күсмәліяның үлкен әкесі. Әсет бұл өлеңді Тойымбай Қойгелдіұлының өтініші бойынша жазған көрінеді (ӘӨИ, 893, №9)

Төтежан. Бірінші оет жарияланып отыр. Б. Жақыпбайұлы 1959 жылы Д. Қанағатовтан жазып алған (ОФК, 1638, №4).

Төтежанға. Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 56—57-б.) Айтушысы Самәгей Әсетқызы (1910), жинаушысы Б. Адамбаев. 1958 жылы жазылып алынған.

«Қош, қалқам, енді аман бол, жаным сүйген...» Бірінші рет жарияланып отыр. Айтушысы Д. Қанағатов. Өлең толық емес, көп жолдары ұмытылған. Жинаушысы Б. Жақыпбайұлы (ОФК, 1638, №4).

«Жаз шығып, жаманшылық жоғалғанда...» Бұрын «Жаз» деген атпен жарияланған (Әсет, 1968, 59-б.). Онда 3 шумақ, Дөнеш Рақышевтің жазып беруімен толықтырылды.

Нұрилага. Көкпекті аудандық «Жұлдыз» газетінде Қалиған Алтынбаев жариялаған (1978, 12 декабрь).

Байділда деген жігіт Мамырбек қызы Нұрилага қатты ынтығып жүреді. Бірақ жақын танысудың ретін таппайды. «Менің атымнан қызға өлең жазып беріңізші!» — деп Әсетке жалынады. Сондағы Әсет жазған өлең осы екен.

Жас тоқал алған Даярға. Бірінші рет жарияланып отыр. Б. Жақыпбайұлы 1959 жылы Семей облысы, Мақаншы ауданы, Жарбұлақ ауылының тұрғыны Қ. Қалипанұлынан жазып алған. Әсет бұл өлеңді Даяр болыстың құрдасы Қадырханның өтінішімен шығарған көрінеді (ОҒК, 1638, № 4). Осы өлеңнің алғашқы 8 жолын «Қанағат болысқа» деп атап, Сәмегей Әсетқызы Б. Адамбаевқа жаздырған (ӘӘИ, 392, № 1).

«Жігіттің жігіт болар бейнесінде...» Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 27-б.). Б. Жақыпбайұлы 1959 жылы А. Мұхамеджанұлынан жазып алған.

Өлең түпнұсқа бойынша беріліп отыр (ОҒК, 1628, № 4).

«Қор болмас зерек адам ақылы бар...» Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 33—34-б.). Б. Адамбаев 1958 жылы Ж. Келдеевтен жазып алған. Жүнісқан ақын бұл өлеңді Шерияздан Өтепбергенұлынан үйренген көрінеді (ӘӘИ, 214, № 1).

«Ғизатлу хат жазамын Омаржанға...» Бірінші рет жарияланып отыр. Б. Адамбаев, Б. Г. Ерзаковичтен жазып алған. Айтушысы белгісіз.

Шағындау нұсқаларын Б. Нұржөкеев Сүлеймен Әбділдаевтан (1910—1985), Б. Абылқасымов Мәселімұлынан жазып алған.

Маманға. Бірінші рет жарияланып отыр. Жинаушысы Б. Бейсембайұлы (ӘӘИ, 360, № 1).

Төртуіл Ақболаттың биі Кәріпке айтқаны. Бұрын жарияланған нұсқасында «Төрткүл...» болып басылды (Әсет, 1968, 60-б.). Түпнұсқа бойынша түзетілді (ӘӘИ, 392, № 1). Бірақ тексі кітап бойынша беріліп отыр.

Мәмбет Туматайдың болысы Отынышға айтқаны. Бірінші рет жарияланып отыр. Айтушысы Құрман Жанытаев, жинаушысы Б. Адамбаев (ӘӘИ, 392, № 1).

Күшік болысқа. Бұрын жарияланған Әсет, 1968, 61-б.). Айтушысы Мұқан Сағындықов (1905 жылы туған), жинаған Б. Адамбаев. Өлең түпнұсқа бойынша беріліп отыр (ӘӘИ, 392, № 1).

«Жасболат, кісі-ақ едің алшақтаған...» Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 63-б.). Айтушысы Сәмегей Әсетқызы, жинаған Б. Адамбаев.

Түпнұсқа бойынша беріліп отыр (ӘӘИ, 392, № 1).

Жасболат болысқа. Көкпекті аудандық «Жұлдыз» газетінде Қалихан Алтынбаев жариялаған (1978, 12 декабрь).

Тағы да Жасболатқа. Бірінші рет жарияланып отыр. Айтушысы Б. Қанағатұлы, жазып алған Ж. Шөшеков.

Таңғытқа айтқаны. Сонда.

Еңсебаласы Таңғыт үкірдай болыс Әсетті қайта-қайта қонаққа шақырып, өзін қолпаштайтын ақын ретінде ұстау ниетінде болады. Бір жолы ақынды сыйлай отырып: «Маған арнап өлең айтшы!»— деген екен. Сонда Әсет осы өлеңді айтқанда, не істерін білмеген Таңғыт үкірдай жастыққа жантая кетіпті деседі.

Өлеңнің Сәмегей Әсетқызы жаздырған нұсқасы да бар (ӘӘИ, 392, № 1).

Қанағатқа. Бірінші рет жарияланып отыр. Б. Қанағатұлынан Ж. Шөшеков жазып алған.

Қызыр төреге. Бірінші рет жарияланып отыр. Садуақас Жақсыбеқұлы 1937 жылы жазып алған (ОФК, 783, № 2).

Мамырбек баласы Қызыр төреге. Сонда. Бірінші рет жарияланып отыр.

Керімбек деген биге айтқаны. Көкпекті аудандық «Жұлдыз» газетінде Қ. Алтынбаев жариялаған (1978, 12 декабрь).

Елшібайға. Бұл да солай.

Елшібай баласы Қабырға. Бұл да солай.

Әсеттің Қызайға амандасуы. Әділжан Фазылхановтан Әбдікөрім Хасенов үйренген (1939 ж. туған), одан Нариман Мұхамедханов жазып (1977) алған.

Мешбетті көргендегі сөзі. Бұл да солай.

Жабықбайға айтқан сөзі. Бұл да солай.

Жамбыл қайда. Мұқаш Байбатыров 1946 жылы Қожахмет Сейітбатталұлы мен Жәмәли Ысмағұлынан жазып алған.

1902 жылы Алматыда болған бір үлкен жиынға Жамбыл мен Әсет те қосылады. Жиынның соңында жұрт Әсет пен Жамбылды айтыстырмақ болады, бірақ Жамбыл айтысқа қарамай аулына қайтып кетеді. Бұл өлеңді Әсет сонда айтқан екен (ӘСет, 1968, 164-б).

Ғабдолла Тоқай туралы. Бірінші рет жарияланып отыр. Әріпжан Сыздықбаевтан Б. Нұржекеев жазып алған.

Беташар. Әбдірауф Афариұлы Османовтан Б. Нұржекеев жазып алған. Құрбанғали Халидовтың «Таурих хамса» (516-б.) кітабында жарияланған.

Аужар. Бұл да Әбдірауф Османовтан алынды.

Жоқтау. Бұрын жарияланған (Семей таңы, 1967, октябрь). Жинаған М. Тұраров.

Әсет пен Ырысжанның айтысы. Бірнеше рет жарияланған (Қазақ әдебиеті нұсқалары, 1931; Айтыс, 1942, 1964, т. б.). Қазақ ССР Ғалым академиясы қолжазба қорларында Әміров Арай (ОҒК, 221, 1—14-б.), Ахметов Ержан (ӘӘИ, 194, № 1, 1—21-б. Жинаған Бекмұрат Уахатов, 1958), Ибраев Д. (ӘӘИ, 630, № 1, 2—26-б. Жинаған Балташ Ысқақов, 1966), Жапақов Маясар (ӘӘИ, 675, № 7, 143—168-б. 1967 ж. түскен). Нұрбаев Қали (ӘӘИ, 741, № 5, 1;—25-б. Жинаған Оразбай Бекбаев) айтқан нұсқалар сақталған. Айтысты Боқаш Ақсақаловтан (1903 ж. туған, Семей облысы, Аягөз ауданы Б. Майлин атындағы совхоз) М. Сейтханов, Сүлеймен Әбділдаевтан (Талдықорған облысы, Алакөл ауданы, Ақши ауылы) Б. Нұржекеев жазып алған.

Ұсынылып отырған текстте Бейсетбек Бейсебайұлы жырлаған нұсқа негізге алынды. (ӘӘИ, 360, № 1, 99—115-б.).

Әсет пен Кәрібайдың айтысы. К. Шәменовтің Е. Ахметовтен 1962 ж. жазып алған нұсқасы «Айтыс» жинағында жарияланған (Алматы, 1964. 1-том, 173—175-б.). Айтыс Ауған Жақсылықов пен Боқаш Ақсақалов репертуарында да болған. Бір нұсқасын Ахметхан Қилыбаевтан Қ. Алтынбаев жазып алған.

Жинаққа Тортай Жағыпаров айтқан нұсқаны енгізіп отырмыз (1981 жылы М. Оралов пен Б. Абылқасымов, 1986 жылы Б. Нұржекеев жазып алған).

Әсет пен Сәмет төренің айтысы. Бұрын жарияланған (Әсет, 1968, 82—85-б.).

Кітапта Б. Нұржекеев жазып алған Сүлеймен Әбділдаев нұсқасы беріліп отыр.

Әсет пен Бақтыбайдың айтысы. Шағын нұсқасы жарық көрген (Әсет, 1968, 80—83-б. Айтушылары Ж. Ысмағұлы, Ә. Құрбанғалиұлы, М. Байбатыров.)

Ұсынылып отырған текст Әділжан Құрбанғалиевтің нұсқасын негізге ала отырып берілді.

Әсет пен Қалидың айтысы. Бірінші рет жарияланып отыр. Айтыстың бір нұсқасын Жүнісқан Келдеветен 1959 жылы Б. Жақыпбайұлы (ОФК, 1638, № 4), екіншісін Сүлеймен Әбділдаевтан 1983 жылы Б. Нұржекеев жазып алған, жинаққа соңғы нұсқа берілді.

Әсет пен Қалидың қақтығысы. «Лениншіл жас» газетінде Тілеухан Қызыров жариялаған (1962, 6 май).

Әсет пен Қосымбай. Бірінші рет жарияланып отыр. Б. Нұржекеев 1984 жылы Семей облысы, Ақсуат ауданы, Қызылкөсік ауылының тұрғыны Нұрқасан Тыныбаевтан (1926 ж. туған) жазып алған. Ұсынылып отырған текст сол ауданның тұрғыны Егізбаев Қарпықтың (1924 ж. туған) нұсқасымен толықтырылды.

Әсет пен Қызыр төре. Бірінші рет жарияланып отыр. Мақсұт, Шафиговтан Б. Абылқасымов жазып алған. Мақсұттың әкесі Әмин ақсақал Қызыр ауылында ұзақ жылдар мұғалім болған.

Әсет пен Мәлике. Бұрын «Әсет пен Мәликенің жауаптасуы» аталатын тексте бірер шумағы жарияланған (Әсет, 1968, 78-б.). Ұсынылып отырған нұсқаны Б. Нұржекеев Қыдырмолда Әбдікәрімовтен жазып алған.

Әсет пен Кемпірбай. «Таң» журналында (1925, № 1). С. Сейфуллин құрастырған «Ескі әдебиет нұсқаларында» (1931), «Айтыс» жинақтарында (1942, 1965), М. Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» хрестоматиясында (1959), «Қазақ әдебиеті» газетінде (1985) және Әсеттің шығармалар жинағында (1968, 75—77-б.) жарияланған Қазақ ССР Ғылым академиясы қолжазба қорларында Т. Ауатанов, А. Әміров, Х. Бансов, М. Жапақов, Нұрлыбеков тапсырған нұсқалары бар. Жинаққа Бейсетбек Бейсебайұлы жазып алған текстті енгізіп отырмыз (ӘӘИ, 360, № 1). Өлеңнің тек екінші жолы ғана бұрынғы жарияланып жүрген түрінде қалдырылды.

Үш баланың әңгімесі. Бірінші рет жарияланып отыр. Боқаш Ақсақалов Базар Ілиясов деген кісіден үйренген. Боқаштан Мәулітхан Сейтханов жазып алған.

Онегин мен Татьяна. Шығарманың бірнеше нұсқасы бар (Қ. Тәрібаев, Шәріпов, Е. Құнанбаев, С. Әлімбетов, Ж. Келдеев).

Ағаш ат. Жарияланған (Әсет, 1968, 138-б.). Қазақ ССР Ғылым академиясы қолжазба қорларында бұл қиссаның бірнеше нұсқасы бар: Байжұма Құсбекұлы, 1934, (ОФК, 783, № 6, 84—112-б.); Құсынбек Байғұттыұлы, 1939 (ОФК, 783, № 1, 1—30-б.), Оспантай Орынбаев, 1940 (783, № 7, 129—175-б.), Е. Байырбеков, 1940 (ОФК, 692, № 9, 164—177-б.), Қали Нұрбаев (ӘӘИ, 741, № 4).

Мұнда Ж. Келдеев нұсқасын ұсынып отырмыз, аяғы О. Орынбаев нұсқасымен толықтырылды.

Үш жетім қыз. Жарияланған (Әсет, 1968, 112-б.). Б. Адамбаев жазып алған Ж. Келдеев нұсқасы Б. Нұржекеев жинаған Сүлеймен Әбділдаев нұсқасымен толықтырылып беріліп отыр.

Бәрат қыз. Бұл да солай.

Шеризат. Бұл да солай. Қазақ ССР Ғылым академиясы қолжазба қорларында басқа да нұсқалар бар: Ахмедхан Мұхамеджанов (ОФК, 1628, № 1, 1—35-б.) Қали Нұрбаев (ӘӘИ, 741, № 1) Тілепалды Дибашұлы (ӘӘИ, 682, № 3) деген жинаушылардан түскен.

БОЛАТЖАН ӘБІЛҚАСЫМОВ,
филология ғылымының кандидаты.

М А З М У Н Ы

Әнші, композитор, ақын (Алғы сөзді жазған Б. Нұржәкеев) 6

Әндер

Інжу-маржан	41
Мақпал	42
Мақпал	42
Үлкен Ардақ	43
Кіші Ардақ	43
Қаракөз	44
Қаракөз	44
Қаракөз	45
Қаракөз	45
Майда қоңыр	46
Майда қоңыр	46
Майда қоңыр	46
Гауһар қыз	47
Қызық-ай, шіркін	47
Желдірме	48
Сырмақ үйкер	48
Өтепбергенге	49
Қыз арманы	49
Көрілік	50
Тоты	50
Қоңыр қаз	51
Қоңыр қаз	51
Қисмет	52
Қисмет	52
Қисмет	53
Қисмет	53

Бiрғақты	54
Әпитек	54
Ақырғы сөз	55

Өлеңдер

«Ұраным — арғын шордан қаракесек...»	59
«Атым — Әсет, ұраным — арғын шордан...»	60
«Сарыарқа салқын тауда, тәтті суда...»	60
«Қалдың ба, қайран қазақ, қамданбастан...»	61
Іледегі керуен сарай	63
Адамның жасы жөнінде	67
Жас шама	68
«Шыншыл бол, шықпа жолдан, шыдамды бол...»	69
«Берді өлшеп рызықты бейнетіңе...»	70
«Сабаздар санасы жоқ сатылып жүр...»	71
«Айыпқа, тыңдаған жан, алмағайсыз...»	71
«Жақсы адам жат кісіні дос қылады...»	72
«Жас жігіт надандықпен алданады...»	72
Төмсіл	73
«Жан фани дүниеден ақырда өлмек...»	74
Өсиет	75
«Бұл дүние, ойлап тұрсам, емес жолдас...»	76
«Дүние бір керуен жүрген көшіп...»	77
«Немене білмеске айтып арманыңды...»	77
«Қалам тарт, қалма ғапыл, талалтанып...»	77
«Наданды білімсіз деп қылдық есек...»	78
«Жатырмыз Қоңыроба сазды жайлап...»	78
«Баласын бесіктөгі атастырып...»	79
«Айт болса, молда барар байларына...»	79
Тамырлық туралы	79
Құдалық туралы	80
«Сеніспей уағдалы сөрттен қайтпа...»	80
«Ән басып, мейір қандыр салғандай ғып...»	80
«Ән салдым жас күнімнен сал болған соң...»	81
«Жамағат, сен тыңдасаң айтайын сөз...»	81
Мұңды қыз	82
«Қылаңдап, қырық құбылып тұрған да қыз...»	87
«Қымбатсың бір қызыл гүл ашылмайтын...»	87
Ей, қалқа	88
Сүйенген жаным сүйген	88
Ғашық жарға	88
Төтежан	89
Төтежанға	90
«Қош, қалқам, енді аман бол жаным сүйген...»	91


«Жаз шығып жаманшылық жоғалғанда...»	91
Нұрилага	92
Жас тоқал алған Даярға	92
«Жігіттің жігіт болар бейнесінде...»	93
«Қор болмас зерек адам ақылы бәр...»	93
«Ғизатлу хат жазамын Омаржанға...»	94
Маманға	95
Көріпке айтқаны	96
Отыншыға айтқаны	96
Күшік болысқа	96
«Жасболат, кісі-ақ едің алшақтаған...»	96
Жасболат болысқа	97
Тағы да Жасболатқа	97
Таңғытқа айтқаны	98
Қанағатқа	98
Қызыр төреге айтқаны	99
Мамырбек баласы Қызыр төреге	99
Керімбек деген биге айтқаны	99
Елшібайға	100
Елшібайдың баласы Қабылға	100
Әсеттің амандасуы	100
Мешбетті көргендегі сөзі	101
Жабықбайды көргендегі сөзі	101
Жамбыл қайда	102
Ғабдолла Тоқай туралы	102
Беташар	102
Аужар	104
Жоқтау	106
Көңіл айту	108
Молданың сыры	108
Мешбет пен Жабықбайды татуластырған сөзі	109
Мешбет зәңгіге жазған сөзі	110

Айтыстар

Әсет пен Ырысжан	113
Әсет пен Кәрібай	133
Әсет пен Сәмет	144
Әсет пен Бақтыбай	149
Әсет пен Қали	151
Әсет пен Қалидың қақтығысы	154
Әсет пен Қосымбай	155
Әсет пен Қызыр	156
Әсет пен Мәлике	157
Әсет пен Кемпірбай	158

Қисса-дастандар

Үш баланың әңгімесі	161
Кешубай	168
Онегин мен Татьяна	177
Ағаш ат	188
Үш жетім қыз	214
Сәлиха-Сәмен	234
Барат қыз	246
Шеризат	264
Түсініктер (Б. Абылқасымов)	288



Әсет Найманбаев

СТИХИ, АЙТЫСЫ И ДАСТАНЫ

(На казахском языке)

Редактор О. Кенжебеков

Художник Н. Нурмуханбетов

Художественный редактор Б. Табылдиев

Технический редактор А. Мулкебаева

Корректор Ж. Казиев

ИБ № 4229

Төруге 06.08.87. жіберілді. Басуға 03.03.88. қол қойылды. УГ № 21039. Қалпы 84×108¹/₃₂. № 2 баспа қағаз. Қаріл түрі «Журналдық көлтекі». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 16,0+0,8 жапсырма. Шартты бояу көлемі 16,4+0,8 жапсырма. Есепті баспа табағы 18,2. Тиражы 35000 дана. Заказ № 1781. Бағасы мұқаба тысымен 2 сом, мұқаба тысынсыз 1 с. 90 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абәй проспектісі 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарасты «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Пастер көшесі, 41-үй.

фотонабор

1 90